


52.3 (5Қаз)

Т 14

Зарқын ТАЙШЫБАЙ



УАҚЫТ ЖӘНЕ ҚАЛАМҒЕД



**МАҒЖАННЫҢ
ҚЫЗЫЛЖАРЫ**



ВОЗВРАТИТЕ КНИГУ НЕ ПОЗЖЕ
обозначенного здесь срока

Август 1990 г., облтип. 6. Зак. № 4303-0000

Зарқын ТАЙШЫБАЙ

МАҒЖАННЫҢ ҚЫЗЫЛЖАРЫ

Зерттеу

УАҚЫТ ЖӘНЕ ҚАЛАМҒЕР



АСТАНА
ПОЛИГРАФИЯ

Астана 2008

УДК 821. 51
ББК 83.3 Қаз
Т 14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ

Пікір жазғандар: Д.Шаймұқанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор

А.Сейдімбеков, филология ғылымдарының докторы, профессор

Тайшыбай Зарқын

Т 14. Мағжанның Қызылжары: *Зерттеу.*

– Астана, «Астана полиграфия» – 2008. – 232 бет.

ISBN 978-601-254-027-7

41990

Кітапта ақын Мағжанның, қайраткер Мағжанның өмірі мен қызметінің елеулі кезеңдері ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының тағдырымен ажырамас тұтастықта танылады. Тарихта ұмытылмас із қалдырған оқиғалар бір өлке шеңберінен шығып, бүкіл ел аймағына тән құбылыстарға ұласа келіп, Мағжан Жұмабайұлы сияқты кесек тұлғаларды қалыптастырады. Ұлы ақынның қиын тағдырын жете білуге ден қойған оқырман бұл еңбектен біраз құнды мағлұмат алады.

Кітап ел тарихын зерттеушілерге, өлкетанушыларға, мектеп оқушылары мен жоғары және арнайы орта оқу орындарының студенттеріне, қалың қауымға арналған.

Т 4603020000
00(05) – 08

ББК 83.3 Қаз

01/2

ISBN 978-601-254-027-7

© Тайшыбай З.С. 2008

© “Астана полиграфия”, 2008

Еліміздің бүгінгісін мақтан ете отырып, өткенімізге де көз салуды ұмытпасак, тарихи санамыз бүтін болмақ. Тәуелсіз Қазақстанның толық тарихы әлі жазылған жоқ. Есте жоқ ескі замандардан бері үзілмей жалғасып келе жатқан ұлттың ұзын жолында бастан кешкен оқиғалардың әрқайсысы қазақтың бүгінгі санасында да із қалдырғанын естен шығармау керек.

Ұлан-байтақ Қазақстанның әр өңірінің өзіндік ерекшеліктері, халқының салт-санасы, мінез-құлқы, мәдениеті мен кәсіп hareketі әр алуан. Олай болса, біздің тұтас Қазақстан тарихы деп жүргеніміз жалпы шолу болып қана қала бермек. Әр өңірдің, әр ауылдың өз тарихы бар. Сол тарихта қалың қазақтың басынан кешкен құбылыстар мен оқиғалардың табы сайрап жатыр. Ешбір маңызды оқиға, мейлі ол өсіп-өркендеу болсын, мейлі қайғы-қасірет болсын, бір ғана өңір шеңберінде қалып қоймайды. Сол сияқты бір ғана аймақта болған оқиғалар таудағы жаңғырық сияқты бірден-бірге ұласып, екінші бір қиырға қандай да бір әсерін тигізетіні – заңдылық. Әріден тартсақ, «адамзат тағдыры – ортақ» деген қағидаға барып тіреледі.

Мына жазбалар елдің солтүстігіндегі қазақтардың тағдыр-талайы бүкіл ұлт кешкен өмір жолының ажырамас бөлігі екендігін көрсетеді деп ойлаймыз. Жеке адамдардың тағдыры дасолай, бірімен-бірі сабақтасып, өзара ықпалдасқан күйінде тұтас ұлттың тағдырының сипатын анықтайды екен. Кітаптың алтын арқауы Мағжан және оның өмірі мен қызметі кездейсоқ болуы еместігіне оқырманның көзі жетсе, Қызылжар өңірінде болған оқиғалар мен сілкіністердің бүкіл елімізге тән екенін таныса, автор өз міндетін орындадым деп санайды.

Шағын ғана оқиғадан өрбіп барып, ел тарихында өшпес із қалдырған біраз жағдайларды сөз еттік. Мағжанды айтсақ, Мұхтар Әуезов пен Смағұл Сәдуақасовты айтсақ, осы уақытқа дейін қазіргі жастың құлағына жетпей жүрген та-

рихи оқиғаларды еске алдық. Қазақстанда кеңестік тәртіптің орнай бастаған шағында Алаш көсемдерінің ұлт тағдыры үшін арналысқанын, сол күрестің текке кетпегенін көрсетпек болдық.

Ойдан шығарғанымыз жоқ. Мұрағат көмбесінде бұғып жатқан құжаттарды мәлім қылдық. Кезінде болған, бірақ құлдық психологияның құрбанындай, кейін қайта көтерілмеген шындықты ашып көрсетуге талпыныс жасадық.

Бұл оқиғаларды білетін аға ұрпақтың өкілдері әзір баршылық. Ата-бабаның ақиқат тарихына шөліркеп, көзі жаутаңдаған жас өскінді кеңес заманынан қалған ескі кітаптардағы қисынсыз өтірікпен тәрбиелеуге болмас. Тәуелсіз елдің ұлы мен қызы санасы тұл болған, тілегі күл болған аталарының жалған идеологияны құлдарша қабылдап, қолдан жасалған көсемдерге қалай табынғанын білсін.

Ескі-жаңаны салмақтап, саралай алатын, қолына қалам ұстауға шамасы бар аға ұрпақтың бір борышы осы болса керек. «Мен жазбасам, кім жазады», деген әрі парыз, әрі қарыз сезімі осы кітапты дайындауға жетеледі.

Қасиетті Қызылжар топырағына аяғым тигеннен бастап, бұл өлкенің тарихын, әйгілі адамдарын, солтүстік өңірде бұрын-соңды болған елеулі оқиғаларды білсем деген ойда болдым. Кімді де, не нәрсені де жаныңа жақын тұтып, шын ниетпен тану үшін оларды жақсы білуің керек. Әйтпесе, мен ұлтымды, жерімді, елімді сүйемін, солар үшін құрбан болуға даярмын, дегеннің өзі – жалған, бері қойғанда жай ғана жария сөз болар.

Сол үшін де сырттай естігенмен, іштей бейтаныс, сыр-сипаты беймәлім өлкені алғашқы күннен бастап-ақ тануға талпындым. Іздендім. Міне, сол ізденіс барысында анықталған біраз деректер қағаз бетіне түсуге сұрады.

Ұлы Мағжан есіміне байланысты шындық оның отандастарының өмір-талайынан ажырағысыз тұтастықта екеніне көз жеткіздік.

Бәлкім, мен жаңалық ашпаған да болуым мүмкін. Дегенмен, өткен уақыттың кейбір белгілерін жаңғыртып, жаңа ұрпақтың есіне тағы бір салып қойған артық та болмас. Осы оймен, әлі бас-аяғы бүтінделіп болмаса да біраз жағдайлардан хабар бермекпін.

СЫР САНДЫҒЫМ – ҚЫЗЫЛЖАР

- Туған жердің түтіні де тәтті.
- Өткеннен тәбәрік, бүгінгіге ғибрат
- Адал ұлдар ата тарихын құрметтейді
- Қазаққа қымбат Қызылжар.

Тарихты және мәдениетті білмеу өткенімізді ұмыту, кешегі мен бүгінгінің арасындағы туыстық байланысты бағаламау деген сөз. Тиісінше, әрбір келесі ұрпақ өзінің алдындағының мәдени дәстүрлерін сақтап, байытуға міндетті. Мұның тәрбиелік мәні аса маңызды.

Өлкетану ісі мәдениет құрылымының негізгі тармақтарының бірі ретінде әр адамды тарихи қазыналардың тағдырына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Баға жетпес қазыналар өз өлкенің, қалаңның, ауылыңның, руың мен атаңның тарихында жатыр. Демек, ұрпақ жалғастығы үзілмесін десек, әкелеріміз бен аталарымыздың қолымен жасалған құндылықтарды қастерлеп сақтай білейік, өзімізден кейінгі ұрпаққа мәпелеп жеткізейік. Сайып келгенде, Отансүйгіштік, патриотизм дегеніміздің өзі осы.

Мәдени қазыналарды түсіне, бағалай отырып игеру арқылы адамның кісілік қасиеттері өседі, ол рухани жағынан кемелденеді, күнделікті өмірге құрмет көзімен қарап, шығармашылық шабыты арта түседі. Тәрбиедегі, әсіресе жастар тәрбиесіндегі кереғарлықтың көбі өткенімізді білмеуден, тегімізді бірте бірте ұмыта бастаудан туған. Ұлттық болмыс оның мәдениетінен танылады. Ұлттық сана-сезімнің оянуы мәдениет пен тілге жаңаша көзқарас қалыптастырады. Мұны соңғы он жылдың деңгейінде, тәуелсіздік жылдары айқын көріп отырмыз.

Қазақстанды зерттеу қоғамы. XX ғасырдың басында Қазақстан әуелі Ресей федерациясының, содан кейін Кеңес Одағының құрамында одақтас республика мәртебесін алған бетте-ақ өлкетану ісі жап-жақсы қалыптаса бастады. Ол кез-

де өкімет билігі органдарында бұрынғы алашорда көсемдері, қазақтың ұлтшыл оқығандары бар еді. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов тағы басқа ірі қайраткерлер әуелден-ақ Қазақстанның тарихын жасау ісіне кірісті. Әр аймақтың өзіндік ерекше сипаттарын зерттей отырып, Қазақстанның тұтас бейнесін жасау, оның өте ертеден бері үзілмей, жалғасып келе жатқан мәдени дәстүрлерін қағазға түсіріп қалуға ынталанды. Мұның ең оңтайлы жолы – өлкетану еді. 1920 жылы Орынборда құрылған қазақ өкіметі бірден-ақ өлкетануға мемлекеттік мәртебе беріп, саяси-қоғамдық шара ретінде қалыптастырды.

1920 жылғы сәуірдің 10-да Кирревком (қазақ өлкесіндегі әскери билік осылай аталған болатын. – З.Т.) Ғылыми комиссия деген атпен, ал қазан айынан бастап Қазақ АССР-ның Халық ағарту комиссариатына қарайтын ғылыми бөлім құрылды. Оған жаңа құрылған республикадағы ғылым, әдебиет пен өнер, мұражайлар мен мұрағаттардың жұмысын үйлестіру, оларды жаңадан құру тапсырылды. Келесі жылы Ғылыми бөлім Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы болып қайта құрылды. Бұл орталық «жалпы теориялық және өрісті басқару орталығы» оның ғылыми және көркемөнер деп аталатын екі бөлімі болды. Бұларға қоса академиялық орталықтың құрамында Мұражай бас басқармасы және Мұрағат бас басқармасы жұмыс істеді. Аталған ұйымдар мен мекемелер Қазақстанның барлық өлкесін мейлінше кеңірек қамтуға ыждағатты болды. Бұл жұмысқа Халық ағарту халық комиссары Ахмет Байтұрсынов тікелей басшылық жасады.

Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұхамеджан Тынышпаев, Санжар Асфендияров, Әбубәкір Диваев, Александр Затаевич сияқты ғалымдар мен басшы қызметкерлер түгелдей өлкетанушылықпен айналысқанын көреміз. Мұның мәнісі – басқа жұмыс жоқтықтан емес, өлке тарихы мен мәдениетінің тағдырына жаны ашығандықтан басталған үлкен азаматтық іс-әрекет еді.

Өлкетану міндеттері облыстық және өлкелік партия комитеттері жанындағы партия тарихы институттарына, губерниялық және республикалық кітапханалар мен музейлерге, оқу-ағарту мекемелеріне, жергілікті өкімет органдарына жүктелді. Осындай, жалпы мемлекеттік деңгейде табандылықпен жүргізілген жұмыстың арқасында

жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ көптеген тарихи, этнографиялық материалдар жиналды. Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің үлгілері анықталып, жиналып, ғылыми түрде сипатталды. Халықтың қолданбалы өнерінің туындылары жиналды.

Жер-жерде өлкетанушылардың қоғамдық ұйымдары құрылып, жандана бастады. Олардың құрамына жергілікті мұғалімдер, дәрігерлер, интеллигенцияның басқа да өкілдері кірді. Арнайы мемлекеттік органдар құрылып болмаған және кәсіби білімді тарихшылар мен этнографтар жоқ, қаражат тапшы кезде бұл ұйымдардың маңызы үлкен болды. Осындай ұйымдардың біреуі Қазақ өлкесін зерттеу Қоғамы деп аталды. Орынборда, өлкелік мұрағаттың ғимаратында 1920 жылғы қазанның 15-сі күні қоғамның құрылтай жиналысы болды. Оған 38 құрылтайшы мүше қатысты. Жиналыста қоғамның Жарғысы және ұйымдық құрылымы бекітілді.

Қоғамның жарғысы Қазақстанда өлкетану ісінің жаңадан құрылғандығын және қазақ ұлтының мүддесіне қызмет ететіндігін жария етті¹.

Енді сол Жарғыдан мағлұмат берейік.

Қазақстанды зерттеу қоғамының Жарғысынан

1920 жылғы 15 қазан

1. Ғылыми қоғам құқығында өмір сүретін Қырғыз (Қазақстан 1925 жылға дейін осылай аталған – З.Т.) өлкесін зерттеу қоғамы Орынбор ғылыми архив комиссиясы мен Ресей географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің (бұл қоғамдардың қызметі алдағы уақытта жаңғыртылғанға дейін) тікелей ізбасары болып табылады және Қырғыз республикасына қатысты мәселелер, оның үстіне қырғыз ұлтына қатысты мәселелер бойынша жан-жақты зерттеу жүргізуді өзіне міндет етіп қойған адамдардан тұрады, бұл орайда Қырғыз республикасына жапсарлас облыстарды зерттеу де қағыс қалдырылмайды.

2. Қоғам бұл жерлерді тарихи-археологиялық, табиғи-географиялық, этнографиялық және басқа тұрғыдан зерттеумен айналысады.

3. Осы мақсатпен қоғам:

¹ Ескерту: Ресей географиялық қоғамының жергілікті ұйымдары да Қазақстан аймағында өлкетану ісімен айналысқан, бірақ олар Ресей империясының саяси-әкімшілік мүддесіне қызмет еткен болатын.

а) Қырғыз республикасы мен оған іргелес облыстар (Ресей) жөнінде бұрын жиналып, жергілікті мұрағаттарда, кітапханаларда және жеке адамдардың қолында сақтаулы мәліметтер мен материалдарды іздеп тауып, тәртіпке келтіреді, олардың ғылыми маңызын бағалап, саралайды;

ә) 2-параграфта аталған бағыттар бойынша өлкеге жергілікті жерлерде зерттеулер жүргізіп оны зерттеу үшін экспедициялар жасақтайды;

б) Өлкеге ғылыми мақсатпен келетін адамдарға, сондай-ақ осы өлкені зерттеумен айналысушы азаматтарға да жәрдем көрсетеді және қоғамға өз білімімен пайда келтіре алатын адамдарды жалпы зерттеу жұмысына тартуға ұмтылып, басқа да ғылыми қоғамдармен байланыс орнатып отырады;

в) Өз білімі ауқымына қатысты кітаптар, қолжазбалар, актілер, карталар, мерзімді және уақытша басылымдар, өнер туындылары және т.б. сияқты ғылыми материалдардың жиналуы мен сақталуына қамқорлық жасайды сондай-ақ өлкелік музей құруға барынша көмек көрсетеді.

4. Қоғам негізгі үш бөлімге: тарих-археология, табиғи-география және этнография бөлімдеріне, олар өз кезегінде секцияларға бөлінеді, сондай-ақ жаңа бөлімдердің де құрылуы мүмкін.

Белгілі Орынборлық өлкестанушы оқымысты А.П.Чулошников қоғам басқармасының төрағалығына бір жылға сайланды. Сол күні А.Байтұрсынов Халық комиссары ретінде жаңа қоғамның құрылғандығын үкімет атынан қолдады. Қазақстанды зерттеу қоғамы 1920 жылғы қарашаның 1-де заңды тіркеуден өтті.

Еліміздің аймақтарында сақталып келе жатқан тарихи және мәдени маңызы бар ескерткіштерді қорғауға алып, сақтау жөнінде сол кездің өзінде мемлекеттік құжат шыққан еді.

ҚазАССР Халық ағарту комиссариатының көне ескерткіштерді қорғау туралы бұйрығы 1921 жылғы 7-ақпан

Қазақ өлкесін зерттеу ісінде тарихи-археологиялық жағынан орасан зор маңызы бар ертедегі жұрнақтар мен қорғандарды сақтау мақсатында осы бұйрықпен барлық қорғандарды жергілікті өкімет орындары Қазақ республи-

касы Халық ағарту комиссариатының ғылым бөлімі берген, мөр басылып ағарту комиссары және ғылым бөлімінің меңгерушісі қол қойып куәландырған тиісті рұқсат қағаз болмайынша, бірде-бір қорғанның, бірде-бір көне ескерткіштің қазылмауын және талан-таражға салынбауын қатаң қадағалап отыруға тиіс.

Жергілікті жерлерде өкімет орындарын тыңдамай, қорғандар заңсыз қазылған және көне ескерткіштер талан-таражға салынған жағдайларда бұл жөнінде Қазақ республикасы Халық ағарту комиссариатына телеграф арқылы дереу хабарлау қажет (Перовская, №5) ал, заңсыз қазба жұмыстарына кінәлілер қамауға алынып, сот бойынша тиісті жаза қолдану үшін олар Орынборға, революциялық трибуналдың қарамағына жіберілсін.

Бұл декреттің орындалуы мен жүзеге асырылуына болыстық, ауылдық және уездік атқару комитеттерінің төрағалары жауапты.

Қазақстанның мәдени өмірінде елеулі із қалдырған бұл Қоғамның құрылу, даму және тоқырау кезеңдерін шартты түрде үшке бөлуге болар еді.

Алғашқы, Орынбор кезеңінде үкімет билігінде ұлтына, халқына, жеріне адал қызметкерлер тұрған 1920-1925 жылдар өте-мөте жемісті болды.

Бұл кезде Қазақстанның көне дәуірден бері қарайғы тарихы біршама зерттеліп, ғылыми қайнарлардың көзі ашылды. Ә.Бөкейхановтың, М.Тынышбаевтың, С.Асфендияровтың, Ж.Ақбаевтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың еңбектерінде «қазақ» этнонимінің қайдан шыққанынан бастап, ұлттың үлкен тарихын жасауға талпыныс басталды.

Осы уақытқа дейін ғылыми маңызы жағынан теңдесі жоқ, қазақ музыкасының мол қорын зерттеуші А.В.Затаевич жинап, «Қазақ халқының 1000 әні» деген атпен Мәскеуде басып шығаруы үлкен оқиға болды.

Қазақстанды зерттеу қоғамының ұсынысы бойынша Қазақстан Орталық Атқару Комитеті 1923 жылдың 9-тамызында музыка зерттеуші әрі композитор Александр Викторович Затаевичке Қазақ республикасының халық артисі құрметті атағын беру туралы қаулы алды. Ол мұндай атаққа ие болған тұңғыш адам еді. Ал халық артисі атағын екінші алған театр қайраткері Жұмат Шанин болатын.

1921 жылы «Қазақ өлкесін зерттеуші Орынбор қоғамы Еңбектерінің» бірінші кітабы жарық көрді. Кейінгі үш жылда осындай үш жинақ кітап басылып шықты.

Ташкент қаласында 1922 жылы қазақ зиялыларының ын-тасымен құрылған «Талап» қоғамы үлкен жұмыстар атқарды. Бұл қоғамның құрамында Х.Досмұхамбетов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, С.Қожанов, Ә.Диваев сияқты белгілі азаматтар болды.

Бұдан кейінгі Қызылорда кезеңінде Қазақстанның ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы тарихына ден қойылды. Жат жұрттық басқыншыларға қарсы күрес Абылай хан есіміне байланысты оқиғалар зерттелді, одан кейін Кенесары бастаған ұлт-азаттық соғыстары, 1916 жылғы бас көтерулерге дейін қарастырылып, көптеген материалдар жиналды. Осы кезеңде қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгілері жиналып, алғашқы ғылыми зерттеулер басталды. Уақыт шегі (1925-1929 жылдары) қысқа болса да, бұл кезде ұлтжанды қазақ зиялыларының әлі де басы түгел, қабілет-қарымы мол болатын.

Осылайша, қоғамның жұмысы жаңа сипат алды. Алайда, астананың Қызылордаға көшуіне байланысты Орынбор Ресейдің шегінде қалғандықтан, басталған жұмыстарды үзіп, көп нәрсені қайта жасау керек болды. 1927 жылы Қазақстанда 9 мұражай, 6 ғылыми қоғам, 5 қорық, 5 ғылыми кітапхана, кітап палатасы мен екі кітап қоймасы болды. Бұлардың ішінде Петропавл қаласындағы мұражай еліміздегі осы тектес мәдени ошақтарының алғашқыларының бірі болып табылады.

1924 жылғы тамыздың 24-31 күндері Семейде губерниялық өлкетану конференциясы ашылды. Бұл өзі сонымен қатар Қазақстанның тарихында өлкетанушылардың тұңғыш конференциясы болатын. Өлкетану қоғамының 74 мүшесі, 200-ге тарта қонақ қатысқан конференцияның қорытындысы бойынша арнайы кітапша басылып шықты. Онда «қаржы болмай, жұмыс істеу өте қиын жағдайдың өзінде өлкетану жұмысының табандылықпен, тоқтамай жүргізілгендігі» атап көрсетілді.

Семейдегі қоғамның төрағасы Б.Г.Герасимов, орынбасары Мұхтар Әуезов, мүшелері Мәннән Тұрғанбаев, Жұмат Шанин, Шәйбай Айманов, Әлімхан Ермеков, А.Н.Белослюдов, И.А.Чеканинский және басқалары еді. Ал,

сол жылы Мәскеуде өткен өлкетанушылардың Бүкілодақтық конференциясында Мұхтар Әуезов өлкетанушылардың орталық бюросының мүшесі болып сайланды.

1927 жылы республика Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нығымет Нұрмақовтың ұсынысы бойынша Үкіметтің арнайы қаулысы қабылданды. Қаулыда мектептегі өлкетану жұмысын дамыту, уездердегі, болыстардағы және кәсіпорындардағы өлкетанушы қоғамдарының, ұйымдарының, кітапханалардың жұмысын жандандыру жөнінде Халық ағарту комиссариатына тапсырма берілді. Сонымен бірге комиссариат республикада өлкетану жұмысымен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын құру қажет деп табылды.

Ал енді, 1929 жылдан басталатын үшінші, Алматы кезеңінде Қазақстан тарихын зерттеу жөнінде арнайы экспедициялар құрылып, Шу және Қостанай аудандарына жөнелтілді.

1929 жылы 23-қазанда Қазақстан үкіметі Өлкетанушылардың жалпы қазақстандық съезін келер жылы өткізу, оған зерттеу, өлкетану ұйымдары мен мәдениет мекемелерінің қызметкерлерін, сондай-ақ Қазақстан аймағында бұрын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген Мәскеудің, Ленинградтың, Ташкенттің ғылыми мекемелерінен өкілдер шақыру жөнінде қаулы алды.

Алайда, дәл осы кезде басталған «Ұлтшылдықпен күрес» науқаны еліміздің мәдени, ғылыми келешегіне үлкен нұқсан келтірді. Қазақ зиялыларын жаппай қуғындау басталды. «Саяси көзқарас» дегенді желеу еткен қазақ интеллигенттері бірнеше жікке бөлініп, берекесі кете бастады. Коммунистік идеяның сойылын соққан пролетаршыл, тапшыл белсенді қазақ қызметкерлері, әдебиет және мәдениет қайраткерлері Қазақстанның, қазақ ұлтының өткеніне топырақ шашып, тарихи-өлкетану қызметін тұралатып кетті. Осыдан кейін, іс жүзінде өлкетану қозғалысы ұмытылды.

Қазақстанның солтүстік аймағында, дәлірек айтқанда Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласында өлкетану ісінің басталуы жоғарыда көрсетілген республика көлеміндегі шаралармен сабақтас.

Мұнда Қазақстанды зерттеу қоғамының жергілікті ұйымы 1922 жылғы екінші желтоқсанда құрылған болатын. «Жергілікті өлкені зерттеу Қоғамы басқармасының мәжілісі»

деп аталған жиынға басқарма мүшелері ретінде: Александров, Ұзақбай Құлымбетов, Мұхамедов, Бірмұхамет Айбасов, Сиддиков, Жанғозин, Жұмағали Тілеулин, Ғалиолла Ғалымжанов қатысқан.

Мәжілісті Жұмағали Тілеулин басқарды, Сабыр Айтқожин хатшылық етті. Мәжілісте қаралған мәселелерді санамалап көрсетсек, артық болмас:

1. Музейдің қазақ бөліміне қою үшін қазақтың киіз үйін сатып алуға губерниялық атқару комитетінен 300 сом сұрау;

2. Жергілікті қазақ қызметкерлерінің барлығын Қазақстанды зерттеу қоғамына мүшелікке тарту. Олардың әрқайсысын музейдегі қазақ тұрмысы бөлімін толықтыруға міндеттеу;

3. Жергілікті жерлерден қазақ тарихы мен тұрмысына байланысты ақпар-материалдар жіберіп тұратын тұрақты тілшілер топтарын ұйымдастыру. Бұл жұмысқа негізінен ауыл мұғалімдерін жегу.

Міне, осылайша, халқымыздың тарихын түгендеуге, мүкәммәлін бүтіндеуге әрбір саналы азаматтың алдына міндет қойылды.

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1923 жылдың 22-қыркүйегі күні құрылды деп есептеуге болады. Себебі оның алғашқы директоры Иван Прокопьевич Дьячковтың басжұмысында ол осы күннен бастап, яғни мұражай құрылғаннан бастап істейді деп жазылған. Өзі арнайы орта білімі бар, 1908 жылдан бері мұғалімдік қызметте. Орынбасары Орехов Борис Иванович, екінші басқыш мектепті бітірген, 1925 жылдың 1-қарашасынан осы қызметте.

Мұражайдың алғашқы мекен-жайы: Петропавл қаласы, Керуен көшесі, 12 үй. Қазақстанды зерттеу қоғамы Ақмола губерниялық бөлімі.

1926 жылғы қарашаның бірі күні толтырылған бұл құжатта жоғарыда аталған Қазақстанды зерттеу қоғамының Ақмола губерниялық бөлімі басқармасының мүшелері арасында «Бостандық туы» газетінің редакторы Жанұзақ Жәнібеков, губерниялық сот төрағасының орынбасары Ғалымжанов бар. Қоғамның алдына Қазақстанның тарихын, этнографиясын, әдебиетін, мәдениетін зерттеу, ел ішіндегі тарихи-мәдени мұраларды жинау міндеттері қойылған.

Облыстық музей 1924 жылғы 1-қаңтардан бастап ашылған. Уақытша жұмыс тәртібі мынадай: мереке күндері, аптаның сәрсенбі, бейсенбі және жұма күндері сағат 12-ден кешкі 5-ке дейін ашық.

Бір ай шамасы өткеннен кейін Мұражай басқармасы Петропавл қалалық кеңесіне хат жолдап, музейді пәтер ақы төлеуден сұрайды.

1924 жылғы 6-сәуірде басқарма төрағасы қызметіне Александров, орынбасарлығына Тілеулин және хатшылыққа Дьячков бекітіледі. Кейінірек басқарма құрамына Мурзин, Ревзон және Береза қосылады.

Қазір, 80 жыл өткеннен кейін облыстық өлкетану музейіндегі жәдігерлерді көріп, таңдай қағамыз. Ежелгі тарихтан сыр шертетін ескерткіштерді сақтап, ұрпақтарға жеткізгендерге мың да бір рахмет айтамыз. Сол көне көмбелерден алынған заттардың бүгінгі ұрпақ үшін ғылыми мәні өлшеусіз екенін де білеміз.

Солай бола тұрса да, сол бір жетімсіз, кедей шағымызда саналы азаматтардың қарапайым ғана еңбегінің құнын ескерген кім бар?

Басқарма мүшесі Мурзин 1924 жылғы жазда өткен бір мәжілісте мынадай мәселе көтеріпті:

«Алдымыздағы маусым айының ортасынан бастап губерниядағы алтын іздеушілер моңғол дәуірінен қалған үйінділерді (қорғандарды айтса керек. – З.Т.) қаза бастайды. Олардан қола және тас құралдар, заттар шығады. Сондықтан кеніштерді қазу кезінде табылуы мүмкін археологиялық заттардың маңыздылығын ескерсек, сол жаққа музей меңгерушісін жіберейік. Бірақ қоғамның кассасында небәрі алпыс сом ақша бар, ол ештеңеге жетпейді. Демек, жергілікті шаруашылық бөлімі біздің өкілімізді кеніштерге тегін алып баратын болсын».

Хаттамада Жұмағали Тілеулиннің хабарламасы да жазылған. «Ауылдан хабар алып отырмын. Біреулер адамның бітімі өзгеше бас сүйегін тауыпты. Соның анық-қанығына жетуіміз керек».

Тағы да қаражат тапшылығы сөз болады. Сондықтан Тілеулиннің өзіне тапсырма беріледі: «Тілеулин жолдас бұл хабарды сол болыстық атқару комитеті арқылы тексеріп, басқармаға хабарлайтын болсын». Хаттамаға Ж.Тілеулин өзі қол қояды.

1924 жылғы 14-қарашада қазақтың ұлттық тұрмысына байланысты заттар мен мүліктер жинап әкеп тапсырғаны үшін басқарма мүшесі, әрі заң қызметкері Ғалымжановқа алғыс жарияланады. Сатып алатын ақша болмай тұрғандықтан, шешілмеген былтырғы киіз үй мәселесі қайта көтеріледі.

Құжаттарға қарап отырсаңыз, сол 1925 жылдың өзінде-ақ осы өңірдегі көне қорғандар қазыла бастаған. Сәби баланың аңқау ісіндей ғой, әйтпесе, белгілі бір ғылыми бағдарлама болмай, маман археолог қатыспай қазылған қорғаннан не алынды не қалды, қазір оны кім біліп жатыр. Әйтеуір, кейінде мұндай қазбаларға тыйым салыныпты.

Қазақ автономиясының бес жылдығына орай, 1925 жылы «Біздің өлке», «Петропавл бұрын және қазір» деген анықтамалық кітаптар шығару мәселесін көтеріп, қолға алған да осы зерттеу қоғамының мүшелері екен.

Дәл осындай жағдай – 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына байланысты тарихи материалдарды (көтеріліске қатысушылардың естеліктері, өлең-жырлар, құрал-саймандар) жинау, жүйелеу, бастыру жөнінде комиссия құрылып, оны басқару Жанұзақ Жәнібековке тапсырылған. Осылардың ішінен біраз шығармалар іріктеліп, кезінде «Бостандық туында» басылған көрінеді де, бірқатар материал тіркеліп, архивке өткізіліпті.

Сол Жәнібековтің мұражайға ауылдан жинап әкеп бірнеше жез және күміс теңгелер тапсырғаны туралы да мағлұмат сақталған.

1926 жылғы 15-қыркүйекте «Степняк» алтын кенішінен зілдің (мамонттың) сүйегі табылып, мұражайға жеткізілген. Оған қоса археологиялық құны қымбат басқа да заттар әкелінген. Оларды қазу және жеткізу ақысы төленген. «Мамонттың сүйегін тапқан Көкшетау оязының Капитоновка ауылының шаруасы» екені көрсетілген.

Қазақстанды зерттеу қоғамы губерниялық бөлімінің күшімен 1926-27 жылдары губерниядағы қорғандардың паспорт-сыпаттамалары жасалған, бірақ аяқталмапты. Олар да архивте жатыр.

Енді мына бір құжатты оқып, ой жүгіртіп көрейік: «Болғанбаев [Хайретдин] пен Тілеулин [Жұмағали] Кенесары қозғалысына байланысты құжаттарды зерттеп жатыр. Омбыдан уақытша пайдалану үшін Қазақстанның шығыс өңірінің тарихына, мәдениеті мен тұрмысына қатысты

өте-мөте бағалы материалдар әкелдік. Осы жолмен қазақ даласындағы 1827-40 жылдардағы саяси оқиғаларды (Кенесары қозғалысы) баяндайтын құжаттар алдық. Бұл материалдарды әлі ешкім ғылым мүддесіне пайдаланған жоқ.

Болғанбаев пен Тілеулин осы материалдарды зерттеу үстінде. Тарихи жағынан алғанда өте құнды мағлұматтар бар. Олар қазақ халқының өткен кезеңдерін танып-білу үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады».

Иә, осы күнге дейін мұндай материалдардың тағдыры беймәлім? Іздеген кім бар? Әлде 1929 жылы басталған қуғын-сүргінде құрып кетті ме? Не болмаса сол кездегі астана Қызылордадан біреу біліп, сұратып алды ма? Толған сұрақ. Хайретдин мен Жұмағалидың өздері басымен қайғы болып, ұсталды, сотталды, атылды. Ал, құжаттар облыстық мұрағатта жоқ. Омбы архивінің жағдайын да білеміз. Онда Кеңесары көтерілісіне байланысты біраз құжат бар, бірақ мынау айтқандай толық емес. Бары жарияланды. Үзік-үзік, кейбіреулері біріне-бірі қарама-қайшы, Кеңесары қозғалысының сипаты мен тарихын толық ашып көрсетпейді.

Қазақстанды зерттеу қоғамының Петропавл бөлімшесінің басқармасы 1916 жылдың оқиғаларына байланысты мұражайға көп зат әкеліп тапсырып тұрған Қосшығұловты қоғамның құрметті мүшесі етіп сайлаған. Оған қолына елу сом сыйақы беріліп, отыз сомы кейін жіберілетін болған. Ол кезде адамдардың аты жазыла қоймайды, көбінесе большевиктік салтпен фамилиясы ғана аталады. Сонда бұл Қосшығұловтардың қайсысы болды екен?

Сол сияқты аты көрсетілмеген Нөгербеков деген азамат та «қымбат экспонаттар әкеліп тапсырғаны үшін» қоғамның толық мүшесі болып сайланған.

Ал, міне бүгін облыстық мұрағатқа жәдігер тапсырған сол азаматтардың есімдері аталмайды.

«ҰЛТЫМЫЗДЫ КЕМСІТУГЕ КӨНБЕЙМІЗ»

- Қарқаралыдан патшаға жазылған талап арыздар
- Оянған қазақ үні
- Азаматтық құқығымызды аяққа басады
- Абайдың сандығы сол күйі жоғалып кетті
- Атамекен жеріміз – қазақтың өз меншігі

*Ардақты ер! Ұмытылмас еткен ісің,
Күні ертең айбынды Алаш жинап есін,
Көксеген көп заманнан тілегіңді
Жарыққа шығаруға жұмсар күшін*

Мағжан

Қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің шырқау шыңы 1905 жылғы оқиғаларға байланысты екендігі тарихи ақиқат. Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Бірінші орыс төңкерісі деген атпен тарихта қалған Ресейдегі ұлы бүліншілікті қазақ пайдасына шешуге ұмтылды. Отаршыл мемлекеттің іргесі сөгіліп, шаңырағы шайқалған сәтті пайдаланып, қазақ халқының тәуелсіздік күресін бастап кетті. Әлбетте, қару көтеріп, қантөгіс жолымен емес, саяси-әлеуметтік, экономикалық-құқықтық талаптар қою арқылы өркениетті жолмен Қазақ мемлекетін құрудың жолдарын іздестірді. Ол үшін алдымен орыс империясының құрамындағы жұрт ретінде қазақтар өздерінің заңды құқықтарына кепілдік беруді талап етті.

Осы талаптардың қағазға түсіп, еліміздің тарихында тұңғыш рет отаршыл империяның ең биік билік орындарына жолданған саяси құжат «**Қарқаралы петициясы**» болатын.

Қазақ халқының Ресей отаршылдығына наразылығын тұңғыш рет кең ауқымды саяси мәселе ретінде табандылықпен көрсеткен құжаттың төңірегіндегі әлі де анықталмаған жағдайлар көп.

Тіпті, тәуелсіздік алғаннан кейін де көрнекті зерттеуші мамандар 1905 жылдың жазында Қоянды жәрмеңкесінде, үш Жүздің қазағы бас қосқан үлкен жиындарда бүкіл халық атынан Ресейдің ең жоғарғы билік орындарына жолданған бұл құжаттарды дұрыс бағалап болған жоқ.

Тарихта «Қарқаралы петициясы» деген атпен белгілі болған құжат (Шынында біреу ғана емес. – З.Т.) зерттеушілер назарына ерте-ақ ілінген болатын. Көрнекті ғалым Санжар Асфендияров «История Казахстана с древнейших времен» (Алматы, 1993 ж.) деген еңбегінде бірінші орыс революциясының дүмпуімен қазақ даласында отаршылдыққа қарсы наразылық бой көтерудің көрінісі ретінде бұл петицияны білген. Бірақ, өз кезіндегі идеология ықпалынан шыға алмай, бұл қозғалыстарға біржақты, тіпті немқұрайлы баға береді. Мысалы, аталған кітаптың 271-бетінде былай деп жазады: «...Қазақ газеттері шыға бастайды, қоғам қайраткерлерінің, «құрметті адамдардың», яғни, билер мен ақсақалдардың съездері жиналады. Көптеген съездер (Қарқаралы, Орал, т.б.) дәл сол «құрметті адамдар» мен интеллигенцияның съездері еді. Жиындарда үкімет атына петициялар мен тілек-өтініштер қабылданды. Әсіресе, отарлау саясатына көп орын берілді, өйткені қоныс аудару белгілі дәрежеде қазақ қоғамының барлық қабаттарына залал келтірді».

Ал, екінші бір ірі қайраткер Тұрар Рысқұлов осы мәселе жөнінде: «1905 жылғы манифестке байланысты қазақтар арасында митингілер өткізілді, дін және жер тақырыбына петициялар жазылды...»², – деп көрсетеді. Осылайша, көтерілген мәселелер «Дін және жер» тақырыбы төңірегінде шектеліп қалған деп білген. Бұған да коммунистік идеологияның салқыны тиген.

Шет елдерде жүріп отарлық езгідегі қазақ халқының мүддесін қорғаған, Кеңестік құрылысты үнемі сынап өткен көрнекті қоғам қайраткері Хасен Оралтай «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» деген еңбегінде Қарқаралы петицияларының жазылуына байланысты жиындарды «Алаш» партиясының бастау шағы деп түсіндіреді. «Партиялық қызмет жасырын жүргізілгендіктен, – дейді Х.Оралтай, – Алаш партиясының тұңғыш (құрылтай) съезі 1905 жылы маусым айында 14500 қазақ түркісінің

² Рысқұлов Т. Избранные труды, Алма-Ата, 1984. С.150

қатысуымен Қарқаралыда өткізілді. Бірақ, ресми түрде Алаш партиясының съезі болып есептелмейді. Солай болғанмен де 1905 жылғы съезд Алаш партиясының съезі екендігіне күмән жоқ. Өйткені, 1905 жылы съезді ұйымдастырушылар, оның басқарушылары және онда шығып сөйлегендердің бәрі Алаш партиясының мүшелері еді. Бұл съезге Алаш партиясының лидері Әлихан Бөкейханұлының өзі қатысты»³.

Х.Оралтай бұл арада істің мән-жайын толық білмегендігін көрсетеді. 1905 жылғы маусымда Ә.Бөкейхан Қояндыда болмаған. Мұрағат деректері Әлекеңнің Омбыда екенін, Қояндыда жазылған наразылық талап хаттарды Омбыда қабылдап, Петербургке өзі алып кеткендігін айғақтайды.

Ал, енді Қарқаралы жиындарының Алаш съезі екендігін дәлелдеу үшін Х.Оралтай Ә.Бөкейханның 1910 жылы жариялаған «Киргизы» деген еңбегіне сілтеме жасайды.⁴

Бұл арада автор «съезд» деген атауды бірнеше рет ауызға алғанда С.Асфендияровтың жоғарыда аталған еңбегіне жүгінген болуы тиіс.

Обалы қанша, Кеңес дәуірінің басқа да зерттеушілері Қарқаралыда халық атынан қабылданған осы құжаттардың маңызын ұнатпаса да, мойындаған: «Бұл петицияның жалпықазақтық сипаты болды және шын мәнінде алаш қозғалысының саяси негізін салды»⁵, — деген сөздер С.Брайнин мен Ш.Шафронікі.

Енді мақаламызға арқау болып отырған құжаттар туралы өз кезінде не жазылғанын көрсетейік. Семейде шығып тұрған орыс тіліндегі «Семипалатинский листок» газетінің 1906 жылғы 84-85 сандарынан мынаны оқимыз: «Қайткен күнде де еңбекшілерді революциялық күреске қатыстырмау үшін феодалдық қазақтың байшыл көсемдері мен мұсылман дінбасылары «Петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25-шілдеде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласына жақын) байлар съезі болды, онда патшаның аты-

³ *Хасен Оралтай.* Алаш – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны. // «Азат» 1991, №8

⁴ *Букейханов А.* «Киргизы» (Формы национального движения в современных государствах). Под. ред. *А.И.Костлянского*, Петербург, 1910, С.577-600; *Букейханов А.* Казахи о русских до 1917 года. Оксфорд, 1985. С.54

⁵ *Брайнин С., Шафиро С.,* Очерки по истории Алаш-орды. Под.ред. *Н.К.Ванаг.* Алма-Ата, 1935, С.17

на петиция дайындалды. Көтерілген басты мәселелер: қазақ жерінде ерекше мұсылмандық діни басқару жүйесін құру, мешіттер салу, діни медреселер ашу, Меккеге қажылыққа баруға рұқсат беру».

Міне, сол кездің өзінде-ақ шындықтың түбірімен бұрмаланғандығын көріп отырмыз. Петицияларды өз көзімен оқымаған, ұзын-құлақтан естіген адамдар осылай жазған. Бір өкініштісі және ең бастысы кең ауқымды саяси қозғалыстың мәнін көпке-көрнеу әлсіретіп көрсету бар. Әрине, мұны жазып отырғандар отаршыл мемлекеттің жергілікті атқамінері еді ғой. Құжаттарды қолына алып, мұқият оқығандар болса, оларда тек «мешіт пен қажылық» қана емес, **алты жарым миллион қазақ халқының мүддесі мен мұқтажы терең әрі жан-жақты қозғалғанын көрер еді.**

Кейінде, жүз жыл бойы, тіпті осы уақытқа дейін ауыздан ауызға көшіп, нақты бағасы берілмей келе жатқанына өкінбеске шара бар ма?

Қазақ КСР-і тарихының, кейінде «Қазақстан тарихы» деген кітаптардың беттерінде де осы ағаттық түзетілген жоқ.

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұзақ та ұлы күресінің ұзын көшіндегі осы кезең жөнінде Мұхтар Әуезовтің ертеде-ақ жазған мына сөздеріне разы боламыз. «1905 жылы Қарқаралыда Ақаң мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жібергенін» көрсеткен М.Әуезов сол құжаттың мазмұнын бұрмаламай, нақты берген. «Ол петицияда аталған үлкен сөздері – бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші – отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған»⁶. Міне, шын әңгіме осы. «Мүфтиге қаратуды сұраудың» өзін М.Әуезов «отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін» қолданған амал екенін дәл басып көрсеткен.

Қазақ КСР тарихы бес томдығының 1979 жылы шыққан 3-ші томында Қарқаралыдағы 1905 жылғы 15-қарашадағы Жақып Ақбаев ұйымдастырған митингінің құны оған «жұмысшылардың, қоныс аударған шаруалар мен солдаттардың және ауылдар мен болыстардан келген

⁶ Әуезов М. Шығ. Елу томдық жинағы. II том, А., 1998., 67-бет.

атты қазақ жігіттерінің қатысқандығында» ғана екендігі көрсетілген. Бұл қағида 1957 жылғы «Рабочее и аграрное движения в Казахстане в 1907-1914 годах» деген жинақтан алынған болса, сол бетімен Алматыда 1993 жылы басылып шыққан «Қазақстан тарихының очерктеріне» көшіріліп берілгені таң қалдырады. Жаңа жағдайда тарихи фактілерді таптық қалыпқа салып бұрмаламай көрсетуге болатын еді ғой. Бұл да мәселенің байыбына бармағандық.

Одан беріде 1994 жылы шыққан «Қазақстан тарихы» (Қ.Әбдіәкімов) деген кітаптың 105-бетіндегі 1905-1907 жылдардағы қозғалысқа «өлкеге қоныс аударып келген орыс жұртының өкілдері ғана қатысты», «Қазақстанның жергілікті халқының мүдделері қозғалмады» деген тұжырым да сол баяғы сарын. Сөйтсек, автор «Мұнда таптық интернационалдық пролетарлық қозғалысқа негіз болар жағдайлардың тым жетімсіз» екендігіне тоқсаныншы жылдардың ортасында өкініш білдірген екен.

Ресейдегі орыс революциясының нәтижесінде Ресей патшасының /17-қазан манифесін қабылдауға мәжбүр болғаны тарихи шындық. Бұл құжаттың маңызын ешкім де жоққа шығармайды. Ал, манифестің жарық көруінен үш ай бұрын Қазақстанның қиыр аймағы саналатын уездік қала Қарқаралыда, оның жанындағы әйгілі Қоянды жәрмеңкесінде тұңғыш рет бүкіл қазақтың атынан іргелі-іргелі саяси мәселелерді ашық көтеріп, кіндік үкіметке батыл, сауатты талап қоюдың маңызы қандай? Сол талаптарды халыққа түсіндіріп, бұдан былай отарлық езгіде өмір сүруге болмайтынын, әр халық, әрбір адам өз құқығы үшін күресе алатынын, күресуге тиіс екендігін көрсеткен қазақ көсемдерінің еңбегі қандай?!

Егер Ресей патшасының Манифесі – (адам құқығын еріксіз таныған басты құжаты) көтерілістің қуатты тегеуріні салдарынан қабылданғанын түсінетін болсақ, сол көтеріліске белсене қатысқан қазақ халқының, халықты бастаған азаткер қайраткерлердің еңбегі екендігін де мойындап, лайықты бағасын беруіміз керек. Оқулықтарға ашық, толық жазып, жаңа ұрпақтың санасына сіңіруіміз керек.

Тарихи ғылыми-зерттеу еңбектерінде, оқулықтарда қазақ даласындағы саяси күрестің патша Манифесімен байланысты өршуі 1905 жылғы қараша айынан бастап белең алды деп көрсетіледі. Шынында, және мұны атап айту ке-

рек – бұл Қыр өлкесіндегі саяси күрестің екінші кезеңі. **Алғашқысы** жарты жыл бұрын Қояндыда болған қалың қауым жиындарынан басталады.

«Бүкіл елдік наразылықтың қазақ қоғамына бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш россиялық революция болған да, ал оны жазған азаттық қозғалысының басына келген жаңа әлеуметтік күш – ұлт-азаттық интеллигенция өкілдері еді»⁷.

Енді басты мәселеге, «Қарқаралы петициясы» деп аталып жүрген құжатқа келейік. Шындығында бұл жалғыз ғана петиция емес. Біздің анықтауымыз бойынша, әрқайсысы өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолдаған. Мұрағат құжаттарына қарағанда жиындарды өткізіп, петицияларды жазып, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Жәкып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Тоғысов, Ахметқали Аяғанов бар. Басқа азаматтардың қатысы жөнінде мағлұматтар табылмай отыр.

Құжаттар 25-26 маусым күндері Қоянды жәрмеңкесінде жасалған. Әлихан Бөкейханов соның алдында ғана Қарқаралыда болған, бірақ 1905 жылғы 30-маусымда жазылған тағы бір құжатта: «Петицияны Омбыға, Ә.Бөкейхановқа арнайы екі сенімді адам алып кеткен», деуіне қарағанда, Қояндыдағы жиындарға қатысқан-қатыспағанын бекітіп айту қиын, дұрысы – қатыспаған деуіміз керек..

Орталық Қазақстандағы сол кездегі ірі әкімшілік-саяси әрі мәдени орталықтардың бірі болған Қарқаралы қаласынан бір көш жердегі Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, Ресей патшасының атына жеделхат түрінде 1905 жылғы 22-шілдеде жіберілген петицияның қазақшасы мынадай: (Түпнұсқа орысша, қазақшалаған мен. – **З.Т.**)

Ұлы мәртебелі император ағзамға

Министр А.Г.Булыгинның жасаған жобасын қолдап, Омбыда генерал Сухотин бастаған атқамінерлер қазақтарды Земский соборға қатыстырмау жөнінде шешім алыпты. Мұндай жетесіз шешім Қыр өлкесінің негізгі халқы бо-

⁷ Қойгелдиев М. Оянған сана үні. // «Ана тілі» 1990., 12-сәуір.

лып табылатын қазақтардың тіршілік ерекшеліктерімен және халық ретіндегі ерік қалауымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Қытайдан Ауғанстанға дейінгі ұлан-байтақ жерді алып жатқан қазақтар өзінің бүкіл тағдыры мен өмірлік мүдделерін Мемлекеттің тағдырымен байланысты деп санайды және өзін басқа халықтармен тең праволы деп есептейді. Сіздің, патша Ағзам, халық сеніміне ие болған, лайықты адамдарды мемлекет билігіне қатыстырмақ ниетіңізді білуші едік. Демек, алты миллион қазақ халқын ерекше құқықсыз, заңсыз тобырға жатқызып қою – қарапайым ғана әділдік пен ақиқатқа қиянат емес пе?

Біздің мал шаруашылығымен айналысатынымыз рас, мал бағып, көшіп жүретініміз де рас. Бірақ, кейбір ұлықтар ойлағандай дала кезіп, жөн-жосықсыз қаңғып жүрмейміз. Осы үшін ғана мемлекет билігіне сайлану сияқты аса маңызды саяси праводан айырылуымызды қалай түсінеміз?

Мал шаруашылығымен айналысты деп қазақты сайлау правосынан айырасыз, ал сауда істейтін, диқан, балықшы және басқа кәсіп иелерінің сайлау правосы сақталып қалғанын қалай түсінеміз? Шынында, Ресей империясының құрамындағы халықтар білімі мен мәдениеті жағынан әрқилы, солардың ішінде қазақтар алдыңғы орында емес скені рас, бірақ ең соңында да қалып отырған жоқ. Қазақтардың қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді орыс мұжықтарынан кем түсінетінін кім дәлелдеген екен? Оның бәр жағында қазақтардан гөрі мемлекет билігіне көбірек араласуға мүмкіндік алған отырықшы бұратана елдерден біздің қай жеріміз кем? Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Олардың мұң-мұқтажын кім біледі, халықтың өзі сайлаған өкілдері болмаса, сол халықтың тілегі мен қажетін өтеудің жолдарын кім көрсетеді?

Алдияр, мынаған сеніңіз: біз, қазақтар осынау үлкен жұмысқа дайындығымыз басқалардан кем деп есептемейміз. Бірақ бізді танығысы келмейтіндер көп, бізді төмен санайды, бюрократтар, ұлықтар бізге кеуде көтеріп, кемсіте қарайды; біз бұдан көп қорлық көріп жүрміз.

Қалай дегенде де бізді әлдекімдердің танығысы келмейтініне жауапты емеспіз.

Жоғарыдағыларды айта келіп, патша Ағзам, Сізден басымызды иіп сұраймыз: Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана біздің мұң-мұқтажымыз

ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы, Империяның басқа халықтарымен тең екенімізді сезінеміз».

Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қойды.

(Міне, Ресей императорына жіберілген петицияның толық мәтіні осы. Мұны басқа петициялармен шатыстыруға болмайды. Тіпті дәл сол кездің өзінде орыс шенеуніктері оларды ажырата алмаған. Сол түсінбестік, үстірттік 100 жылдан аса жалғасып, осы күнге дейін басы ашылған жоқ. Бұл жөнінде сәл кейін баяндаймыз.-З.Т.)

Петицияның өкімет орындарын ерекше абыржытып, әурес-сарсаңға салғанын құжаттардан көреміз. Билік иелерінің секем алатын жөні бар, өйткені, оған қол қойғандар түгелге жуық ел билеуші қазақтар, былайша айтқанда Қыр елінің қаймағы еді. Ондаған жылдар бойы айтқанына көніп, айдағанына жүрген момын, қараңғы, «бұратана» халықтың бұлайша оянуынан үкімет қатты сескенген.

Осы құжаттың жасалуына байланысты Семей облысының әскери губернаторы генерал-майор Галкин 1905 жылғы шілденің 19-ында Қыр өлкесінің генерал-губернаторына мынадай суыт хабар жіберген:

«Қарқаралының уезд бастығы биылғы 30-маусымда маған мынаны хабарлады: Тыңшылар арқылы алынған деректерге қарағанда Қоянды-Ботов жәрмеңкесінде бас қосқан Ақмола облысының және сол жақтағы Семей уезінің (Павлодар уезі де бар) қазақтары ортасынан өкіл сайлап, патша Ағзамның атына петиция дайындаған.

Менің қолымдағы құпия мәліметтерге қарағанда петициялардағы талаптар негізінен мыналар: салықты азайту, қарашекпен бастықтарын тарату, діни сенімдерге толық мүмкіндік беру, қазақ арасынан ортақ мүфти сайлау, орталық үкіметтегі халық өкілдігіне депутаттар сайлау.

...Бұл арызға 16 мың адам қол қойған. (Қарқаралы оясында 33522 шаңырақ иесі бар. Бұл – оның тең жартысы)».

Уезд бастығы Қарқаралыдан арызды Омбыға екі сенімді адам алып баратынын хабарлаған. (Дәл осы жерге генерал-губернатор көк қарындашпен: **к Букейханову?** деп белгі соғыпты. – **З.Т.**) Омбыда Ақмола, Семей, Торғай облыстарының барлық уездерінен сайланған өкілдер жиналыс ашып, талқыламақ. Сөйтіп, Омбыда екі адам өкіл сайлаып, Петербургке алып кетпек.

Штабс-ротмистр Оссовский Қырдағы дүрлігу жағдайын хабарлайды. «Қазақтар Ресейде болып жатқан оқиғаларды мұқият қадағалап отырған көрінеді...»

Генерал-майор Галкин Қырдағы жағдайларды бақылауда ұстау мақсатында тыңшылық жұмыс жүргізу үшін генерал-губернатордан 600 сом қаражатты қоса сұрапты. Оған генерал-губернатор: «200 сом берілсін» деп бұрыштама соғыпты.

Тыңшылардың жеткізуіне қарағанда 1905 жылғы 3-тамызда осы петиция туралы Ресейдің «Сын Отечества» және «Русские ведомости» деп аталатын орыс газеттеріне жеделхат жіберілген көрінеді.

Міне, қанқұйлы отаршылдық саясаттың қазақты қандай амал-айламен билегені, қалай бұғаулап-тұншықтырғаны осы бір ғана мысалдан көрініп тұр емес пе?

Генерал-губернатор бұл хатты алғаннан кейін Қарқаралыға қайта жеделхат соғып: «Осы петицияға қол қойғандардың арасынан ең болмаса бірнеше адамды тауып, аты-жөнін хабарлаңыз» деген нұсқау береді.

Қарқаралы оязының бастығы Оссовскийдің жауабы мынау: «Арыз Омбыға, Әлихан Бөкейхановтың атына кетті. Ол осы петицияны жазуды ұйымдастырушының өзі және жетекшісі. Кейбір деректерге қарағанда арыздың бастапқы текстің жазған Ақбаев. Сондықтан, Бөкейханов дем беруші, ынтагер деп есептелуі керек. Халық өкілі атынан петицияны жеткізуге сайланғандар Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақбасев».

Императордың атына жіберілген петицияға 42 адам қол қойғанын тыңшылар анықтаған және олардың тізімі губернаторға жолданған хатқа тіркелген. Тізімге қарап отырсақ, Қарқаралы оязына қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан 1-3-тен ел ағалары қол қойған. Олар мыналар:

Ақсары болысынан – Балсейіт Матаев және Мұхаметәзи Төлеубасев.

Кент болысынан – Кәрібай Матаев және Тоқтарбай Жандыбасев.

Қу болысынан – Мұсатай Тәттімбетов және Мақат Ақаев (Мұсатай ұлы күйші Тәттімбеттің баласы, ал Мақат – атақты Ақаев Қасеннің ағасы, Ахмет Байтұрсыновтармен бастас болған қайраткер.-З.Т.).

Едірей болысынан – Омар Қондыбасев.

Теміріш болысынан – Секербай Қанғожин және Оспан Жанқабылов.

Берікқара болысынан – Ақбай Жандеркин (заңгер Жақып Ақбаевтың әкесі), Сүйгенбай Мейіржанов және Өскенбай Бөгембаев.

Нұра болысынан – Арыстанбек Дәулетов.

Ақбота болысынан – Жүсіп Құлбатыров және Бектібай Ботабаев.

Дегелең болысынан – Керімхан Төлебаев және Тышқанбай Қашақов.

Дағандалы болысынан – Демесін Мейіржанов және Жолжан Байкөбин.

Балқаш болысынан – Нарманбет Орманбетов (атақты Нарманбет ақын) және Тұрсынбек Жантоқин.

Сарыбұлақ болысынан – Аралбай Сұлтанов және Жүсіп Нақыпов.

Сарытау болысынан Жүнісқали Аяғанов және Жүнісбек Жолдыөзек.

Қотанбұлақ болысынан – Құдайберді Байбөрин және Игілік Жанқожин.

Қызылтау болысынан – Тоқбай Тоқсабаев.

Мойынты болысынан – Жұмабек Құлашев және Тасыбек Бақин.

Ақшатау болысынан, Жүсіп Бейсембин және Жуасбай Тасболатов.

Бөрілі болысынан – Төлмұхамет Алтынтөрин және Рақия Сәтбаев.

Тоқырауын болысынан- Ахмет Бекбергенов және Тоқымет Күреңшин.

Шұбартау болысынан – Мұса Құлбаев және Сүлеймен Қойсоймасов.

Бұларға қоса Едірей болысынан Қақабай Алшынбаев және Нұра болысынан Қалиолла Дүйсенбаев қол қойды деп жазылған.

Бұл арада мына бір жағдайдың басын ашып алу керек. Қарқаралы мен Семейдің ұлығы болсын, тыңшысы болсын, Қояндыда дайындалған құжаттардың жалпы сарыны болмаса, мәтінін оқып, нақты білмеген. Сондықтан Семей губернаторының хатындағы; патша Ағзамның петицияға 16 мың адам қол қойды... Омбыда, Ақмолада, Семейде, Торғай облысының барлық уездерінде талқыламақ...» дегендері жалғыз бір петицияны ғана емес, басқа да петицияларды қамтитынын байқау қиын емес. Оған дәлел ретінде басқа петициялардың жазылу тәртібін көрсетсек те жетеді.

Мысалы, Ресей ішкі істер министрлігіне жолданған мына құжатқа Павлодар, Семей және Қарқаралы оязының өкілдері қол қойған. Мазмұны патшаға жолданған құжаттан өзгеше. Ал, Министрлер кеңесінің төрағасына жолданған петицияға 12767 адам қол қойған. Кейін, осы тақырыпқа қалам тартқандардың біреуі 16 мың, біреуі 14500 адам қол қойды дегендерін теріске шығарып, нақты құжатпен осылай түзетеміз.

Ресей патшасының атына жолданған петициямен қоса Петербургке Әлихан Бөкейхан алып кеткен екінші хат Ішкі істер министрлігіне жолданған. **«Қарқаралы, Семей және Павлодар ояздарының қазақтарынан патша Ағзамның атына жіберілген тілекке қоса, Сіздің қарап шешуіңізге мынадай нақты мәселелер қоямыз»** деп басталатын құжатта Ішкі істер министрлігінің құзырындағы: мысалы, мешіт ашуға және оның жанынан медресе ашуға рұқсат беру, баспа ісімен әркімнің айналысу құқын қамтамасыз ету, көшпелі қазақтар мен орыс шаруаларының, казак-орыстардың құқын теңгеру сияқты мәселелер көрсетілген.

Ал, Ресей Министрлер кеңесіне, атқарушы билік төрағасына қойылған талаптар кеңірек әрі мейлінше нақты. Жеке-леген фактілер, мәселелердің шешілу жолдары тәптіштеліп көрсетілген. Патшаның атына жазылған тілек-арызда жалпы саяси тұрғыда, жоғарғы билік құрамына қазақтарды қатыстыру сияқты заңдық мәні бар мәселелердің болғанын көрдік.

Енді Ресей үкіметіне жазылған құжатқа тоқталайық. Алдымен қазақ жастарына білім беруде шешімін таппаған проблемалар санамалап көрсетіледі, олардың себептері мен салдарлары талданады:

2. 1902 жылдан бастап, Қыр өлкесінде қазақтың ұл балаларына арналып ауыл мектептері дегендер ашылған. Оларда сабақ қазақша жүргізіледі, бірақ қазақ тілі оқытылмайды, бұл жөніндегі талабымыз орындалмады. Мұндай мектептерде қазақ сөздерін орыс әлібімен жазуға үйретеді, бірақ орыс әлібінің қазақ тілі фонетикасын толық бермейтіндігі, сондықтан, түсінік мағынасы бұзылатыны ескерілмейді.

Қазақ тілін оқытпауды және қазақша сөзді орыс әріпімен жазуды білім беру емес, басқа бір беймәлім, теріс мақсатты көздеу деп түсініп, қазақтар балаларын бұл мектептерге бермей қойды. Соның салдарынан алғашында

мектепті толтыру үшін әкімшіліктің қысым жасауымен тек кедейлердің балалары мен жетім балалар ғана жиналды. Басқалар оларға ақша берді, яғни балаларды жалдап оқытып жатырмыз.

1880 жылдың басынан бері қарай Қыр өлкесінің барлық қалаларында қазақ балаларына арналған мектептер бар еді. Отыз орындық интернатта шіркеу шәкірттері мен қала оқушыларынан 300 бала жататын. 1890 жылдан бері қарай бұл интернаттар ауыл шаруашылық мектептеріне айналдырылды. Ал, олардың Қыр өлкесіне түкке де қажеті жоқ. Ауыл шаруашылық мектептерін бітіргендерден 15 жылдың ішінде бірде-бір ауыл шаруашылығы маманы шыққан жоқ. Ауыл шаруашылығы мектебін бітіргендер де, бұрынғы интернаттарды бітіргендер де «Интеллигент» болып шықты, бірақ маман болып қалыптаспады, өйткені оларға кәсіби білім берілмеген еді.

1890 жылы Омбы гимназиясының жанындағы 25 орындық пансион жабылып қалды. Қазақтың жоғарғы білім алған азаматтарының көпшілігі осы пансионда тәрбиеленіп еді. Ал, аталған интернаттар мен ауыл шаруашылық мектептерін бітіргендер Омбыдағы орталық фельдшерлік және мал дәрігерлік мектептерден аспады.

Гимназия пансионы жабылып қалған соң, қазақ балалары гимназияларға түсе алмай, яғни одан әрі жоғары білім ала алмай қалды. Қолында билігі бар үкіметтердің жергілікті әкімдері стипендияны қазақ балаларына емес, басқа ұлттардың балаларына береді. Ал, қазақ арасында білімге деген құштарлық үлкен, сондықтан да олар қалалық училищелерде балаларын өз қаржысына оқытуға мәжбүр болды. Мал баққан қазаққа бұл шығын өте ауыр тиеді.

Жоғарыдағыларды көрсете келіп, қазақ даласында білім беру ісін дұрыс жолға қою керек деп санаймыз. Ол үшін: ауыл мектептерінде қазақ әліппесін оқыту, қазақ тілінде сабақ беру, мемлекеттік тілді міндетті түрде үйрету, жабылып қалған интернаттар мен Омбы гимназиясының жанындағы пансионды қалпына келтіру керек.

«Далалық Ереженің» 99-бабы бойынша медресе (мектептер) ашуға және мешіт салуға Қыр өлкесі генерал-губернаторының рұқсаты керек. Соған қарамастан, жаңадан мектептер ашуға және мешіт салуға рұқсат бермек түгілі, Семей мен Көкшетау қалаларындағы мешіттердің жанындағы мектептерді жергілікті әкімдер жауып тастады.

Сол себепті де Ереже бойынша туған баланы тіркейтін кітап ауылнайдың қолында, ал ауылнайлардың көпшілігі хат танымайды. Крестьян бастықтары шет елге шығатын паспорт беруді сол ауылдың немесе болыстың салық төлеуімен байланысты шешеді, қарызы болса –паспорт бермей қояды.

Жоғарыдағыларды айта келіп, мыналарды қажет санаймыз: Ождан бостандығы, діни сенім-наным бостандығы, Қыр өлкесінің қазақтары үшін сайламышты ерекше діни басқарма, мектептер мен мешіттер салу үшін басқа мекемелерге жүгінуді тоқтату; қазақ, татар және араб тіліндегі діни әдебиеттерге цензура жасамау; туу туралы куәлік беруді діни басқарма орындарына беру; шетелге шығатын паспорт берудің заңды тәртібін белгілеу қажет.

Сондай-ақ, Семей гимназиясы жанынан қазақ балаларына арнап пансион ашылсын, кәсіби мектептер мен жоғары оқу орындарында оқу үшін тағайындалатын стипендиялардың саны көбейтілсін.

Аталған оқу-ағарту шараларына қажет шығындар үшін Семей облысы қазақтарының капиталын жұмсау қажет. Қазір оның сомасы 80 мыңға жетті. Ол ақша жергілікті әкімшіліктің қарауында және процентсіз несие ретінде үшінші тұлғаларға беріліп отыр. Мысалы, Ақмола облысы әскери губернаторының үйін салуға 47 мың сом 23,5 жылға процентсіз несие ретінде берілген.

3. Қазақ халқының күнделікті қажетін көрсетіп отыру үшін қазақ тілінде газет шығарылсын, цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға ешбір бөгет жасалмасын.

4. Соңғы 15 жыл бойы Қыр өлкесін отарлаудың жалғасуы нәтижесінде, қазақтардың жері тарылып кетті. Мал шаруашылығы негізінен экстенсивті екені жалпыға мәлім, мал бағуға өте көп жайылымдық жер керек. Сырттан қоныс аударып келіп жатқандарға ең тәуір жерлер, тұщы су көздері қазақтардан тартып алынып берілуде. Сондықтан, қазақтардың иелігіндегі жерлер өздерінің меншігі деп танылсын.

5. Қыр өлкесінің мемлекеттік меншік басқармасы қазақтарды ата-қонысынан ығыстырып, жерді қазынаға тартып алуда. Олай болса, қазынаға алынған жерлерден қазақтар қуылмасын, қазына жері мен қазақ жерінің арасына жіктеу шегарасы қалдырылсын, оның аумағын белгілеуге қазақтар қатыстырылсын.

6. Қолданылып келе жатқан «Далалық ереже» қазақ тұрмысының қазіргі жағдайына сай келмейді. Басқаны

айтпағанның өзінде, «Далалық ереженің» 120-бабы бойынша қазақтардың жері қауымға ортақ саналады, ал қыстау мекендері иесінің немесе бірнеше адамның меншігі, олар оны басқаға сыйға тартуға немесе сатуға құқылы. Сондықтан «Далалық ережені» қазақ депутаттарының қатысуымен өзгерту керек. Әйтпесе, ондай ереже керек емес.

7. Болыс кеңселерінде іс қағаздары орысша жүргізіледі. Осының салдарынан жергілікті халық орысша тіл білмеген соң, оларды болыстың немесе ауылайдың хатшылары қанап келеді. Қыр өлкесі генерал-губернаторының ерекше жарлығына сәйкес төтенше съездердің үкімдері мен шешімдері орыс тілінде жазылады. Сөйтіп, соттың немесе дауласушы екі жақтың бақылауынан тыс қалған хатшылар ойына келгенін істейді. «Далалық ереженің» қазіргі штаты бойынша уездер мен облыстық басқармада қазақ тілінің аудармашылары болуға тиіс. Соған қарамастан, жергілікті әкімдер аудармашылық қызметке қазақша білмейтін орыс шенеуніктерін алады, олар болса, үшінші бір Адамның көмегіне жүгінеді. Кейбір крестьян бастықтары қазақ тілінде жазылған өтініштерді қабылдамайды, сондықтан қазақтар ешқандай көмегі тимесе де, қайдағы бір дүмше адвокаттарды жалдайды.

Қазақтардың мүддесі үшін мыналар қажет: болыс кеңселері мен халық соттарында іс қағаздары қазақша жүргізілсін; аудармашылыққа қазақ тілін білетін және қазақша сауатты адамдар алынсын; қазақтар өз құқықтарына нұсқан келсе, арызды ана тілінде бере алатын болсын.

8. Сот әділ болуы үшін судьялар өзі қызмет ететін халықтың тілін білетін болсын. Соған қарамастан, судьялық және тергеушілік қызметтерге қазақтың тілін білмейтін орыстар тағайындалып келеді. Неге екені белгісіз, қазағы қалың уездерге қазақ заңгерлері тағайындалмайды, соның салдарынан Қыр өлкесінде сот әділдігіне нұсқан келуде.

Демек, судьялар қазақ тілін білуі шарт және де қазақ даласына алқалы сот жүйесі енгізілсін.

9. 1902 жылдан бастап Қыр өлкесінде крестьян начальниктері лауазымы енгізілді. Олар ешқандай пайда әкелген жоқ, қайта атқамінерлердің санын көбейтті. Уезд бастығы біреу еді, енді төртеу болды, сөйтіп халыққа әкімшілік қысымы көбейді. 1905 жылдан бастап урядник лауазымы енгізілетін болды. Олардың Қырға керегі болған емес, болмайды да. Сондықтан крестьян бастықтары мен урядник қызметі жойылсын.

10. «Далалық ереженің» 17-бабына сәйкес Қыр өлкесінің генерал-губернаторына қазақтарды әкімшілік жолымен басқа жаққа жер аудару құқы берілген. Осы баптың кесірінен талай адам жазықсыз, заңсыз жапа шекті. Демек, заңдылық пен азаматтардың құқық мүддесі үшін бұл бапты жойып, қылмыс жасағандар тек сот алдында ғана жауап беретіндей тәртіп орнату қажет.

11. Патша биылғы ақпанның 18-де шығарған Мәртебелі жарлығымен орыстың заң шығару жиналысына халық сеніміне ие болған лайықты адамдарды шақыратынын жария етті. Қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын қолдау үшін осы заң шығару жиналысына біздің де депутаттарымыздың қатысуы қажет.

1905 жылғы 26- маусым,

Қоянды жәрмеңкесі.

12. 767 адам қол қойды.

Осынау тарихи құжаттардағы кейбір мәселелерді түсіндіре кеткен де артық болмас.

«Тарихты дамытушы да, жасаушы да халық» деген маркстік-лениндік ілімге сүйенген бұрынғы тарихи концептуалдық жүйелер енді сахнадан біртіндеп кете бастаған сияқты. Әрине, тарихқа арқау, ғылымға өзек болып келе жатқан басты фактор – бұқара екеніне дау жоқ. Алайда осы тарихи құбылыстарды белгілі бір кеңістікте, географиялық ортада, мерзімде бірде құйын соққандай тездететін, бірде су сепкендей баяулатын мемлекет қайраткерлері, азаттық туын желбіреткен айбынды батырлар, даналық пен ұстамдылықтың арқауы – атақты билеріміз» (Ж.Қасымбаевтың сөзі.-З.Т.) екендігін осы оқиғалардан көріп отырмыз.

Қазақтың азаттық жолындағы күресінің тарихында ерекше орыны бар Әлихан Бөкейханов бастаған үркердей жанкешті топтың ақыл-ойынан шыққан құжаттар бүгінгі ұрпаққа көп жағдайлардан мағлұмат береді.

Петицияларда қайталанып келіп отыратын ождан бостандығы діни мәселелері мен жер мәселесі бүгінгі ұрпаққа түсініксіз болуы мүмкін екендігін де ескерейік. ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында Ресейдің отарлау саясаты мүлде қисынсыз әрі қорқау сипат алды. «Қазақ өлкесінің мәдени өркендеуіне орыстандыру саясатының залалы қаншалық болса, қазақтарды жерден

айыру саясатының халықтың әл-ауқатына тигізген залалы соншалық болды», деген қағиданы Жәқып Ақбаев петицияға тегін жазбаған.

Сондай-ақ, соңғы құжаттағы «...1903 жылы Петропавл, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйіне тінту жүргізілді. Соның барысында тартып алынған кітапханалар әлі күнге иелеріне қайтарылмай отыр. Ол-ол ма, Көкшетау уезінің беделді қазақтары Наурызбай Таласов пен Шәймерден Қосшығұлов өздерінің діни сенім-нанымы үшін алғашқысы Енисей губерниясына, соңғысы Якут облысына жер аударылды», деген жолдарға зер салып көрейік.

Атап айтқанда, Семей уезінде 1903 жылғы сәуірдің 25 күні Ибраһим Құнанбайұлының (Абайдың) үйі тінтілген болатын. Сол жерде уезд бастығы Навроцкий акты жасап, Абайдың бір сандық қағаздарын, кітаптарын алып кетті. Кейін «Қағаздар араб әрпімен жазылған қолжазбалар, газеттер мен журналдар, кітаптар екенін және олардан үкіметке қарсы ештеңе табылмағанын» көрсеткен Омбыдағы чиновниктер сол сандықты қайтармады. Осылайша, ұлы ойшыл әрі ақынның бай мұрасы, қолжазбалары жоғалып кетті. Қазақтың даналық ақыл-ойына, өнері мен әдебиетіне орны толмас нұқсан келді. Абайдың бір сандық қағазы бүгінге дейін табылған жоқ.

Бұл сандық Кеңес заманында да ізделмеді. Оның басты себебі – кезінде орыс отаршылары Абайға күдікпен қарап, панисламист, пантүркист деген жала жапқанына байланысты деп ойлаймыз. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ зиялылары Абайдың қағазын іздемек түгілі, өз жанымен қайғы болды. Ал большевик қазақ қайраткерлер үшін Абай әуелде керек болмағаны мәлім.

Абай атамыз болса, өз қағаздарының соңына түскен жоқ, оған шамасы да келмеді. Отбасының қайғысымен, ауыр дертке душар болды. Өзі содан кейін жылға жетпей қайтыс болып кетті.

Абайға жабылған жаланы, оның үйінің тінтілуін, сандықтың Омбыға әкетілгенін заңгер Жәқып Ақбаев жақсы білген. Оған толық дәлеліміз бар.

1904 жылғы 8-маусымда Ж.Ақбаев Семей округтік соғына қызметке барған еді. Өзінің жерлесі саналатын Абайды бұрыннан білетін, қасиетті ел ағасы тұтып, сыйлайтын азамат ұлы ақынның тағдырына әкімшілік органдарының

заңсыз араласқанын неге білмесін! Білгендіктен, дәл жоғарыдағыдай сөздерді петицияға енгізген. Жақып Ақбаев Абайдың досы Н.Коншинмен өте жақын, пікірлес, тілектестік қатынаста болған. 1906 жылы Омбы округтік сотының көшпелі алқасы Қарқаралыға келіп, өзінің ісін қарағанда қорғаушылыққа Жақып Ақбаев сол Коншинді шақырғаны мәлім.

Екіншіден, петициядағы Наурызбай Таласов деп аталған адам – Көкшетаудағы әйгілі ғұлама Науан хазірет еді. Кезінде хазіреттің тұтқындалуына байланысты Әлихан Бөкейханов діни, саяси көзқарасы үшін адамдарды Ресейдің қуғындау саясатын сынап, баспасөз бетінде наразылық білдірген болатын. «Орыс үкіметі қарауындағы қазақ халқын бауырына жақынырақ тарту үшін Науан хазіретті жер аударғаннан басқа ештеңе ойлап таба алмады-ау», деген уытты мысқыл Әлекендікі.

Үшіншіден, аты аталып отырған Шәймерден Қосшығұлов кейін Ресей Думасына депутат болып сайланған үлкен қайраткер, саясаткер деңгейіне дейін жеткен. Ресей империясының Петербург аталатын қақ жүрегінде Әбдірашит Ибрагимов екеуі қаражат қосып, Думаның мұсылман фракциясының атынан 1907 жылы-ақ оппозициялық «Серке» газетін шығарысқан осы Шәйкен молла (ел ішінде әлі солай аталады). Газеттің бірінші санын шығаруға Міржақып Дулатов пен үлкен оқымысты, журналист Дінмұхамет Сұлтанғазин қатысқан. «Серкенің» екінші санын жандармдар тұтқындап, жауып тастаған. Сол жалғыз газеттің өзінде-ақ, «Жастарға» деген өлең, «Біздің мақсаттарымыз» деген бас мақала бастырған Міржақып Дулатов Ресей империясының отаршыл саясатын өлтіре әшкерелеген болатын.

Шәймерден Қосшығұлов 1903 жылдың қысы мен көктемінде Семей сыртында жатқан Абайға, Баянауылдағы Шорманұлы Сәдуақасқа тағы басқа ел ағалары, игі жақсыларға хат жазған. Ақыл-кеңес сұраған. «Орыстар жерімізді алды, тілімізді алды, енді дінімізге қол салды. Өлгеннен басқа неміз қалды, Ибраһим мырза! Бас қосайық, бүкіл қазақ съезіне жиналып, ақылдасайық», деп жазған, съездің қаражат мәселесі туралы хабарлаған осы Шәймерден еді. Бірақ, оның екінші хаты Абайдың қолына тимеген, жандармдар Арқаттағы поштаға Абайдың өзін алып барып, қол қойдырып, хатты тартып алған.

Отаршыл үкіметтен зорлықты көп көрген күрескер Ш.Қосшығұлов Кеңес үкіметінің де қорлығына ұшырады, айдалды, түрмеде отырды.

Міне, петицияны мұқият оқыған адам осындай тағдырларға байланысты ой түйсе екен дейміз. Пролетариаты болмаған халық өз азаттығы үшін күрессе алмайды, деген сандырақты жоққа шығаратын әңгімелер осындай.

Осы оқиғаларға қатысты зерттеу еңбектерінде, мақалаларда петициялардың авторлары туралы ештеңе айтылмайды. Ал, мұндай құжатты қалың бұқара немесе қол қойғандар жазбайтыны мәлім. Ондай шаруа аса білімді, заңға жетік, ел жағдайын, мемлекет жүйесін жақсы білетін мамандардың қолынан ғана келеді. Петицияларды жазған Жақып Ақбаев деп отырғанда біз архивтегі бір сөзді ғана («...бастапқы тексті Ақбаев жазған» деген) тірек етіп отырғанымыз жоқ. Ж.Ақбаевтың қолтаңбасын көріп, текстегі мағлұматтарды автордың ойдан шығармағанын, біреуден естіп жазбағанын дәлелдеу ниетіндеміз.

Олай болса, үшінші петицияда «1890 жылы Омбы гимназиясы жанындағы пансион жабылып қалды» дегенге назар аударайық. Бұл да Жақыптың өз басынан кешкені. Ж.Ақбаев 1886 жылы Қарқаралыдағы интернатты бітіріп, 1889 жылы Омбы гимназиясына түседі. 1890 жылы ол жабылып қалғаннан кейін басқалар оқуын тастап кетсе де, Жақаң Том гимназиясына ауысып, оны 1898 жылы бітіріп шыққаны мәлім.

Ал, Қарқаралыдағы Ж.Ақбаев оқыған интернат 1890 жылы жабылып, ауыл шаруашылығы мектебіне айналған. Үкіметтің мұндағы мақсаты «бұратана» халықтың жастарына жалпы білім бермей, олардың әрі қарай оқуға жолын тосып, тар өрісті қол-өнер мектебімен шектеу болатын. Міне, үкіметтің осы қысастығын Жақаң өз басынан кешкен соң жазып отыр.

Соңғы петицияның 6-бөлігінде «Далалық ереженің» қазақ қоғамының тіршілік-тұрмысына сай келмейтіндігі де тегін жазылмаған. Оның ішінде 120-бап ерекше көрсетілген. 1891 жылы күшіне кірген бұл заң бойынша «бүкіл қазақ жері қазынанікі, құны кесусіз, қазақ пайдалана тұрады. Егер қазынаға бір жер керек бола қалса, мемлекет сол жерді ештеңе төлеместен өзі ала береді». Бұдан артық зорлық бола ма? Тіпті «Дала уалаяты» газетінің 1895 жылғы 38-санында жарияланған осы ереженің түсіндірмесінде былай

жазылған: «126-статья бойынша жерді жалға беру жеке бір кісіге бұйырған жоқ, көп қауымға бұйырған. Және жерді жалға алатын кісісі орыс болсын...». Яғни қазақ өзі қыстап-жайлап отырған жерді басқа қазаққа жалға да бере алмайды, тек орысқа бере алатыны болған ғой.

Ежелден ұлттың белгісі жер тұтастығы, тілі, діні десек, соның бәрі аяққа басылғанда отаршыл қандай «мейірімді әрі адал» болса да, халық бас көтермей отыра алмайды екен. Соған көз жеткіздік.

1905 жылы жазда Ұлы Қазақ даласының қақ төсінде бас көтеріп, тілі шыққан ардагер көсемдеріміз азаттық жолында күрестің құрбаны болып кетті. Бірақ, олардың ісі қалды. Зор нәтижесі ретінде Еліміздің шаңырағында көкбайрақ желбірейді. Соған шүкіршілік...

Қорыта келгенде, Қарқаралы-Қояндыда жазылып, 6 миллион қазақ халқының еркін саяси құжаты ретінде таратылған бұл Петициялардың тарихи маңызы ерекше екенін тағы да атап көрсету қажет.

Бұлар, сайып келгенде, болашақ саяси партияның бағдарламалық негіздері болып табылады. Демек, «...1917 жылғы ақпан революциясынан кейін құрылған Алаш партиясының идеялық бастау көздерін бірінші орыс революциясы кезінен іздеген жөн» деген тарихшы К.Нұрпейісовтің батыл айтылған пікірі көңілге қонымды.

Бұл тұжырымды нақтылай түсетін болсақ, 1905 жылдың аяғындағы емес, ортасындағы, сөз болып отырған петицияларды саяси партияның қайнар көзі деп алуға болады. Кейін осы талап-арыздарда жазылғандардың бәрі Алаш партиясы күресінің негізгі арнасы, Алашорда үкіметі іс-қимылдарының нақты бағдарлары ретінде көптеген құжаттарға арқау болды. Заң ғылымдарының докторы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы және Жақып Ақбаев», З.Тайшыбайдың «Жақып Ақбаев. Күрескерлік өмірбаяны» деген монографияларында бұл мәселелер жан-жақты айтылған.

АЛАШ АЗАМАТТАРЫ АТҚА МІНДІ

- Әлихандардың жеделхаты
- Алаш ұлына үндеу
- 1916 жылғы оқиғалардың ақиқаты
- Қазақ съездері
- Саяси партияның негізі осылай қаланған

Ресейдегі 1917 жылдағы ақпан төңкерісі салдарынан империяда Романов әулетінің жеке-дара билігі адыра қалды. Патшалық Ресейдің іштей іріп-шіріп, түрлі саяси жіктердің таққа таласуы отар халықтардың бостандыққа деген үміт шырағын жағып, санасын оятты.

1917 жылғы наурыздың 16-күні Белоруссияның Минск қаласында жүрген Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатов елге, Қарқаралыға жеделхат соқты. Онда былай деп жазылған:

«Россиядағы барша халыққа бостандық, теңдік және туысқандық күні туды. Жаңа құрылған хүкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Учредительное собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды, жақсы адамдарды ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау-жанжал, талас, партиялық сиыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарың – бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріндер! Біз қалайтын патшалық түрі – демократическая республика, яғни мал өсіріп, жерге ие боларлық түрі.

...Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулік іс етіндер, жаңа хүкіметті сүйендер. Министерствоның азық-түлік ісінде жүрген уполномоченныйларымен өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар. Халықтың көңілін білдіріңдер. Әділ әрекет жасандар... Әлихан мен Міржақып Петроградқа жүреді, онда 25-наурызға дейін болады. Одан кейін «Қазақ» газеті редакциясымен хабарласыңыздар»⁸. Қол қойғандар: Әлихан, Міржақып,

⁸ «Қазақ» газеті, 1917, №223.

Мұса, Мырзағазы, Қасен, Шәймерден, Құсайын, Шафқат, Сұлтанбек, Иса, Мұхамедғазы, Хайретдин, Райымбек, Нәзір, Тәмишдер, Тел... (ақырғы есім оқылмады. —З.Т.)

Бұл жеделхат Қазақстанның әр қиырындағы Алаштың көрнекті қайраткерлеріне жіберілді. Атап айтқанда, 1) Черняевтегі Тынышбаевқа, 2) Петропавлдағы Көсемісовке, Тілеулинге, 3) Омбыдағы Тұрлыбаевқа, 4) Павлодардағы Сәтбаевқа, 5) Семейдегі Мәрсековқа, Тұрағұлға, 6) Қарқаралыдағы Жақыпқа, Смақанға, Хасенге, 7) Зайсандағы Поштаевқа, 8) Қараөткелдегі Райымбековқа, Сұлтан Абылаевқа, 9) Атбасардағы Жанайдаровқа, Сыздық Мешенбаевқа, 10) Савинкедегі Шәңгерей Бөксевке, Бақыткерей Құлмановқа, 11) Жәнібектегі врач Шомбаловқа, 12) Красный Ярдағы врач Шолтыровқа, 13) Красный Куттағы Ниязовқа, 14) Ойылдағы Халелге, 15) Оралскідегі Ғабидоллаға, 16) Перовскідегі Баққожаға, Қожахметке, Юсуфбекке, 17) Ырғыздағы Шонановқа, 18) Түркістандағы Өтегеновке, 19) Қоқандағы Ақиевқа, 20) Скобелевтағы Ғабдолрахман Оразиевқа, 21) Ташкендегі врач Көтібаровқа, 22) Әндижандағы Қожықовқа, 23) Қапалдағы Тұрысбековтерге, 24) Ақтөбедегі Қасым Арынғазиевқа, 25) Торғайдағы Алмасовқа, Қаралдинге, Тоқтабаевқа.

Осы жедел хаттың негізінде дүниеге келген Үндеу «Алаш ұлына» деген тақырыппен «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 225-санында басылып, ұлан-байтақ қазақ даласына таратылды.

Алаш ұлына

Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күні теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артылып, ақырында, Россияда қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рахмет!

Сүйікті Алаштың Азаматы! Бізді бұл қуанышқа, бұл бостаншылыққа жеткізген кім? Біз кімге борыштымыз? – Соны ойлалық. «Жамандықты ұмыт, жақсылықты ұмытпа» деген нақыл бар. Еккенде жоқ, сепкенде жоқ қазақ халқы бостаншылыққа ортақ болып отырмыз. Бізге осындай теңдік әперіп отырған орыс халқының ақ жүрек – адал ниетті көсемдері қан төгіп жеңіп алды. Олардың бұл жақсылығын қалай қайтарамыз?

Ескі үкімет заманында қазақ халқы Россияға өгей едік, бізге үкіметтің жаны ашымайтын еді, біздің жанымыз үкіметке ашымайтын еді, оның арын арлап, намысын намыстамайтын едік. Мұның зор белгісі былтыр көрінді. 25-інші июнь жарлығы шыққанда қазақ халқы қандай болды!. Егер ескі үкімет бізді тең ұстап отырған болса, қазақ бүлінер ме еді, қарсыласып қан төгер ме еді. Біз қазаққа «көн, қарсы келме» дегенде рахымсыз үкімет жай-күйінс қарамай, қырып-жойып жұрттың берекесін кетіретін біліп, амалсыздан көн деуші едік. Біздің жоруымыз расталғанын халық көрді. Енді ол жауыз үкімет жоқ: бастығы патшасы болып, қанішер қара жүректер қазір тұтқында. Бұл күнде жұрттың бәрін туысқандай тең қарайтын, ешкімді алаламайтын жаңа үкімет сайланды. Бұл үкімет күшейсе, біздің де күшейгеніміз, бұл үкіметтің күші кемісе, біздің де тілегіміз босқа кеткені. Жаңа үкіметтің күші кеміп, халыққа беріп тұрған бостандықтан айрылуына, жауыз үкімет бас көтеріп, бұрынғы таз кебімізге түсіруіне екі түрлі ықтимал бар: бірі – немістен жеңілуі, екіншісі – ішкі астыртын дұшпандардан жеңілуі. Орыс немістен жеңілсе, бұрынғы үкімет орнына қайтып, Николай қайтадан таққа мініп, жұрттың сорын бұрынғыдан да жаман қайнатуында сөз жоқ. Жаңа үкіметтің ішкі дұшпандарының тілегі осы. Иншалла, бұл болмас!

Біз қазіргі әділ үкімет, азат Россиямен бір тілектес, бір кемедеміз, кемедегінің жаны бір. Россияға бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз қайыспайтын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң, жақсылығына сүйінеміз, жамандығына күйінеміз. Тілек бірге болған соң, тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұқырда болуымыз керек. Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана азат халық бола аламыз. Соның үшін жаңа үкіметтен қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек.

25-нші июнь жарлығы бойынша соғыс тылындағы қызметке енді алынатын бұратаналарды, халықтың ша-

руасы күйзелмесін деп, жаңа үкімет алуды тоқтатты. Бұрынғы алынған жігіттер осы күні жұмыс қылып жатыр. Біздің қолымыздан келер көмегіміздің зоры – сол бұрынғы жұмысшылар ерлік көрсетіп, аянбай жұмыс қылу. Олардың жайкүйін жаңа үкімет жеңілтеді, қазақ та қарап тұрмауы керек. Біздің жігіттер соғысқа әуелде зорлықпен келсе де, енді орыс халқының жақсылары һәм әскері арқасында бостаншылық алған соң, соғыс біткенше аянбай қызмет етсе, алған бостаншылығымыздың қолқасын түгел қайтара алмасақ та, орыс халқының алдында ұялмас едік. Міне, біздің көмегіміз осы болу керек. Мұны жігіттер де, жұрт та ойласын.

Ескі үкіметті аударып тастадық деп, орыс әскері һәм жұмысшылары қарап отырған жоқ. Бұрынғыдан артық көңілденіп, ендігі қызмет өзіміз үшін, алған азаттықтан айрылып қалмалық деп, он есе қайрат көрсетіп отыр. Алмақтың да салмағы бар. Жақсылығыңа ортақпыз, жамандығыңнан аулақпыз десек, құдайға қас болармыз, жұртшылығымызға таңба болар. Орыс халқы бостаншылық жолында жанын құрбан қылғанда, біз терімізді қиялық. Ескіні қуаттаушы жауыз ниетті жансыздар жоқ емес. Олар халық арасына, әскер арасына сөз жүргізіп, азғыруы ықтималы бар. Сондайлардың сөзіне алданып, ғұмыр бойы естен кетпес өкінішке ұшыраудан сақтаныңдар. Ұйымдасып, жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қылалық, кешікпей ашылатын Учредительное Собраниеде һәм г. Думада бәйгеге қосылып, жүлде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашалық.

*Ғалихан, Мұстафа, Мирякуб.
Петроград – 20/III.*

Бұл құжаттың мазмұнына тереңірек зер салсақ, Ресейдегі 1917 жылғы ақпан төңкерісі одан кейінгі Қазан төңкерісі, Алаш саяси қозғалысы туралы талай-талай шындыққа көз жеткізуге болар еді.

Осы арада түсінікті болу үшін, біраз шегініс жасап, жоғарыдағы жеделхатқа қол қойған қазақтардың қиырдағы Минскіде неге жүргенін көрсете кету де қажет сияқты.

Жалпыға мәлім, 1916 жылғы 25-маусымда Ресей патшасы жарлық шығарып, батыс майдандағы соғысқа көмектесуге деген желеумен 19 бен 31 жас аралығындағы қазақ жігіттері

әскери жолмен жинап, жөнелту жөнінде нұсқау берген болатын. Мұндай қауіпті 1914 жылдың өзінде-ақ сезген Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов сияқты қазақ көсемдері бейбіт халықты зорлық-зомбылықтан, қырғыннан сақтап қалудың сауатты жолын іздестірді. Мұндай жол екеу-ақ еді:

Біріншісі, заңға бағынып, қара жұмысқа адам жіберу. Әрине, жігіттерді шетінен көгендеп тізіп беру емес, ұстамдылық сақтап, қазақ тұрмысына келетін ауыртпалықты жеңілдету жағы қарастырылды. Мемлекеттік билік алдына тиісті мәселелер қойылды. Қазақтың ұлттық ерекшеліктерін, табиғи ортасын ескеру туралы тілек білдірілді.

Ал, екінші жол – қару ұстап мемлекеттің заңына қарсы шығу, майдандағы қара жұмысқа адам бермеу еді. Саяси бағдарламасыз, елдің бірқатар аймақтарында стихиялы түрде басталып кеткен қарулы көтерілістердің нәтижесі немен аяқталғаны мәлім.

Демек, тарихи-ғылыми тұрғыдан алғанда Әлихан Бөкейхан бастаған алаш көсемдерінің ұстанымы бірден-бір дұрыс жол екендігін түсіну қиын емес.

Міне, осы кезде Ресей-Герман соғысының Батыс майданына қара жұмысқа алынған қазақ жастарына қамқор болмаққа, оларды тілі бөлек, діні бөлек, жат қауым арасында, ауасы мен суы басқа, жері басқа аймақта қырылып қалудан сақтау үшін Әлихан Бөкейханов бас болып, бірқатар адам өз еркімен Белоруссия ормандарында окоп қазып жүрген бауырларының ортасына барып еді.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 221-санында Ә.Бөкейханов майдандағы қазақ жастарына жөн көрсетіп, ақылшы болуға ел азаматтарын аттандыру жөнінде мынадай құлақтандыру бастырды: «Төмендегі инабатты адамдар көрсеткен жігіттерді переводчикке аламын: Қарқаралыда Қасым Мәмліев, Семейде Турағұл Абайұлы, Нұрғали Құлжанов, Омбыда Ережеп Итбаев, Қызылжарда Салмақбай Күсемісов, Ахмет Жанталин, Бөкейлікте Шәңгерсей Бөкеев ...» Осы құжатта Әлекен, сонымен қатар: «Майданға келіп, жігіттерді ептейтін, пара алатын, іске еріншек, переводчик әуре болмасын», деп те қатты ескерткен. Осынау ары таза, азаматтығы кемел, таңдаулы адамдардың есімдерін ұмытпайық.

Алаш көсемдерінің 1916 жылғы оқиғалар жөніндегі ұстанымы қазақ тарихында көпке дейін бұрмаланып

келді. Ә.Бөкейханов бастаған қазақ оқығандары бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс тауып жатқан Ресей жағына көмек көрсетуді өздерінің азаматтық парызы деп санамаса да, заң жүзінде патша жарлығына қарсы шығуды қолдамады. Көзі ашық, саяси сауаты бекем қазақ көсемдерінің бұл ұстанымы Кеңес кезінде сатқындық деп бағаланды. Шын мәнісінде жағдай қалай еді? Бұған жауапты Міржақып Дулатовтың 1930 жылы ОГПУ тергеушісіне жазып берген мына мәлімдемесінен табамыз.

(Міржақып Дулатов дәл осы оқиғаға байланысты «Қайда едің?» деген өлең де жазған.-З.Т.).

«Маңайдағы болып жатқан не сұмдықты көріп, біліп жүріп, қорғаушысы, панасыз, қол берушісі жоқ жұртқа жанымыз ашып біздер сол кезеңде үкіметке қарсы әрекеттің дұрыс еместігін түсіндіруге, ел көтерілген жағдайда қанның көп төгілгенін, екі жақтың күші тең еместігін халыққа айтып, ұғындыру жолын ақылдастық. Кейіннен барып, «жау кеткен соң қылышыңды боққа шап», дегеннің керін жасап, біздің кейбір жолдастар бізді кезеңі келгенде халық қозғалысын басқара алмады, ақ патша құйыршығына айналып кетті деп кінәлай бастады. Мұндай сөзді сол кезеңнің нағыз шын жағдайымен жай көз жеткізіп білмеген адамдар ғана айтады. Білген болса, айтпас еді.

Шындығында біз халықтың басын бәске тіккіміз келмеді. Халық тағдыры карта ойыны емес. Қолымыздан келгені «Қазақ» газетінің редакциясы болып, майдандағы окоп қазуға, тылға жөнелтіліп жатқан қазақтарға көмек көрсетуді ойластырдық, осы мақсатпен бүкіл қазақ оқығандарына үндеу көтердік»⁹.

Қазақ съездері. Ақпан төңкерісі қазақ даласындағы ұлт-азаттық күрес бағытындағы саяси ой-сананы дүр сілкіндірді. Әр қиырда бірінен соң бірі қазақ съездері өте бастады. Бәрінің мақсаты – бұрынғы патшалық билеу жүйесі күйрегеннен кейінгі жерде қазақ халқының жағдайы қандай болмағын талқылау, бүкіл ұлттың басын қосатын ортақ бағдарлама қалыптастыру еді.

Кеңес дәуіріндегі тарихи әдебиеттерде бұл съездердің бәрі большевик саясатына қарсы, ұлтшылдар мен «халық жауларының» жиындары деп бағаланып келді. Шынында, бұл съездерде большевик, социализм... деген сөздер

⁹ Досжанов Д. Абакты. Алматы., 1992, 107-бет.

жоқ, тек қана ұлт бірлігі, оның амандығы мен келешегі туралы адал ниеттен шыққан пікірлер айтылды. Өзге ұлттарға, басқа мемлекеттік, саяси құрылымдарға қарсы бағытталған әңгіме болған жоқ. Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін осы бір «облыстық съездер» деп аталған саяси ұйымдастыру шараларының бағасы толық берілмей келеді.

Ақиқаттан аттамай пайымдайтын болсақ, қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы саналы, саяси қадамдары, көтерілген баспалдақтары осы съездер еді. Бүгінгі ұрпақ мұны жан-жақты білуге тиіс.

1917 жылғы 2-8 сәуір күндері Орынборда **Торғай облыстық** қазақ съезі өтті. Онда Ресей конфедерациялық мемлекет болуға тиіс. Қазақстан оның құрамындағы демократиялық, парламенттік республика. Халық билігінің демократиялық көрінісі ретінде ауылдық, болыстық, уездік және облыстық азаматтық комитеттер сайлау жолымен құрылуға тиіс екендігі жарияланды.

Съезді «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов сөз сөйлеп ашты және съездің төрағалығына сайланды. Торғай облысының губернаторы Эверсман съезді құттықтап сөз сөйлемек еді, бірақ құлаған өкіметтің өкілі ретінде оған сөз берілген жоқ.

Съезд қабылдаған қорытынды қарарда кешікпей жалпы-қазақ съезін өткізу қажеттігі жазылды. Жалпықазақ съезінің бағдарламасын әзірлеу, өтетін күні мен орнын тағайындау үшін сегіз адамнан бюро сайланды. Оның құрамына: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдәзім Қадырбаев, Омар Есенғұлов, Имам Әлімбеков, Есен Тұрмұхамедов және Керей Тұрымов сайланды. Бір атап өтетін жағдай, бұл съезге қазақтың тұңғыш дәрігер қызы, кейін Ташкент университетінің медицина факультетін бітірген Аққағаз Досжанова да қатысты.

Бұдан кейін, 1917 жылғы сәуірдің 19-22 күндері Орал қаласындағы цирк үйінде **Орал облыстық** қазақ съезі ашылды. Оған 800 адам қатысқан. Бұл съездің төрағалығына Том округтік соты прокурорының орынбасары болып істейтін Жаһанша Досмұхамедов бірауыздан сайланды. Съезд төрағасының ұсынысымен азаттық жолында құрбан болған қазақ азаматтарының рухына дұға бағышталды.

Съездің қарарында: «қазақ халқы демократиялық республика идеясын қолдайды, ерекше федеративтік-

демократиялық құрылымды жақтайды... аз халықтардың өз келешегін өзі анықтауына құқығы бар» екендігі атап көрсетілді.

Жер мәселесі жөнінде: «облысқа сырттан қоныс аудару тоқтатылсын, жерді бөтенге беру тоқтатылсын, қазақ жерлерін ешкім тартып алуына жол берілмейді, арендаға берілмейді, салық қаржылары қазақтардың пайдасына қалдырылсын, ал бұрын қоныс аударып келгендер сол жерлерге иелік ете берсін, қазақтар олармен тату көршілік жағдайда тұратын болсын», деген қағидалар жазылды.

1917 жылғы сәуірдің 25-нен мамырдың 7-не дейін Омбы қаласында **Ақмола облыстық қазақ** съезі өтті. Съезді дайындаған – белгілі Алаш қайраткері Ережеп Итбаев бастаған ұйымдық комитет. Оған Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 делегат қатысты. Съезд төрағалығына заңгер Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлары болып Ережеп Итбаев пен Міржақып Дулатов, хатшылығына Мұхтар Саматов, Асылбек Сейітов және Тоқбаев сайланды. Бұл съезге Мағжан Жұмабаев қатысып, ол 7-8-мамырда Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайлануына байланысты, Омбыдан жедел жүріп кетті.

Съезде соның алдында ғана өткен Орынбор және Орал қазақ съездерінің қараған мәселелері мен қабылдаған құжаттары талқыланды. Атап айтқанда: Қазақстанның барлық аймақтарында билікті қолына алатын қазақ комитеттерін құру, жалпы қазақтық және жалпы мұсылмандық съездер өткізу, Ресей Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мәселелері сөз болды.

Қорытынды мәжілісте он адамнан Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды. Оның төрағалығына Айдархан Тұрлыбаев сайланды.

Осылайша, тұңғыш рет ұлан-байтақ қазақ даласының түпкір-түпкірінде халықтың мұңы мен мұқтажын қорғайтын ұлттық белгідегі мемлекеттік билік органдары дүниеге келді. Бұл – 1917 жылғы сәуірдің 25 күні еді.

Семей облысы қазақтарының 200-ге тарта делегат қатысқан съезі сәуірдің 27-сі мен мамырдың 7-сі аралығында Семейде өтті. Съездің төрағасы Жақып Ақбаев, орынбасарлары Халел Ғаббасов пен Райымжан Мәрсеков, төралқа мүшелері Әлімхан Ермеков пен Мұстақұм Малдыбаев болды. Съезді Шәкәрім қажы арнайы құттықтады. Павлодардан,

Бөкей ордасынан, Омбыдан, Томнан, Орынбордан, Ташкенттен жеделхаттар келді, Әлихан Бөкейханов өз атынан құттықтады.

Мұнда да жалпыұлттық қазақ съезін өткізу туралы басқа облыстық съездердің шешімдері қолдау тапты. Съезд қарарына: «Ресейді мекендейтін халықтардың бостандығын, теңдігін және туысқандығын қамтамасыз ететін құқықтары баянды етілуге тиіс; әрбір халық өзінің ұлттық, тұрмыстық, мәдени, экономикалық, тарихи-жағрапиялық ерекшеліктеріне сәйкес саяси өмірін құруға құқылы» екендігі жазылды. Қазақтың дербес саяси партиясын құру және оның мақсаты демократиялық федеративтік-парламенттік республика болуы мақұлданды.

Алдағы Бүкілқазақтық съезге делегаттар болып: Григорий Потанин, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жәкып Ақбаев, Халел Ғаббасов, Мұқыш Боштаев, Турағұл (Абайұлы) Ибрагимов сайланды.

Семейде өткен бұл съездің бір маңызды өзгешелігі – онда жалпы қазақтық съезді **Петропавл қаласында өткізу жөнінде шешім алынды**. Бұл шешімнің алынуы да тегін емес. Петропавл қаласының орналасуы, қатынасқа ұрымталдығы, Омбыға жақындығы, т.с.с. шарттар еске алынған болса керек. Егер бірінші жалпыұлттық қазақ съезі Петропавлда өткендей болса, Қазақ автономиялы республикасының тұңғыш астанасы **Орынбор емес, Петропавл қаласы болатыны әбден мүмкін**.

Бұл шешімнің қалайша тез өзгеріп, жалпы қазақ өкілдерінің басын қосуға неге Орынбор таңдалды деген сұраққа бірден жауап бере алмаймыз.

Сонымен, **жалпы қазақ съезі 1917 жылғы 21-шілдеде Орынбор қаласында** ашылды. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстарынан және Бөкей қазақтарынан делегаттар қатысты. Бұл съездің тарихи маңызын түсіну үшін оған қазіргі Қазақстан аймағына кіретін барлық жерлерден өкілдер қатысқанын баса айтуға тиіспіз.

Съезд төрағасы – Халел Досмұхамедов, орынбасарлары – Ахмет Байтұрсынов пен Әлімұхамед Көтібаров, хатшылары – Міржәкып Дулатов пен Асылбек Сейітов.

Қаралған мәселелердің ішінде ең негізгісі Ресей мемлекеттілігі және оның құрамындағы Қазақстанның тағдыры болатын. Бұл орайда «...**А.Байтұрсынов пен М.Дулатов** «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру»

идеясын ұсынды, ал, **Ә.Бөкейханов** «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қалады... съезд басым көпшілікпен **Ә.Бөкейхановтың** ұсынысын қолдады».

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 31-шілдедегі санында жарияланған съезд қаулысы «қазақ облыстары ұлт жігіне қарай областной автономия алуға тиіс», деген редакцияда берілген»¹⁰.

Жер мәселесі жөнінде съезд делегаттары: «Қазақ жерлері ешкімге, ешқандай жолмен берілмейді. Қазынанын жері дегеннің бәрі қазақтың жері болғандықтан, иесіне қайтарылсын», деген мәмілеге келді.

Бүкілқазақ съезі облыстар бойынша Ресей Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізімін бекітті. Шын мәнінде ең жоғарғы билік құрылымын белгілейтін бұл ұлы жиынға қазақ халқының ең беделді әрі білімді ұлттық көсемдері сайлануға тиіс деген шешім алынды. Олардың арасында: **Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбасв, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ы.Жайнақов, М.Шоқай, С.Қожанов, Б.Құлманов, Г.Потанин...** сияқты аса көрнекті қайраткерлер болды.

Ақмола облысынан сайланғандар: **Тұрлыбаев Айдархан, Сейітов Асылбек, Итбаев Ережеп, Жанайдаров Сейілбек, Тілеулин Жұмағали, Дүйсенбаев Рақымжан, Жұмабаев Мағжан, Абылаев Сұлтанмұхамед, Меченбаев Сыдық** (фамилиясы қате жазылған болуы керек. – **З.Т.**), **Күсемісов Салмақбай, Болғанбаев Хайретдин.**

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында саяси ахуал нағыз ұлттық, тәуелсіздік сипатына ие болып, бүкіл халықтың мүддесі көтерілген бұл съездер жөнінде осынша баянды әңгіме етуіміздің мәнісі неде? Солардың қорытындысы ретінде **Орынборда өткен Бүкілқазақ съезі қазақ халқының тарихында өте-мөте маңызды, бұрын болмаған және енді қайталанбайтын оқиға.**

Егер біз бүгінгі тәуелсіздігіміздің Қазақстан халықтарына, оның ішінде мемлекет атын әйгілеген қазақ халқына қандай жақын әрі қымбат екендігін жан-жүрегімізбен түсінетін болсақ, **соның бастау қайнары осы съезд болатын.**

¹⁰ «Қазақ» газеті, 1917, 31-шілде.

Рас, съезд материалдарында тәуелсіздік, «Алаш» партиясы деген сөздер кездеспейді. Бірақ, зерделеп түсінген адамға бұл съездің саяси бағыт-бағдары, құрылған немесе құрылғалы тұрған саяси партияның, бүкіл ұлтты тапқа, топқа, жікке, жүзге, руға бөлмейтін жалпы ұлттық демократиялық саяси партияның ісі екендігі көрініп тұр. Және де бұл менің жорамалым ғана емес, тарихи факт.

Оған дәлел ретінде «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 5-қазандағы 244-санында редакция атынан жарияланған хабарды келтіреміз. Бұл хабарда: «...саяси партия құрылатын күн жақын. Ол үшін жеке съезд өткізу керек. Өзір қазақ партиясының бағдарламасы жасалған жоқ. Оның негізіне бірінші Жалпықазақ съезінің қаулысы алынар (астын сызған мен. – З.Т.). Болашақ партиямыздың атын ата-бабаларымыздың ұраны болған «Алаш» деп атағымыз келеді. Жалпықазақ съезінің шешімдерін қолдайтын әрбір қазақ Құрылтай жиналысына ұсынылатын кандидаттардың тізімін бір ғана «Алаш» партиясының тізімі деп атағаны жөн» делінген.

Одан әрі «...Осылайша, қазақ мүддесі орыстармен қабыспайтын барлық облыстарда кандидаттар «Алаш» партиясының тізімімен өтетін болсын. Газеттің осы номері... кешігіп шыққандықтан, барлық облыстарға: «біздің партиямыз – қазақтың «Алаш» партиясы деп аталатыны туралы жедел хат жібердік», деген сөздерді оқимыз.

«Алаш» партиясын құрсағында өсіріп, дүниеге келтірген «Қазақ» газетінің төңірегіндегі қайраткерлер тобы, осылайша, Орталық комитеттің атқаратын жұмысын қолымен істеп, мойнымен көтеріп, тарих алдында зор жауапкершілік арқалаған.

Ойымызды тиянақтау үшін тағы да: «Құрылтай жиналысына ұсынылатын кандидаттардың тізімін бір ғана «Алаш» партиясының тізімі деп атаған жөн» деген сөздерге назар аударайық. Басқаша айтқанда, бұл тізімге кірген адамдар «Алаш» партиясының атынан ұсынылған кандидаттар екендігінде күмән бар ма? Жоқ.

Міне, осылайша, сол бірінші съезде Құрылтайға депутаттыққа кандидат болып қазақ атынан ұсынылғандар тізіміндегі Қызылжарлықтар: Айдархан Тұрлыбаев, Ережеп Итбаев, Жұмағали Тілеулин, Салмақбай Күсемісов, Хайретдин Болғанбаев, әрине, жеке бөліп көрсетеміз – Мағжан Жұмабаев, «Алаш» партиясының іргесін қалап, шаңырағын

көтерушілер екенін дәлелдейміз. Әйтпесе, әлдебіреулер толық білмегендіктен, кейбіреу білсе де, айтқысы келмегендіктен сол Мағжанды немесе Жұмағалиді «Алаш» қозғалысына қатысқан еді, «Алашордада» қызмет істепті», деп бәсенсітуге бейім тұрады. Мұны оқыған бүгінгі жастар жағы, жазығы қанша, осылай екен деп сенеді.

Бүкілқазақтық Алаш съезі, II съезд, «Алаш съезі» деп аталған екінші жиын 1917 жылғы 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өтті. Бұл съездің маңызы қазақ халқын тұтастыққа, бірлікке шақырды. Партия болып, топ болып жіктелуге қарсы, бірлік үндеуін М.Дулатов пен А.Байтұрсынов жазды.

Съездің қаулысынан үзінді келтірейік:

«...Бүкіл қазақ-қырғызды билейтін өкімет керектігін ескеріп, съезд бірауыздан қаулы қылды:

I. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы және Амудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері, бірыңғай іргелі халқы – қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына Ұлттық-жерлі автономия құруға;

II. Қазақ-қырғыз автономиясы Алаш деп аталсын;

III. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлт Кеңесін құруға. Мұның аты – Алаш Орда болсын. Алаш Орданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы.

Алаш Орда бұл күннен бастап, Қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады».

Алаш Орданың төрағасы – Әлихан Нұрмұхаметұлы Бөкейханов екендігі тарихтан мәлім. Ұлт кеңесінің құрамына 15 адам сайланды.

«Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 22-қаңтардағы санында осы съездің жұмысына байланысты Ә.Ермековтің «Жасасын, Алаш, жасасын!» деген мақаласы басылды. Онда былай делінген:

«Желтоқсанның 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт Отанды болды».

Әлбетте, «Алаш» туын көтерушілердің бірде-біреуін кемітуге болмайды. Олардың әрқайсысының өз орны бар. Егер белгілі-белгісіз себептермен кейбіреулеріне қазір құрмет көрсетілмей жатса, біреулерін оздырып, біреулерін ұмытып жатсақ, ол – біздің кінәміз. Бәлкім, етектен тартар қазақшылығымыз болар.

Іздеушісі барлар, бұрыннан ауызға ілініп қалғандар тарихтың мәре-төбесінен орын алып отыр. Ал, кейбіреулері шаң басқан архив сөрелерінде әлі де өз кезегін күтуде. Бірақ, мұндай жағдайда «өлі арыстаннан – тірі тышқан артық» бола алмайды. Саналы ұрпақ бұл кемістіктің орнын толтырар. Азаттық, тәуелсіздік жолында шейіт болған аталарымыздың аруағы разы болсын десек, соларды жарыққа шығарайық. Сіз оқып отырған мына жазбалар сондай талпыныстың бір нышаны деп біліңіз.

Тағы да Міржақып Дулатов айтады:

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып Алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын, сонда қайда едің?!

Өзгені былай қойғанда Қазақстанның аса маңызды әкімшілік, саяси-мәдени орталықтарының бірі Петропавл қаласында белгілі болуға, есімдері құрметке бөленіп, елесінде қалуға тиіс қайраткерлердің кейбіреулерін көрсетсек, артық болмас еді. Бұл – біздің тарихымыз. Солтүстік аймақтың халқының ұлттық құрамы, қазір көзі тірі ардагерлердің Кеңес үкіметі орнағаннан кейін алған тәрбиесі, көргені-білгені, саяси мәдениетінің деңгейі басқаша екендігі салдарынан еске алынбай, ұмытылып бара жатқан есімдерді атап көрсетуді парыз санаймын. Олар:

Әлихан Бөкейханов – осы Петропавлда саяси күрес жо-лына түскен, Алаш партиясының негізін қалаған.

Міржақып Дулатов – Петропавлда тұрып, мұғалім болған. Бүкіл қазақтың азаттық ұраны болған «Оян, қазақ!» осында жазылып, кітап болып шыққан. Жақан қазақтың алғашқы романы «Бақытсыз Жамалды» Петропавлда жазып бітірген.

Мағжан Жұмабаевтың азаматтық, ақындық бетін ашқан ұстазы өзге емес – Міржақып Дулатов екені шындық.

Қошмұхаммед Кемеңгеров, осы Қызылжарда 1918 жылдың жазында қазақ жастарының тұңғыш газеті «Жас азаматты» шығарған аса көрнекті көсемсөзші, алаштың көрнекті қайраткері.

Смағұл Сәдуақасов, Қазақ Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары. Қазақстанның жеке республика ретінде қалыптасуына, жер аймағының түгел болуына ерекше еңбек сіңірген. 1921 жылы Ақмола губерниясын құру жөніндегі съезде ҚОАК атынан өкіл болып қатысқан. Облыстық қазақ баспасөзінің негізін қалаушы. Аса көрнекті көсемсөзші, жазушы, драматург. Алаш қайраткері.

Ережеп Итбаев, 1917 жылғы сәуірде Ақмола облыстық қазақ съезін Омбыда ұйымдастырып өткізген, съезд төрағасы болған. Алашорданың көрнекті қайраткері.

Айдархан Тұрлыбаев, Солтүстік Қазақстандағы тұңғыш қазақ комитетінің, басқаша айтқанда, тәуелсіз мемлекеттік органның бірінші төрағасы, Сібір ревкомындағы Қазақстан өкілі.

Ғалиасқар Қуанышев, 1917 жылғы 4-маусымда Петропавл уездік қазақ комитетінің тұңғыш төрағасы болып сайланған Алаш қайраткері.

Дәулет Қуанышев, 1917 жылғы 4-сәуірде Петропавл уездік атқару комитетіне мүше болып сайланған екі қазақтың бірі, көрнекті Алаш қайраткері.

Жұмағали Тілеулин, алғашқы уездік атқару комитетінің мүшесі, Ақмола губерниялық денсаулық бөлімінің тұңғыш меңгерушісі, губатком мүшесі. Петропавлдағы тұңғыш қазақ педагогика техникумын, мәдени ошақтарын ұйымдастырушы. Көрнекті қазақ публицисі, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың азаттық күресі жолындағы серігі. Алаш қайраткері.

Ахмет Жанталин, көрнекті публицист, Алаш қайраткері, Әлихан Бөкейхановтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың сенімді серігі.

Еліміздің егемендігі үшін басын оққа байлаған ағалардың атын ұмытуға болмайды.

Кезінде «тапшыл», коммунист-белсенділердің кітаптары арқылы жұртқа тарап, ақиқат ретінде қабылданған жалған мәліметтерді теріске шығаратын уақыт келді.

Тақ үшін, тамақ үшін шындықты көпе-көрнеу бұрмалаған жазғыштардың арқалап кеткен айыбын бүгінгі ұрпаққа бүкпей ашып көрсету міндеттіміз.

ҚЫЗЫЛЖАРДАҒЫ ЖАҢА БИЛІК

- Алғашқы советтер
- Сайлаусыз құрылған билік
- Қазақ комитеттері
- «Алашорданың» түбіне Колчак жетті
- Уездік ревком

Ресей патшасы Николай Романовтың тақтан тайдырылғаны туралы хабар Петропавлға 1917 жылғы наурыздың 1-күні жеткен. Ертеңінде мұндай шұғыл өзгеріске түсіне алмаған халық қала көшелеріне шықты. Алып-қашпа әңгіме тарады, Петроградтағы оқиғаларды әркім өзінше бағалады. Шағын-шағын саяси топтардың өкілдері жұрт алдына шығып, сәуегейсіді. Мысалы, қалалық дума патша құлағанымен, оның орнына келесі бір Романов, атап айтқанда, Михаил отыратын шығар деп те үміттенген көрінеді.

Жеке билік жойылғаннан кейін, саяси ұйымдар, әсіресе, социал-революционерлер Ресей астанасындағы төңкерісті қолдап, Петропавлда демократиялық билік орнатуға кірісті. 1917 жылғы 3-наурызда жергілікті «Приишимье» газетінде эсерлердің халыққа арнаған үндеуі жарық көрді. Онда «елде болып жатқан оқиғаларға сабырмен қарау керектігі, бүліншілік бастамау» туралы айтылды.

Ертеңінде, яғни 4-наурыз күні қалалық дума қоғамдық қауіпсіздіктің құрама комитетін құрады. Оған жергілікті көпестер, эсерлер мен РСДРП меньшевик қанатының өкілдері кірді.

Бұл арада айта кететін бір шындық бар. Кеңес дәуіріндегі тарихи әдебиетте нақты жағдай бұрмаланып, большевиктердің жетекші рөлі туралы айтылып жүрді. Шынында, Петропавлда большевиктік ұйымның болған-болмағанының өзі күмәнді. Болса, бәлендей белсенділік көрсете алмаған. Ал, Совдеп аталып жүрген алғашқы өкімет билігін құрған да большевиктер емес, тіпті тапқа жіктелмеген, саяси және кәсіби ұйымдардың өкілдері бо-

латын. Олардың алғашқы және кейін де көтерген ұраны: «Большевиктерсіз Кеңес», «Коммунистерсіз Советтер». Өйткені, тек осы принциптер ғана халықтың барлық топтарынан билік органын құрауды мүмкін ететін еді.

1917 жылғы 14-наурызда Петропавл жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі құрылды. Оның құрамында да саяси ұйымдардың өкілі басым болмады, сан жағынан көзге түскені эсерлер еді. Павлуцкий деген большевик хатшылыққа сайланыпты, бірақ кейін ол да кеңес құрамынан қуылған.

Назар аударарлық жағдай – бұл кеңестің құрамында қазақ жоқ. Тіпті, Ресейдің орталық аудандарындағы өзгерістер қазақ халқына тікелей қатысы болмаған оқиғалар сияқты еді. Тек Алаш қайраткерлері қазақ халқының тәуелсіздік алуына мүмкіндік беретін тарихи жағдай туды деп есептеді.

Ал, кейін де айтылып жүргендей 1917 жылғы наурыздан қазан төңкерісіне дейінгі аралықта «қазақтан шыққан большевиктер немесе революционерлер» деген түсініктер түп-түгел ойдан шығарылған. Мұндай аңыздарды қазан төңкерісін жеке саяси топтар ғана жасаған жоқ, халық, оның ішінде отарлау езгісіндегі халықтар жасапты, деген желбуаз идеология құрастырған. Демек, кейін қазақ «революционерлерін» жаппай қырып тастаған коммунистік Кеңес үкіметі өздерінің не істегенін саналы түрде білген. Яғни, қазақтан ешқашан революцияшыл, большевик шықпағанын, олардың қолдан жасалған қуыршақ екендігін өздері дәлелдеді. Өз мүддесіне алдап пайдаланып алғаннан кейін, мемлекет билігін иеленген соң кейін «қазақ большевиктерін» құртып, тарихтың күресіне лақтырып тастады.

Петропавлдың мысалына келетін болсақ, тарихта осындағы запастағы 33-атқыштар полкының солдаттары большевиктерді жақтады, деген мәлімет бар. Бұған сенетін болсақ, сол полктің солдаттары үй тонап, кісі өлтіргені, қарақшылық жасап, қаланы үрейлендіргені де шындық. 1917 жылдың жазы мен күзінде «революцияшыл солдаттардың» қылмыстық бұзақылығы шектен шығып кеткен.

Уақытша үкімет билікті қолына толық ала алмай, саяси жағдай шиеленісіп тұрған кезде қиыр аймақтарда да берекесіздік орын алды. Уақытша құрылған атқару комитеттері мен қазақ комитеттері бас біріктірмеді. Өйткені олардың екеуінің мүддесі екі түрлі еді. Қазақтар самодержа

вие күйрегеннен кейін өз тағдырына ие болғысы келді, бірақ білікті өкімет орнай қоймаған. Ал, қазақ еместер, жасыратыны жоқ, отаршылдық пиғылдан алыс кете алмай, егер Қазақстан тәуелсіздік алатын болса, өздеріне жайсыз тиеді, деген ниетпен ашық қарсылық танытты. Мұның мысалын Семейден де, Верныйдан да, Қарқаралыдан да, Ақмола мен Қызылжардан да көруге болады.

Мысалы, 1917 жылы 14-сәуірде Петропавлдың уақытша уездік атқару комитетінің құрамын өзгерту туралы мәселе қараған жиналыс болды. Оған қала сыртындағы қазақ және орыс ауылдарынан өкілдер қатысты.

Жиналыста Ресей патшасы тақтан түскенімен, уақытша үкімет жергілікті билікті жұртшылыққа бермей жатқандығына наразылық білдірілді. Уездегі билік әлі де офицерлердің, казак әскерлерінің қолында қалып келеді. Сайлаусыз құрылған билік құрамына шаруалар мен қазақ ұлтының өкілдері шақырылмаған.

Осы жиналыста ғана уездік кеңес деп аталатын басқару органының құрамы қазақтармен де толықтырылды. Атап айтқанда:

Полудин болысынан: Күсемісов Салмақбай Күсемісұлы, Жұмабаев Мәди, Қуанышев Дәулет Өсербайұлы.

Тайынша болысынан: Сағынаев Қожахмет,

Мөңкесор болысынан: Әлімбаев Аманжол,

Петропавл қаласынан: Тілеулин Жұмағали және

Сарытомар отырықшы болысынан: Абдолла Шанықов.

Орыс крестьяндарынан уездік атқару комитетінің құрамына Николаев және Благовещенка, Столыпин, Златоуст және Троицк болыстарынан бір-бірден өкіл енгізілді.

Петропавл уездік атқару комитетінің төрағасы болып, дихан шаруа Николай Бычков, оған орынбасарлыққа қойма меңгерушісі Быков пен ұсақ қарыз инспекторы Медведев, хатшылыққа 33-полктің солдаты Одушев сайланды.

Осы жиын үстінде уездік атқару комитетінің мүшелігіне қазақтардан Қуанышев пен Тілеулин сайланды.

Жаңарып, қайта толықтырылған атқару комитетінің бұл құрамы да қазақтарға теңдік бере қоймағандықтан, 1917 жылғы 4-маусымда Петропавлда уездік қазақ комитеті жеке билік органы ретінде дербес бөлінді. Оның төрағалығына Ғалиасқар Қуанышев сайланды.

Осылайша, үкіметсіз қалған Ресей империясының әр аймағында, оның ішінде орталығы әлі Омбы, бірақ негізгі тірегі Петропавл болған Ақмола облысында да биліктің кімнің қолында болуы керектігі шешілмей жатты. Алаш көсемдерінің ұйымдастыруы бойынша уездік атқару комитеттерімен қатар, жарыса қазақ комитеттері де құрыла бастады.

Қазақ комитеттерінің өтпелі кезеңде жергілікті ұлт мүддесін қорғау үшін құрылғанын, олардың большевиктік немесе қандай да революциялық бағдарламасы болмағандығын атап айтқан дұрыс. Себебі, Кеңестік тарихта қазақ комитеттері шетінен ұлтшыл, керітартпа, бұқара халыққа қарсы билік институттары болып еді, деген пікір қалыптасқан. Өкінішке қарай, әлі де 1917 жылы Қазақстанда құрылған, белгілі дәрежеде мемлекеттік билікке араласқан, негізінен Алаш қайраткерлерінен құрылған уездік, облыстық қазақ комитеттері жан-жақты зерттеліп, олардың бағасы берілген жоқ.

Әрине, кезінде тек большевиктер ғана емес, орыстың социал-революционерлері бастаған басқа да қадау-қадау саяси ұйымдар иесіз қалған биліктен үміткер еді. Бірақ олардың бірде-біреуі қазақ даласында қазақтарға күн туғызамыз деп ойлаған жоқ. Ұлыдержавалық шовинизм, отаршылдық туын жықпай, екі ғасыр билеп-төстеп қалған дәстүрді одан әрі жалғастырғысы, тіпті нығайтқысы келді. Бұл мақсат «Ресей мемлекетінің тұтастығын сақтау үшін» деген ұранмен жүзеге асырылмақ болды. Алайда, бұл ұран қазақтар үшін жат еді. Тарихтың шұғыл бұрылысы жағдайында көрініп тұрған үміт сәулесін пайдалану қазақ халқының тәуелсіздігі мүддесіне қажет болды.

Міне, осындай сын сәтте бүкіл қазақтық Алаш қозғалысы дүниеге келіп, саяси ұйым ретінде қалыптасуы, үкімет билігін қолына алуға талпынуы заңды құбылыс еді. Сонымен бірге, Алаш көсемдері елдегі көпұлтты жағдайды сергек сезініп, Қазақстанды мекендеп қалған басқа да ұлт өкілдерінің мүддесіне, құқына нұқсан келтірмеуге барынша ұмтылғаны Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің барлық құжаттарынан анық көрінеді.

М.Шоқай әлденеше атап көрсеткендей, коммунистік насихаттың желеуімен Қазақстанда, оның ішінде солтүстік аймақта да большевиктердің өкімет билігін қолына алуы заңды, бұқараның еркімен жасалған, деген тұжырымға сенуге болмайды. Бұл — орталықтағы биліктің іріп-шіріген жағдайында қолдан жасалған төңкеріс, ат төбеліндей саяси топтың билікті заңсыз тартып алуы еді. Соңғы кезге дейін республика аймағында, оның ішінде Петропавлда да қуатты социал-демократиялық, тіпті большевиктік саяси ұйымдар болыпты делініп келді. Мұның теріс екендігін мына мысалмен тағы да дәлелдейік.

Қазақстанға орталық аудандардан эмиссарлар жіберіліп, бүлікшіл үгіт жүргізе бастады. Олардың ішінде, кейін кеңес үкіметі кезінде шулы әрекеттерімен мәлім болған матрос Авдеев сияқтылар бар еді. Осы кезде Омбыдағы «Свободная речь» газеті қазақ даласына 35 большевиктік үгітшінің өтіп кеткенін хабарлады.

1917 жылғы 30-тамызда Петропавл советі 12 адамнан Әскери-төңкеріс комитетін (военревком) құрды. Оның құрамында 3 большевик, 4 солшыл эсер, 3 меньшевик-интернационалист және 3 эсер болды. Міне, тіпті осындай жағдайдың өзінде большевиктердің заңды билігі туралы сөз айтуға бола ма? Ал, осы советтің де, комитеттің де құрамында бірде-бір қазақ болған жоқ.

Осылайша, 1917 жылы қазан төңкерісінен кейін де, солтүстік өлкеде, оның орталығы Петропавл қаласында қилы-қилы оқиғалар болды. Мысалы, желтоқсанның 12-күні Петропавл қалалық думасы жоғарыда аталған Военревкомның билігін мойындамау жөнінде шешім қабылдады. Екі күннен кейін Военревком таратылды. Оның орнына жұмысшы және солдат депутаттары қалалық советінің атқару комитеті құрылды. Жергілікті халық большевиктердің баса-көктеп билеуіне, қысымына төзбей бас көтерді.

Кейін де «саналы саяси күрес, халықты бостандыққа жеткізетін революциялық іс-әрекет» деп жазылғанымен, 1917-19 жылдардағы, тіпті, 1921 жылға дейін созылған большевиктік арандату қимылдары Солтүстік Қазақстан тарихында аса бір шиеленісті, үрейлі, қантөгіске толы кезең еді. Жергілікті қазақтар да, қазақ еместер де қатты қиянат

көрдi, қалың қауымның азаматтық ар-ожданы, құқықтары аяққа басылды. «Ақтар» мен «қызылдардың» бiрi қашып, бiрi қуған аласапыран замандар өт-кен...

1917 жылғы желтоқсанның басында Омбыда жұмысшы және солдат депутаттарының Батыс Сiбiр съезi болды, одан кейiн осы өлкенiң шаруа депутаттарының съезi болды.

1918 жылғы қаңтарда Ақмола облысы деген атау жойылып, бүкiл аймақ Омбы облысы деп аталды. Ал, орталығы Омбы қаласы болған Ақмола облысы 1868 жылы құрылып, жарты ғасыр бойы осылай аталып келген едi. Аты өзгерген Омбы облысының құрамына: Омбы, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Тары және Текелi уездерi енгiзiлдi. Осылайша, большевиктiк Кеңес үкiметi Романовтар әулетi аяқтай алмаған отарлау саясатын заңды шегiне жеткiздi. Бiр шетi Қызылжардан Ұлытау, Балқашқа дейiн, Торғай ойпатынан Ертiске дейiнгi бүкiл Арқа алабы Омбы облысына қарайтын болды. Дәл осы тарихи фактiнi қазiрге дейiн бiреу бiледi, бiреу бiлмейдi. Бәлкiм, Жириновский мен Солженицыннiң сүйенiп жүргенi осы деректер шығар.

Сол кездегi оқиғалардың өрiстеуiн қадағалап, байқасақ Бүкiлресейлiк уақытша Үкiмет те, Уфа директориясы да, Сiбiрдегi Колчак үкiметi де, ақыр соңында большевиктер партиясының еркiн жүзеге асырған Кеңес үкiметi де қазақ халқына бостандық беруге асықпағанын көреміз. Олар Ресейдiң орасаң зор шикiзат қоймасы ретiндегi қазақ жерлерi бөлiнiп кетедi деп қорықты.

Омбыдағы өзiн-өзi Бүкiлресейлiк деп жариялаған Колчак үкiметi өзi жанын қоярға жер таба алмай жүрiп, 1918 жылғы 4-қарашада арнайы жарлық шығарып, «Алаш үкiметi – Алашорданың жұмысын тоқтатты». Тиiсiнше, Алаш қайраткерлерiне сенiмсiздiк бiлдiрiп, тұтқынға алды.

Мұндай жағдайда Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ басшылары саяси күрес тәсiлдерiн өзгертiп, большевиктiк революциялық үкiметпен жақындасуға ниет бiлдiрдi. Сөйтiп, қайткен күнде де қазақ халқын қырғыннан, Ресейде жүрiп жатқан «ақ пен қызылдың» азамат соғысынан аман алып қалуға күш жұмсады. Соның нәтижесiнде Кеңес үкiметi 1919 жылдың 4-сәуiрiнде «Алашорда үкiметiнiң мүшелерiне кешiрiм жасау туралы» қаулы алады. Онда: «БОАК Төралқасы Алашорда үкiметiнiң бұрынғы мүшелерiн кеңес жұмысына қатыстырудың кезi келдi және оларды бұрынғы

қызметі үшін қуғындауға үзілді-кесілді тыйым салынады», деп атап көрсетілді.

Алайда, бұл шешім кезінде қазақ даласында ықпалы күшейіп бара жатқан Алаш қозғалысының қарсылығын бәсеңсіту мақсатында жасалған айла екенін кейінгі тарих айдан анық көрсетті. Кеңес үкіметі өз қаулысын орындамады. Қолына билік алған соң, 1921 жылдың өзінде-ақ қазақ қайраткерлеріне ұлтшылдық деген таңба басып, қуғындай бастады.

Жалпыға мәлім, Петроградта большевиктер 1917 жылғы 25-қазанда өкімет билігін басып алғаннан кейін, ертеңінде ашылған советтердің Бүкілресейлік екінші съезінде ұлт аймақтарына арнап үндеу қабылданды. Онда «Совет өкіметі Россияны мекендеуші барлық ұлттардың өзін-өзі билеуіне шын мәнінде құқық берілуін қамтамасыз етеді», деп жарияланды. Бұл – билік басына келген тобырдың бұқара халық қолдауына ие болу үшін жасаған айла-шарғы екені көп ұзамай мәлім болды.

«Россия халықтары праволарының декларациясында» барлық халықтарға теңдік, өзін-өзі билеу, тіпті дербес мемлекет құруға дейін ерік берілетіні жазылды. Ал, «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман-еңбекшілеріне» арнап, 1917 жылғы 20-қарашада жарияланған үндеуде де көп уәде бар еді. Бірақ, олар орындалмады. Мұның зардаптары жөнінде тарихи әдебиеттерден көптеген тарихи мағлұматтар табуға болады.

Большевиктік партияның қолдауына ие болған ұлы державалық шовинизмнің асқынуы және отаршылдық ниеттің тыйылмауы қазақ халқына орны толмас залалдар әкелді. Қалың қазақ бұқарасының мүддесін қорғағандар ұлтшылдық әрекеттері үшін жазаланып отырды.

Бірақ, тарих дөңгелегі алға қарай айналады, қоғамдық құрылысы қандай болса да, саяси биліктің түрі-түсіне қарамастан ілгері даму тежелмейді. Бұл – объективті жағдай, оны ешкім, ешбір күш жеке-дара меншіктене алмайды.

1919 жылғы 27-тамызда Сібір төңкеріс комитеті, қысқаша Сибревком құрылды. Орталығы Петропавл болған Ақмола және орталығы Семей болған Семей губернияларына да Сибревкомының билігі жүрді.

Тиісінше, 1919 жылғы 23-қарашада Петропавл уездік ревкомы, ал, 8-желтоқсанда Ақмола және Семей уездік ревкомдары құрылды.

Жер-жерде ауылдық және болыстық ревкомдар құру науқаны басталды. Сақталған мұрағат құжаттарына қарағанда, бұл жұмыс оңай жүрмеген. Халықтың еркінен тыс, сырттан таңылған билік тамырын терең жібере қоймады. «Петропавл уездік ревкомының нұсқаушылары 1919 жылғы 7-желтоқсаннан 1920 жылғы 20-қаңтарға дейін ауылдық және болыстық ревком құру үшін 72 елді мекенді аралап шықты, деп жазылған бір құжатта. – Нұсқаушылардың жетіспеуінен уездің бүкіл мекендерін тез арада қамту мүмкін болмады. Уездік ревкомның жазбаша нұсқауына сай, жергілікті ревкомдар құруды жеделдету қажет».

1919 жылдың аяғына қарай қарулы қақтығыстар күшейді. Азамат соғысының майданына айналған Солтүстік Қазақстанның, әсіресе қазақ ауылдары көп ауыртпалық тартты. Ақтар тартып әкеткен мал мен азықтан қалғанын қызылдар тонады. Ең аяғы киіз үйлердің туырлық, түндігіне дейін сыпырып алып кеткен жағдайлар болған. Отырықшы ауылдардың егіні жиналмай қалды.

Қаланың тұрғындары да бей-берекет, киын тұрмысқа тап болды. Отын аз, жарық болмады. Аш-жалаңаш, қайыршы хал үйреншікті жағдайға айналды. Ақтарды қуып шығып, қалаға қайта ие болған. 5-армияның саяси бөлімі Петропавлда ревком құрды. Өкімет билігі ревкомға берілді. 1920 жылғы 20-шілдеде Петропавлда Кеңестердің қалалық және уездік съезі болды. Соның шешімімен бес күннен кейін ревком таратылып, қала-уездік атқару комитеті билікті қолына алды.

Бұл кезде Петропавл уезі, жоғарыда айтқанымыздай, Омбы губерниясына қарайтынын айттық. 1920 жылдың қазан айында Омбыда ұлт істері жөніндегі Сібір бөлімі құрылды. Осы бөлімнің 1921 жылғы ақпан айында өткізілген кеңесінде орыс емес ұлттардан 23 адам, яғни 5 бурят, 3 қазақ... қатысты. Солардың біреуі Мағжан Жұмабаев болатын.

«АВТОНОМИЯ КІМДІКІ?»

- А. Байтұрсыновтың Ленинге хаты
- Кереметтің күшімен коммунист болғандар
- Отаршылдар мен ұлтшылдар
- Жас республиканың келешегі қандай?

Тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің алғашқы көрінісі ретінде ұлт көсемдері негіздеген Алашорда үкіметін Колчак таратқаны тарихтан мәлім. Айта кету керек, Қазақстанның Кеңестік тарихнамасында басқаша көрсетіліп, Алашорда үкіметі Кеңестік жүйеге қарсы болғандықтан таратылған деп айтылып келді.

Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы, жаңа сипаттағы биліктің қалыптасуы жөніндегі тарихи әдебиеттерде, оқулықтарда осы уақытқа дейін көп жағдайлардың басы ашылмаған. Большевиктер билікті қолына алғаннан кейін-ақ бәрі оп-оңай бола салғандай көрінеді. Алайда, жағдай мүлде басқаша болған еді.

Сол бір аумалы-төкпелі, қиын-қыстау кезеңде Алаш көсемдерінің ой-арманы қандай болғанын Қазревком мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың кеңес үкіметінің бірінші басшысы Ленинге жолдаған мына хатынан білуге болады.

В.И. Ленин жолдасқа

Қырғыз (бұдан әрі — қазақ.- З.Т.)ревкомы құрылған уақыттан бері 10 ай өтті. Ревкомның он айлық жұмысының қорытындысын шығара келгенде, ол өзінің ештеңе тындырмағанын айтуға тура келеді. Ревком жұмысы берекелі болмауын көптеген себептермен түсіндіруге болады, бірақ негізгі себеп ЕКЕУ:

1) Қазақ өлкесін басқаруға қойылған Орталықтың өкілінде айқын көзқарас болған жоқ. Мұның себебі Қазақ өлкесінің әлеуметтік жағдайларының өз ерекшеліктеріне байланысты орталықтың өзінде «Ресей халықтары құқықтарының де-

кларациясы» мен Р.К.П. бағдарламасындағы принципті нұсқауларынан басқа қазақ мәселесі жөнінде айқын көзқарас болмауы және 2) Орталықтың өкілі мен халық арасында өзара сенім жоқтығымен түсіндіруге болады.

Патша үкіметі тұсында ұлттық езгі көріп, құлдыққа түскен қазақтардан артық бұратаналар болған жоқ шығар. Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды. Езілген ұлттың бойында езушілерге қарсы жиіркеніш және өшпенділік сезімі үнемі дами бермесе де, сенбеушілік сезімінен басқа сезім ояна қоймайды. Қазақтарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салып келген орыс ұлтының пролетариаты өзін патша чиновниктерінің орнын басып, езілген халықтардың мойнына мініп алғысы келетін құлдыққа салушы жаңа мырзалар емес, қайта оларды азат етуші ретінде іс жүзінде дәлелдеп, көрсетуге тиіс. Солай бола тұрса да, жергілікті коммунист жолдастар қазақтарды ешнәрсе түсінбейді деп ойлайды, қитұрқы саясатқа салып, еңбекші қазақ халқына олардың тұрмысын кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әртүрлі кулықпен өз үстемдігін танытып отыр.

Өздерін интернационалист-коммунистер деп атаумен ғана орыстар патша үкіметінің айла-шарғылы саясатымен ғасырлар бойы таныс орыс емес ұлттардың сенімін оята алмайды. Қазақтарда «Сары орыстың бәрі орыс» деген мәтел бар... Қазақ халқын алдайтын үміт артылған айла-шарғылы саясат сырттай жылтырағандықтан басқа елеулі ешнәрсеге жете алмайды. Патша өкіметінің сан ғасырлық езгісіне іштей өшпенділікпен және жиіркенішпен, үнсіз өз наразылығын белгілі бір түрде көрсететін жағдай туғанша ғана созылуы мүмкін.

Орыс пролетариаты үшін қазақтар жөнінде екінші бірін таңдауы ғана қалды: не билеп-төстеуші жағдайына ие болып және барлық жерде патша губернаторлары мен генерал-губернаторларының орнына жаңа диктаторлар тағайындап, өз үстемдігін күштеп таңып бағындыру, не қазақтың еңбекші халқының сеніміне ие болу. Бірінші жол айқын да түсінікті: оны қазақтар іс жүзінде көрді, әр түрлі билеп-төстеуші патшалар жеткілікті дәрежеде өздерін көрсетті. Ал, екінші жол біршама қиын және бірсыпыра түсіндіруді керек етеді. Оның есесіне, біріншісін таңдаған жағдайда қандай да болсын кеңестік құрылыс сәтсіз болуы мүмкін, ал, екіншісін

таңдаған жағдайда жаңа құрылыстың іргетасы берік негізге қаланатын болады.

Мәселе мынада: қазақтар арасында халқы толық сенетін, және жаза болып жаңылса да, жеке басының игіліктері мен пайдасын көздеп, өз халқын ешқашанда саналы түрде сатып кетпейтін зиялылардың белгілі бір бөлігі бар.

Қазақтардың сеніміне ие болғысы келетін орыс пролетариаты үшін ең төте жол осы зиялылар арқылы өтеді. Бірақ бұл үшін осы зиялыларға Кеңес өкіметі сенім көрсетуі керек. Қазаққа қатысты барлық қиындық кешегі қазақтардың өзін езушілерге сенім білдіре алмайтынында, ал Кеңес өкіметі тиісінше, кешегі қарсыластарына әлі де сенім білдіре алмай отыр.

Қазақтардың көзқарасын өзгерту және оларды керісінше, иландыру үшін коммунистер өздерін ұлтқа бөлмейтін, әлсіздерді езушілер емес, керісінше, езілгендерді азат етушілер екенін дәлелдеп, көрсетуге тиіс. Бұл үшін, біріншіден, шет аймақтарда судай таза интернационалистер жоқ немесе мүлде аз. Өздерін интернационалистер деп атаушылардың көбі шын мәнінде ұлтшылдар, империалистер; екіншіден, бұған қазіргі жағдайлар сай келмейді: республикадағы өнеркәсіп дағдарысы салдарынан Орталықтың алғашқы кезде халықтан көбірек алып, оған азырақ беруіне тура келіп отыр. Мұны қазақтар дұрыс түсінбеуі мүмкін, өйткені олар патша үкіметі бізді тонап келген еді, кеңес өкіметі де нақ солай істеп отыр деп ойлайды. Сөйтіп, істің практикалық жағынан талдағанда, екі жақтан да сенбестік болмай қоймайды; ал егер теориялық жағынан қарасақ, сенбестікке орын болмауы тиіс.

Шынына келгенде, қазақ халқы тарапынан сенімсіздік орын алмауы тиіс болатын себебі, енді өкімет басында қазақтарды талап-тонап, езгіге салып келген ұлтшыл-империалистер отырған жоқ, қайта әлсіз халықтарды күштілерден езгіге азат ету мақсатын көздейтін интернационалист-коммунистер отыр; нақ сол сияқты Кеңес өкіметі тарапынан зиялы қазақтарға сенімсіздік орын алмауы тиіс. Себебі, егер революция кезінде зиялылар большевиктерге ермеген болса, олардың өз халқын азат етуге қарсы болғандығынан емес, қайта, халықтың революцияға дайындалмағаны салдарынан, мақсатқа бейбіт жолмен жетуді ойлап, тәуекелге бел байлай алмағандығы еді, яғни халықты

азат ету жолын таңдауда қателескен болатын. Енді, дұрыс жол табылып, теориялық жағынан ғана емес, іс жүзінде де дәлелденген кезде, өз халқын азат етуді шын жүректен тілейтін қазақ зиялылары Интернационалдан басқа өзгеше жол таңдай алмайды. Егер осындай зиялы қазақтар болса, олар коммунистер емес, адал ұлтшылдар болғанымен, Кеңес өкіметінің оларға толық сенуіне болады, өйткені олар халқын шын сүйеді, халық мүдделері оларды Кеңес өкіметіне жақындасуға мәжбүр етеді.

Сонымен, өзара сенімге қол жеткізудің екі жолы бар: олардың бірі – коммунистер қазақ халқын талап-тонап, езгіге салып келген империалистер емес екенін қазақтарға іс жүзінде дәлелдеп көрсету. Бұл ұзақ жол. Ал екінші жол – неғұрлым оңай және тез жететін жол. Бұдан халық бұқарасының қисынды қорытынды жасауға шамасы келмейді, ал Кеңес өкіметінің басында тұрған адамдарға оңай. Неліктен? Өзара сенімге алғашқы қадамды Кеңес өкіметі жасауы керек. Екі жақтан да сенім болмайынша, Қазақ өлкесінде жұмыстың жолға қойылуы мүмкін емес, мұны Қазақ ревкомының 10 айдағы өмірі көрсетті. Қазақтардың нені қалайтыны және олардан Кеңес өкіметінің не тілейтіні жөніндегі негізгі мәселе әлі де беймәлім болып қалып отыр, мұның өзі жергілікті жерлерде түсінбеушілік туғызуда.

Ал, қазақтардың нені қалайтыны белгілі әрі олар әбден табиғи нәрсе.

Империализмнің сан ғасырлық езгісінде болып келген халық ең алдымен осы езгіден азаттық алуды ойлайды. Қазақтардан неліктен өзін-өзі билеуге ұмтылатыны, Кеңес өкіметінің қазақтардың нені тілейтіні әзірше бізге айқын емес және күннен күнге барған сайын бұлыңғыр болып барады.

Ревком құрған кезде біздің әрқайсысымыз, ревком туралы ереже әзірлеуге қатысқан қазақтардың әрқайсысы, Қазақ өлкесін басқару жөнінде құрылып отырған ерекше орган автономияның табалдырығы екеніне сенгенбіз. Ревкомның бар екенін ғана білетін, бірақ ондағы істің жайымен таныс емес адамдардың бәрі осы кезге дейін солай деп ойлайды. Ревкомда жұмыс істеген біздің бәріміз ойлап, оның неге қажет екендігіне көз жеткізе алмадық. Өздерін коммунистер деп атайтындардың бәрі коммунистер емес, бұқара үшін халыққа түсініксіз жарғыларын тықпалап жатыр, ал Қазақ

ревком мүшелері Крыловтың «Аққу, шаян және шортан» деген мысалының керін келтіруде.

Кеңес өкіметінің басында тұрған адамдардың сан миллиондық ұлттың тағдырын мазақ етіп, оны ойынға айналдыруды ойламайтынын; патшалық саясаттың ұлтшылдық пен империалистік саясат ұстанғанын; бұратаналар деп аталған басқа халықтар жөнінде орыстарға ойына келгенді істеуге мүмкіндік берілгенін; бұратаналарға ешқандай құқық берілмегенін; қылмыс жасады деп айыпталған бұратаналардың жеткіліксіз негізсіз қатаң жазаланғанын даусыз факт деп мойындайтынына біз кәміл сенеміз. Мұны мойындаған соң, орыс халқының ғасырлар бойы осы рухта, яғни бұратаналарға шексіз үстемдік ету рухында тәрбиеленгені де даусыз факт ретінде мойындалуға тиіс деп ойлаймын.

...Қазіргі уақытта кез келген адам өзін коммунист деп атайды. Оларға үңіліп қарамайынша, кереметтің күшімен бәрі коммунистерге айналған екен деп ойлайсың. Бірақ, керемет тек ертегілерде болады, ал шын дүниеде ондай болмайды. Сондықтан, көптеген адамдардың ойында коммунизм идеясы жарнамадан әрі аспайды. Демек, Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ болып шығады.

Сонымен байланысты мыналар қажет тәрізді: 1) Қазақ өлкесін басқаруға аты ғана коммунист емес, нағыз идеялық коммунистер мен халық сеніміне ие болған ұлт зиялыларынан шыққан, сыннан өткен идеялық қызметкерлер қойылсын. Нағыз коммунистер мен қазақтардан шыққан идеялық қызметкерлер, соңғылары коммунистер болмаса да, бір-бірімен түсініседі және іске көзқарасы ортақ болғандықтан, қазақтардан шыққан шалағай коммунистерге қарағанда, тезірек тіл табыса алады; 2) халқы аралас аудандарда өкімет органдарының бәрінде езілген ұлттардың өкілдері кемінде 2/3 бөлігі болуға тиіс; 3) Қазақ өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару түрлі шаруашылық саласы бойынша басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай да бөлінбей және бағындырылмай қазақтардың қолында болуға тиіс; 4) қазақ коммунистері мен революцияшыл зиялыларының бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясатына негізделуге

тиіс; 5) Қазақстанды біріктіретін, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын; 6) қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қазақтардан болсын; 7) қазақ өлкесінің шекарасы жөнінде төменде аталғандарынан басқа ешқандай да өзгерістерге жол берілмеуі тиіс¹¹...

*Қазақ әскери-революциялық
Комитеті мен БОАҚ мүшесі
А. Байтұрсынов
1920 жылғы 7-мамыр,
Мәскеу қаласы*

Міне, халқының адал ұлы Ахмет Байтұрсынов Кеңес үкіметінің бірінші басшысына өз ойын осылайша жеткізді. Егер большевиктер немесе жасанды коммунистер жергілікті ұлт жөніндегі көзқарасын өзгертпейтін болса, Қазақ мемлекеттілігінің мүмкін болуы күмәнді екенін көрсетті. Отаршылдық пиғылдағы қызметкерлердің іс-әрекеттері салдарынан «Езілген ұлттың бойында езушілерге қарсы жиіркеніш және өшпенділік сезімі өршімесе де, сенбеушілік сезімінен басқа сезім оларға орныға қоймайтынын» көрегендікпен болжай білді. Өйткені, «Қазақтарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салып келген орыс ұлтының пролетарияты патша шенеуніктерінің орнын басып езілген халықтардың мойнына өзі мініп алғысы келетіні» Кеңестік тәртіптің алғашқы айларында-ақ көріне бастады. Байтұрсыновтың ескертуі дер кезінде байқап, осындай қауіптен сақтандыру ниетінен туған еді.

Алайда, Орынбордағы билікті жеке-дара иемденген «еуропалық коммунист жолдастар» қазақ қызметкерлеріне, солар арқылы бүкіл қазақ халқына менсінбеушілік көрсетті.

¹¹ ҚРОММ. 811-қор, 20-тізбе, 568-іс, 46-48-беттер.

ПЕТРОПАВЛ – ҰЛТ ОТАУЫ

- Ақмола губерниясының құрылуы
- С.Сәдуақасовтың баяндамасы
- Ревкомнан – атқару комитетіне

1921 жылғы 21-сәуір күні Петропавл қаласындағы Луначарский атындағы театрдың үйінде Петропавл қала-уездік II партия конференциясы болды. Конференция төралқасына сайланған жеті адамның ішінде Айсарин мен Бейсенов бар.

Сонымен, Қазақ автономиялы республикасының құрамында Ақмола губерниясын құрған және губерниялық партия ұйымы мен губревкомның ұйымдасқанын жариялаған осы конференция болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысының Ресей мемлекетінен бөлініп, Қазақ республикасының құрамына енген күнін ол дәл осы 1921 жылғы 21-сәуір деп салтанатты түрде атап өтуге болады. Тіпті, тәуелсіз Қазақстанның құрамына Петропавл қаласының, облыс аймағының, қазіргі Ақмола және Қарағанды облыстарының кірген күні осы.

Партия конференциясын Орынбордағы Қазақ облыстық партия комитеті атынан ҚОАК төрағасының орынбасары, қазіргіше Республиканың вице-президенті Смағұл Сәдуақасов құттықтады. Сол мінбеден «Қазақ республикасы және қазақтар арасындағы жұмыс туралы» баяндама жасады.

Жаңа құрылған губерниядағы бүкіл әкімшілік билік Әбдірахман Әйтиев басқарған губерниялық төңкеріс комитетіне (губревком) берілді. Оның құрамына Барлебен, Коротков, Шарипов, Иванов және Асылбеков сайланды.

Дәл сол күннен бастап, осы аймаққа билік жүргізіп келген Омбыдағы Сібір ревкомы жанында 1920 жылдың 14-қазанында құрылған Қазақстан өкілдігі қызметін тоқтатты. Петропавл қала-уездік ревкомы таратылды.

С.Сәдуақасовтың партия конференциясында жасаған баяндамасы мазмұндалып, жергілікті «Мир труда» газетіне басылды.

Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің кейін шығарған өмірбаяндық кітабында осы конференцияға делегат болып

қатысқанын, Смағұл Сәдуақасовтың баяндама жасағанын жазады да: «Ол тек қазақтар...», – деп айта берді: Делегаттар сол үшін мандатын тартып алып қоя берді» деген шындыққа жанаспайтын ақпар таратты. Архив құжаттарымен салыстырсаңыз, «деп айта берді» дегендерін оқып отырып, жазушы үшін өзін ұялады екенсің.

1921 жылғы 28-сәуір күні ҚОАК төрағасы С.Меңдешевтің «Петропавл қаласының еңбекші жұртшылығына» деген Үндеу-хаты «Мир труда» газетіне басылып шықты.

Қаланың Қазақстан құрамында қалуына байланысты мерекелік мәдени шаралар өткізілді. Мысалы, «Мир труда» газетінің 13-мамыр күнгі санында Петропавл қаласындағы Қазақ клубының музыкалы-драма тобының күшімен қазақ авторларының «Жебір бай», «Әйел бостандығы», «Алтын сақа» деген пьесалардың қойылғаны хабарланды.

2-маусымда губерниялық партия комитетінің қаулысымен Петропавл уезінде 5 әкімшілік ауданы құрылды. Олар: Булай, Явленный, Жаңа Павлов, Новорыбинский және Пресногорьское аудандары еді. Қаулыда олардың барлығы да бұрынғы орыс болыстары екені атап көрсетілді.

Осыдан кейін Ақмола губерниялық І халық ағарту конференциясы өтті. Конференцияда Байділдин Әбдірахман, Бейсенов Мұхаметжан, Қазыбеков Смағұл сөз сөйледі. Жыында уезд бойынша бірінші басқыш мектептер саны 106 және екінші басқыш бір мектеп бар екендігі көрсетілді. Байділдиннің баяндамасында қазақтарды оқыту, олардың мәдени дәрежесін көтеру жөнінде айтылды. «Ұлттардың теңдігі қамтамасыз етілсін, отаршылдық пиғылдар мен көріністерге жол берілмесін» деген айқын мәлімдеме жасалды.

Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің 1921 жылғы 6-шілдедегі 2554-қаулысында: «Орыс және қазақ тілдері ресми тіл деп танылсын, мүмкіндігінше қазақ тіліне басымдық берілсін», деп көрсетілді.

Әуелгі кезде түрлі қолайсыз жағдайлар да болып қалғанын баспасөз бетінен байқаймыз. Мысалы, «Мир труда» газетіне 8-мамыр күні: «6-мамырдан бастап ораза басталады, сондықтан қаладағы әскери жағдай тоқтатылсын және бұл жөнінде әскери гарнизон командирі мен милиция бастығы тиісті бұйрық берді», деген хабар басылды. Шынында, мұндай қаулы қабылданбаған екен. Біреулер: «Губревком төрағасы Ә.Әйтиев ауызша нұсқау берді», деген

қауесет таратып жіберген болып шықты. Бұл жөнінде губревком атынан Коротков түсінік беріп, газеттің 11-мамыр күнгі санында жаңсақ хабарды теріске шығарды.

Осылайша, бүкіл аймақтың билігі 4 ай 11 күн губревкомның қолында болды да, төңкеріс комитеті 1921, 11-қыркүйекте таратылды.

* * *

1921 жылғы 11-қыркүйек. Сол күні кешкі сағат бесте Кеңестердің тұңғыш губерниялық (құрылтай) съезі болды. Қазақ республикасы халық комиссарлары Кеңесі мен губревком атынан съезді Әбдірахман Әйтиев ашты. Съезге қатысушыларды Қазақ Орталық атқару комитеті атынан Смағұл Сәдуақасов құттықтады. Хаттамада Смағұлдың сөздерінің қысқаша мазмұны беріліпті: «Қыр баласы өзін ғана, малын ғана ойлап еркімен жүрген шақта, Ресейдің отаршыл билігінің шеңгеліне тап болып еді... Енді бас еркі өзінде, өз елін өзі билейтін болады...» деп бастаған екен.

Сол бір өтпелі кезеңде адал ниетті әрбір қазақ азаматының ойлағаны, көксегені осы еді ғой. Амал не, тарих доңғалағы басқаша әкетті...

Жаңа сайланатын атқару комитетінің міндетін С.Сәдуақасов былай белгілеп берді: «Төңкеріс комитетінен атқару комитетіне ауысу – заңды уақыт талабы. Соғыс-төңкеріс тәртібінен бас тарту керек. Жеке-дара билеп-төстеуге жол берілмесін».

Ақмола губерниялық атқару комитетінің басшылығы мынадай болып бекітілді:

Әйтиев – төраға, Шумский – оның орынбасары және экономика комиссиясының төрағасы, Патрикеев – азық-түлік комиссары, Бейсенов – әкімшілік кеңестің төрағасы, Қазыбеков – іс басқарушы. Атқару комитетінің құрамына:

С.Шәріпов, Ғ.Тоқжанов, Ж.Тілеулин, кандидаттығына Ж.Жәнібеков сайланды.

«Мир труда» газетінің сол күнгі саны: «Жеке бақырды ортақ қазанға айырбастайық!» – деген социалистік ұранмен шықты.

1921 жылғы 18-24 қазанда мәжіліс өткізген губерниялық кәсіподақтар советі «Аз ұлттар (?) мен орыстардың діни мейрамдары туралы» қаулы қабылдап: Мұсылман мейрамдары мыналар:

«Пітір айты – 2 күн демалыс, Құрбан айты – 2 күн демалыс, Жаңа жыл – 1 күн демалыс, Ашура – 1 күн және Мәуліт күні – 1 күн демалыс болып белгіленсін. Бұл даталар жұмыс күніне келіп қалса, кейін өтелуге тиіс», – деп белгіледі.

1921 жылы 26-сәуірде КирЦИК төтенше өкілетті комиссиясы мен Бүкілқазақтық кеңестердің бірінші съезінің қаулылары және Сібір ревкомымен келісім-шарт жарық көрді. Бұл құжат бойынша:

«1. Петропавл, Көкшетау, Ақмола және Атбасар уездері Омбы губерниясының құрамынан шығып, Россия Советтік федерациясының Қазақ Социалистік Советтік Республикасына кіретін Ақмола губерниясын құрайды.

2. Жаңа құрылған Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласы болып табылады».

Ақмола губерниясының аумағы 37 мың шаршы шақырым еді. Оған 15 уезд, екі жүзден аса болыс және мыңнан артық елді мекендер қамтылды.

1921 жылғы 23-маусымда болған КирЦИК-тің (Қазақ ССР Орталық атқару комитеті) екінші сессиясында Төралқа атынан жасалған Бөкейхановтың баяндамасында: «Ақмола облысында бұрынғы биліктің негізінде мемлекеттік басқару аппараты құрылды... Осылайша, бұл облыс Қырғыз (Қазақ) Республикасының құрамына енді», деп хабарлады.

Қазақ Автономиялы республикасына қосылған Ақмола облысында ұйымдастыру шаралары, жалпы алғанда, Семейге қарағанда біршама ыңғайланып қалғанымен, әлі де көп қиындықтар тұр еді.

Бұрынғы Сібір ревкомы негізінде құрылған губерниялық және уездік мекемелерде қазақ қызметкерлері аз болды. Соның салдарынан, деп атап көрсетілді сессияда, мынадай күрделі мәселелер бар:

«1) Қазақ республикасының заң жүзінде құрылғандығы орыс тілді ортада мойындала қоймады.

2) Қазақ республикасының мүддесі деген түсінік тез қалыптаспады.

3) Қазақ республикасының территориясын түгендеп, айқындау мәселесі елеулі кедергілерге кездесіп отырды.

4) Ұлыдержавалық, ұлыорыстық шовинизм тиісінше көптеген жерде қазақтар тарапынан керітартпа ұлтшылдық көріністерін туғызды.

5) Қазақтардың бұрынғы патшалық Ресейдің отарлық бұғауынан босадық, өз алдына ел боламыз деген талпынысы тұсала берді, ертеңге деген сенімі күмән туғызды.

6) Білімі төмен, отаршыл кеудемсоқтықтан арылмаған шалақ белсенді орыстілді коммунистердің озбырлығына жол ашылды».

Осындай жағдайлардың кеселді қырсығы кеңес заманында да ұзақ жылдар бойы қазақ халқын кемсітуге себепкер болғанын тарих көрсетіп берді.

Бұл проблемалар сол 1921 жылдың өзінде-ақ қазақ қайраткерлерін қатты қобалжытты. Мысалы, Ақмола губерниялық партия комитетінің (ол кезде Петропавл Ақмола облысының орталығы болатын. – З.Т.) жауапты қызметкерлерімен кеңес өткізген коммунист Сырғабеков Нығымет былай деген еді: «...Қазақ қызметкерлері неге аз дегенге келетін болсақ, олар жоқ емес, бар. Көптеген қазақ интеллигенттері бір кезде «Алашордаға қатысты болды» деген желеумен мемлекеттік қызметтен шеттетіліп отыр. Партия ұйымдары оларға халық жауындай қарайды. Бұл – дұрыс емес». Шындықты бұдан артық ашып айту қиын.

Осылайша, ұлттың өзін-өзі билеуі туралы үмітінің ақталмайтыны сол шақта-ақ белгілі болған. Айталық, 1921 жылғы 11-16-қыркүйекте Ақмола советтерінің бірінші съезінде сайланған губерниялық атқару комитетінің 26 мүшесінің 9-ы ғана қазақтар болса, олардың өзі көп ұзамай түрлі сылтаулармен жұмыстан қуылған. Ал, Кеңестердің өлкелік (республикалық) съезіне сайланған 47 делегаттың 15 ғана қазақ ұлтының өкілдері еді.

Заң жүзінде Қазақ Автономиялы республикасы 1920 жылғы 26-тамызда құрылып, орталық заң шығарушы және атқарушы билік органдары сайланса да, Петропавл, Семей уездерінің ұлты қазақ емес басшылары Мәскеумен, Омбымен тікелей байланысты аңсай берген. Сол кезде Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылжарға мынадай жеделхат келуі де тегін емес: «ҚССР құрамына кіретін барлық атқару комитеттері осы жедел хатты алған сәттен бастап, ҚССР үкіметімен тікелей байланыс жасайтын болсын. ҚОАК 1921 жылғы 5-сәуірдегі қаулысы бойынша РСФСР Ішкі істер Халық комиссариатымен тікелей байланыс жасау тоқтатылсын».

Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Меңдешев пен хатшысы Бөкейханов қол қойып, мұндай арнайы нұсқау берудің неге қажет болғанын түсіну қиын емес. Мәскеуді аңсап, Орынбордағы заңды үкіметке бағына қойғысы келмеген жергілікті шовинист бастықтардың теріс іс-әрекеттеріне осылай тыйым салынған.

Съезд материалдарында сол кездің өзінде-ақ талай шындықтың беті ашылғаны, бірақ халыққа басқаша жеткізілгені көрінеді. Мысалы, Корябкин деген делегат былай деген: «Ат-басар және Ақмола уездеріндегі халық тыныш. Ал, Көкшетау мен Петропавл уездеріндегі толқулар, жұрттың наразылығы бандитизмнің кесірі емес, жаңа жүргізіліп жатқан азық-түлік салғыртының (орысшасы – продрозверстка. – З.Т.) және азық-түлік жинаушы қызметкерлердің жүгенсіздігінен. Мысалы, біздің Ақмолада уездік атқару комитеттерінің мүшелерін, тіпті ЧК (төтенше комиссия) мүшелерін тұтқындау сияқты сорақы бұйрықтар шығарылады».

Большевиктік биліктің өз дегенін істету үшін халықты қорлап, билеп-төстеудің алуан түрлі заңсыз, жүгенсіз әрекеттеріне барғаны тарихи әдебиеттерде айтылмай келді. Тіпті «мақсат түзу болса, оған жету жолындағы күрес әдістерінің бәрі дұрыс» деген адамгершілікке жат ұран да көтерілді. Мұны сол съезде губерниялық ревком төрағасы Әйтиев те мәлімдеуге мәжбүр болды: «Губревкомның диктаторлық жұмыс әдістерін сынағандарға берер жауабым мынау: мұның аты – революциялық билік. Сондықтан солай болуы заңды», деп ол қатыгездікті, заңсыздықты ақтады.

Мұндай солақай, содыр әкімшілік билік шегінен асып, қалың жұртшылықтың іштей қарсылығын туғызды. Шектен тыс ауыртпалыққа төзе алмаған кейбір шаруалар партия-кеңес қызметкерлерін, азық-түлік комиссарларын өлтіріп те жіберді. Өздерінің ақыл-санасы жеткенше ұйымдасып, жаңа өкімет тәртібіне қарсылық жасады.

Бандитизм дегеннің түп-тамыры осында жатыр еді. «Қаны қарайған құдайын қарғайды» дегендей, бұрын тып-тыныш жатқан халық қорлыққа, тап мүддесін желеу етіп, тападай-тал түсте тонап жатқандарға көңісі келмеді, мал-мүлкін өз еркімен бермеді. Ал, үкімет жел беріп, қолына қару ұстатқан қараңғы мұжықтар мен айтаққа ерген білімсіз, кекшіл қазақ жастары да «билеуші таптан кек алудың» не түрлі сұрқия амалдарын қолданды. Солтүстік өңір тарихында қанды қасапқа әкел соққан «Есіл көтерілісі» сол қарсылықтың бір көрінісі.

Бұл – тарихи шындық. Әсіресе, Петропавл, Көкшетау, Өскемен уездерінде жұрттың бәрі «банды» болып кетті. Бұл «бандиттер» өңірде тұратын, негізінен қазақ жерлеріне қоныс аударып келген орыстар мен украиндар болатын. Олар мал бағып, көшіп-қонып жүрген момын қазақтардан гөрі көбірек және ашық қарсыласты. Әрине, қылмыстың қайсысы болса

да айыпталуға тиіс, «бандылардың» кісі өлтіру, өртеу, бұзу сияқты әрекеттері сол кезде қалай бағаланса, тарих оларды қазір де ақтамайды. Бірақ зұлымдықтан зұлымдық қана туатыны тағы – ақиқат. Халық өзіне жасалған террорға қарсы террор әдісін қолданды.

Демек, Ақмола кеңестерінің бірінші съезі 1921 жылы қыркүйектің 13-дегі таңертеңгі мәжілісте мынадай қаулы қабылдауға мәжбүр болды:

«Биліктің ревком сияқты түрінен атқару комитеті түріне ауыса отырып, губерниялық атқару комитетінің жаңа құрамы жергілікті мәселелерді шешуде жұмыстың әскери принциптерінен бас тартуы тиіс, губерниялық, уездік орталықтарда жеке-дара басып-жаншуға жол берілмесін, мәселелер халыққа ауыртпалық салмайтындай дәрежеде шешілетін болсын...»

Солдай бола тұрса да, делегаттардың мына сөздері, басқару әдістерінің көпке дейін күш қолдану түрінде сақталатынын көрсетеді:

Леонинок (губерниялық партия комитетінің жауапты хатшысы): «Сынау үшін, сол сынның өлшемін білу керек... алдымызда қандай міндеттер тұрғанын білу керек».

Фетисов: «Үлкен және кезек күттірмейтін міндеттерді шешуге қатысты болғандықтан, кейбір асыра сілтеушіліктерді, кемшіліктерді кешіруге тура келеді».

Жаңа жағдайда қазақтардың қандай тіршілік кешіп отырғандығы да сөз болған.

Еламанов (Петропавл) былай деген: «Осы күні жаңа экономикалық саясат туралы көп айтылады. Баяндамада орыс шаруаларының жайына қатысты сөз болды. Ал қазақ ауылындағы шаруашылық құрылысқа ешқандай көңіл бөлінбей келеді. Қазақтар шоғырланған жерлерде ешқандай өндіріс жоқ. Қазақ болыстарында мектептер мен аурухана-лар салуға ешкім назар аудармайды», деді.

Ескеруге тұратын бір жағдай, съезд екі тілде жүргізілген. Тоққожанов, Нұрмұхамедов және Байділдин сөйлеушілердің сөздерін қазақшадан орысшаға және керісінше аударып отырған.

Губерниялық жер бөлімінің бастығы Ильясян «Соңғы он жылда қазақтардың мал шаруашылығы күйреуге ұшырап, 75 проценке дейін құлдырап кеткендігін» көрсетті. Сондай-ақ ол мына жағдайды баса көрсетті: «Қазақ республикасына сырттан қоныс аударып келушілерді тоқтату туралы Совнаркомның декреті және басқару бөлімінің жарлығы бола тұрса да, қоныс аударушылар әлі ағылып келіп жатыр».

«ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСЫЗ ҚАЛМАСЫН...»

- Қазақ коммунистерінің жиналысы
- Қырдың халқы қырылып жатыр
- Қазақты жақтасаң, ұлтшыл боласың
- «Қазақстан қазақсыз қалмасын десек...»
- Мұхтар мен Смағұлдың хаты

Елді аштық жайлап алған осы кезде, яғни 1921 жылдың аяғы мен 1922 жылдың басында астана қала Орынборда, Қазақ Автономиялы республикасының басшы мекемелерінде болып жатқан оқиғалардан хабар бермесек, мағлұмат толық болмауы мүмкін.

Қазақстанның орталық өкіметі жер-жердегі қайғылы жағдайлардан хабардар еді. Ашаршылыққа ұшыраған Орал, Торғай, Ақмола аймақтарындағы жағдайды реттеп отыру үшін Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы Сейітқали Меңдешев басқарған Орталық комиссия құрылды.

1921 жылғы 26-қазанда ҚОАК Ықшам төралқасы (Малый президиум КЦИК – З.Т.). Мұхтар Әуезовті сол Орталық комиссия төрағасының орынбасары етіп бекіту жөнінде ұсыныс тұрғысында қаулы алады.

Бірақ ертеңінде, яғни 27-қазанда болған Үлкен төралқа бұл шешімді бекітпеді. Мұхтар Әуезов Орталық комиссияның мүшелігіне енгізілді, оның орнына, яғни төрағаның орынбасарлығына Сергеев бекітілді. Бұл арада біріншіден, М.Әуезовтің ҚОАК саяси хатшысы міндетіндегі жұмысының көптігі, екіншіден бұрынғы, Алашордадағы қызметтері «еске алынуы» мүмкін екендігі құжаттардан көрінеді.

1921 жылғы 10-желтоқсанда Қазақстандағы Кеңес құрылысын нығайту, әсіресе, елдегі алапат аштықпен күрес мәселелерін талқылаған **ұлтты қазақ коммунист қызметкерлердің** жиналысы болды.

Бұл жиынға Әліби Жангелдин төрағалық етті. Қатысқандар: Әуезов, Алманов, Асылбеков, Нахимжан, Кенжин,

Байтұрсынов, Байділдин, Төлепов, Жаманмұрынов, Сарымолдаев, Жүргенов, Нұрмұхамбетов, Игіліков, Қаржасов, Біржаров, Оразбаева, Саматов т.б.

Күн тәртібіне екі мәселе қойылды:

1. Қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған тұрғындарына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру.

2. Қазақ қызметкерлерін осы жұмысқа тарту және оларды тиімді пайдалану, сондай-ақ, Түркістан Республикасына қоныс аударған қазақ қызметкерлерін кері қайтарудың амалын қарастыру.

Жиналысқа Қазақ облыстық партия комитеті атынан қатысқан Авдеев (Семей уезінде туған, қазақша жақсы біледі. – **З.Т.**), жалпы алғанда, қазақ қызметкерлерінің пікірін қолдап, республикадағы басқарушы мекемелер мен ұйымдарда қазақтар мен қазақ емес басқа ұлт өкілдерінің арасында принципті мәселелер жөнінде келіспеушілік бар екенін мойындады.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті өткізген осы кеңесте «Қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған халқына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы» М.Әуезовтің баяндамасы тыңдалды. Әуезов «аштарға көмек көрсететін ұйымдардың қолы қыр еліне әлі жеткен жоқ. Олардың таяу арада жетуі де неғайбіл», екенін атап көрсетіп, оның басты себептерін санамалап берді:

1. Ауылдардың тікелей өзімен араласа отырып, олардың мұқтажын анықтайтын қызметкерлер жоқ. (яғни, М.Әуезовтің қолындағы губерниялар мен уездерде құрылған аштарға көмек беретін ұйымдардың тізімдерінде қазақ қызметкерлерінің жоқ екені көрініп тұрды. – **З.Т.**)

2. Аштыққа ұшыраған қазақтар нақты бір жетекші адам болмаса, өздеріне арналып мемлекет тарапынан бөлінген үлесін де ала алмайды. Өйткені, қазақтар бір үзім нан үшін жат жерде қол жайып қаңғырып жүргеннен гөрі, үйінде өлгенді артық санайды. Тіпті, көмек іздегеннің өзінде, сауаты аз, аңқау қазақ оны таба алмайды.

3. Жергілікті жерлердегі аштарға көмек беретін ұйымдар, әсіресе, қолтығының астындағы, яғни, жақын жердегі қалалар мен қала маңындағы селоларды қамқорлыққа алуға тырысады. Демек, қаладан шалғай орналасқан қазақ ауылдары көмектен үнемі қағажу қалады.

Ақиқатын айтатын болсақ, қырда қырылып жатқан қазақтың жағдайына қарағанда, қаладағы аштықтың

үрейлі көріністері ойыншық сияқты әсер қалдырады. (М.Әуезовтің баяндамасы орысша, біз ықшамдап аудардық. Ал, мына соңғы сөйлемде автордың стилі мейлінше сақталды. – **З.Т.**)

«Егерде бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде үзілді-кесілді шаралар қолданылмаса, Қазақ республикасы қазақсыз қалады. Көптеген аудандардағы қазақтар бірталайдан бері тек қана көртышқан, суыр, тағы сол сияқты жәндіктермен өзегін жалғауда. Соның салдарынан ауылда әр-түрлі жұқпалы аурулар мен індет түрлері бұрын естіп-білмеген көлемде таралып барады.

Мұның барлығы аштарға көмек көрсету ұйымдарының қыр еліне (қазақтар, деп оқыңыз. – **З.Т.**) жаны ашымайтындығын, олардың тағдырына немкетті қарайтындығын көрсетеді. Сондай-ақ, осындай қасіретке қарсы қайрат көрсетуде, аштықтың бетін қайтаруға қазақ қызметкерлерінің еңжарлығы байқалады. Билік басында отырған қазақ қызметкерлері, Сіздерге бұл істі дәл осы күйінде қалдыруға болмайтыны өз алдына, бұл – біз үшін қылмыс. Бәріміз осы үшін қазақ елінің алдында, өзіміздің арымыздың алдында жауаптымыз».

Баяндамасының соңында М.Әуезов қырдағы аштарға көмек көрсету шараларының жоспарын ұсынды. Жиналыс сол жоспарларды негізге алып қаулы қабылдады.

Кейін, қазақ халқының атын әлемге танытқан ұлы ойшыл, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов осы сөздерді айтып, халқының тағдыры үшін еңіреп тұрғанда 25 жастан жаңа ғана асқан еді.

Бұл баяндамадағы – «қырдағы ел», «қыр қазақтары» деген атаулар Ақмола, Семей, Торғай губернияларының аймақтарын түгел қамтиды.

Осылайша, республиканың қыр аймақтарында ашаршылыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету деген жалпы мәселенің аясында, әсіресе, экономикалық негізі осал, аңқау, сондықтан да қырылып қалуға әбден бейім қазақ ауылдарына ерекше назар аудару керектігі мемлекеттік деңгейде арнайы көтерілді.

Көп ұзамай, сол 1922 жылдың қаңтарында ҚОАК саяси хатшысы М.Әуезов аштарға көмектесу жөніндегі Орталық комиссиясының мүшесі ретінде Орал губерниясын аралап қайтты.

Осы сапардың қорытындысы бойынша ол РКП(б) облыстық комитетіне есеп берді. Орал губерниясында ашаршылыққа ұшыраған халықтың жағдайын баяндай келіп, М.Әуезов бұл аймақтың Ақмола губерниясына бекітілгенін, яғни Қызылжардағы билік орындарының жұмысын ширату керектігін баса көрсетті.

Қазақ қызметкерлерінің осы жиналысында: «Аштарға көмек көрсету жөніндегі төтенше комиссиялардың құрамында қазақ өкілдері жоқ. Сондықтан, аштыққа ұшырап, қатты ауыртпалық тартып отырған қазақ ауылдарына тиісті көмек берілмеуде», деген тұжырым жасалды. Демек, жағдайды түзеу үшін қазақ қызметкерлерінен тез арада жауапты өкілдер жасақтап, тікелей қазақ ауылдарына жіберу жөнінде М.Әуезовтің ұсынысы бірауыздан қолдау тапты.

Алайда, Қазақ Орталық Атқару комитетінің саяси хатшысы М.Әуезов бастаған қазақ қызметкерлерінің бұл шараларын олардың қазақ емес коммунист-әріптестері ұлтшылдықтың көрінісі деп бағалады. Олар аштыққа ұшыраған жартылай көшпелі қазақ ауылдарының мемлекет тарапынан ешқандай көмек алмай жатқанын көргісі келмеді.

Сырт қарағанда, аштықтан қырылып жатқандарды ұлтқа бөлуге болмайтыны рас сияқты еді. Бірақ, қазақ ұлтының өзіне ғана тән мінез-құлқын, төзімділігін, тұрмыс-тіршілік әрекеттерін «коммунист жолдастар» түсінбеді, түсінгісі де келмеді.

1922 жылғы 19 ақпанда, Орынборда өз жұмысын бастаған РКП(б) Бүкілқазақтық екінші конференциясында саяси сипат алып, үлкен пікірталасқа ұласты. Қазақ қызметкерлері бұл мәселені «Тұтас ұлтты құрып кетуден сақтау керек» деген тұрғыда көтерсе, қазақ еместер оларды «сыңаржақ ұлтшылдық» деп айыптады.

Осынау сын сәттегі айтыс-тартыстың сырына қанық болу үшін конференция жұмысының хаттамасынан үзінділер келтірсек, оқырман өзі-ақ түсініп, кімдікі бұрыс, кімдікі дұрыс екенін таниды деп ойлаймын. Кейін М.Әуезов бастаған бүкіл қазақ зиялыларына зобалаң туғызып, қуғын-сүргінге ұшыратудың басы осы конференцияда айтылған сөздер мен жабылған жала екеніне көзіміз жетеді.

Пікір таластың бет шарпысуға дейін барғанының мысалдары мынадай:

М.Әуезов: «Авдеев жолдас өзінің сөзінде ұлты қазақ жауапты қызметкерлердің бәрін айыптады. Ол өзі айтып отырған қазақ қызметкерлерінің жиналысына қатысқан болатын. Қазақтар арасындағы жұмыста екі бағыт: ұлтшылдық пен отаршылдық пиғыл көріністері белең алып отырғаны айтылды. Авдеев сонда: «Біздің жұмысымызға отаршылдық кесел келтіріп отыр, ал қазақ қызметкерлерінің бәрі ұлтшылдық ұстанымда» деген болатын. Мәселелерді талқылап, қаулы қабылдағанда Авдеев жолдас біздің ұйғарғандарымызды қолдаған сыңай танытқан.

Енді міне, ол басқаша айтып тұр. Азаматтық жігері жоқ, өз пікірін коммунистше айта алмайтын Авдеев жолдастың мұндай екіжүзділігін кешіре алмаймын. Ол қазақ қызметкерлерінің көзінше бір түрлі, сыртынан бір түрлі айтады, обкомға да басқаша жеткізіп барған. Міне, біздің бүкіл жұмысымызға осындайлар кесел келтіріп отыр. «Қазақ қызметкерлері шетінен алашордашылар» деген Авдеевтің сөзіне жол беруге болмайды. Коммунист ретінде өзінің не айтқысы келгенін осы жерде түсіндіріп беруін талап етемін».

Конференцияның 21-ақпан күні төртінші мәжілісінде Қазақстан Орталық комитетінің төрағасы Сейітқали Мендешев аштықпен күрес жөніндегі Орталық төтенше комиссияның жұмысы туралы баяндама жасады. Осы мәселе бойынша ҚОАК саяси хатшысы Мұхтар Әуезов сөз сөйледі. Конференция жұмысы туралы № 3 бюллетенге (21-ақпан 1922 ж.) жарияланып, таратылған хаттамадағы М.Әуезовтің сөзін қазақшалап толық берейік:

Әуезов: Мендешев жолдастың баяндамасы мен ЦКПГ бүкіл қызметінің аса үлкен кемшілігі –Қырдағы қазақтарға көмек көрсету шараларының жасалмағандығы. Қырдағы қазақтарға көмек көрсету жөнінде күні бүгінге дейін өткізіліп келген бүкіл жиналыстарда қабылданған қаулылар бос сөз болып қалды. Тіпті, қазақ арасындағы барлық жұмыстың жайы осындай. Бұған таң қалуға болмайды. Қазақ өлкелік ұйымдарындағы жауапты қызметкерлер біздің даусыз, нақты ұсыныстарымызды түрлі сылтаулармен аяқсыз қалдырып келеді.

Жаңа экономикалық саясат қыр қазақтарына көмек көрсетуге жол бермейді-міс дегенге мен қарсымын. Өйткені, бүгінге дейін қырдағы қазақтарға көмек көрсету жөнінде

бірде-бір жоспар жасалған жоқ, жергілікті басқару органдарына принципті нұсқау берілген жоқ.

Қырдағы жағдай қиын: қазақтың бірде-бір билік органы ешқандай көмек көріп отырған жоқ, таяу арада көре де алмайды. Бұл жөнінде Помгол төрағасы өзі де айтты.

Қырда бәрі баяғыдай, олар ешқандай ақпарат алмайды. Қыр қазақтары көмекті қайдан алуға болатынын білмейді. Қыр қазақтарына ерекше қарау керек, өйткені олардың тіршілік-тұрмысы ерекше. Олардың күнкөрісі малда ғана. Мал қырылса, біз қазақ шаруашылығын ондаған жылдар бойы да қалпына келтіре алмаймыз.

Ал, егер орыс шаруасы аштыққа ұшыраса, әйтеуір, оның үйі бар, соқа-сайманы бар, егін өсіретін құнарлы жері бар. Оған тұқым берсе, біраз мал берсе, жағдайын түзеп ала алады. Қырдағы қазақтың шаруашылығы мұндай емес. Сондықтан, қыр қазақтары арасындағы жұмыстарды нақты іс-жоспармен жүзеге асыру қажет.

Аштарға қызмет көрсететін орталық, губерниялық органдар қала жұртшылығының күнбе-күнгі қысымын көріп отыр. Қала жұртшылығы өзінің мұң-мұқтажын бұрынырақ айта алады, яғни, олар біздің жауапты қызметкерлердің күнбе-күнгі назарында. Жергілікті қызметкерлер уақытында мәлімет ала алмаймыз, деп сылтау айтады. Қайдағы мәлімет, егер қыр қазақтары көмекті кімнен сұрарын білмей отырса.

«АРА» (Қазақстандағы аштыққа көмек беру үшін құрылған халықаралық қоғамдық ұйым) тарапынан қыр қазақтарына көмек беру мәселесі әлі шешілген жоқ, бұл ұйым істей бастағалы 4 ай болды.

Қазақ қызметкерлерінің жиналысында қыр қазақтарына көмек ұйымдастыру үшін жер-жерге арнайы уәкілдер жіберу жөнінде ұйғарым жасалғанын айтпай кете алмаймын. Сонымен бірге, қазақ қызметкерлерін жұмысқа тартып, оларды басқару ісіне пайдалану туралы да келісілген болатын. Ол жиналысқа Авдеев жолдас қатысып, бұл шараларды мақұлдаған сияқты еді, міне, бұл жерде басқаша сөйлеп, әлдебір жағымсыз жағдайларды «бықсытып» тұр.

Біздің бұл ұсыныстарымыз ҚОАК тарапынан да қолдау тапқан еді. Бірақ, әлі күнге уәкілдер жіберілген жоқ, қазақ қызметкерлерін іске тарту жөнінде комиссия құрылмады. Осылайша, қаулыларымыз бос сөз болып қала береді.

Қазақ қызметкерлерін іске қатыстырмайынша, қырдағы аштыққа ұшыраған қазақтарға ешқандай көмек көрсетілмейді. Бұл халық күннен-күнге асқынып бара жатқан аштық аранында қала береді.

Сондықтан, Аштарға көмек жөніндегі Орталық комиссияға, бүкіл қазақ республикасының саяси бақылау органы ретінде, жаңа сайланатын Облыстық партия комитетіне нақты ұсынысым мынау: Қырдағы қазақтардың жағдайына назар аударылысын. Біз қазақ кедейлерінің алдындағы жауапкершілігімізді түсінуіміз керек, қиындықты жаңа экономикалық саясатқа сілтей берудің жөні жоқ.

Бұған қоса, «АРА» ұйымы тарпынан қыр қазақтарына көмек көрсету жоспары жасалатын болсын.

Лытов Т: Әуезов уәкілдер жіберу керек деп тұр ғой. Осы уақытқа дейін барлық көмек аштарға жоспарлы түрде таратылып тұрды. Жер-жерге уәкілдер жіберген дұрыс, деп ойлаймын, бірақ халықты орыс пен қазақ деп бөлген Әуезовтің ұсынысын қолдамаймын. Олай болса, екі орган құру қажет болады.

Атаниязов: Біз мұнда бірімізді біріміз айыптауға келген жоқпыз. Пайдалы жұмыс атқаруымыз қажет... Қоныс аударып келгендер орыстар ғана емес, негізінен қазақтар қырылып жатыр, олардың жағдайы мүлде нашар. Қазақ еңбекшілеріне көмек жасаудың белгілі бір принциптері белгіленбеген.

Осында кейбіреулері, уәкіл жіберіп қажеті жоқ, олар жергілікті қызметкерлерге бөгет жасайды, дегенді айтты. Менің ойымша, керісінше, қазақ арасына беделді қызметкерлер жіберу керек. Олар түсіндіреді, көзін ашады. Сонда ғана қазақ жұртшылығының ынтасын оятуға болады...

Авдеев: Әуезов өз сөзінде менің кешегі айтқандарымнан әлдеқандай арам ниет танып қалыпты. Мен коммунист ретінде ешқандай бөтен пиғыл білдіруге хақым жоқ. Иә, қазақ қызметкерлері жиналысының хаттамасында қазақ жолдастардың қызметіне «орыс коммунистерінің отаршылдық пиғылдары бөгет жасап отыр» деп жазылыпты. Сол жиналыста осы жөнінде мен сұрақ қойғанмын: «Партияның X съезінің қарарына сәйкес ұлт мәселесі жөнінде сіздер басқа жол ұстанасындар ма?» дедім. Обком мәселенің бұлайша қойылуын қолдаған жоқ...

Атаниязов: Өзімнің сөзіме қосымша ретінде тағы мына жайларды айтамын: кейбір хабарларға қарағанда, Семей және Ақмола губернияларында жиналған астық пен мал Қазақстанның аштарына берілмейтін көрінеді. Бүкіл азық-түлік Мәскеуге тікелей жөнелтіліп, «ортақ қазанға» құйылып жатыр. Ал, Семей және Ақмола губерниялары Қазақ Республикасының құрамдас бөлігі емес пе? Қазақстанның ерекше аштыққа ұшыраған алты губерниясы сол Семей және Ақмола губернияларына бекітілген еді ғой. Бұл қалай?»

Осындай талқылаудан кейін партия конференциясы «Қазақстандағы аштық және онымен күрес шаралары» туралы арнайы қарар қабылдады.

Қарарда елдегі аштық жағдайына баға берілді. Құжаттың екінші тармағында мынадай сөздер бар. Оқуға оңай емес, әрине, бірақ, шындық, біздің еліміз бастан кешкен ауыр тағдырдың бір көрінісі осындай:

2. «Аштық көлемінің сұрапыл екендігі соншалық, аштар көзіне көрінгеннің бәрін, тіпті өлген адамдардың мәйітін де жеп жатыр».

Конференцияға М.Әуезов енгізген ұсыныс бойынша қарарға мынадай нұсқау енгізілді:

6. «Қырдағы ашыққан қазақ жұртшылығының жағдайына көңіл бөлінсін. Бұл жұмысқа, тиісінше, қазақ қызметкерлері тартылсын».

Бұл айтылғандардың бәрі, әрине, Ақмола губерниясына, оның орталығы Петропавлға тікелей қатысты жағдай еді.

Халық басына түскен ауыртпалық, кеңестік жүйенің өзімшіл, отаршылдыққа негізделген төңкерісшіл содыр саясатының бір «жемісі» осындай.

Осы 1921-1922 жылдары Қазақстанның бес губерниясында 3 миллион 353 мың адам ашаршылыққа ұшыраған, одан өлгені 1,5 миллион. Ақмола губерниясында 1921 жылдың наурыз айында есептегі 1.021.164 адамның 472 мыңы аштыққа ұшыраған. Бұл – Орынбордан Кеңес Одағының орталық билік органдарына берілген ресми ақпар ғана. Ал, қай сайда қанша қазақтың сүйегі қурап қалғанын дәл есептеген кім бар, деп тереңірек ойлансақ, халық қасіретінің көлемін елестетудің өзі үрейлі.

Автономиялық республика болдық, Қазақстан деген мемлекет құрамыз, деп жан сала іске кіріскен қазақ зиялыларының өз ұлты алдында адал атқармақ іс-жоспарла-

ры осылайша талқан болды. Олардың меселі қайтты, тауы шағылып, «балапан басына, тұрымтай тұсына» кетті. Ұлттың қаймағы іріді.

Дәл осы жағдайда Мұхтарлардың, Мағжандардың, Смағұлдардың ...бүкіл ой-арманы адыра қалды, олардың жігерін құм қылып, өмірден түңілдірді. Мағжан бір түнде Қызылжарын тастап кетуге мәжбүр болды.

Жоқ. Із-түссіз кете қалған жоқ. Біраз жұмыс атқарды. Тауқымет тартқан халқына қызмет көрсетті...

* * *

Тағы бір шегініс жасайық.

Сонымен, II бүкілқазақтық партия конференциясында осындай-осындай әңгіме болды. Сырт көзге қатардағы көп жиналыстардың бірі сияқты көрінгенімен, кімнің кім екені алғаш рет Орынбордағы осы жиналыста танылды. Талайлардың тағдыры таразыға тартылды. Жаңа билікке жағынған қазақтың жалаң қылыш «жас белсенділері» көрініп, олардың бағы ашылды.

1919 жылы Лениннің қолымен кешірім алып, Кеңестік құрылысқа құлшына кіріскен қазақ зиялыларына «бұрынғы алашордашы», «ұлтшыл», «контрреволюционер» деген қоңырау тағылды.

Бір ғажабы, олардың әрқайсысы өз ісінің адал екенін, не істесе де туған халқы үшін екенін кәміл сезінді. Сол ақиқатты ту етіп, қалтасындағы қызыл билетімен-ақ, қалың қазағына әлі де қызмет етпек ниетінен танған жоқ. Жасымады. Тіпті, бел шеше кірісті.

Сол айтулы екінші конференциядан бірнеше күн өткен соң, Қазақ Орталық Атқару комитетінің саяси хатшысы Мұхтар Әуезов пен Смағұл Сәдуақасов екеуі ақылдасып отырып, РКП(б) Орталық Комитетінің (яғни Мәскеудегі Орталықтың) Қазақстандағы өкілі В.Г. Юдовскийдің атына хат дайындады.

Қазақстанның дербес шаңырақ тіккенінен үміт күткен екі жас қайраткер Орталық Үкіметке елдегі жағдайды жақсартудың жолын ұсынды. Бәлкім, іске асып кетсе, отаршылдық бұғауынан босап, өз тағдырының тізгіні өз қолына тиген қазақтар тарихтан орын алар деп үміттенді.

Жоғарыда байқағанымыздай, осы екінші партия конференциясында компартияның Қазақстандағы ұлт саясаты жөнінде көзқарастары қарама-қайшы екі топ жіктелгенін көреміз.

Олардың біріншісі М.Әуезовтің сөзінде келтірілгендей, **қазақ өлкесінде әлі де отаршылдық саясаттың сақталып отырғанын, мұның өзі қазақ халқының мүддесіне қарсы, оның Кеңес Үкіметінен күткен үмітін өшіре бастағанын** айтқан қазақ коммунистері ғана емес еді.

Мысалы, Оралдан келген делегат Паевский: «Обком жұмысындағы негізгі кемшілік – жеке-дара басшылық. Мәселелерді аз ғана топ шешеді, сондықтан түсініксіз жайлар көп, ал, Обком құрамындағы 11 адамның төртеуі ғана қазақ, атап айтқанда А.Асылбеков, Ә.Жангелдин, С.Меңдешев және М.Мырзағалиев», – деді.

Бұл пікірді Мәскеудегі Орталықтан келген В.Г. Юдовский, Оралдық Паевский сияқты қазақ емес коммунистер де жақтады.

Екінші топ, керісінше, қазақ қызметкерлерінің ұлтшылдығы жұмысқа бөгет болып отыр, деп санады. Әрине, жаңа биліктің отаршыл сипатын әшкерелеуде қазақ қызметкерлерінің де бірауыз болмағанын да көрсеткен жөн.

Осы конференциядағы жіктелу ахуалы, онда Орталықтың өкілінің шындықты түсінгені М.Әуезов пен С.Сәдуақасовқа жігер берген сияқты. Енді олар өз ойларын жүйелеп қағаз түсіреді:

1922 жылы 7 наурыз

«Қазақ кедейлері мен жұмысшылары арасындағы жұмыстарды ұйымдастыру туралы»

РКП(б) Киробкомына баяндама хат

1. Міне, Қазақ автономиясының құрылғанына екі жылдан асып барады. Осы екі жылдың тәжірибесі еңбекші қазақ бұқарасын кеңестік, мемлекеттік құрылысқа қатыстыру жөнінде негізгі міндеттеріміздің әлі орындалмай отырғанын көрсетті.

Мұның негізгі себебі – қалың қазақ кедейінің, саны аз қазақ жұмысшыларының әлі де ұйымдаспай отыр-

ғандығында. Соңғы кезге дейін біздің бүкіл күш-қуатымыз, бар болғаны, бұқара мүддесіне мүлде аз көңіл бөліп, тіпті оларды тағдыр тәлкегіне қалдырып, жоғарғы билікті өзіміз иемденуге жұмсалып қана келгенін ашық мойындап, ащы шындықтың бетіне тура қаруымыз қажет.

Жер-жердегі милиция қызметкерлерінің бүгінгі күнге дейінгі бассыздығы, азық-түлік агенттерінің зорлық-зомбылығы, жергілікті уәкілдер мен түрлі агенттердің дүмбілезділігі, сондай-ақ ешқандай саяси-ағарту жұмысының жүргізілмеуі – жоғарыда аталған жағдайлардың бұлтартпас дәлелі болып табылады. «Мұздай суық мұхит ортасында бір кесе судың ғана қайнап жатқанына» бұдан әрі түзуге болмайды.

Екінші Бүкілқазақ партия конференциясы мен ҚОАК І-сессиясының қаулылары біздің алдағы жұмыстарымызға жол көрсететін бірқатар принципті қағидалар мен бағыт-бағдарымызды анықтап бергенін қанағат сезімімен атап көрсетуге тура келеді.

Айталық, партия конференциясы мен ҚОАК сессиясында ҚКСР-дің Түркістан өкілдігін күшейтіп, аштарға көмек көрсетуді жақсарту, Сібір облыстарындағы көмек шараларының тиімділігін арттыру, аштыққа ұшыраған халықты азық-түлігі бар аймақтарға көшіру қажеттілігіне назар аударылды.

Милиция жүйесін өзі қызмет етуге тиіс жұртшылыққа жақындата отырып қайта құру, қазақ тілінде іс жүргізуді бастау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Әлбетте, Обкомның жаңа құрамы мен ҚОАК тарапынан бұл шаралардың жүзеге асырылуы қажет екендігін айтып жатудың өзі артық болар еді.

Қазақ кедей шаруалары мен жұмысшыларын ұйымдастыру мәселесі дәл қазір түбегейлі шешетін, бірақ, нақты шаралары әлі-тиынақты ойластырылмаған мәселе болып отыр.

2. ҚКСР-дың негізгі өнеркәсіпті аймақтары Ақмола және Семей облыстары болып табылады. Қазақ жұмысшыларының 70% астамы осы облыстарда, демек, ұйымдастыру жұмыстары алдымен осы екі өңірден басталуы керек. Ұйымдық жұмыстарды бастап, алғашқы кезде жөн көрсету үшін бұл облыстарға арнайы тапсырмамен ерекше экспедициялар жасақталып, жіберілуге тиіс.

3. Ақмола және Семей облыстарындағы қазақ халық мұғалімдері жазғы демалыс кезінде жұмысшылар арасында сауатсыздықты жоюға жұмылдырылатын болсын. Сондай-ақ, экспедициялар бұл жұмысқа сауаты білікті қазақтарды да пайдаланғаны жөн.

4. Баршаға мәлім, осы уақытқа дейін жұмысшы қазақтар күнкөрісі жағынан да, рухани жағынан да орыстардан әлдеқайда төмен жағдайда. Сондықтан егжей-тегжейлі зерттеп, әкімшіліктердің түрлі жолсыздығын тиып, жұмысшылар арасында мұндай теңсіздікті жою қажет. Ол үшін қазақтар билік органдарының (фабрика-зауыт комитеттері, жергілікті комитеттер және с.с) жұмысына көбірек қатыстырылсын, сондай-ақ, олардың қара жұмыстан неғұрлым кәсіби еңбекке тартылуына жағдай жасалсын. Қазақ жұмысшыларына кәсіби-техникалық білім беру керек, ол үшін әрбір ірі кәсіпорында қазақ жұмысшыларына арнап кәсіби-техникалық үлгі мектептер ашылатын болсын.

5. Қазақ жұмысшылары арасында саяси-ағарту жұмыстарын жүргізуге кірісу қажет. Баспасөз ісін жолға қойып, жұмысшы өмірін дер кезінде және кеңінен көрсетіп отырғанда ғана бұл жұмыстар жемісті болмақ. Өнеркәсіп орындарының әкімшілік орталықтарынан қашық жатқанына және көлік қатынасының қиындығына байланысты, газет шығаруға қажетті қазақ әріптері мен баспа машиналарын, әдеби күштерді тікелей өнеркәсіп басына жеткізу қажет.

6. Қазақстандағы Кеңес өкіметінің негіздері мен жұмыс жағдайларын таныстырып отыру үшін және өндірістік мәселелерді бірлесіп талқылау үшін жұмысшылардың түрлі митингілерін, жиналыстар, фабрика-зауыт кеңестерін, аудандық және губерниялық конференцияларын өткізіп келу экспедицияға жүктелсін.

7. Жұмысты ширату үшін және өзара ақпарат алмасу үшін кәсіпорындар арасында ширақ, іскер байланыс орнатылсын.

8. Міне, жалшы қазақтар, кедей жұмысшылар мен шаруалар арасында осындай жұмыстар ұйымдастырылуы тиіс. Және де жерге орналастырушы барлық органдардың жұмысына, әсіресе Ертіс бойындағы жер мәселесінің қалай шешіліп жатқанына ерекше назар аударылсын. Отырықшылыққа бейім қазақтарға барынша қолдау көрсетілсін. Бұл орайда, жер бөлетін жергілікті ұйымдардың үстірт қарауына,

мысалы гидротехникалық тексерулер аяқталғанша, жер бөлуді олардың тоқтатып тастайтыны сияқты төрешілдігіне жол бермеу керек. Жер алғысы келетіндердің бәріне алдымен, тиесілі жерін көрсетіп беріп, гидротехникалық тексерісті кейінірек, кезі келгенде де жүргізуге болады.

9. Осы экспедицияға екі апта партиялық науқан жүргізу тапсырылсын¹².

*М. Әуезов
С. Сәдуақасов*

Бұл мәлімдеме Қазақ облыстық партия комитетінің төралқа мәжілісінде наурыздың 11-күні қаралды. Мәжіліс хаттамасында мыналар жазылған:

«**ТЫҢДАЛДЫ:** Қазақтар арасындағы жұмыс жоспары туралы Сәдуақасов және Әуезов жолдастардың ұсыныстары.

ҚАУЛЫ:

а) ұлт мәселесі жөнінде Сәдуақасов пен Әуезов жолдастардың тезистерін жасау жөніндегі комиссия құрамы толықтырылсын;

ә) комиссияға тезистерді төралқаның келесі мәжілісіне дайындап, енгізу тапсырылсын.

Киробком хатшысы Г. Коростелев».

II партия конференциясының қорытындылары бойынша Қазақстан Үкіметі басшы органдарына осындай екі ұдай ағым қалыптасқаны туралы РК(б) II XI съезіне (27/III-2-IV-22) дейін ақпарат жетті.

Қазақстан атынан барған өкілдердің бірі – жоғарыда аталған Юдовский, Орталық комитетке Қазақстандағы жағдайды таныстыра келіп, «еуропалық коммунистердің арасында отаршылдық ұстаным бар екенін, қазақ интеллигенттерінің шарасыздығын, милицияның жергілікті халықты тонайтынын, ал орыс жолдастардың бұл жағдайлармен күресуге құлқы жоқ екенін» мәлімдеген.

Ол «іс жүзінде жаңа ғана саяси билік бостандығына қолы жеткен, бірақ ескі тәртіп тұсындағы ұлттық теңсіздіктен біржола арылып болмаған Қазақстан сияқты

¹² ҚРПМ. 139-кор. 1-тізбе, 330-іс, 18-19 беттер.

республикалардағы жергілікті халықтың табиғи заңды талаптарын мойындамай (Әуезовтің сөзі), қазақ шындығын жете түсінбейтін коммунистердің жүгенсіздігін» айтты¹³.

Қазақ облыстық партия ұйымындағы мұндай жағдайлар Орталықтың мазасын кетіретіні түсінікті. Осылайша, шұғыл шара ретінде 1922 жылы 5-сәуірде Мәскеуде РКП (б) ОК Қырғыз (қазақ) бюросы құрылды.

Әлбетте, бұдан кейін М. Әуезов те, басқалар да мұндай қызметтен опа таппайтынын білген еді. Ол 15-сәуірде Семейге іссапармен жүріп кетті. Ондағы мақсаты – өзі алдынала жедел-хатта хабарлағанындай:

«Жалпы партия, кеңес жұмысын, әсіресе қазақ жұртшылығы арасындағы жұмыстың жағдайын тексеремін. Өнеркәсіп аймақтарында қазақ жұмысшыларын ұйымдастыру, жер мәселесі жөніндегі декреттерін орындау, қазақ кедейлерін милиция қатарына тарту қажет. Бұл шаралардың іс жүзіне асырылуы осы салаларда жұмыс істеу тәжірибесі бар қазақ қызметкерлеріне байланысты. Сондықтан, губком мен губатком мұндай қызметкерлердің есебін алып, оларды губернияға жинауға тиіс. Әуелде кемінде 20 қызметкер керек. Дәл қазір ҚазКСР өлкелік мекемелерінің бәрінде де қазақ арасындағы жұмысты жандандыруға бағыт алынды. Ол үшін ҚКСР барлық губернияларына өкілдер жіберіліп, іс жүзінде науқан басталды. Демек, бұл жұмысқа салақ қарауға болмайды, ондай жағдай қылмыс саналып, кінәлі адамдар жауапқа тартылады»¹⁴.

**Обком, РКГП, Казпрофбюро уәкілі
М.Әуезов**

1922 жылғы 17-тамызда «Қазақ тілі» газеті Мұхтар деп қол қойып бастырған «Ашық хатында» ол Қазақстан автономиясы құрылғаннан бері не істелді, қандай кемшіліктер бар екендігін, олардың себептері тиісті саяси құжаттарда көрсетілгендігін жазды. М.Әуезов «Соңғы уақытқа шейін ...әсіресе Қазақстанда арылмай келе жатқан бір дерт –

¹³ ҚРПМ. 139-қор. I-тізбе, 247-іс, 58-бет.

¹⁴ ҚРА ОМА. 5-қор, 18-шілде, 94-іс, 15-бет.

ұлтшылдық пен ортақшылдық тартысы» екенін көрсетеді. (Мұндағы «ортақшылдық» дегеніміз – социализм идеясы деген ұғымды береді.-З.Т.).

Қызметкерлер арасында, яғни коммунистер арасында скі жік бар. Біреуі – қазақ коммунистері, олар дербес республика билігіне араласқысы келеді, жергілікті ерекшеліктерді ескерсе отырып, қазақ мүддесі үшін қызмет еткісі келеді. Мұнысы – ұлтшылдық болып көрінеді.

Екіншісі – компартияның бүкіләлемдік революция жасап, жер бетінде жалпыға бірдей ортақшыл тәртіп – социализм орнатқысы келеді. «Еуропалық» коммунистердің мұнысын қазақтар ежелгі отаршылдық пиғыл деп түсінеді.

Бірінің ұғуынша – «ортақшылдықты ұлтшылдық туғызады. Екіншісінің ұғуынша – ұлтшылдықты ортақшылдық туғызады. 78 күнге шейін аяқталмағандықтан, бұл әңгіме қатындардың ұрысына ұқсап барады. «Мен салдақы болсам, сен де салдақысың» – дегеннің кебін киіп отыр».

Бұл сөздерден М.Әуезов Орынборда өткен Поблыстық партия конференциясындағы пікірталасты, Авдеев бастаған обком басшыларының қазақ қызметкерлеріне «ұлтшыл» деп жапқан жаласы туралы айтып отырғанын байқау қиын емес.

М.Әуезов Семейде жүргенде, 1922 жылы 5-қыркүйекте ашылған Семей губерниялық III – Кеңестер съезінде бұл әңгіменің беті ашыла түсті. «Қазақ тілі» газетінде ертеңін де жарияланған «Семей губерниялық III Кеңестің тобына (съезіне)» деген мақаласында М.Әуезов Қазақ автономиясы билігіндегі қазақтардың жағдайын талдап көрсетті. Үшінші съездің маңызы неде, деген сұраққа ол былай жауап берді:

«I съезд болған уақытта Семей губерниясы Сібір төңкеріс комитетінің қарауында тұрды. Сибревком ұстанған жол – Семей губерниясын, Ресейге қалдыру еді. «Іс басында отырғандардың бәрі де тамырын бұрынғы отаршылдық қаны кеулегендер, нашарды құлдануды, иеленуді өнер көру жолында тәрбиелегендер болды. Соның салдарынан... отаршылдардың айтқаны болды. Губерниялық аткомитетіне қазақтардан бір ғана кісі мүше болып кірді». Осылайша, «бұл күнге шейін орыс пен қазақтың ешбір бірлесе алмағаны көрініп қалды».

Қазақ халқын топқа, тапқа бөліп, өзара қырқыстырудың ешбір пайдасы жоқ екенін М.Әуезов осы мақаласында ешбір

бүкпесіз былай көрсетті: «Қай түрлі топ болса да, қазақ өкілдері ала болып, жіктеніп көрген емес. Жалпы қазақ атаулының мұңы бір болған соң, ала болуларына ешбір жол жоқ». «Хүкімет қазақтікі» деген сөз құр жазуда ғана емес, іс жүзінде көрініп отыр». Демек, «бұл топ (съезд) қазақ елін қатарға кіргізіп, мұң-мұқтажын қарастырады, жалпы шаруашылықтың түзелуіне барлық шараны қолдану жолдарын көрсетеді деп білеміз».

Алайда, М.Әуезовтің бұл үміті ақталмады.

Осы 1922 жылдың күзіндегі Кеңес сайлауы мен кеңес съездерінде большевиктер қазақ қызметкерлерін, Алашордаға мүше болды деп ашық қуғындады. Салты, дәстүрі, ұлттық мінез-болмысы мүлде бөлек қазақ даласында социалистік құрылыстың жолы бола қоймауының себебін Кеңес үкіметі «астыртын жаулардан» көрді.

Ахмет Байтұрсынов республика үкіметі құрамынан ашықтан-ашық шеттетілді. Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовты контрреволюциялық ұйым ашты деп түрмеге жауып, айт-айыпсыз болған соң, босатты. Қазақтың қайраткер жастарын көсемінен айыру үшін Әлихан Бөкейхановты Мәскеуге шақырып, үй беріп, шын мәнінде тұтқын етіп ұстап қалды.

Қызылжарда, «Тілеулі балалары Есіл көтерілісін жа-саған бандыларға қосылды» деген (С.Мұқановтың сөзі) айыппен М.Тілеулин абақтыға жабылды. Бірақ, кінәсі анықталмай, тұтқыннан босады. Осы кезде С.Шарипов отқа май құйып, газетке мақала жазды. Қазақ қызметкерлеріне жала жапты (ол жөнінде жеке сөз болады).

Мемлекет қызметіне араласып, халқымызға күн туғызамыз деген алаш қайраткерлерінің үміті ақталмады. Енді олар өз болашағын оқу-ағарту, ғылыми-зерттеу жұмыстары саласынан іздеді...

* * *

Мемлекет билігін қолына алған Ресей большевиктерінің социалистік революция идеяларын Қазақстанға сырттан әкеліп, күштеп орнықтырмақ болған жетесіз саясаты, іс жүзінде, жаңа отаршылыққа ұласып, қазақ халқына алапат зиянын тигізгенінің бұдан да басқа толып жатқан мысалдары баршылық.

Алаш ақыны Омар Қарашев бұл жағдайды дәл байқап, оның зардаптарынан қатты үрейленгенін сол кезде-ақ мынадай өлең жолдарымен білдірген еді:

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз, құр желдеткен шаңнан қорқам,
Таң туды, мезгіл жетті, деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам...
Тең геріп, жарлы-байды, «құрып ұшпақ»
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «бұлыңғыр таптық елесінен гөрі ұлттық тәуелсіздікті аңсаған қалың қазақтың арманы ақталмады».

Бұл күнде «біз 17-нің қаһарлы, суық желтоқсанына именбей, Алаш автономиясының туын көтеріп, еліне бостандық әперуден үміттенген аға ұрпақ аруағы алдында тағзым етіп, олар ақын Мағжанның сөзімен айтқанда: «қажымай алтын Айға қол сермеп, сол жолда мерт болған буын еді дей аламыз»¹⁵.

¹⁵ М. Қойгелдиев, Әлихан Бөкейханов. Шығармалары, А, 1994, 66-бет.

ЕСІЛ БОЙЫНДАҒЫ АШТЫҚ

- Азық-түлік салғыртының салдары
- Халықты әскер күшімен тонау
- Дерявин Пресновтан Ленинмен тілдесті
- Калининнің Сәбеңмен сырласуы
- Ақмола губерниясында аш-арықтар саны жарты миллионға жетті
- М.Жұмабаев төтенше комиссия төрағасының орынбасары
- Сарыарқаның зарын кім естиді?
- Мағжанның соңғы мақаласы

Азамат соғысынан берекесі кетіп, күйреген Ресейдің халық шаруашылығын аяғынан тұрғызу қиын болды. Орталықтағы өндірістік аймақтарда азық-түлік тапшылығы асқына түсті. Қазақстан сияқты қиыр аймақтағы астық пен мал күшпен жиналды. Сақталған құжаттарға қарағанда, 1920 жылы Петропавл станциясы арқылы орталықтағы өнеркәсіп аймақтарына 2 408 738 пұт астық, 3 119 пұт картоп, 28 144 бас ірі қара мен 48 679 қой, 168 мың пұт ет, 224 мыңнан аса жұмыртқа жөнелтілген¹⁶.

1920 жылғы 3-тамызда Петропавл уездік ревкомы болыстарда азық-түлік салғыртын орындаудың жағдайы туралы мәселе қарап, «жұмысты ширату туралы» қаулы алды. Бұл арада «салғырт» деген атауды түсіндіре кетейік. «Салғырт» – орысшасы «продразверстка», яғни өнеркәсіпті орталықтарды жабдықтау үшін, ауыл шаруашылығы саласындағы адамдардың қолындағы азық-түлігінің артығын күшпен тартып алу.

Кезінде Петропавл-Көкшетау теміржолы Қазақстанның орталық аймақтарындағы ет пен сүтті Ресейге көп мөлшерде жедел жеткізу үшін асығыс салынған болатын. Дәлірек айтқанда оның құрылысын бастау жөніндегі қаулы 1920 жылғы 5-тамызда қабылданып, 1922 жылғы 28-маусымда Көкшетауға поезд қатынасы басталды.

Ал, оның маңызы осы уақытқа дейін «Қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін көркейту үшін кеңес үкіметінің

¹⁶ СҚО ММ. 1482-қор, 1-тізім, 75-іс, 63-бет.

камқорлығы» деп түсіндіріліп келді. Төңкерістен-төңкеріс, берекесі кетіп, бүлінген мемлекет қайдағы бір «киргиздарды» көркейту үшін қақаған қыста жол салып, орасан шығын мен құрбандыққа барды дегенге сәбиді де сендіре алмайсыз... Ал, шындықты көрсетіп, тарихи оқиғалардың себебі мен салдарын бүкпесіз түсіндірсек, одан теміржолдың да, басқаның да беделі түсіп қалмайды.

Сонымен, салғырт (продразверстка) науқаны басталып кетті. 1920 жылғы ақпанның 25-не дейін Ресейдің орталық аудандарына 305897 пұт астық және 163729 пұт ет жөнелтілді. Бұл – революциялық үкімет белгілеген жоспардың 5/1 бөлігі ғана болатын.

1920 жылғы 16-июльде Омбы губерниялық азық-түлік комиссары Мәскеуге, азық-түлік халық комиссары Цюрупаға мынадай жеделхат соқты: «В. И. Лениннің бұйрығы бойынша батыс майданға Петропавл, Петухов, Костанай станцияларынан 300 мың пұт астық жібердік және Орталыққа жөнелту үшін 20 вагон май дайындап қойдық». Өсіріп қойған егіні, бордақылап қойған малы бар ма еді? Әрі қарай оқиық: «Қазақ аудандарында ет дайындауды (тартып алуды.- З.Т.) күшейтіп жатырмыз. Олардың тапсырған малының бес проценті мөлшерінде товар бермекпіз. Ал, орыс аудандарында ет дайындау продразверстка жүзінде жүргізіледі»¹⁷.

Осылайша, «фес процентке мал сатып алу арқылы» халықты қатты күйзелткен үкімет, қысымды одан әрі күшейте берді. Өз халқына жасалған қиянат жауапсыз қалмақ емес. Жер-жерде наразылықтар бой көтерді. Орыс және украин шаруаларының ұраны: «Еркін сауда», «Коммунистерсіз кеңес үкіметі!» Бірақ, коммунистік тәртіптегі өкімет қарулы әскермен наразылықтарды халық атынан аяусыз басып отырды.

Мұндай наразылықтар жөнінде 1920 жылғы желтоқсанда Петропавлда өткен бірінші уездік-қалалық партия конференциясында ашық айтылды. Мысалы, азық-түлік жөніндегі баяндамашының көрсетуіне қарағанда: «саудада мата, сіріңке, сабын, кэрэсін, тіпті бір тиындық түйме де жоқ... Соған қарамастан астығымызды, шөбімізді, майымызды... тегін алып жатыр». Делегаттар азық-түлік салғыртынын шаруаларға ауыр екендігін көрсетті¹⁸.

¹⁷ ЦГАОР. 1943-қор, 1-тізбе, 789-іс, 326-бет.

¹⁸ Горвиц Б. Г. СКО в 1917-1957 гг. С. 52-53.

Қазақстанның Орталық және Солтүстік аймақтарынан мал мен астық жеткізу үшін Ресей Совнаркомының Ленин қол қойған 1920 жылғы 5-тамыздағы қаулысымен Петропавл-Көкшетау теміржолы шұғыл түрде салына бастады. Мұндай күзде басталып, қыс бойы жүргізілген ешбір ақылға симайтын төтенше жұмыс үлкен ауыртпалық әкелді. Онсыз да аштыққа ұшыраған халықтың жағдайы қиындап кетті.

Бірден-бір жұмыс көлігі жылқы ғана болғандықтан, әскер күшімен жергілікті ауылдардан жегін аттары жиналды. Оларға жеткілікті жем-азық табу да оңай болмады. Сонда да зорлықтың күшімен алғашқы үш айдың өзінде ғана 600 атқа қажет 22 мың пұт жем теміржол танабына жақын жерлерден жиналды¹⁹.

Губерния халқынан азық-түлік жинау (тартып алу, деп оқыса, дұрыс болар. – З.Т.) үшін Ресейдің орталық қалаларында арнайы әскери күштер жасақталды. Оларға қоса жергілікті жерлерден отрядтар құрылды.

1921 жылдың 30-желтоқсанында Мәскеуде мынадай бұйрық жарияланды (түсінікті болу үшін орысша түпнұсқа мәтінін берейік):

«Части Особого назначения Киргизской Советской Социалистической Республики выделяются из состава частей Особого назначения Приволжского Военного округа с самостоятельным управлением с 1 января 1922 года. ЧОН Акмолинской и Семипалатинской губерний в оперативном отношении остаются в подчинении Комчонсиб, в остальных отношениях подчиняются Комчонкир респ»²⁰.

Бұл құжаттың ерекшелігі – Ақмола және Семей ЧОНдары сөз жүзінде Қазақстанға (Кир-республика) ал, іс жүзінде Сібірге (Ресейге) бағынатынын көрсетеді. Осыған да назар аударайық. Қарулы күштерге келгенде «республика дербестігі» деген түсініктің бос сөз екендігінің бір айғағы осындай.

Осылайша, Петропавлда Ақмола губерниялық Ерекше қызмет бөлімдері (ЧОН) құрылды. Ақмола, Атбасар, Көкшетау уездерінде де осындай бөлімдер құрылды. Ал, Петропавлдағы ЧОН губернияға тікелей бағынатын еді.

Ардақты ағамыз, атакты жазушы Сәбит Мұқановтың атқа мініп, бөркіне/қызыл байлап, көзге түсетіні нақ осы кез. Осы

¹⁹ СҚОММ. 53-қор, 3-тізбе, 3-іс, 53-бет.

²⁰ СҚОММ. 889-қор, 2-тізбе, 1-іс, 46-бет.

ЧОН-ның белсенді қызметкері ретінде «тап жауларымен» аяусыз күрескен. Бұл жөнінде Сәбең өзі былай жазады:

«Продразверстка жұмысы қанша қиыншылықпен жүрсе де, 1921 жылдың қаңтар айының жоспарын Пресногорьковкадағы райпродком орындады да, телеграмма арқылы Россияның Социалистік Федеративтік Советтік Республикасының Халық комиссарлар Советінің Председателі Владимир Ильич (Ульянов) Ленинге рапорт берілді. Рапортқа қол қоюшы бес кісінің бірі болу бақыты – менің де мандайыма жазылды!...»²¹.

Сәбең бір ауданның жоспарын орындап тастап, «Қызылжардан Пресновкаға барған кезде, продразверстканың халі аса нашар екен, азық-түліктің барлық түрі де план-ды мөлшерден әлдеқайда кем орындалыпты. Сол күні райпродкомның комиссары Дерявинді Ленин прямой проводқа шақырыпты. Дерявиннің Ленинмен сөйлесуі түн ортасы ауа біткен...» (Шіркін, Ленин де ғажап қой, Москва емес, Омбы емес, тіпті Қызылжар емес, Пресновтың өзінен Дерявинді іздеп тауып алған.

Ал, «күн көсеммен» түн ортасына дейін сөйлескен Дерявин де осал емес! – З.Т.).

Бұл арада ескерте кету керек, большевиктік үгіттің дәл осындай өтірікке, қисынсыз қиялға негізделген мысалдары аз болмаған. Мына жолы да қараңғы халықты үркітіп-қорқытып, алдап, Ленин атымен үгіттеп, көндіру амалы қолданылған.

Сәбеңнің жазуына қарағанда сол күні ол жоспар орындалмай қалған, «Бірір қазақ болысына баратын отрядтың бастығы болып кетеді де... тапсырманы тағы да мүлтіксіз орындап қайтады». Тапсырма болғанда, елдің өз еркімен алдына салып беріп отырған малы болмаса да, үгіттеп, реті келгенде «қысып» ет жинау мәселесі.

Соның алдында ғана, 1920 жылғы 21-қарашада азық-түлік жинау барысы жөнінде Қызылжарға Бүкіл одақтық атқару комитетінің төрағасы Михаил Иванович Калинин келіп жиналыс өткізеді. Сәбеңмен сырласады. Сәбең Калининнің вокзал басында тұрған «Салон-вагонында» қонақ болады, «...орысша сырнай тартып, өлең айтады. Михаил Иванович... кей жерінде күле отыра... құмарлана тыңдайды».

²¹ С.Мұқанов. Өмір мектебі. 2-кітап, 344-бет.

Ресейге азық-түлік жинап жіберу мәселесі қаралған қалалық жиналыста Калининнің айтқандарын Сәбит Мұқанов өз естеліктеріне былай түсіріпті:

Калинин «...әуелі көпшілікті күлдіре Совет өкіметінің орнауымен құттықтап алды да:

— Бұл жолы мен сіздерге Москва мен Петроград халқының сәлемін ғана әкелдім, — деді, олардың сәлемінен соң айтқаны: — Ақмола облысы бір қысша бізді азық-түліктен тарықтырмасын, ол қарызды біз де бірдеме ғып өтеуге тырысармыз...»²².

Жиналыс соңында «Ақмола облысынан 3 миллион пұт астықты, 43 мың бас малды үш айдың ішінде Москва мен Ленинградқа жөнелтуге қаулы алынды»²³.

Нәтижесінде «Жағдай сонша қиын болғанымен, уәделі күні аудандағы продрозверстка түгел орындалды да, Лениннің атына жоғарыда аталған рапорт жазылды. Продразверстка жұмысы, әрине, онымен тоқтаған жоқ. Продотрядтар қызметін қызу жүргізіп жатты»²⁴.

Жоғарыда айтылғандардың дұрыс-бұрысын тексере алмаймыз. Өзі қатысқан, көзімен көрген жазушының сөзіне сөз қоспаймыз. Бірақ, сол «тоқтамаған, қызу жүріп жатқан» разверстканың бүкіл өлкені, тіпті Қазақстанның тең жартысын аштық қырғынына ұшыратқаны, мыңдаған адамдардың өмірін қиып, тағдырын талқандағаны да ақиқат.

Ал, үлкен бастық Калинин, сонша ақылды кісі, сілекейі шұбырып Сәбеңнің сырнайын тыңдап отырғанда не ойлады екен? Сол кезде-ақ Еділ бойынан, ішкі Ресейден Қызылжарға ағылып келіп жатқан аш-жалаңаштарды көрмеді ме? Көрді. Малың, астығын сыпырып алса, мына табиғаты қатал қазақ даласындағы халықтың жаппай аштыққа ұшырайтынын білмеді ме? Білді.

«Ақмола облысы бір қысша бізді азық-түліктен тарықтырмасын, ол қарызымызды бізде бірдеме ғып өтеуге тырысармыз...» дегені рас болса, онысы жұрт алдындағы сайқымазағы. Шын мәніндегі өтеуі сол жылы 500 мың адамның аштық қасіретіне ұшырауы болады. Бәсе, Ленин Пресновкадағы қайдағы бір Дерявинді сол үшін іздеген екен-ау!

²² Сонда, 343-бет.

²³ Сонда, 345-бет.

²⁴ Сонда 349-бет.

Малынан, астығынан айырылған халықтың ертеңгі күні қараң екенін Сәбит Мұқанов өзі де байқаған, жазып кеткен. Қызылжарға келе жатқанда бұрын «қойын сойып, қолын қусырып» дегендей құрметпен қарсы алатындардың» көбі енді теріс айналғанын, тіпті қондырмайтынын ашық жазған. «...су татырар емес. «Тамақ сат» десең, «бар тамақты өзін жинап алған жоқпысың, аштан өлгелі отырмыз, бізге өзін бер!» деп кекетеді»²⁵.

ЧОН-дар, продотрядтар және олардың халықты қан қақсатқан қасіретті қызметі туралы қалған әңгіме «Өмір мектебінде» тәптіштеп, көркем жазылған... Халық тағдыры осылайша ойыншыққа айналған.

* * *

Ақмола губерниясындағы қазақ ауылдарының жағдайы қиын екені ерте-ақ байқалған болатын. Мысалы, алғашқы губревком төрағасы Әбдірахман Әйтиев Омбыдан Петропавлға келіп, билікті қолға алысымен, жағдаймен танысты. 1921 жылғы 17-мамырда Омбыдағы өкімет орындарынан көмек сұрап жедел-хат жолдады. «Сібірдің қазақ комиссиясының, Сібір азық-түлік комиссиясының және Губпродкомның мәжіліс хаттамаларында бірнеше мәрте атап көрсетілгендей, Ақмола губерниясындағы аштыққа ұшыраған қазақ халқының жағдайы қатерлі апат дәрежесінде. Наряд болмағандықтан қазақтарға астық берілмеген. Губерния бойынша қазақ жұртшылығына (кирнаселение деп жазыпты. – З.Т.) 740 мың пұт астық керек. Жаңа егіннің өнімін алғанға дейін әр адамға айына 20 ф. есебімен: Ақмола уезіне 400 мың, Атбасар уезіне 200 мың, Көкшетау 70 және Петропавл уезіне 70 мың пұт астыққа наряд беруді және мәселені шұғыл шешуді сұраймын. Телеграфпен жауабын беріңіздер»²⁶.

Бірақ астық та, наряд та берілмейді. Әйтиев бұл жедел хатты 19-мамырда тағы қайталайды. Жауап жоқ. Осы кезде большевиктер бастаған азамат соғысынан және қабаттаса келген құрғақшылықтан шаруасы күйзелген Ресейдің орталық аймақтарын да аштық жайлаған болатын.

²⁵ Сонда, 352-бет.

²⁶ СҚОММ. 53-қор, 3-тізбе, 3-іс, 92-бет.

1921 жылғы 7-тамыз күні Ақмола губкомы жанынан «Еділ бойында аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету жөнінде» төтенше комиссия құрылды. Бұл комиссияға Губревкомнан, Губпродкомнан, Губпрофсоветтен, Губобраз бен Губсоюздан бір-бір адам енгізілді. Оның төрағалығына губерниялық әскери комиссар Евдокимов тағайындалды²⁷.

Осы комиссия туралы бекітілген Ережеде Ресейдің орталық аймақтарындағы азық-түлік тапшылығына байланысты Ақмола губерниясының барлық уездері мен болыстарынан, барлық мекемелерден жұртшылық көмегін ұйымдастыру көзделген.

Төтенше комиссияның құрылғаны туралы хабар және жұртшылыққа арналған үндеу «Бостандық туы» газетінің редакциясына, жариялау үшін жіберілді²⁸.

«Бостандық туы» газетінің редакциясына. 1921 ж. 19.10.

«Ақмола губерниялық Аштарға көмектесетін төтенше комиссиясы (Помгол) сіздің «Бостандық туы» газетінде аштықпен күрес жөнінде үндеулер, мақалалар, ақпарлар жариялап тұруды сұрайды.

Бұл материалдарды қазақ тілінде қазақ жұртшылығына жеткізіп тұру өте маңызды. Сондай-ақ, аштықпен күрес жөнінде материалдар шыққан газет сандары қазақтар арасына кеңінен таратылса жақсы болар еді.

Комиссия төрағасы Евдокимов, хатшысы Островной»²⁹.

Қарашаның 14-күні Помгол төтенше комиссиясының төрағасы Апсалимов Петропавл қаласының барлық моллаларын жинап, жұма намазы күндерінде қайырымдылық көмегін ұйымдастыру туралы Ақмола губерниясының мұхтасибі Мұхаметсейіт Әбдулзалиловке хат жазған.

Қар бекіп, қыс қатая бастаған сайын аштық қасіреті асқына берді. 1921 жылғы 9-желтоқсанда Губпомгол төрағасы Егоров Орынборға жеделхат соғып: «Аш босқындар күннен-күнге көбейіп барады. Петропавл және Атбасар уездерінде олардың саны отыз мыңнан асып кетті. Атбасар және Көкшетау уездерінде жергілікті 62 мың қазақ пен 30 мың орыс аштыққа ұшырады» деп хабарлады³⁰. Алғашқы төрт айда қайыр көмек ретінде 100 миллион сомнан артық

²⁷ СҚОММ. 41-қор, 1-тізбе, 1-іс, 5-бет.

²⁸ Сонда, 22-бет.

²⁹ Сонда, 33-бет.

³⁰ СҚОММ. 1616-қор, 1-іс, 2-тізбе, 2-бет.

ақша жиналды. Мұның 72 миллионы Мәскеуге жіберілді, жергілікті аштарды қоректендіруге 20 миллион және тамақ пункттерін ашуға жарты миллион сом жұмсалды³¹.

Өкімет орындары Көкшетау уезінде 30 болыс елдің аштыққа ұшырағанын, Атбасар уезінде көшпелі халықтың көпшілігі – 62 мыңдай қазақтың аш екендігін хабарлады.

Еділ бойынан күн сайын қаңғып келіп жатқан босқындар Қызылжардың көшелеріне симай кетті. Аштарға бір мезгіл тамақ берудің өзі мүмкін болмай қалды. Жыл аяғында губерниялық оқу бөлімінің есебі бойынша 10 мың бала аштыққа ұшырап, қырылып қалу қаупінде тұрды.

Губерниялық оқу бөлімінің 1922 жылғы қорытынды есепте мынадай фактілер көрсетілді. Аштыққа ұшыраған губерниялардан өз бетімен қаңғып келіп жатқан балалар арнайы мекемеге сыймай кетті. Петропавл қаласының тұрғындарына 235 жетім бала асырауға бірден-екіден таратылып берілді. Ауылдарға 967 бала жіберілді. Осылайша, ата-анасы жоқ, аштыққа ұшыраған 1202 бала қала және уезд жұртшылығына таратылды³².

Осы кезде Ақмола губерниясы бойынша аш-арықтардың саны жарты миллионға жетті. Қызмет адамдарының жазған қағаздарында аштардың қамыс-қоға, ағаштың қабығы мен мүкті, кездейсоқ жануарлардың өлексесін азық қылғаны көрініп тұр. Ал, Мәскеу болса, үсті-үстіне дігірлеп, азық-түлік жеткізуді талап етуін тоқтатпады.

Сақталған архив құжаттарын зерттей отырып, сол бір қайғылы күндерде бел шешпей, тыным таппай еңбек етіп, аз ғана мүмкіндіктің өзін аштарға көмек ретінде пайдалануға күш салған жергілікті қызметкерлердің ерлігіне таң қалмасқа болмайды.

1922 жылғы 28-қаңтардағы есеп бойынша Петропавлда тамақ үлестіретін екі орын ашылған, олар ең көп дегенде 2300 адамға бір мезгіл тамақ бере алады.

«Болыстардан келген өкілдердің айтуына қарағанда елдегі жағдай тым қиын. Шымтезек жеп жатқандар бар. 30 фунт шымтезекке 10 фунт ұн қосып, араластырып жейді. Басқа тамақ болмағандықтан, халық ақырғы малдарын сойып жеп бітірді»³³.

³¹ Сонда, 9-бет.

³² Сонда, 1916-қор, 1-іс, 2-тізбе, 41-бет

³³ СҚОММ. 55-қор, 3-тізбе, 36-іс, 11-бет.

Төтенше комиссияның ресми есебі бойынша 1922 жылдың басында аш-арық ретінде ресми түрде 417500 адам тіркелген. Қолындағы азық-түлігі тартылып алынған жергілікті халықтың жағдайын сырттан толассыз келіп жатқан босқындар мүлде ауырлатып жіберді. Ресейдің орталық аймақтарынан, Еділ бойынан қазақ даласына жаяулы-жалпылы шұбырған аштар жолында кездескен, өңештен өтетін жанды-жансыздың бәрін жайпап отырды.

Үкімет орындарының мәліметтеріне қарағанда дәл осы кезде сырттан келгендердің саны Петропавлда – 4 мың, уезде 150 мың, Көкшетаудың қаласында 2 мың, уезінде 114 мың, Атбасарда 1 мың, уезінде 110 мың және Ақмола қаласында 500, уезінде 36 мың адамға жеткен.

Петропавл қаласындағы жағдайды көрсететін кейбір деректер мынадай: 1922 жылғы қаңтардың алғашқы 25 күнінде 70 адам аштан өлді, 105 адам ісіп-кепті. «Дәл қазір 70 адамның мәйіті тамақ пунктінің қорасында (Ленин көшесі, 14 үй) үюлі жатыр. Коммуналдық шаруашылық бөлімі көшеде аштан өлгендерді жинап, көмуге үлгере алмауда».

Ақпан айында жағдай тіпті асқынып кетті. Күн суытты. Жер-жерден үрейлі хабарлар келіп жатыр. Аштық пен ажал аранын ашып, Қазақстанның солтүстігінен, орталыққа қарай жылжи тарап барады. Оны тоқтатар күш жоқ сияқты.

«Көкшетау уезіндегі 65 болыста аш-арықтар саны 150 мың адамға жетті, оның ішінде 130304 адам мүлде аш. Әсіресе қазақ болыстары қатты күйзеліс үстінде»³⁴. Аштар қайыңның қабығын, ағаштың мүгін, тіпті ұн араласқан топырақ жеуге мәжбүр. «Атбасар уезінде арам өлген малдардың терісін, сүйегін кеміруде»³⁵. Іш сүзегі індеті жаппай таралуда, дәрігерлік көмек туралы айтуға да болмайды.

Атбасар уезіндегі Бағаналы болысының қазақтары оңтүстікке, Түркістан өлкесіне ауа көшіп жатқаны туралы мағлұмат та осында. Олар қазіргі әкімшілік бөлісі бойынша Қарағанда облысына қарайтын Ұлытау өңірі, Сарысу өзенінің бойындағы наймандар, тарақты рулары болатын.

«Еңбекші қазақ» газетінің бетінде 1922 жылғы 21-ақпанда басылған мақаласында Ғаббас Тоғжанов былай деп жазды: «Бұрын қақтың үйінде мамыражай тыныштық болатын, қымыз сапырылып, қазан қайнап, дастарханынан

³⁴ Сонда, 1616-қор, 1-тізбе, 1-іс, 33-бет.

³⁵ Сонда.

қазы-қарта кетпеуші еді. Табын-табын жылқы, келе-келе түйе, мыңғырған қой мен сиыр даланың сәнін кіргізуші еді... Енді қазір қазақ сорлының азығы шөп-салам, құрт-құмырсқа. Олар иттің етін, тышқанды азық қылып отыр...»

Ақмола губерниялық «Мир труда» газеті күн сайын аштыққа ұшыраған халықтың жағдайын айнадағыдай көрсетіп отырды. Тіпті, адам етін жеу көбейіп бара жатқан соң, Орынбордан Петропавлға келген жедел хаттың түрі мынадай:

«Аштыққа ұшыраған аудандарда кісі етін жеу фактілері кездесіп отырғандықтан, оған жол бермеу үшін НКВД мұндай адамдарды сотқа тартпай, әкімшілік жаза бермей-ақ қоюды ұсынады. Кісі етін жейтіндер ақыл-есі дұрыс емес деп танылып, жеке қамалсын, олардың есін осылай жиғызу керек».

1922 жылғы 30-қыркүйектегі мәлімет бойынша Ақмола уезінде аш-арық ретінде 128698, Көкшетау уезінде 20083, Атбасар уезінде 14585 адам тіркелген. Осы мерзімге дейін Ресей жақтан өз бетімен келген 10 мың босқын бұрынғы тұрған жеріне қайтарылды.

Жағдайды осындай шиеленіскеніне қарамастан, деп атап көрсетілді, тағы бір құжатта: «Орталық (Мәскеудегі үкімет билігі.-З.Т.) өзіміздің Ақмола губерниясындағы жергілікті халықтың аштан қырылып жатқанын мойындамай, үнемі қысым көрсетіп келеді. Орталықтың нұсқауы бойынша Орынборға бес мың пұт, Башқұрт Республикасына бір мың пұт астық жөнелтілді.

1922 жылдың алғашқы үш айында шамамен есептегеннің өзінде 440 мыңнан аса адам аштыққа ұшыраған»³⁶.

* * *

Жоғарыда тәптіштеп көрсеткеніміздей, Мұхтар Әуезовтің орасан қуат жұмсап, мемлекеттік деңгейде қабылданған шешімнің нәтижесінде Орынбордан губернияларға өкілдер шықты. 1922 жылғы мамырдың басында ҚОАК төтенше өкілі ретінде Мұхтар Әуезов Семейге жүріп кетті. Мамырдың 5-күні Ақмола губерниясының орталығы Қызылжарға Қияқов өкіл болып келді.

Сол күні аштыққа қарсы күрес жөнінде губерниялық төтенше комиссияның мәжілісі болды. Мәжілісте уездер

³⁶ Сонда, 29-56-беттер.

бойынша қалыптасқан жағдай сараланды. Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездерінде, Атбасар мен Ақмола қалалары маңайында орналасқан қазақ ауылдарының қиын жағдайы тұңғыш рет баса көрсетілді. Тұңғыш рет деп отырғанымыз, осы комиссияның архивте сақталған бүкіл іс-қағаздарын қарап шықанымызда, бұл аймақтың аштық тауқыметін өзгелерден гөрі көп тартып отырғаны бұрын айтылмайтын.

Қабылданған қаулының 5-ші бабында ПОМГОЛ комиссиясының құрамына қазақтардан адам кіргізу туралы Мағжан Жұмабаевтың ұсыныс енгізгені көрінеді. Бұл ұсыныс қабыл алынып, М.Жұмабаев аштыққа қарсы күрес комиссиясы төрағасының орынбасары болып бекітіледі³⁷.

Мағжан өміріндегі аса бір бедерлі белес, оның қайраткерлігін айғақтайтын кезең, бірақ бұрын зерттеліп, қағазға түспеген осы қызметін уақыт тізбегі түрінде көрсетейік:

Сол күні М.Жұмабаев Қостанай губкомының өкілдері ретінде Любимов пен Клочковты Семей губерниясына іссапарға жіберу қағазына қол қояды.

Ертеңіне, яғни мамырдың 6-күні Иван Михайлович Бобен мен Георгий Елисеевич Сальниковты Петропавл уезі Вознесен болысы Надежда поселкесінің өкілдері ретінде Ақмола уезіне мал мен астық жинауға жіберіп, мандаттарына қол қояды.

Мамырдың 22-күні Биғозин Ғалымның Атбасар уезіне өкіл болып баратын мандатына қол қояды.

1922 жылғы 9-маусым күні ПОМГОЛ төрағасының орынбасары Жұмабаев губерниялық әскери комиссар Приморскийге қазақтың 100 жетім баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын қамқорлыққа алуды сұрап, хат жолдайды.

1922 жылғы 11-маусым күні Мағжан «Мир труда» газетіне мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, ащы шындықты жайып тастайды. Мағжанның ой жүйесінен хабар беретін, қара сөздегі қалам-қайратын көрсететін бұл мақаланы тұтас келтірдік.

³⁷ Сонда, 1616-кор, 1-тізбе, 4-іс, 20-бет.

Голод в Сары-арке

«Воды Волги покрытая льдом, всем будет путь через нее. Если умрет хан Волги, мудрейший Едиге, умрет все живое на свете», так гласит историческая пословица киргизского народа. Злая воля истории веками хранила эту пословицу в памяти Киргизского народа, как будто для того, чтобы лишний раз доказать, что судьба киргизской Желтой Равнины – Сары-Арки на веки связаны с судьбой многоводной Волги.

Родившийся на берегах Волги царь-голод, опустошив ее цветущие долины, давно уже достиг к молчаливой Сары-Арке. Большая часть киргизского народа, население Оренбургской, Букеевской, Актюбинской, Уральской и Кустанайской губерний давно уже изнемогают в неравной борьбе с немим царем-голодом. В тех губерниях уже два года киргизы вместо любимой кобылятины едят мышей и собак, а вместо «белого» кумызу пьют воду вонючих колодцев и луж. Там киргизы белые и бледные, как тени бродят по беспредельной желтой равнине и ловят сусликов, а суслики ловят их. В тех губерниях, уничтожив почти весь скот, заставив людей высоко разборчивых в пище, киргиз ест грязных животных и даже друг друга, беспощадный враг голод безшумно вошел и в нашу губернию.

С осени 1921 года наша Акмолинская губерния сделалась ареной смертного шествия немого царя. С тех пор киргизы нашей губернии на почве голода переживают те же испытания и страдания, каковым в течение двух лет подвергнуты их братья в верхних губерниях Киргизской Республики.

Передо мной лежат официальные отношения нескольких Киргизских волисполкомов Петропавловского и Кокчетавского уездов. Именалинский волисполком пишет: «В нашей волости голод начал сильно чувствоваться с ноября 1921 года. Все бедное население волости до осени, съев весь свой скот, всю зиму поголовно занималось скотокрадством. Небывалый джут прошлой зимы скосил почти весь скот, каковой сократился до 70 процентов. Люди пухнут и умирают. С ноября по май месяц волисполкомом зарегистрировано 270 случаев голодной смерти...». Сарайгырский волисполком пишет: «С января по май месяц зарегистрировано 72 случая голодной смерти. Голод все возрастает. Масса скота

погибла от апрельской ледяной бури. Чрезмерно усиливается скотокрадство.

Мугаллим 26-ой киргизской школы товарищ Избасаров о положении аула Байгабул, находящегося в 18-ти верстах от Петропавловска, пишет следующее:

«Аул Байгабыл состоит из 40 кибиток жатаков-бедняков. Джутом прошлой зимы хозяйство их окончательно разрушено. За зиму от голодной смерти умерло 17 человек. В хозяйстве в настоящее время не имеет ни одной головы скота. Многие пришли в город и бродят нищими по улицам...»

Из Баимбетской и Айыртавской волостей Кокчетавского уезда сообщают почти тоже самое.

А из Акмолинского и Атбасарского уездов пока никаких сведений не имеется. Только недавно в ташкентской газете «Ак жол» мне удалось видеть сообщение, где две киргизских волости Акмолинского уезда, Чуйского района перекочевали в Аулиеатинский, Чимкентский и Туркестанский уезды Туркестанской Республики.

Я думаю, что эти выписки безусловно могут засвидетельствовать степень бедственного положения киргиз нашей губернии. Словом, кроме одной Семипалатинской губернии вся Киргизская Сары-Арка от Каспийского моря до Иртыша находится во власти голода. Разрушаются хозяйства, уничтожается скот и не будет преувелечением, если скажем – вымирает несколько миллионный Киргизский народ.

Однако, многие ли знают об этом? К сожалению, знают не многие и знают непростительно мало. Причина такого незнания кроется в следующем. В прошлом году, как только постигло бедствие Поволжья заволновалась вся Россия. Широкошумная Волга заставила зашуметь всю страну. Ибо, во-первых, Волга – ближе к центру, во-вторых, население Поволжья гораздо культурнее чем киргизы. А, культурный человек, всегда сумеет заставить других услышать свой голос. Напротив, молчаливая Сары-Арка покорно приняв царя-голода, ведет с ним безмолвную борьбу и безмолвно и безропотно умирает в этой неравной борьбе.

Криклив и суетлив человек голода, что он не замечает тихой смерти сына Сары-Арки. Шумлив город культурного человека, что он своим шумом заглушает тихий стон Сары-Арки. Вот одна из причин незнания русского общества об ужасах голода в киргизской степи.

Словом, каких бы то причин не было, но факт остается фактом. На почве голода разрушаются киргизские хозяйства и сам народ подвергнут нравственному разложению.

Этими словами я вовсе не хочу сказать, что голод в Сары-Арке сильнее чем на Поволжье. Это было бы совершенно несоответствующим истине преувеличением. Я хочу сказать только следующее: Молчание Сары-Арки вовсе не дает право признать ее спокойной и сытой.

Пора же отказаться от старого взгляда Екатеринских времен на Сары-Арку, как на сказочную Киргиз-Кайсацкую орду, как край, «где все обилием дышит», где кумыз льется рекой и где копченое мясо под открытым небом завялено горой.

Пора услышать стон Сары-Арки и понять полное страданий жуткое молчание киргизского народа.

Магжан.

11 июня 1922 года.

Біздің қазақшалағанымыз мынау:

Сарыарқадағы аштық

«Еділ тоңса, кім кешпес? Едіге өлсе, кім келмес? Әзір Еділ тоңбайды, Әзір Едіге өлмейді, Еділдің ханы Едіге өлсе күн сөнеді, ай тұғылады».

Тарих тереңінен ұмытылмай келе жатқан осы бір қанатты тіркестер қазақ халқының тағдырында Еділдің қандай орын алатынын, қазақтың Сарыарқасы мен мол сулы Еділ дариясының үзілмес байланысын көрсетеді.

Еділ жағасында басталған алапат аштық алып өзеннің алабындағы қалың елді жайпап, Сарыарқаның маң дала-сына келіп жеткелі де бірталай болды. Қазақтың тұтас өңірі Орынбор мен Бөкейлік, Ақтөбе мен Орал, Қостанай губернияларындағы қазақ ауылдары аранын ашқан аштықпен алысып, діңкесі құрыды. Бұл елдердің бір кезде қазы мен карта шайнаған қазақтары тышқан аулап, иттің етін азық қылатын жағдайға жетті, сапырылған сары қымыз көзден бір-бір ұшып, құрттап кеткен құдықтың, сасыған шалшықтың борсыған суымен сусындауда.

Өңсіз-түссіз, бетінен қаны қашқан тірі аруақтар шетсіз-шексіз далаға қаңғып кетті, олар саршұнақ аулап, әлі біткен

жерде құлап жатыр, сол саршұнақтарға өздері де жем болуда. Тамақты таңдап, талғап ішетін қазақ малдан жұрдай болып, өлексеге таласуда. Бірінің етін бірі жеуден тайынбайды. Аранын ашқан аштық ақырын жылжып, біздің губернияның шебіне кірді.

1921 жылдың күзінен біздің Ақмола губерниясы аштықтың қанды шеңгеліне ілікті. Екі жылдан бері жоғарыда айтылған губерниялардағы бауырларымыздың басындағы қасірет бізге де келді. Менің алдымда Петропавл және Көкшетау уездеріндегі қазақ болыстарынан келген ресми хабарлар жатыр. Еменәлі болысының төрағасы жазады: «Біздің болыста аштық 1921 жылдың қарашасына қарай тіпті асқынып кетті. Күзге дейін тігерге тұяғы қалмаған халық ұрлыққа бет қойды. Былтырғы алапат жұттан малдың үштен екісі қырылып қалған болатын. Адамдар ісіп-кеуіп өліп жатыр. Қарашаның қысынан мамыр, көктемге дейін 270 адамның аштан өлгенін қағаздадық...»

Сарыайғыр болысынан: «Қаңтардан мамырға дейін 72 адам өлді, аштық күннен-күнге қысып барады. Сәуірдің сары аязында қалған мал қырылды. Ұрлық белең алып кетті».

26-қазақ мектебінің мұғалімі Ізбасаров Петропавлдан 18 шақырым жердегі Байғабыл ауылының жайы туралы былай деп жазыпты: «Байғабылда 40 шақты түндік кедей-жатақ бар еді, былтырғы жұт оларды тұралатып кетті. Бір қыста 17 адам аштан өлді. Малсыз ауылдың адамдары босып қалаға кетті, қаңғып жүріп көшеде өліп жатыр...»

Көкшетау уезінің Бәйімбет және Айыртау болыстарынан да осындай суық хабар алып отырмыз.

Ақмола және Атбасар уездерінен әзір хабар жоқ. Тек таяуда Ташкенттің «Ақ жол» газетінде Ақмола уезі Шу ауданының екі қазақ болысы Түркістан республикасының Әулиеата, Шымкент және Түркістан уездеріне тік көтеріліп ауып келді деген ақпар басылды.

Осы айтылғандардың өзі-ақ қырдағы қазақтардың қайғылы халін көрсетеді. Жалғыз Семей губерниясын қоспағанда Каспийден Ертіске дейінгі аралықтағы бүкіл Сарыарқа өңірі аштыққа ұшырап отыр. Мал қырылып, елдің берекесі кетті, бұлай бола берсе, бірнеше миллион қазақ құрып бітер күн де алыс емес. Алайда, осы жағдайды басқа жұрт біле ме? Өкінішке қарай қалың қауым нақты жағдайды білмейді.

Ал, енді осындай қанды қырғынның себебі неде? Былтыр, Еділ бойы ашыққанда бүкіл Ресей дабыл қақты. Кең арналы Еділ бүкіл елді дүр сілкіндірді. Өйткені, Еділ орталыққа жақын, екіншіден, Еділ бойы халқының қазақтардан гөрі көзі ашық, әлбетте, мәдениетті халық басқаларға өз сөзін тыңдата алады. Ал, бұған керісінше, қасіретке мойын ұсынып, үн шығармай жатқан Сарыарқа, сол аштықпен арпалысуда, қауқары біткен соң жеңіліп, тұяқ серіппей жан тапсыруда.

Аштыққабырғаға батқанда адамның есі кетеді, шырқырап жан даусы шығады, осындай кезде басқалар Сарыарқа ұлының ыңырсып қана жан тәсілім бергенін байқамайды. Мәдениетті қала адамы айқай-шу көтеруге бейім, ол өзінің осы шуымен Сарыарқаның әлсіз ғана ыңқылын басып кетеді, естіртпейді. Міне, қазақ даласындағы аштық сұмдығын орыс жұртшылығы білмеуінің бір себебі осында.

Әйтеуір, қандай себеп болса да, нақты жағдай осындай, басқаша емес. Аштықтың ауыртпалығынан ауыл құрып барады, ал қазақ халқы адамдық бейнесінен ада болуда.

Мен бұл сөздерді жазғанда Сарыарқадағы аштық Еділ бойындағыдан да алапат дегім келмейді, деген болсам, ақиқаттан аттаған болар едім. Айтпағым мынау ғана: Сарыарқа дабыл қақпаса, ол тойғандықтан, немесе жаны жай тапқандықтан емес.

Байлыққа бөккен, қырғыз-қайсақтың берекелі Екатерина заманындағы ертегі өлкесі деп қарамайық оған. Сарықымызы өзендей сарқыраған, сүрленген еті тау-тау болып үйіліп жататын Сарыарқа жоқ.

Сарыарқаның жан күйзелісіне құлақ салып, қазақ халқының ауыр ыңырсыған, азалы үнсіздігін түсінетін кез келді.

Мағжан

11-шілде, 1922 жыл

Мағжанның Көкшетауға іссапары. 1922 жылғы 23-маусым күнгі комиссия мәжілісінде Мағжан сөйлейді: «Петропавл станциясында 1500 аш-арық жүр, олар елдеріне қайтқысы келеді. Осыларды қосқанда таяу арада 5000 адамды қайтару керек. Олардың құжаттарын тексеру жөнінде сөз қозғалмасын».

1922 жылғы 1-шілде. «Аштықпен күрес жөніндегі Ақмола губерниялық төтенше комиссиясы төрағасының орынбасары Мағжан Бекенұлы Жұмабаев аштарға көмек көрсету үшін Петропавл және Көкшетау уездеріне жіберілді.

М.Жұмабаевқа аштарға көмектесу жөнінде жұртшылық арасында үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізу үшін қазақ қызметкерлерін, ақсақалдарды пайдалану құқы беріледі.

ҚОАК және ЦЧКГ төтенше өкілі Қияков»³⁸.

Сол күні М.Жұмабаев пен Қияков Петропавлдан Көкшетауға қарай салт атпен шығып кетеді³⁹. Қазақ ауылдарын 50 күн бойы аралап, жағдаймен танысып, аштарға көмек көрсету жөнінде нақты шараларды ұйымдастырады.

Шілденің 14 күні Мағжан Көкшетау уездік атқару комитеті шақырған жиналысқа қатысады. Жанында еріп барған молла Ғалиасқар Айтқожинді Ақсары, Қотыркөл, Шығыс, Жауар, Көксеңгір болыстарына жібереді.

1922 жылдың 29-тамызында Қияков та Петропавлға қай-тып келеді.

Бұл сапардағы жұмыстары жөнінде Мағжан Жұмабаев орыс тілінде арнайы есеп-баяндама жасап тапсырған. Бұл – Мағжанның осы қызметтегі аты аталатын және Петропавлда жазған соңғы құжат.

В Акмолгубчрезкомпомгол

Доклад

1 июля выехал из П-Павловска вместе с тов. Кияковым. На меня было возложено произвести прикреплению в голодающих киргизских районах Кокчетавского и Петропавловского уездов, сбор продовольственных пожертвований в благополучных районах и налаживание работ Кокчетавского укомпомгола.

9 июля приехали в Кокчетав, откуда тов. Кияков отправил в Атбасар и Акмолинск для вышеуказанных работ. 14 июля мною проведено внеочередное пленарное заседание, где между прочим постановили – немедленно приступить к сбору пожертвований среди кирнаселения придерживаясь принципа по одной голове крупскота с каждого административ-

³⁸ СКОММ. 41-қор, 1-тізбе, 10-іс, 20-23 беттер.

³⁹ Сонда, 1616-қор, 1-тізбе, 2-іс, 26-бет.

тивного аула и 1/3 сбора препроводить в П-Павловск в распоряжение губпомгола, а 2/3 сбора распределять на местах среди голодающего населения, а так же срочно организовать в Кокчетаве дом для киргизских детей.

16 июля выехал в голодные западные волости Кокчетавского уезда для ознакомления с положением на местах и производства прикрепления. Был в Чунгурчинской, Карачинской, Мезгильской и Айыртавской волостях. Положение населения в выше указанных волостях действительно было катастрофическое. 90% населения питалось ягодами. Был очевидцем многих заболеваний на почве голода. Побыв 10-11 дней в вышеуказанных волостях я употребил все силы на прикрепление, каковое мною произведено довольно удовлетворительно по принципу из 5 дойных коров и кобыл одну голову передавали голодающим семьям на временное пользование т.е. до зимы.

Кстати, необходимо указать, что взимание маслониного налога крайне обезсилило голодное население. Например, хозяйство из 10 душ, питающееся молоком одной коровы, и оно принуждено было сдать налог, само на целый месяц буквально нищенствовало.

Закончив прикрепление, к концу июля обратно приехал в Кокчетав, откуда вместе с членом укомпомгола, уездным мухтасибом тов. Айтхожиным выехал в восточные благополучные волости.

Был в Кокчетавской и Котуркульской волостях. Население на мой призыв о помощи отзывалось весьма сочувственно. Население двухволостей пожертвовало 70 голов крупного и мелкого скота и 150 штук разных кож.

Я дав полномочие мухтасибу Айтхожину согласно постановления укомпомгола 2/3 всего сбора представить в Кокчетав для распределения между гол. населением западных волостей, а 1/3 немедленно представить в П-Павловск, каковая часть на днях безусловно будет представлена сюда.

Мухтасиб Айтхожин по моему распоряжению поехал дальше в Аксаринскую, Джаварскую и Восточную волости для отправки в Кокчетав и Петропавловск собранный в вышеуказанных волостях скот.

На обратном пути в П-Павловск я вместе с уполномоченным губпомгола тов. Жакуповым был в Жамантузской, Ту-

рангольской волостях П-Павловского уезда. Население этих волостей полуголодает. Однако, более зажиточная часть населения на мой призыв о помощи отозвалась весьма охотно.

Тайнчинская волость пожертвовала 20 голов крупскота и 20 кож, Жамантузская волость 20 гол. крупскота и 25 кож. Туранская волость 7 г. крупскота и 5 кож.

Мною дано распоряжение тов. Жакупову весь этот сбор распределить между голнаселением по удостоверению волисполкомов и волкомитетов взаимопомощи.

Организация сбора в 4-х волостях Петропавловского уезда закончилась 15 августа.

17 августа прибыл в город Петропавловск⁴⁰.

**Зампред Акмолгубчрезкомпомгола
М.Жумабаев.**

г. Петропавловск, 20 августа 1922 года.

Құжатты түпнұсқа тілінде ұсына отырып, оның мәтінін қазақшалауды да жөн көрдік.

Баяннама

Шілденің 1-күні Қияқов жолдас екеуміз Петропавлдан аттанып кеттік. Маған Көкшетау және Петропавл уездеріндегі қазақ ауылдарын аралап, аштыққа ұшыраған қазақтар үшін малы бар аймақтардан азық-түлік жинап, тарату және Көкшетау уездік аштарға көмек комиссиясының жұмысын жолға қою тапсырылған болатын.

Шілденің 9-күні Көкшетауға келдік. Қияқов жолдас сол жерден Атбасар арқылы Ақмолаға жүріп кетті. 14-шілде күні Көкшетауда кезектен тыс жалпы жиналыс өткізіп, жағдайды талқыладық. Қазақ ауылдарынан аштарға арнап жылу жинауға шұғыл кірісу туралы қаулы алынды. Әрбір әкімшілік ауылдан 1 ірі қарадан жинап, жиналған мал мен азық-түліктің үштен-бір бөлігін Петропавлға, губерниялық комиссияның құзырына жіберу, қалған үштен-екі бөлігін сол жердегі аштарға үлестіріп беруге ұйғарылды. Сондай-ақ, Көкшетау қаласында жетім қалған қазақ балалары үшін арнайы мекеме ұйымдастыруға келісілді.

⁴⁰ СҚОММ. 1616 қор, 1-тізбе, 2-іс, 26-бет.

16-шілде күні жер-жердегі жағдайлармен танысу үшін және аш-арықтарға көмек жасау үшін Шұңғыршы, Қарашы, Мезгіл және Айыртау болыстарына жүріп кеттім. Бұл аталған болыстардағы жағдай, шынында, жан шошырлық екен. Халықтың 90 проценті дала кезіп, жидек теріп, қоректенуде. Аштықтан дертке ұшыраған көп адамдарды көрдім. Аталған болыстарда 10-11 күндей жүріп, аштарға көмек көрсетуге күш салдым. Бес сиыры мен жылқысы барлардың бір малын алып, малы жоқтарға таратып, уақытша, қысқа дейін сауып, жүрек жалғайтындай жасадым.

Реті келіп тұрғанда, көрсетпесем болмайды, аштыққа ұшыраған отбасыларға салынған май салығы оларды мүлде тұралатып кетіпті. Мысалы, он жаны бар отбасы жалғыз сиырға қарап отырса да, салық түрінде май өткізуге міндеттелген, сөйтіп жаңағы он адам қайыршылыққа ұшыраған.

Аштарға азық үлестіріп, шілденің аяғына қарай Көкшетауға келдім де, уездік комиссияның мүшесі мұхтасип Айтқожин жолдасты ертіп, аштыққа ұшырай қоймаған шығыс өңірге аттанып кеттім. Көкшетау және Қотыркөл болыстарында болдым, жұртшылық аштарға көмек көрсету жөнінде менің сөздеріме қалтқысыз құлақ түрді. Осы екі болыстың халқы жылу ретінде ірілі-уақты жетпіс мал берді, жүз елу дана мал терісін жинады.

Укомпомголдың қаулысына сәйкес, жиналған малдың үштен-екі бөлігін Көкшетауға жеткізіп, аштыққа ұшыраған батыс болыстарға тарату және қалған үштен-бір бөлігін Петропавлға айдап әкелу жөнінде мұхтасип Айтқожинға тапсырма бердім, бұл мал таяуда келіп те қалар. Айтқожин менің жұмсауыммен Ақсары, Жауар және Шығыс болыстарына жүріп кеткен. Сол жақтан мал жинап, Көкшетау мен Петропавлға жібереді.

Петропавлға қайтар жолда губпомгол өкілі Жақыпов жолдаспен бірге Петропавл уезінің Жамантұз және Тереңкөл болыстарында болдым. Бұл болыстардың халқы аштыққа жартылай ұшыраған. Дегенмен, азкем малы барлар менің айтқанымды екі етпей, аштарға көмек көрсетуде.

Тайынша болысынан 20 ірі қара мен 20 тері, Жамантұз болысынан 20 ірі қара және 25 тері, Тұран болысынан 7 ірі қара мен 5 тері жиналды. Менің нұсқауыммен, Жақыпов жолдас бұл малдардың бәрін болыстық атқару комитетімен

келісе отырып, аш-арықтарға таратып берді. Петропавл уезіндегі 4 болыста мал жинау 15 тамызда аяқталды.

17-тамыз күні Петропавл қаласына келдім.

Аштарға көмек жөніндегі губерниялық төтенше комиссия төрағасының орынбасары М.Жұмабаев.

*Петропавл қаласы,
1922 жылғы 20-тамыз.*

Мағжан Жұмабаевтың бұл баяндамасы бір жарым айға жуық мерзім бойы қаралмай жатып, 1922 жылғы 13-қазанда губпомгол комиссиясы мәжілісінің күн тәртібіне енгізілді. Дәлірек айтқанда хаттамада жазылғандай: «Доклад зам. Предгубсовпомгола т. Джумабаева о поездке по Кокчетавскому и Петропавловскому уездам. Одобрено». Бұл жиналысқа Мағжанның өзі қатыспаған.

Тек бір анығы – сол күні аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссия басқаша құрылып «Аштықтың зардаптарын жою жөніндегі комиссия» болып аталған. Бірақ жаңа комиссияның құрамында Мағжан Жұмабаев жоқ.

ОҚУ- БІЛІМ КӨШІ БАСТАЛДЫ

- «Қызыл мұғалімдер» кімдер?
- Қазақ педтехникумының құрылуы
- Диплом алған алғашқы 8 мұғалім
- Қазақ жастарының хоры Мәскеуде
- Ұстаз – қашан да ұстаз
- Қазақ педтехникумында қазақ тілі өтпей қалды

1920 жылғы қаңтардың 10-күні Омбыдағы Сибревкомның жанынан Сібір облыстық оқу бөлімі құрылды. Оның 4 бөлімшесінің біреуі аз ұлттар бөлімшесі деп аталса, қазақ-татар секциясын Мағжан Жұмабаев басқарды. Мағжан сол жылғы қазан айында Омбы губерниялық есеп-санақ бюросының қарауында, халық санағын өткізуге қатысты. Өткен ғасырдың 20-жылдарында Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің жайын көзге елестету үшін Солтүстік аймақтағы жағдайларды саралау арқылы да бірқатар мағлұмат алуға болады. Халқының ұлттық құрамы, шаруашылық жағдайы ерекше Солтүстік Қазақстанның мысалдары республиканың тарихы үшін аса құнды тарихи деректер болып танылады.

Ақмола облысы Сібір ревкомының, яғни Ресейдің Омбы губерниясының қарауынан қайтарылып, Қазақ автономиялы республикасының құрамына енуіне байланысты **Ақмола губерниясы құрылғанда**, мемлекеттік мекемелердің алғашқыларының бірі болып, губерниялық оқу бөлімі 1921 жылғы мамырдың бірінен бастап жұмыс істей бастады.

Алғашқы шаралар уездегі оқу орындарының жағдайын түгендеу еді. Мысалы, сол кезде аймақта арнайы кәсіби білім беретін екінші басқыш ауылшаруашылығы мектебі ғана болды. Ол Петропавлдан 88 шақырым жердегі қазіргі Жәлел Ғизатов атындағы ауылшаруашылық колледжі.

Бұл – азды-көпті жабдықтары бар жалғыз мектеп. Оның кітапханасы, физика кабинеті, мектепке бейімделген үйі

болған. Оқушылар саны сол жылы әзірге 28 адам, биыл – 1921 жылғы күзде 45-ке жеткізу межеленген⁴¹.

1922 жылы екінші басқыш мектептердің саны үшеуге жетті.

Губерниялық ревкомның мектеп бөлімінің меңгерушілігіне Жанұзақ Жәнібеков тағайындалды. Оның алдында Ж.Жәнібеков Сибревкомға қараған Петропавл уездік оқу бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеген⁴². Осылайша, біз Жанұзақты елдегі халық ағарту ісінің басында болған қайраткерлердің қатарынан көреміз. Орталығы Петропавл болған Ақмола губерниясына қазіргі Қарағанды облысының жартысынан көбі, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қостанай облысының бір бөлігі қараған.

Оқу бөлімінің меңгерушісі Ж.Жәнібеков губревком төрағасы Әбдірахман Әйтиевке 1921 жылдың 20-мамырында мынадай көмек сұрап, хат тапсырады: «Губерниялық атқару бөліміне қазақ кадрлары жетіспейді. Шілденің басында губерниялық мұғалімдер курсын ашайық деп отырмыз. Курста сабақ беруге біздің қарауымызға Омбыдан Кемеңгеров пен Әділовті шақыртуыңызды сұраймын»⁴³.

Сол кезде Петропавл қаласында 21 мектеп болған. Оның 17-сі бірінші басқыш та, қалған 4-уі екінші басқыш. Мектептерге орын жетпегендіктен кейбір мектептер бір үйде кезектесіп, күнара сабақ беретін болған. Әлбетте, бұлардың бәрі орысша мектептер еді⁴⁴.

Мұғалімдер жетіспеді. Оның мәнісі ер мұғалімдердің (олар қазақ мұғалімдері емес.-З.Т.) Колчак әскерінс шақырылып кеткендігімен, ал азамат соғысынан аман қалғандарының қайтпай отырғандығымен түсіндірілген⁴⁵.

Осындай қиыншылық жағдайында мұғалімдер қатарын толықтыру үшін жазғы демалыс айларында «қызыл мұғалімдердің» курстары ұйымдастырылып, оларды оқып-бітірген 120 адам мектептерге жіберілген⁴⁶. Бұлар – орыс тілінде білім беретін мектептердің мұғалімдері. Келешекте

⁴¹ СҚОММ. 2-қор, 1-тізбе, 7-іс, 121-бет.

⁴² Сонда, 254-қор, 1-тізбе, 5-іс, 23-бет.

⁴³ СҚОММ. 55-қор, 3-тізбе, 23-іс, 145-бет.

⁴⁴ Сонда, 2-қор, 1-тізбе, 6-іс, 5-бет.

⁴⁵ Сонда, 8-бет

⁴⁶ Сонда, 10-бет.

екі айлық курстар ашу көзделіп отырғандығы да көрінеді⁴⁷. («Қызыл мұғалімдер» деп, бұрынғы патша өкіметі тұсында жұмыс істемеген, жаңадан дайындалған яғни, большевиктік мұғалімдерді атаған.-З.Т.).

1920 жылдың 20-қарашасында үш жылдық педагогикалық курс ашылып, оған жүз алпыс адам қабылданды. Оқуға ынта білдіргендердің көптігінен, бастапқыда екі топ ашу көзделсе, қосымша тағы екі топ ашылған. Курстың жанынан екі жатақхана ұйымдастырылды. Бірақ, олардың аты ғана болмаса, заты талапқа жауап бермейтін еді. Тыңдаушыларға төсек-орын, ыдыс-аяқ жетіспеді, тіпті жағатын отын да тапшы. Әуелде курс түрінде ашылған бұл оқу орны Петропавлдағы **орыс педагогика техникумына негіз болды.**

Осындай жағдайдың өзінде оқу бөлімінің жетекшілері Мәскеудегі халық ағарту наркомының «бағалы нұсқаулары орындалып революция жеңістерінің баянды болатынына сенімді» еді. Тіпті қалада халық ағарту ісінің шұғыл өрістеуі «аштық жайлап күйзелген, Еділ бойынан қаңғып келіп жатқандар арасында мұғалімдердің де болуымен»⁴⁸ де байланыстырылған. Жалаң ұранға еліккен халықтың сәби санасы уланып, сол алғашқы кездердің өзінде-ақ шындықты жасырып, жауырды жаба тоқу дәстүрінің басталғанын көрсетеді.

Қазақша оқытатын мұғалімдер жөнінде бұл кезде әзірше сөз бола қойған жоқ.

Қазақ мектептері туралы мына мағлұматтарды келтірейік. Тарихи жер аттары, алғашқы мұғалімдер қандай болғаны да қазіргі ұрпаққа қажет деп ойлаймын.

Мысалы, Еменәлі болысы бойынша мектептер мынадай екен:

Шорман ауылындағы мектепте мұғалім Үмітбай Балқашев, 23 жаста, 1919 жылдың 1-қарашасынан бастап істейді.

Маныбай ауылында Ғали Мусин, 34 жаста, 1920 жылғы 1-қарашадан бастап істейді.

Уақбай ауылындағы мектепте 14 үйдің 30 баласы оқиды. Мұғалімдері: Жүсіпов Нұрмұхамед 1919 жылғы 1-қаңтардан, Жүндібаев Оспан – 1919 жылғы 1-қарашадан жұмыс істейді.

⁴⁷ Сонда, 11-бет.

⁴⁸ Сонда, 2-қор, 1-тізбе, 7-іс, 5-бет.

Тереңкөл болысында: Дәуіт ауылындағы мектепте Қанафин Нұрахмет – 17 жаста, 1920 жылғы 1-желтоқсаннан, Жәуке ауылында Әбжанов Сафар – 18 жаста, 1920 жылғы 1-желтоқсаннан, Тоқымбек ауылында Ермұқанов Ережеп -18 жаста, 1920 жылғы 15-желтоқсаннан бастап мұғалім.

Мұстафин Саид 1926 жылы Петропавлда бір айлық мұғалімдер курсын бітірген, Бейнетқор болысының №27 мектебінде мұғалім.

Есенбаев Әбдірахман, 1900 жылы туған, мұғалім.

Жұмабаев Абылай, 1896 жылы туған, Явленка селосында 1919 жылдан мұғалім.

Жақыпов Баймұрат, 1888 жылы туған, 1917 жылдан мұғалім.

Әлімбаев Әбдірәшид, 1895 жылы туған, 1910 жылдан мұғалім.

Архивтің әр жерінде шашырап жатқан мағлұматтарды теріп, осы мұғалімдердің әрқайсысының білім беру ісіндегі өлшеусіз еңбегіне құрмет көрсету ниетіміз осындай.

Бәлкім, бұл азаматтар дер кезінде өз бағасын ала алмаған да шығар. Олардың ұрпақтары жас Қазақ республикасының азаматтарының көзін ашқан аталарын мақтан етуіне тұрады. Біздің ғылым-білім саласындағы бүгін жеткен биіктеріміз сол есімдерден басталған.

Осы орайда маған бір ой келеді. Алуан түрлі ескерткіштер салынып жатыр ғой, солардың арасында әрбір өлкеде барлық мұғалім атаулыға ортақ «Мұғалім» ескерткішін неге қоймаймыз. Мұғалім көшесі деген қай қалада, ауылда бар? Ойланып көріңіздерші...

Қазақ автономиясының әр жерінде ашылып жатқан қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлау мәселесі қиындығы түсінікті.

Сондықтан, Петропавлда Қазақ педагогика техникумының құрылуы мен оның оқу орны ретінде қалыптасу тарихы еліміздегі білім беру ісінің шежіресін тарқатуға көмектеседі.

Кеңестердің екінші Жалпықазақ съезінде Қазақ автономиялық республикасының мемлекеттік құрылымы, ішкі саясаты қазақ ұлтының мүддесіне сай келуі қажеттігі атап көрсетілді. Осыған байланысты 1922 жылғы 14-маусымда губерниялық атқару комитеті қазағы басым болыстар мен ауылдарда кеңсе іс қағаздарын қазақша

жүргізу туралы қаулы алды. Бұл мәселе едәуір табысты шешілген.

Кейінірек, губерниялық және уездік мекемелерді қазақ қызметкерлерімен толықтыру туралы қаулы алынып, бұл жұмысты жүзеге асыратын арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына Қызылжардың байырғы интеллигенттері енгізілді. Олар мұғалімдердің білімін жетілдіру және маман мұғалімдер даярлау ісімен айналысты.

...Бүкіл өлкені жайлаған аштықтың беті қайтып, халық өзіне-өзі келе бастаған кезде, 1922 жылғы 10-қазанда Ақмола губерниялық оқу бөлімі қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлау мәселесін жеке қарады. Ақмолада және Атбасарда ашылған, бірақ іс жүзінде жұмыс істемейтін курстарды жауып, 1922 жылғы **1-қарашадан бастап Петропавлда қазақ мұғалімдерінің курсын ашу туралы шешім қабылданды.** Оны ұйымдастыру Жұмағали Тілеулинге тапсырылды.

Жас қазақ үкіметінің күн тәртібіне бірінші қойған мәселесі халық ағарту, бұл жолға жеткізетін шара ретінде әуелі мұғалімдер даярлау болатын. Сол кездегі Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Сәкен Сейфуллин «Еңбекшіл қазақ» газетінде⁴⁹ «Зор міндет» деген тақырыппен мақала жазып, оқу-ағарту ісінің, сауатсыздықты жоюдың ұлт келешегі үшін маңызы қаншалықты қымбат екендігін көрсетіп берді:

«Бұрын патша заманында қазақ мектеп, медресе һәм школ ашпақ болса, патша үкіметінен тіленіп, сұранып неше жыл жүріп, зарығып, тілегін көбіне ала алмай қалушы еді. Енді совет үкіметі қазақ сияқты бұрынғы құлдықта жүріп, оқу оқи алмаған, өнер-білім ала алмаған халыққа кең қылып оқу-білім қақпасын ашып отыр... Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек, оқу керек!» деп жар салды. Ол жаңа заман жағдайында халқының болашағын тек озық білімнен ғана іздеді.

Үкімет басшысы ретінде С.Сейфуллин: «Қазақстанда ең керекті ісіміз болған оқу жүйесіне қарауға мұршамыз келмесе, енді мұршамыз аз да болса келетін болды», деп, мемлекеттік бағдарлама ретінде: «Жер-жердегі мекемелер һәм Қазақстанның бас мекемелері қолындағы барлық қаражаттың қақ жартысын (50 процентін) оқу ісіне салу керек! Олай қылмай, оқуға құр сөзбен ғана көмек қылсақ, оқу ісі өмірінде алға баспайды», деп кесімді жарлық берді.

⁴⁹ «Еңбекші қазақ» газеті, 1922 жыл, 21-қараша.

Мұндай батыл шаралар жергілікті мүмкіндіктерді, қолынан іс келетін сергек азаматтардың күш-қуатын мейлінше сарқа пайдалануы керек-ті.

Айта кету керек, осының алдында көрсеткеніміздей, мұнда орыс тілінде оқытатын мектептер үшін мұғалімдер даярлайтын курс бұрыннан жұмыс істеп жатқан. Енді міне, қазақша курс сонымен жарыса ұйымдастырылуға тиіс болды. Оқу үйі ретінде сол кездегі Среднесадовая көшесіндегі 61 үй, яғни бұрынғы қазақ клубы берілді.

Бастапқы (бірінші) дайындық курсына сауаты төмен 17 адам, екінші курсқа сауаты біршама ілгері 17 ұл, 1 қыз қабылданды. Ол жалғыз қыздың аты – Айша, фамилиясы Темірбекова.

Әуелде орыс педагогика техникумының қазақ бөлімшесі ретінде құрылған курс жеке отау тігіп, бөлінді де жетекшісі Хамза Жүсіпбеков болды. Көп ұзамай ол басқа жұмысқа ауысып кетіп, орнына Жанұзақ Жәнібеков келді.

Мұрағат құжаттарын зерттеу нәтижесінде Қызылжардағы қазақ педтехникумының ашылған дәл күні 1922 жылдың 27-қарашасы деп тұжырым жасаймыз. Өйткені, 5-қараша күні Қызылжардағы оқыған қазақ азаматтары бас қосып «Қазақша 3 жылдық мұғалімдер курсын» ұйымдастыру мәселесін талқылады. Бұл жөнінде арнайы хаттама жасалған. Сондағы ретпен айтатын болсақ, алғашқы ұйымдық жиынға қатысқандар мыналар: Жанұзақ Жәнібеков, Жұмағали Тілеулин, Сабыр (Мұхамедсабыр) Айтқожин, Кочеганов, Мұхамеджан Бейсенов, Бірмұхамед (Бірге) Айбасов, Ғалауетден Мәмеков, Ғалиолла Ғалымжанов, Сәдуақас Жандосов, Байбатыр Ержанов (кей жерде Бибатыр).

Бұлардың бәрі де әртүрлі мекемелерде, кейбіреулері мектептерде жұмыс істейтін, көбінің мұғалімдік білімі мен тәжірибесі бар адамдар.

Мысалы, мұғалім Жанұзақ Жәнібековтің 1908 жылы Қазақстанда басылып шыққан «Айна» деген кітабының қолжазбасы бүгінгі күнге дейін Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы тұр (буманың рет саны – 152). Сол кездегі басқа да ағартушы ұстаздар сияқты Ж.Жәнібеков те қазақ балаларының оқып-білім алып, жетілуіне үлкен үлес қосқан қайраткер ретінде танылды.

Қазан университетінің кітапханасындағы көп қазы-наның арасында осы Қызылжарлық мұғалім, 1925

жылы қаладағы №1 қазақ мектебін басқарған⁵⁰ Ержанов Бибатырдың «Оқуға махаббат» деген кітабының қолжазбасы да жатыр. Әрі оқулық, әрі насихат бұл еңбек 1912 жылы Мағжанның өлеңдер жинағымен қатар басылып шыққан. Кітаптың мазмұны балаларды білімге шақыру. Бибатыр ұстаз өз халқының келешегін білімді жастарға тапсырады. Тілі жеңіл, әрі түсінікті. Іздеген адамға, бұл құжаттың 1291 рет санымен сақталып жатқанын да көрсетейік.

Қолға алып отырған жұмыстың қаншалықты маңызды екенін түсініп, қаланың бас көтерерлері мұғалімдер даярлайтын жаңа оқу орнын ұйымдастыруға түгел жиналған.

Жиналыстың төрағалығына Ж.Тілеулин, орынбасарлығына Ж.Жәнібеков, хатшылығына Ғ.Мәмеков сайланды. Курстың сабағын бір жұмадан кейін, яғни, 1922 жылғы қарашаның 12-жұлдызында бастауға мәміле етіседі. Бірақ ұйымдастыру жұмыстары түрлі себептермен созылыңқырап кеткен.

1922 жылы 27-қараша күні 16 сағатта қазақ мұғалімдерін даярлау курсы салтанатты түрде ашылған. Тыңдаушылар алдында Жұмағали Тілеулин, Мұхаметжан Бейсенов, Жанұзақ Жәнібеков және басқалары сөз сөйлеген⁵¹.

Болашақ мұғалімдерге мынадай пәндерден дәрістер берілген: қазақ тілі, қазақ халқының тарихы, арифметика, алгебра, геометрия, табиғаттану, мәдениет тарихы, орыс тілі, ән-күй, география, сурет және гимнастика.

Бұрын қалада бұл тектес оқу орны болмағандықтан, сабақ беретін мұғалімдерді іздеп табу қиын еді. Әр оқу жылында оқытушылар шамасы келгенше мамандығына, тіпті жанына жақын кез келген пәнді алуына мәжбүр болғаны көрініп тұр.

Мысалы, Ж.Тілеулин тарих, қазақ әдебиеті, педагогика, бала тәрбиесі, тән тазалығы, тіпті революция тарихынан да сабақ берген. Ал негізгі білімі – Омбының орталық фельдшерлік мектебі.

Орысша-мұсылманша жап-жақсы даярлығы бар, Троицк мұсылман медресесін бітірген Ғалауетдин Есенбайұлы Мәмеков орыс тілі мен физиканы қатар жүргізген.

Жандосов Сәдуақас Уфа медресесін бітірген.

⁵⁰ СҚО ММ. 921-қор, 1-тізбе, 1-іс, 19-бет.

⁵¹ Сонда, 1074-қор, 1-тізбе, 2-іс, 1-29-беттер.

Омбының ауылшаруашылығы училищесінің түлегі, губерниялық жер бөлімін басқаратын Бірмұхамед Айбасов табиғаттану, жер шаруашылығы пәндеріне жетік болған.

Ал Хамит Кемелов деген мұғалім гимназия білімімен-ақ математиканы оқытқан.

Қазақ педагогика техникумының оқытушылары арасындағы жалғыз ғана жоғары білімді мұғалім, Украинадағы Нежин педагогика институтын бітіріп, соған дейін 25 жыл мұғалім болған, Алексей Алексеевич Кибальчич негізгі мамандығы тарихшы әрі филолог болғанымен химияны, математикасымен, тағы басқасымен қосып оқыта берген. Тіпті оқу лабораториясын ашып, соған түрлі химиялық реактивтер алдырған.

* * *

Қазақ педагогика техникумы аса қиын жағдайда қалыптасқан. Апталық педагогикалық кеңестерде неше баланың үстіне ілері, аяғына киері болмай, бөлмеден шыға алмай отырғаны, төсек-орын жетпегендіктен еденде ұйықтайтыны сөз болады. Әрбір мұғалім өз үйімізден оқушыларға киім әкеп берейік, деген ұсыныстар да айтылыпты.

Күні кеше ғана ақ пен қызыл соғысып, одан кейін аштық қаусатып кеткен Қызылжардан не көмек? Елін жинай алмай, жерін бүтіндей алмай жатқан жас Қазақ үкіметінен не қайыр?

Мұғалімдер, негізгі жұмыс орындары басқа болса да, сабақтарын үзбеген, қандай бір себеппен кешігіп қалған жағдайда бірін-бірі іреп-сойып, жанкештілікпен оқытқан.

Атап айту керек, осындай сын сәтте барлық ауыртпалықты атандай арқалап, пілдей сүйреген Жұмағали Тілеулин! Және оған қалтқысыз көмектесетін адал серіктері. Өз ұлтына жасар жақсылығы, қолдарынан келері осы ғана екенін түсінген ардагер азаматтар!

Оқып көрейік: «Киімі жоқ, жол қаражаты тапшы балалар тонып, тіпті жолда үсіп қалмас үшін қысқы каникул-демалыс берілмесін. Сабақ жалғаса берсін». Педагогикалық кеңес осылай да қаулы алыпты.

Тағы кімдер сабақ берген? Губерниялық жер бөлімінде істейтін Омаров Әшім, атқару комитеті әкімшілік бөлімінің бастығы Мұхамедов Оразбек – қоғамтанудан, Орынбордың

«Хусайния» медресесін бітірген, губерниялық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары Болғанбаев Хайретдин, совпарт мектебінде сабақ беретін Кемелов Әли сол сияқты бірнеше адам...

Қазақстан оқу халық комиссариаты жалпы білім беретін мектептер мен педагогикалық техникумдар үшін авторлар жасақтап оларға тездетіп қазақ тілінде оқулықтар жазуды тапсырды. Олардың ішінде мысалы: Жүсіпбек Аймауытов «Дидактика», Мағжан Жұмабаев «Педагогика» және «Қазақ тарихы мен әдебиет танытқыш», Хайретдин Болғанбаев «Жалпы тарих» оқулықтарын жазуға тиіс болды. Ал, Жұмағали Тілеулинге «Мектеп оқушыларының гигиенасы» деген кітап тапсырылды⁵².

Ал енді келесі бір мәліметте Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» 5 мың дана, Ж.Тілеулиннің оқулығы «Денсаулық» деген атпен 3 мың дана басылып шыққан⁵³.

Қазақ тілінде оқулықтар, тәрбиелік мәні бар саяси-қоғамдық әдебиеттер жетіспеді. Шәкірттерден хат танытатын ғана қауқары бар мұғалімдер емес, елін, жерін сүйетін, ойы өрісті мамандар даярлау оңай болған жоқ. Бұл кемдікті еліміздің білікті азаматтары толтырды.

1925 жылы Орынборда Смағұл Сәдуақасовтың «Жастармен әңгіме» деген ғылыми-көпшілік кітапшасы шығып, техникум оқушылары арасында таралды. «Жастар және үстіміздегі заман», «Жастардың кемшіліктері және оны қалай түзету керек», «Жастардың қазіргі міндеттері» деген тарауларынан-ақ көрініп тұрғандай, бұл еңбек аса маңызды тәрбиелік құрал болды.

Дамудың жаңа кезеңінде туған халқына тірек, қорған, қамқоршы болатын – сол жастар еді, олардың ішінде осы оқу орнынан сапалы білім алғандары.

Міне, Қызылжардағы ақ ниетті, адал ұстаздар болашақ мұғалімдер осыған тәрбиеледі.

Уақыт зымырап өте берді. Әуелде екінші басқышқа 17 бала қабылданған болса, соның сегізі 1925 жылы оқу бітіріп, қолына құжат алды. Қызылжар педтехникумы өз бауырлары мен қандастарына қазақ тілінде, анасы мен атасының тілінде сабақ беретін алғашқы 8 мұғалімді қатарға қосты. Ерлік емес пе? Оқытқандардың ерлігі, оқығандардың әрі төзімділігі, әрі

⁵² ҚРОМА. 81-қор. 1-тізбе, 429-іс, 149-бет.

⁵³ Иманбаева С.«Ақиқат» журналы, 2001.№1. 66-67 беттер.

білімге деген құштарлығы осындай-ақ болар. Ендеше сол тұңғыштардың атын атайық. (Сол кездегі тізімнің ретімен жаздық.)

Қауменов Сәлден, 1900 ж. туған.

Бекбасов Кәрішал, 1899 ж. туған.

Өсіпов Қамза, 1899 ж. туған.

Елемесов Абдолла, 1899 ж. туған.

Нұрғалиев Мұстақым, 1900 ж. туған.

Қылышбаев Қаби, 1904 ж. туған.

Есболов Уақас, 1902 ж. туған.

Хамитов Сатыбалды, 1900 ж. туған.

1925 жылғы маусымның 12-күні педтехникумның директоры Жұмағали Тілеулин олардың куәліктеріне қол қойып, салтанатты түрде сәт-сапар тілейді.

Бір айта кетерлік жағдай, сол 1925 жылы немесе 1926 жылдың басында қазақ педагогика техникумына Ілияс Темірбековтің аты берілген. Дәл қашан берілгендігі туралы құжат табылмады.

Келесі, яғни 1926 жылы «Ілияс Темірбеков атындағы Қызылжар қазақ педагогика техникумын» бітіргені туралы 17 мұғалім куәлік алды. Әңгіме барысында біз техникумға түскендерді «балалар» деп те жазып жібердік. Шынында, олар балалар емес, арты жиырмадағы, алды 25-26 жастағы жігіттер еді, әр-қайсысы бір елге тұтқа болғандай азаматтар.

Жоғарыда «Қызылжар педтехникумы» деп неге жаздық? Енді осы жөнінде бірер сөз. Бұрын қырғыз атанып келген ұлтымыздың дұрыс атауы 1925 жылғы сәуірде ғана қайтарылып, «қазақ» атана бастағаны мәлім. Демек, Петропавлдағы Кирпедтехникум да «Қазпедтехникум» болып өзгерді. Міне, осы кезде астанамыз – Қызылордадан, үкімет орындарынан жолданған хаттар «Қызылжар қаласы», «город Кызылджар» деп жазыла бастады. Бұрынғы Петропавловск деген орысша атауы тоқтатылған.

Зер салып қараған адам бұл өзгерістің тегін еместігін байқауға тиіс. Әйтпесе, Халық ағарту комиссариатында отырған басшы қызметкерлер Петропавл деген ресми қала атағын өзгерте ала ма? Демек, бұған бір негіз болған. Ол үшін, кем қойғанда Үкімет қаулысы, ал заң жүзінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің қаулысы болуға тиіс. Бұл жорамал тиянақ тапты. «Правда» газетінде

Петропавлдың «Қызылжар» болып өзгергені туралы хабар жарияланғаны мәлім болып отыр. Бұл шешімнің неге орындалмай қалғанын Голощекиннің «Кіші октябрь» революциясымен ғана түсіндіруге болатын шығар.

Сол 1925 жылы сәуір айының 15-19-күндері аралығында Қызылордада Қазақ автономиялы республикасы Кеңестерінің бесінші съезі болып өтті. (Өзімізге «қазақ» атымызды қайтарып берген съезд). Осы кезде аса көрнекті мемлекет қайраткері, талантты публицист, әрі жазушы, сыншы, Алаштың жас көсемдерінің бірі Смағұл Сәдуақасов Халық ағарту комиссары қызметіне бекітілді.

Смағұл Сәдуақасовтың алмастай өткір азамат, алымды қызметкер, бетті де батыл басшы болғанын білеміз. Міне, бұл қызметте оған бүкіл білімі, ғылыми мекемелер, мәдениет ошақтары қарайтын. Елді-мекендердің атауларын ретке келтіретін комиссия, терминология комиссиясы да осы мекеменің құзырында.

Қызылжар атауының ресми құжаттарға ене бастауы 1925 жылдың мамыр айының ортасынан былай қарай, яғни Смағұл Сәдуақасов нарком болғаннан кейін бір ай шама-сына тұстас. Сондықтан, Қызылжар атауының өмірге қайта келе бастауы нарком (бүгінше – министр) Сәдуақасовтың есімімен байланысты деуге әбден болады. Бұдан 75 жыл бұрын болған оқиғаның тірі куәлері табылмас. Ал, кезінде мән берілмегендіктен, бұл оқиға ұмытылып кеткен.

Міне, бір кезде Республика үкіметін ақ ниетті, адал азаматтар басқарып тұрғанда Петропавлдың атын Қызылжар деп өзгерту жөнінде мәселе көтерілгенін, бұл жолда батыл қадамдар жасалғанын 75 жыл өткеннен кейін ғана көріп отырмыз. Бұл да бір жалған, бұл да бір арман... демеске шара жоқ!

1928 жылғы ақпанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аймағыда Қызылжар округі құрылды да, сол жылы 10-мамырда атауы Петропавл болып өзгерді.

Одан кейінгі оқиғалар сол жылдардың немен аяқталғаны, 1928 жылы «ұлы кәмпеске», 1929-30 жылы «ұлтшылдарды» жаппай қамап, соттау, 1932 жылғы ашаршылық қырғыны, 1937 жылғы «халық жауларын» ұстап, шетінен ату, 1941 жылы екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы... Қызылжар атауын қалпына келтіру түгілі, одан да зор қаншама жобажоспар, арман-мүдде қараң қалды. Ұлттың ғылымы мен

мәдениетінің қаймағы неше рет сыпырылды. Бұл қазақ не көрмеді...

Еліміздегі арнайы білім беретін алғаш ашылған оқу орындарының бірі Қызылжар қазақ педагогика техникумы Қазақстанның бүкіл солтүстік өңіріндегі аса маңызды білім, өнер, мәдениет орталығы болған. Болашақ мұғалімдер әдебиет үйірмесіне бірігіп, «Сәуле» деген атпен ай сайын қабырға газетін, «Қалам» деген қолжазба әдеби журнал шығарып тұрған. Қабырға газетінің жауапты шығарушысы – үздік оқушы, 1925 жылы алғашқы лекте оқу бітірген Елемесов Абдолла екен.

Сәбит Мұқанов «Есею жылдарында» Қызылжардағы «Бостандық туы» газеті төңірегіне 1925 жылдың өзінде-ақ «Ақмола губерниясының қала, даласынан көркем әдебиетке, әсіресе, өлеңге қаламы ұшталып келе жатқан бірталай жастар үйіріле бастағанын» жазады. Олардың қатарында, кейін қазақтың көрнекті қалам қайраткерлерінің қатарынан лайықты орын алған Мәжит Дәулетбаевты, Жақан Сыздықовты, Елжас Бекеновты, Байбатыр Ержанов-Құлақбаевты, шәкірттер Ғалым Малдыбаевты, Шахмст Құсайыновты, Абдолла Сәдуақасовты айтады.

Бүкіл Ақмола губерниясы бойынша, тіпті Қазақстандағы тұңғыш қазақ хоры осы техникумның шәкірттерінен құралған. Оның жетекшісі – И.В.Коцык – музыка, ән пәнінің мұғалімі, кейін республикамыздағы белді композиторларының қатарына қосылды.

«Құрамында 70 адамы бар қазақ хоры – төрт дауысты, 50 әнді меңгерген. Ұлттық өнердің үлкен жетістігі ретінде Үкімет тарапынан Мәскеуге шақырылып отыр. Онда бұл хорға қатысушылар 1927 жылғы 23-қарашадан 4-желтоқсанға дейін Бүкіл-одақтық Кеңестер съезінде концерт береді», деген құжат Қызылжар жастарын тағы бір қырынан көрсетсе керек. Қаражат деген қашан да жетпейді ғой, хорды сапарға аттандыруға ақша табылмаған. Тек келесі, 1928 жылдың қысында ғана Қызылжарлық қазақ жастары өздері концерт қойып жинаған қаржымен Мәскеуге жүріп кеткен.

Осы сапардан жазылған шағын есепті Петропавлда шығатын «Смычка» газетінің 1928 жылғы 26-желтоқсан күнгі санынан алып, қазақшалап бердік.

Тақырыбы: «Петропавлдағы Қазақ педтехникумы хорының Мәскеуде өнер көрсетуі».

«Совет турисі» қоғамының арқасында астанаға 27-караша күні келдік. Келесі күні Кремльдің бұрынғы Андреев залында қазақ үкіметінің мүшелері, Мәскеудегі қазақ өкілдігінің және Орталықтағы мекемелердің қызметкерлері үшін хор 6-7 ән орындап, тыңдаушылардың қошеметіне бөленді. Хорға қатысушылар ұлттық киімдерімен, ортаға Лежава жолдас бастаған Үкімет өкілдерін алып, фотосуретке түсті.

Мәскеуде көркемөнер ғылымдарының мемлекеттік академиясы арнайы кеш ұйымдастырды. Профессор Соколов Қазақстан туралы баяндама оқыды, ҚАССР өмірін бейнелейтін кинокартиналар көрсетілді, қазақ өмірінен алынған Қозы Көрпеш – Баян сұлу дастаны оқылды. Еңбек сіңірген артист (жаңылыс кеткен. Халық артисі деген дұрыс.-З.Т.) Затаевич рояльда қазақтың бірнеше әнін тартып берді, қазақ әндерінің ерекшеліктерін әңгімелейді. Бұдан кейін ұлттық киім киген Қазпедтехникум хоры 10 ән айтты. Кешке Ресей үкіметі төрағасының орынбасары Рысқұлов жолдас қатысып отырды.

Мәскеу комсомолының клубында кездесу болды, Мәскеу қалалық комсомол комитеті хор мүшелері мен ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

Біздің әншілеріміз «Қызыл раушан» фабрикасының клубында өнер көрсетті. Жүздеген жұмысшылар дуылдатып, қол шапалақтады, бұл хорды бір кезде отарлық езгіде болған ұлттарды көтеру жөнінде Октябрьдің ірі жеңісі ретінде бағалады.

Мұндай кештер мен шақырулар көп болды. Мәскеуде оқитын қазақ студенттерінің жерлестігі шығыс жастары өкілдерінің бірнеше кездесуіне шақырды. Мәскеу мемлекеттік университетінде екі кездесу болды. «Коминтерн» радиостанциясына бардық, «Шығыс киносы» хорды киношежіреге жазып, түсіріп алды; музыка ғылымдарының мемлекеттік институты педтехникум хоры орындаған әндерді граммофон пластинкасына жазды. Барлығы 13 жерде өнер көрсеттік.

«Совет турисі» қоғамы, халықтану музейі, Қызыл армия мен Флот Орталық үйінің басқармасы және Мәскеу-Белорусь музыка техникумы Қызыл армия мен Флоттың орталық үйінде қоштасу кешін ұйымдастырды. Таза қазақша отырып ән салдық, Қазақстанның бір атырабын көрсеттік. Қазақтың

халық әндерін жинаушы, еңбек сіңірген артист Затаевич рояль тартты, еңбек сіңірген артист Петров ән салды, Ғылым академиясының өкілі Қазақстан туралы баяндама жасады.

Директор Абыланов жолдас бастаған педтехникум оқушыларын ағарту халық комиссары Луначарский жолдас жылы лебізбен сергек қабылдады.

Хорды ұйымдастырушы И.В.Коцык музыка мен ән өнерінің мамандарынан ауызша да, жазбаша да алғыс алды».

Сонымен бірге техникумдағы қазақтың өнерлі жастарынан құралған хор, «8 домбырасы, басқа да ұлттық аспаптары бар» шағын оркестр де болған».

1927 жылғы қарашаның 6 күні Қазан төңкерісінің он жылдығына орай, техникум студенттері Жүсіпбек Аймауытовтың «Қанафия-Шәрбану» пьесасы бойынша Петропавл қаласында спектакль қойған. Пьесаны тандаған және сахнаға шығарып, қойған біз білетін Жұмағали Тілеулин мен белгілі журналист жазушы Жиенғали Тілепбергенов екен. Бұл Жұмағалидың техникумға директор болып келгеніне екі айдан асқаны.

Студенттер арасында Сәтхожин Әбдіғалым деген жігіттің келешегінен көп үміт күттірген әнші екенін көреміз. Сол Әбдіғалым ақыры әнші болмады, бүкіл өмірін мұғалімдікке арнады. Өмірінің соңында Қарағандыдағы қазіргі Нығымет Нұрмақов есімімен аталатын екінші мектеп-интернатты басқарды.

Оның қанында бар табиғи дарыны балаларында қалды. Үлкен ұлы экономист Марат Сәтхожин қазақ, орыс, италия операларынан ария орындағанда кәсіби әншілерден бір де кем емес. Екінші ұлы, қазір генерал Дәулет Сәтхожин да әкесіне тартқан әнші.

Мына бір құжат та қызық. Сібір өлкелік кітап баспасынан (Сибкрайиздат) педтехникумға келген хат сақталған. Онда: «Омбыдағы баспа бөлімшесінде А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағы бар. Бұл – қазақ халқының музыка мұрасын зерттеуге аса құнды құрал. Бағасы он сом. Тапсырыс берсеңіздер жібереміз», деп жазылған.

Студенттердің пайдалануы үшін техникум кітапханасы «Еңбекші қазақ» газетінің төрт данасын, «Бостандық туы» және «Ақжол» газеттерін бір-бірден алып тұрған. Кітапханада 1923 жылы «Сана» журналының үш саны, «Қызыл Қазақстан» журналының төрт, «Таң» журналының үш саны болған.

Бұл айтылғандардан алғашқы қазақ мұғалімдерінің не оқығаны, қандай құралдар пайдаланғаны туралы біраз мағлұмат береді.

Егер біз қазір еліміздегі білім мен ғылымның даму деңгейін бағдарлап, арғы тарихқа көз салатын болсақ, сонау аш-жалаңаш жылдары оқып, мұғалім болған аталарымызды да еске алуға тиіспіз. Сол мұғалімдердің әрқайсысы-ақ халықты сауаттандыруға, білім беруге жанқиярлықпен атсалысты. Өздері де өсіп, дамып, көрнекті қайраткерлер қатарын көбейтті. Кешегісіз бүгін жоқ. Тарихты білу осы күніміз бен келешегіміздің мән-жағдайын түсінуіміз үшін қажет.

...1927 жылғы тамыздың 15-де қазақ педагогика техникумына Жиенғали Әбдіұлы Тілепбергенов директор болып тағайындалды. Сол жылы кітапханада қазақша 1231 кітап бар екені көрсетілген. Бұрынғы директор Ж.Тілеулин денсаулық сақтау саласын басқарып, қызметте жүрсе де, сабақ береді. Мысалы, педагогикалық кеңестің бір хаттамасында Ж.Тілеулиннің сабағы мақталады. Ол өзі пайдаланып жүрген оқу құралы — профессор Халел Досмұхамедовтың «Анатомия және физиология» деген кітаптың артықшылықтарын айтқан. Сонымен бірге, техникумда Ж.Тілеулиннің өзі жазған «Денсаулық» деген оқулығы қолданылған.

1929 жылғы 6-қыркүйектен бастап, техникум директоры Әнес Илиясов, оқу ісінің меңгерушісі Малдыбаев. Оқуда үзбелік жасаған Шахмет Құсайыновқа 1930 жылғы 26-сәуірде диплом қорғауға рұқсат береді.

... 1929 жылдың қазақ қайраткерлерінің қатарын сиреткен аса бір зұлматты кезең болғанын есімізге түсірейік. «Сырдария ісі» деген саяси науқан бойынша ойдан шығарылған жала жабылып, бір-екі айдың ішінде 30-ден астам қазақ қызметкері ұсталды. Олар Алашорда қозғалысына тікелей қатысқандар немесе белгілі дәрежеде Алаш партиясына қатысы барлар. Осылайша Кеңес үкіметі мен большевиктік партия 1919 жылы саяси көзқарасы үшін қуғындаудан босату туралы кешірімді аяққа басты.

1929-30 жылдардағы қуғын-сүргінге большевикшіл қазақ азаматтары да себепкер болғаны мәлім. «Бай тұқымынан шыққан», «алашшыл», «құлтшыл» болған деп біріне-бірі жала жапқандардың екі жағы да құрып тынғаны тарихи қасірет.

Зобалаң салқыны Қызылжар қазақ педтехникумына да тиді. Кеше ғана жан-тәнімен білім беру ісін ұйымдастырғандар ұлтшылдар деп қуғындалды. Педтехникум директорлары жөн-жосықсыз айырбастала берді. Мысалы, 1930-31 оқу жылының қорытындысы бойынша жазылған есепте көп жайдың беті ашылған. Жетістік ретінде «Өткен жылдың аса маңызды болғаны саяси сенімсіз адамдардан арылғаны» атап көрсетіледі. Соның салдары неге әкеліп соқты:

«...Мұғалім болмағандықтан қазақ тілі оқытылмай қалды. Барлығы 20 оқушының 13-і орыс тілділер. Жаңа оқу жылынан бастап, оқу ісінің меңгерушілігіне қазақ тағайындамаса болмайды, өйткені қазақша білмейтін мұғалімге жұмыс істеу оңай емес... Оқу ісінің меңгерушісі өз студенттерімен үнемі аудармашы арқылы тілдесуі өте қиын болып тұр...»⁵⁴.

Қазақ педагогика техникумының жап-жақсы қалыптасып келе жатқан жұмысы осылай ойрандалды. Жұмағали Тілеулин, Жанұзақ Жәнібеков, Жиенғали Тілепбергенов, Әли Кемелов, Бірмұхамед Айбасов, Ғалауетдин Мәмеков сияқты ұстаздар қуғындалып, әрқайсысы өз жанымен қайғы болды.

Сол жылы жаппай қуғындалғандардың аман қалғандары 1937 жылы құртылды. Бұл азаматтар туралы да біраз мағлұмат берейік.

Қызылжардағы кеңес партия мектебінде оқыған, Ж.Аймауытовтың әйгілі «Қартқожа» романының бас кейіпкері Қарт-қожа Тоғамбаев, жоғарыда біз айтқан Бірмұхамед Айбасов, Қызылжар округтік атқару комитетін басқарған Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов үшеуі бір күнде, 1938 жылғы ақпанның 28-күні, Жұмағали Тілеулин ақпанның 17-күні атылды.

Реті келгенде, қазақ педтехникумының мұғалімі Мәмеков Ғалауетдин туралы мына мағлұматтарды келтірейік.

Әкесінің аты Есілбай, ауқатты семьяда туған, мұсылманша, орысша орта білімі бар. «Педтехникумда жаратылыстанудан көп жыл сабақ берген, мінезі момын, адамгершілігі жақсы адам-ды. 37-жылдың «науқанына» ол да ілігіп, жазықсыз кете барды да, кейін өлідей ақталды», деп жазады Сәбит Мұқанов «Есею жылдарында»⁵⁵.

⁵⁴ СКОММ. 1074-қор, 1-тізбе, 4-іс, 10-16-бет.

⁵⁵ С. Мұқанов. «Есею жылдары». А., 1970, 175-бет.

Оған қоса, Сәбең Ғалауетдиннің әуелде алған мұсылманша білімін есейіп кетсе де орысшамен толықтырғанын, оқуға құмар болғанын көрсеткен. «Абай – қазақтың Пушкині» деген сөзді Баймағанбет Ізтөлин осы Ғалауетдин Мәмековтің аузынан естігенін де жазған. Енді бір жерінде Ғалауетдиннің үйінен «Ибраһим (Абай) Құнанбайұлының өлеңдері» деген кітапты 1917 жылдың басында қолға түсіріп, ұлы ақынның шығармаларымен тұңғыш танысқанын баяндайды.

Бұл деректерге қарағанда, Қызылжардағы қазақ интеллекттерінің арасында оның жан-жақты білімді, шоқтығы биік мұғалім болғанын көрсетеді. 1929 жылы байлар қатарына ілігіп, қуғынға ұшырады.

Жанұзақ Жәнібеков туралы да өз елінің бақыты үшін күрескен, көзі ашық, қайратты азамат екенін айтып өттік. Осы кітаптың бас жағында оның «Қазақ» газетін шығару және тарату ісінде Ахмет Байтұрсыновқа, Міржақып Дулатовқа қалай көмектескенін көрсеткенбіз. Ендігі қосарымыз, Жанұзақ Жәнібековтің «Қазақ» 1918 жылғы 261-265 сандарына редактор ретінде қол қоюы да көп жағдайға меңзейді. Бұл – орыс үкіметінің цензурасы көрсеткен қысымның салдарынан Ахмет пен Міржақып газеттен шеттетілеген кезде, тізгінді қолына алған азаматтың ісі.

Сәбит Мұқановтың әдеби мұрасында осы өңірдің көрнекті азаматарының бірі ретінде Жанұзақтың есімі аталады. Сәбең 1925 жылы Қызылжарға қайтып келіп, «Бостандық туының» редакциясына қызметке кіргенде алғаш көргені – газеттің уақытша редакторы Жанұзақ Жәнібеков екен. Кейіпкеріміздің бейне-бітімін үлкен жазушыдан артық келістіре алмаспыз, «Есею жылдарынан» үзінді:

«Жанұзақ туралы аз мәлімет: Жасы сол кезде қырықтарға таянып қалған, семіз денелі, аққұба өңді, жалпақ семіз бетті, қасқа мандайлы, мұртын мұрнының алдына ғана қоятын, сақалын қырып жүретін бұл адам осы Қызылжар қаласында кедей семьяда туыпты. (1890 жылы болуы керек). Балалық шағында ол Қызылжардағы «Хасен Панамаровтың медресесі» аталатын татар медресесінде оқып, ортаға жақын білім алыпты. Содан, маңайдағы ауылдарда «молда бала» боп жүрген кезде 1916 жылдың дүрбелеңі басталып, бұның жасы қара жұмысқа алынатындардың қатарына ілегінті.

Ол кезде Орынбор қаласында «Қазақ» атты газет шығады. Осы газеттің секретары – Міржақып Дулатов 1910 жылдардың басында қызмет атқарып (Қызылжарда – З.Т.), Жанұзақпен сонда танысқан екен. 16 жылдың дүрбелені басталған шақта қашып отырып, Орынборға барады да, Дулатов арқылы газеттің экспедиторы болып, қара жұмыстан қалып қояды. Революция жылдары Орынбор қаласында Алашорда партиясы құрылып, Алаш әскері жасақталған шақта Дулатов сол әскердің комиссары болады да, Жәнібеков каптинамус (азықшы) қызметін атқарады. Алаш әскері Торғай жақта қызыл армиядан жеңіліп бытырағанда, басқарушылары қашқанда, Жәнібеков туған жері – Қызылжарға келеді.

Совет өкіметі Қызылжарға кеп орнағанда (1919 жылдың күзі), Жанұзақ советтік қызметке, әсіресе, оқу-ағарту ісіне белсене араласады. 1920 жылдың басында коммунистік партияға мүше болады. Жоғарыда айтқандай, биографиясында аздаған «шатақ» болуынан қорғалай ма, болмаса мінезі солай ма, – маған 1919 жылдың күзінен бастап таныс болған Жанұзақ Жәнібеков іс-тәжірбиесінде өте жалтақ адам...»⁵⁶.

Жанұзақ Жәнібековтің қаламгерлік қызметі туралы Сәбит Мұқановқа бимағлұм болуы мүмкін тағы бір мәселенің бетін ашуды жөн көрдім. 1920 жылы 4-қазанда «Жалпы қазақ сәуеттерінің бірінші тобы» (яғни, кейін айтылып, жазылып жүргендей «жалпы қазақ кеңестерінің бірінші съезі». – З.Т.) болғаны мәлім. Бұл – Қазақ автономиялы республикасының ресми негізін қалаған жиын. Оның жұмысы туралы есеп «Ұшқын» газетінің 1920 жылғы 7-қазандағы санында басылды. Осы съездің қорытындысы ретінде 14-қазанда баяндамалар жарық көрді.

Ал, енді сол 1920 жылғы «Ұшқынның» 15-қазандағы санына көз салсаңыз, «Қазақстан» газетасы» деген мақаланы көрер едіңіз. Мұндай газет болып па еді? Мақаланы оқып көрейік:

«Орынборда Қазақ автономиясы атынан шығатын екі газет бар: 1 – орысша тілде қазақ хабарлары, 2 – қазақша тілде «Ұшқын». Міне, осыларды һәм газета сықылды басқа нәрселерді қарап отыратын төңкеріс комиссиясы болатұғын. Осы комиссиялар жалпы топ мүшелерінен 10 шақты кісіні

⁵⁶ Мұқанов С. Есею жылдары (үшінші кітап). А., 1970. 119-149-беттер.

шақырып, топ тарқағанша («съезд жұмысы аяқталғанша» деп оқыңыз. – З.Т.) газетті шығарып тұруға тапсырды.

Ол кісілер мыналар: 1. Байтұрсынов, 2. Сералин, 3. Сәдуақасов, 4. Тұрғанбаев, 5. Әлібеков, 6. Жәнібеков, 7. Айсарин һәм басқалар. Міне, осы кісілер өзара сөйлесіп, топ біткенше газетаға жазылатын мақалаларды мынадай қылып бөлісіп алды:

1. Топтың (съездің) барысы туралы – Байтұрсынов һәм Жәнібеков.

2. Топтың шығарған қаулылары һәм жобасы туралы – Тұрғанбаев.

Жер мәселесі туралы – Сералин .

Сот істері туралы – Әлібеков.

Ғылым һәм шаруашылық туралы – Сәдуақасов.

Хабарлар туралы – Айсарин.

Қалғандары жалпы жазып тұрады. Осы кісілер өздерінің бас қосқан жиналысында газетаның «Ұшқын» деген атын өзгерту керек деген мәселе қойылды. Себебі: жалпы қазақ автономиясының кіндігінен шығатын газетаға «Ұшқын» деген ат лайықсыз. Сондықтан бұдан былай «Қазақстан» болсын деген қаулыға келді. Топ (съезд) уақытында «Қазақстан» күніне бір рет шығып тұрады».

Кезінде солай ұйғарылғанымен, орталық газеттің атын өзгерту туралы А.Байтұрсынов бастаған топқа ынтагер топтың ұсынысы қабылданбады. Сол «Ұшқын» большевиктердің «Искра» дәстүрі болса керек, деген атпен, сәл кейін, 1920 жылдың 13-қарашасынан бастап «Еңбек туы» аталып шыға берді. Бұдан кейінгі жылдарда коммунистер партиясының саясаты өзгерген сайын газеттің аты да әлденеше рет құбылып, әйтеуір тәуелсіздік алғаннан кейін ғана «Егемен Қазақстан» болып шығып келеді.

Қазақ автономиялы республикасын құру да большевиктік алдарқату саясаты екенін және оның өзі біртұтас Ресей мемлекетінің құрамында екенін біле тұра коммунистер партиясы қазақтарға (ол кезде әлі «киргиз» аталып жүргенбіз – З.Т.) «Қазақстан» деген газетті ұстата қоюының өзі аңғалдық болар еді. Қазақстан атауының ұлттық дербес мемлекет түсінігін беретінін коммунистік партияның жырынды көсемдері бізден жақсы білген ғой...

Жә, бұл құжаттың маңызын түсіну үшін жоғарыда аталған адамдарды қысқаша таныстырсақ артық болмас:

1. Байтұрсынов – өзіміз білетін Ахмет Байтұрсынов, ұлы ағартушы ғалым, қазақтың мерзімді баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі. Алашорда көсемі, қазақ газетінің редакторы.

2. Сералин Мұхаметжан – ағартушы, жазушы, аудармашы, «Айқап» журналының редакторы болған қазақтың көрнекті публицистерінің бірі.

3. Сәдуақасов Смағұл – аса көрнекті мемлекет қайраткері, публицист. Қазақ жастарының көсемі, тұңғыш қазақ жастар ұйымы «Жас азаматты» құрушы, осы аттас тұңғыш жастар газетінің редакторы (1918 ж.), болашақ халық ағарту комиссары.

4. Тұрғанбаев Мәннан – өте білімді, ірі ағартушы, Алаш қайраткерлерінің бірі, публицист.

5. Айсарин Әбдірахман – қазақтың алғашқы көрнекті журналистерінің бірі.

Демек, осылардың бәрі республикадағы кеңес баспасөзінің көшбасы «Егемен Қазақстанды» ұйымдастырушылар. Оған ешкімнің дауы жоқ. Ал, солардың жуан ортасында, Ақаңмен қатар «Қазақтың» редакторы болса да, осы уақытқа дейін аты аталмай, еңбегі еленбей келе жатқан Қызылжарлық Жанұзақ Жәнібеков бар.

Бірмұхамбет Айбасовтың да тарихтан өз еншісін алатын кезі келді. Сәкен Сейфулиннің «Тар жол, тайғақ кешу» естеліктерінде осы азаматтың есімі халық бақыты үшін күрескендер қатарында аталады. Ресей патшасы тақтан құлағаннан кейін, жер-жерде қазақ комитеттері құрылып, облыстарда қазақ съездері бірінен соң бірі өтіп жатқаны мәлім. Бәрінде сөйленген мәселе: Ресей мемлекетінің болашақ бітім-кейпі, соған сай қазақтардың бас бостандығының тағдыры. Сәкен былай деп жазады:

«Уездік комитеттің (Ақмола уезі – З.Т.) жалпы жиналысын аштық. Комитеттің ортасына Орынборда болып жатқан съезді қарайтын мәселелері туралы қаулы шығардық. Қаулымыз «Жас қазақ» ұйымының жобасымен болды. Біздіңше, ең зор мәселе Россияның болашақ үкіметінің құрылысы. Бұл туралы біздің комитеттің шығарған қаулысы бойынша Орынбордағы съезге жеделхат соқтық. Жеделхатты жазған Бірмұхамбет Айбасов еді...»

Бұл айтылғандар Бірмұхамбеттің саяси қызметке ерте араласқанын көрсетеді. Сәкен Сейфулинмен үзеңгілес бо-

лып, мемлекеттің саяси билігінің түрін тандауға дейін өскен қайраткер Қазақстанның солтүстік аймағында оқу-ағарту ісін ұйымдастыруға елеулі үлес қосқанын көріп отырмыз. Ол да өзінің жүздеген, мыңдаған замандастары сияқты жазықсыз жаладан ажал тапты. Ажал тапты да, заман ауанына қарай көп уақыт бойы ұмыт қалды.

Қызылжар Қазақ педтехникумында сабақ бергендер қатарында Сәдуақас Жандосов деген азамат та бар. Ол туралы өлке баспасөзінің тарихында айтылған. Сонда да, тағы да Сәбенді (Сәбит Мұқановты) сөйлетіп, Жандосов туралы мағлұмат алайық. «Көрген рас, естіген – өтірік» деген де сөз бар ғой.

«Мен қызмет атқарған шақта «Бостандық туына» ерекше еңбек сіңірген адамның біреуі – Сәдуақас Жандосов,- дейді Сәбит Мұқанов.- Татардың Троицк қаласындағы «Медресе – Расулия» есімді орта мектебін бітірген бұл адам (жасы сол кезде қырықтар шамасында болу керек) революциядан бұрын ауылда татарша мектеп ашып, көп жыл мұғалім болған да, Қазақстанда совет өкіметі орнағаннан кейін әуелі Омбыда шыққан газеті (1919 жылы) – «Кедей сөзінде», одан кейін 1920 (?) жылдан бастап Қызылжарда шыққан «Бостандық туында» үздіксіз қызмет атқарады. Ол жуас мінезді, қақ-соқта жұмысы жоқ, іске жалықпайтын, редакция мен типографияда күні-түні отыра беретін, қазақ тілінің грамматикасы мен синтаксисін ешбір мүлтіксіз жазатын, газет техникасына өте шебер адам да...»⁵⁷.

Бұл айтылғандарға бір ғана ескертпеміз бар. Омбыда шыққан «Кедей сөзінде» Сәдуақастың ізін таба алмадық.

* * *

...Осылайша, он тоғыз жылға таяу дербес жұмыс істеген, елімізге қазақ тілінде сабақ беретін ондаған мұғалім даярлайтын ұлттық арнайы орта оқу орны, 1941 жылғы тамыздың 7-күні Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің №92 бұйрығымен **Көкшетау педагогика училищесіне** қосылды. Одан әрі қазақ мұғалімдерін даярлау қызметі Көкшетау қаласында жалғастырылды. Осылайша Петропавлда қазақша оқу орнының қажеттігі болмай қалған. Соғыс жағдайында

⁵⁷ Мұқанов С. Есею жылдары (үшінші кітап). А., 1970, 154-155-беттер.

қаржы үнемдеу керектігі түсінікті десек те, сол қаржыны қазақ тілінде оқытатын техникумды жабу есебінен өтеу көңілге қона бермейді.

Демек, Петропавл қазақ педтехникумының мұрагерін қазір Көкшетаудан табамыз. Яғни, 1922 жылы қарашада құрылған бұл оқу орнын, сол кезде Петропавлда жұмыс істеп тұрған екінші техникуммен – орыс педагогика техникумымен шатыстыруға болмайды. Екеуін бір оқу орны ретінде қарастыру жөн емес. Бұл екеуі де, қазіргіше айтқанда, жеке-жеке заңды тұлға дербес мекемелері, мөрі, есеп шоты, қаражаты, үйі... бөлек болған.

Сөзді сөз қозғайды демекші, сақталған мұрағаттарда кейбір қызықты мағлұматтар жатқанын көрсеткен дұрыс. Айталық, 1924 жылғы 24-тамызда Петропавл уездік атқару комитетінің мандат комиссиясы Орынбор жұмысшы факультетіне бөлінген бір орынға кімді жіберу керектігін қарайды. Түскен өтініш үшеу. Солардың арасында «Бұрынғы еңбек стажы, шыққан тегі» ескеріліп Утин Мырзатай оқуға жіберілетін болған. Ал, қалған екеуін, Бижанов пен Ханғожиннің (аттары жазылмапты) өтініштері губерниялық мандат комиссиясының қарауына жолданған⁵⁸.

...Петропавл уезі Еменалы болысының қазағы Қанафин Мұхаметжан өзін жоғарғы оқу орнына жіберу туралы қатарынан үш рет өтініш берген. Ол 1922 жылдың 1-қыркүйегінен 1923 жылдың 20-сәуіріне дейін губерниялық басқару бөлімі ұйымдастырған болыстық атқару комитет хатшыларын даярлайтын курсты бітірген. 1924 жылы мұғалімдер курсын бітіріп уездік оқу бөлімінде қызметке қалған.

«Үшінші рет сұраймын. Отбасымда 7 адам бар, төртеуінің асыраушысы өзім. Екі жыл мұғалім болдым, бір жыл болатком хатшысы болдым. Қазір Қызыләскер болысы №3 ауылда тұрамын» дейді де, жоғары оқу орнына жіберуді сұрайды. 1925 жылғы 14-шілдедегі өтінішіне «Рұқсат етілген жоқ» деп қарындашпен белгі соғылыпты. Басқа тағдыры белгісіз...

58 СҚОММ. 254-қор, 1-тізбе, 26-іс, 1-бет.

- «Кедей сөзінен» – «Бостандық туына» дейін
- «Мағжан – қазақ жастары жүрегінің әміршісі»
- «Автономия кімдікі?»
- Мағжан Омбыдан қашан келді?
- «Қазақтандыру» керек емес пе?

Қазақстан тарихының көкейкесті мәселелері еліміз тәуелсіздік алған соңғы он жылдың әрі жақ, бері жағында тарихи әділет тұрғысынан зерттеле бастады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай: «Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеп, ой слегінен өткізудің принципті маңызы бар... Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе, жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек»⁵⁹. Ел тарихының құрамдас, аса маңызды тарауы мәдениет тарихы десек, мұның өзі, сайып келгенде баспасөз тарихынан да көрініс табады.

Мемлекеттік саясат жөніндегі Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық кеңес 1994 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұғырнамасын»⁶⁰ қабылдады. Өмір қажетінен, тәуелсіздік табиғатынан туған бұл құжатта Қазақстан тарихын жасаудың өзекті мәселелері ғылыми тұрғыда сараланып, нақты бағыттар айқындалды. Осы тұғырнаманың кейбір қағидалары мынадай:

«...Қазақстан тарихының үзілмей дамығандық идеясы осы елді мекендеген халықтардың тегі, тарихы мен мәдениеті де үзілмей жалғасып отырды дегенді білдіреді», немесе «Қазақ халқы Қазақстанды мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетінің ізбасары, соларға тән өмір салтын, тіл мен мәдениетті алға апарушы», дегенмен «Қазақстан та-

⁵⁹ Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. А., 1996, 256-бет.

⁶⁰ «Егемен Қазақстан» газеті, 1994, 14-қыркүйек.

рихын тек қана көшпенділер тарихы тұрғысында баяндауға болмайды». Тарихи ізденістердің іргетасы болып табылатын бұл қағидаларды басшылыққа ала отырып, «Қазақстанның тарих ғылымы үзіп алушылықтан бас тартып, тарихи сананы бұрмалаудан арылып, елдің өткендегі тарихын объективті түрде жаңғыртуы қажет»⁶¹, деген тұжырым басшылыққа алынуға тиіс.

Бұл айтылғандар баспасөз тарихшыларына да тікелей қатысты. Мәдениеттің аса маңызды саласы болып табылатын баспасөз тарихын әділет пен шындық тұрғысында жасау арқылы халықтың өткенінен әділ хабар беруге болады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін мерзімді баспасөз ұлттың мәдениет тарихының елеулі құбылысы, баспасөздің дамуы ұлттың қоғамдық ой санасының өсу деңгейін көрсететін өлшем деп емес, тек қана маркстік-лениндік ілімді насихаттаушы, коммунистік партияның сөзін сөйлеп, сойылын соғушы, жырын жырлаушы, саяси күресте құралы ретінде қарастырылып келді. Осынау көп сұрақтардың жауабын іздеп-табу үшін еліміздің тәуелсіздікке дейінгі тарихын тереңірек зерттеу қажет. Яғни, қазақ арасындағы таптық жіктелу деген жасанды түсініктен арылып, бір ұлттың тұтастығын меншік мөлшеріне қарай қаққа жарып, бірімен-бірін атыстырып-шабыстырып қойған жағдайды анық түсінуіміз керек. Гуманитарлық ғылымда зерттеу әдістемесіне негіз болған маркстік-лениндік қағидаларға негізделген таптық ұстаным⁶² өзінің бүкіл кесір-қырсығын санамызға сіңіріп, көзді көлегейлеп, шындықты айтқызбай қойғанын мойындаған жөн. Демек, XX ғасырдағы кеңес заманының әдебиеттерін сын көзімен қайта қарайтын уақыт жетті.

Баспасөз тарихшылары арасында алғашқы сөз Міржақып Дулатұлынікі. Ол сонау 1923 жылдың өзінде-ақ баспасөздің ұлттың өркендеуінде қандай маңызы болатынын ғылыми тұрғыда тұжырымдаған еді. «Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатасыз бір өлшеуіші – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді. Яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық. Бұған еш нәрсе білмейтін надан-

⁶¹ Сонда.

⁶² Сонда, 5-6-беттер.

дар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтірген. Сондықтан Еуропа жұрты баспасөзге «алтыншы билік» деп ат қойған»⁶³.

Қазіргі қалыптасқан ғылыми тұғырнама бойынша бұларды біз өзімізше жүйелеп, рет-ретімен зерттеуге тиіспіз. Тарихшы ретінде М.Дулатұлының мына сөздері ақиқат: «Токтағандардың ең көп жасағаны «Қазақ» газеті, мұның да өмірі 7 жылға толған жоқ, ең өмірсізі – бір күндік»⁶⁴.

Мұхтар Әуезовтің «Қазақ» газетінің тарихи миссиясы туралы 1923 жылдың өзінде берген бағасы күні бүгінге дейін аса сындарлы және ғибратты болып саналады. «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әндері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінде анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын ғылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұңдалап, жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын».

...«Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денеге қан жүгіртіп, күзгі таңының салқын желіндей ширықтырған, стек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын»⁶⁵.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Кеңестік баспасөз органдары көбейген кезде қазақ баспасөзінің тарихы жөнінде, қазақ даласында алғашқы газеттер мен журналдардың қалай пайда болғандығы жайында әңгіме қозғала бастады. Мысалы, көрнекті кеңес қайраткері Тұрар Рысқұловтың «Баспасөз мәнісі» деген атпен 1926 жылы шыққан еңбегінде тасқа басылған сөздің қалың қауымға қандай ықпал ететіні

⁶³ «Еңбекші қазақ» газеті, 1923, 5-мамыр.

⁶⁴ Сонда.

⁶⁵ Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 2-том, А., 1998, 63-75-беттер.

көрсетілді. Негізінен баспасөздің теориялық мәселелерін қамтығанымен, автор қазақ баспасөзінің өткендегі жағдайына да назар аударған⁶⁶. Сондай-ақ «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген оқулығында Сәбит Мұқанов қазақ тіліндегі баспасөз нұсқаларының ауыз әдебиетін жинап, халыққа қайта ұсынудағы еңбегі көрсетіледі де, баспасөз тарихының кейбір мәселелерін қозғады⁶⁷.

Қазақ баспасөзінің, әсіресе, оның 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі нұсқаларының жүйеленіп, зерттелуіне Үшкөлтай Сүбханбердина өлшеусіз үлес қосты. Бұл ғалым қырық жылдай еңбек етіп «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттері мен «Айқап» журналы беттерінде жарияланған материалдардың жинақтары мен сипаттама тізбесін жасауы бүкіл Орта Азия республикаларындағы баспасөз тарихшыларына өнеге болды⁶⁸.

Жоғарыда айтылғандай, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуде елімізде көптеген нәтижелерге қол жетті. Алайда, бір ескерілмей келе жатқан жағдай көңілге түйткіл ұялатады. Сөз аймақтық баспасөз туралы, **баспасөздің аймақтық сипатының ерекшеліктері, өзіндік айрықша белгілері, тарихтағы орны туралы** болып отыр. Себебі, әр аймақтың, атап айтсақ, Қазақстан сияқты жер көлемі аса кең мемлекеттің әр өлкесінің табиғи жағдайы, ұлттық құрамы, экономикалық айрықша белгілері, білім деңгейі, тіпті салт-санасындағы, дәстүрлеріндегі ерекшеліктер әртүрлі екенін мойындауымыз керек.

Демек, Қазақстанның солтүстігінде ұлт тіліндегі мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуын арнайы проблема ретінде жеке бөліп алып, терең қарастыру зәру мәселе болып отыр.

Уақыты жағынан қазақ тілінде жарық көрген екінші газет және Қазақстан солтүстік аймағында қазақ тілінде тұңғыш таралған мерзімді баспасөз органы **«Дала уалаятының газеті»** деп аталған. Бұл басылым «Акмолинские област-

⁶⁶ Рысқұлов Т. Баспасөз мәнісі. Ташкент, 1926.

⁶⁷ Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. А., 1932 ж.

⁶⁸ Сүбханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. А., 1961, Сүбханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. А., 1963, Сүбханбердина Ү. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш». А., 1993 ж. Сүбханбердина Ү., Дәуітов С. «Айқап». А., 1995 ж.

ные ведомости» газетіне қосымша ретінде 1888 жылдың 1-қаңтарынан, 1902 жылдың 12-сәуіріне дейін Омбы қаласында шығып тұрды.

Бізді қызықтыратыны – бұл басылымда Қазақстанның солтүстік аймағының, әсіресе Ақмола облысы, оған қарайтын Петропавл уезі халқының революцияға дейінгі өмірі мен тұрмысы жөніндегі материалдардың танымдық қасиеттері.

Қатаң бақылау, цензура жағдайында шықса да газет журналистері отарлау саясатына наразылықты тұспалдап айта білген. Мына үзіндіге көз салып көрейікші: «Біздің қыр қазақтары өздерінің қисапсыз көп малымен бүкіл Ресейді асырап отырмыз деп мақтанады. Қазақтың малы болмаса Ресей аш қалар еді деп ойлайды... Суға дейін сатулы мына заманда кәсіппен айналысып, пайда іздегеннен гөрі, бұхарлық, қоқандық саудагерге, орыс көпесіне малын арзанға өткізіп, ұсақ-түйек сатып алғанға мәз... Қой жүнінің бір пұтын екі-үш теңгеден өткізеді де, одан тоқылған матаның әр пұтын 200 теңгеден сатып алады. Малының тұқымын жақсартпайды, етін, сүтін, жүнін ұқсатып сата алмайды. Ертеңгі күні қайыр сұрап, қаңғып кетесің ғой, қайран қазақ!»⁶⁹. Жазған журналист Рахымжан Дүйсенбаев. Көзі ашық, көкірегі ояу зиялыларымыз жүз жыл бұрын осылай күңіреніп үгіт таратса, дәл қазіргі жағдайымыз да осындай емес пе?! Нарық қатынастарына ойда жоқта тап болған қазақтың қазіргі, ХХІ ғасырдың басындағы өтпелі кезеңдегі күйі де мәз емес.

«Дала уалаяты» газетінде солтүстік өңірдегі мал шаруашылығының жағдайына назар аударылды. Мысалы, «Ақмола облысындағы мал шаруашылығы»⁷⁰ деген мақалада 1899 жылғы мынадай мәлімет берілген: «Атбасар, Көкшетау, Ақмола, Омбы уездерінде өткен бір жыл ішінде 1971 түйе, 16136 жылқы, 14067 ірі қара, 46179 қой, 1328 ешкі шөп жетімсіздігінен аштан өлген. Ал, 523 түйені, 1985 жылқыны, 1406 ірі қараны, 16040 қойды, 566 ешкіні қасқыр жеген». Қазақ өмірінде мал шаруашылығының қандай маңызы бар екені журналист Рахымжан Дүйсенбаевтың «Мал шаруасы осы бойында тұрғанда қазаққа пайдалы ма?»⁷¹ деген тақырыппен басылған циклды талдамалы мақалаларында көрсетілген.

⁶⁹ «Дала уалаяты» газеті, 1889, №3.

⁷⁰ «Дала уалаяты» газеті, 1890, №1.

⁷¹ «Дала уалаяты» газеті, 1890, №1, 2, 3.

Бұл басылым бетінде жер мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген. «Қазақ жеріндегі қалыпсыз байлық» деген материалда жердің ұлт тағдырының тірегі екені тебірене баяндалады. Мысалы, «Ана өз баласын қалай емшегімен асыраса, адамды, жан-жануарларды жер де солай асырайды. Қазақ даласы да сондай, бізді шуағымен жылытып келеді. Жер жомарттығы орасан зор. Оны қастерлеп қана қоймай, мал бағумен шектелмей, егін өсіруге, дұрыстап пайдалануға, табиғат байлығы – ағашты қалай болса, солай кесе бермей, ұтымды жұмсауға керек»⁷², деген сөздердің құны дәл бүгін де қымбат.

Айталық, Тәшетов Шаяхмет, Тілемісов Торсан сияқты атақты байлар әуелі 50 сиырдан бөліп, май шайқайтын өндіріс құрған. Артель деп аталатын өндіріске Петропавл банкінен көп мөлшерде несие берілгені «Дала уалаятының газетінде» үлкен оқиға ретінде көрсетілді. Сонымен бірге Петропавл кәсіпкері Қаражанов Бектұрғанның тері-терсек, жүн-жұрқа жинап сату арқылы 80 мың сомға дейін сауда айналымына жеткенін осы газеттен оқимыз⁷³. Бұл да кәсіпкерлікті адал нан табудың жолы ретінде насихаттаудың бір көрінісі.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы санасының оянуына өте-мөте себепші болған «**Қазақ**» газеті екендігі толық дәлелденген. «Қазақ» 1913 жылғы 2-ақпаннан 1918 жылғы 16-қыркүйекке дейін шығып тұрды. Жаңа дәуірдің шежіресіндей мәні бар газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынов еді. Өз тұсында ең көп таралған, оқырманына жақын болған «Қазақ» замана ағымын, саясат аңғарын айнытпай таныды. Кейінде бұл туралы М.Дулатов: «Публицист ретінде Ахмет Байтұрсынов ешқандай қаражат болмаса да, 1913 жылдың басында, Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті «Қазақтың» негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды»⁷⁴ деп жазды.

«Қазақтың» бітімі мен бағыты қандай болғанын авторлардың аты жөнінен-ақ білуге болады. Газетке сол кездегі қолына қалам ұстаған қазақ зиялылары түгел қатысты десек артық емес. Олардың қатарында жоғарыда аталған: М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаевпен

⁷² «Дала уалаяты» газеті, 1890, №1.

⁷³ «Дала уалаяты» газеті, 1890, №22.

⁷⁴ Дулатұлы М. Шығармалары. 2-том., А., 1997, 272-бет.

қатар, М.Тынышбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Тұрағұл Құнанбаев, Ғабдікен Құнанбаев тағы басқалары. Бұл басылым әуелде халық арасына ағартушылық идеясын насихаттаушы ретінде таралды. Сондықтан да кейбір зерттеушілер: «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды»⁷⁵ десе, Х.Бекхожин мұндай газеттің атын да атамайды⁷⁶. «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық дегеннен гөрі біздің ойымызша «Қазақтың» басты бағыты – Қазақстанның басқа халықтармен теңдігі, мемлекет ретінде тәуелсіздігі, ал сол тәуелсіздікке жеткізетін жолдың бірі – ағартушылықты насихаттау, қоғамдық сананы ояту, десек жөн болар.

«Қазақ» газеті бес жылғы тарихында ғасырларға бергісіз қызмет атқарды. Қазақтың алғашқы саяси партиясын, тәуелсіз үкіметін құрып берген, қазақ жерлерін түгендеп, бөлшек-бөлшек бөлінген ұлттың басын құрастырған «Қазақ» газеті еді.

1912 жылы Троицк қаласында Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналын шығара бастады.

«Айқаптың» екінші санында Мағжанның «Жатыр» деген өлеңі басылды. Онда жас ақын өз ұлтының оянуын, басқа халықтармен тең дамуын көксейді.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,
Жылтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Демек, осы уақытқа дейін айтылмай келген бір жайт, «Айқап» журналын ұйымдастырушылардың бірі, яғни қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың жуан ортасында Мағжан Жұмабаев болғанын атауымыз керек. Сондай-ақ, реті келгенде көрсете кетейік, Алаш көсемдерінің бірі ретінде Мағжанның «Қазақ» газетін, «Жас азамат» газетін, кейінде «Кедей сөзі» («Бостандық туы») газетін ұйымдастырушылардың бірі, бұл басылымдардың бағыт-бағдарын анықтап, өзінің әдеби күш-қуатын жұмсаған публицистігінің, саяси қайраткерлігінің бағасын беретін кез келді.

⁷⁵ Аллаберген Қ., Нұсқабай Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1895 жылдар) А., 1996, 53-бет.

⁷⁶ Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А, 1964, 28-бет.

«Айқапта» Ғұмар Қараши, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, қызылжарлықтар – Жұмағали Тілеулин, Жанұзақ Жәнібеков, Ғалауеддин Мәмеков, Байбатыр Ержанов, Біләл Малдыбайұлы сияқты қаламгерлер өз қарымы мен қайратын сынға салды, кейін қазақ әдебиетінің алтын қорына енген көркем шығармаларын жариялады. Осы басылым бетінде қазақтың әдеби сыны мен библиографиясы қалыптасты.

Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аймағында, Петропавл қаласында революцияға дейін қазақ және татар тілдерінде «Ешiм даласы» деген газет аптасына үш рет шығып тұрғандығы туралы мәлімет бар. Бұл басылымның қазақшасы қазақ зерттеушілерінің қолына әлі түскен жоқ. Ал, татаршасы Қазан қаласында сақталуға тиіс. Өйткені, татар баспасөзінің тарихында «...Бұл газет қазақтарды отырықшыландыру мақсатын көздеді. Жыл ақырында жабылды. Шығарушылары жазаға бұйырылды»⁷⁷ деген ақпарат бар.

Солтүстік өңірдегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы дегенде Ақмолада 1917 жылғы сәуір айынан бастап, 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрған «Тіршілік» газетінің тарихтағы орнын көрсетпесе болмайды. Либералдық-демократтық бағыт ұстанған бұл газеттің редакторы және шығарушысы Рақымжан Дүйсенбаев. Ол «Дала уалаяты» газетін шығарып қаламы төселген, жан-жақты білімді, орысша-қазақшаға бірдей қалам қайраткері болатын.

«Тіршілік» газеті Ақмоладағы уездік «Қазақ комитетінің» газеті ретінде 1917 жылдың сәуірінен 1918 жылғы шілдеге дейін шығып тұрды. Жоғарыда айтылғандай газетті ұйымдастырған, оған қажет құрал-жабдықтарды Уфа қаласынан түйеге артып алып келген Рақымжан Дүйсенбаев болатын. Ол осылайша, өзінің 1905 жылы-ақ тәуелсіз қазақ газетін ашпақ болған мақсатын орындады. Газеттің жұмысына қаладағы мектептердің мұғалімдері Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты азаматтар қатысты.

Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш

⁷⁷ Рамиев И. Уақытлы татар матбуғасы, 1926, 222-бет.

қоғамдық-саяси газеті⁷⁸. 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласына өткен қазақ жастарының тұңғыш съезінің шешіміне орай, бүкіл-қазақтық жастар ұйымының тілі ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30-шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген.

Газеттің редакторы белгілі қайраткер Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, басқарма құрамында С. Садуақасұлы, М.Сейітұлы, Г.Досымбекқызы, Ә. Байділдәұлы еді.

Тұңғыш жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген бас мақаламен ашылған. Онда өз ұлтының тағдыры үшін шырқыраған көсемсөз шеберлері былай дейді:

«Өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси хауананың күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болуы-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың бас міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі»⁷⁹.

Бұл жерде жастар газетінің шығып тұрған уақытын тағы да еске алайық. 1918 жылғы шілде-тамызда Қазақстанның қалаларында билікті большевиктер басып алып, қара халықты қанға бөктірген болатын. Сондықтан жастар баспасөзі: «Келешек қараңғы, жағдай күн сайын құбылған, апатты күндер туды, қазақ халқының дүниеде болу-болмауы тарих безбеніне тартылды, ұлттың өмірлік құқтары аяққа тапталды, жаңа билік халықтың қанын сорып отыр...» деген сияқты, ел басындағы қайғылы халді түсіндіріп, көзге шұқып көрсетіп, қазақты сақтап қалу үшін жастардың «тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шыққанын» жан дауысы шыға хабарлады, белді буып, етек-жеңді жиып, күреске кіргенін паш етті.

Өздерінің осындай ұйым құрып, газет шығару сырын оқырмандарына жолдаған «Ашық хатында» жастар

⁷⁸ Қамзабекұлы Д. «Алашқа тыныс болған «Жас Азамат»// Ана тілі, 1933 ж., №14, 8-сәуір.

⁷⁹ «Жас азамат», газеті. 1918, №1.

ұйымының кіндік комитеті: «Ел көп топырдың ортасында аяқасты бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған – көкті қаптаған қара бұлт – большевик дауылы еді. Бұл дауылдан қазақ елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде деген мақсұт еді», – деп түсіндірді⁸⁰.

Газеттің бірінші санында «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!» деген саяси шолу басылды. Онда: «Большевиктер орыс зиялылары мен жұмыскер-қарашекпендердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін»⁸¹, деп ашық айтып, аз қазақты бірлікке шақырды.

Зерттеуші Д. Қамзабекұлының көрсетуі бойынша газетті бастырушы – «Алаш серіктестігі» деген қоғамдық ұйым, редакторы № 1 – № 11 Қошмұхамед Кемеңгерұлы, № 12 – № 16 Біләл Малдыбайұлы, № 17 – № 22 Қошмұхамед Кемеңгерұлы болған⁸².

Халықтың келешегі үшін күресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым әуелден-ақ жария етті. Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай. Өлеңнің беташары ретінде Мағжан мынадай сөздер жазыпты:

«Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алыңдар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді – түн, жақынды – жат, пайданы – зиян деп жүрген, толық саяси хұқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» дейді де өзінің «Жастарға!» деген өлеңін басқан. Бұл өлеңнің кейбір шумақтарын келтірейік:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!..

⁸⁰ «Жас азамат», газеті. 1918, №17.

⁸¹ Сонда.

⁸² Қамзабекұлы Д. «Алашқа тыныс болған «Жас Азамат» // Ана тілі, 1983 ж., №14, 8-сәуір.

... «Алаш» – айбынды ұраны,
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды Алаш елім дер.
Алтын Арқа жерім дер
Мен жастарға сенемін!..

...Мен сенемін жастарға!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда!
Мен жастарға сенемін!

Смағұл Садуақасов айтып, ел аузында қанатты сөзге айналған: «Мағжан – қазақ жастары ой-санасының әміршісі» деген бағаның түп-тамыры, бәлкім, осы бір отты-жалынды өлеңде жатқан шығар.

Үлкен тебіреніспен, жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де, бұдан былай да «Мен қазақ ұланымын!» деген әрбір жастың жүрегіне жол тауып, буырқанған құлшыныс туғызарына сөз жоқ. Әнұран, шақыру, дабыл сипатында қайта-қайта «Мен жастарға сенемін!» деп келіп отыратын шумақтар көкірегінде сәл ғана шоғы бар сананы жалындататын арыны күшті көрік еді.

Жастар газеті шын мәнінде қазақ жастарының сана-сы оянуының, олардың мәдени жағынан гүлденуінің әрбір қадамын көрсетіп отырды. Мысалы, Ахмет Жантәліұлы газеттің 1918 жылғы 5-санында Қызылжар жастарының «Аш қазақ-қырғызға жәрдем ету» жөніндегі жоспарларын жария етті. Бұдан кейін газетте осы мұқтажға қаржы жинау мақсатында «15-қарашада Қызылжардағы «Талап» жастар қауымы Қ.Кемеңгерұлының үш бөлімді «Әулие тәуіп» пьесасын қойды» деп хабарлады. Сондай-ақ, қазақ жастары Қ.Кемеңгерұлының «Бостандық жемісі» драмасы мен М.Дулатовтың «Қызыл қашар» деген фельетонның сахнаға шығаратынын газет арқылы жария еткен. Және «Түскен қаржы «Жас азамат» газетасына, аш-жалаңаш қырғыздарға, тұтқын түріктерге һәм соғыстан жараланған чех солдаттарына берілетінін» жеткізген.

«Жас азаматтың» 1918 жылғы 4-қазандағы санында жарияланған Смағұл Сәдуақасұлының «Өмір үшін күресу» деген мақаласы кемел ойдың жемісі десе болғандай. Автор қазақ халқы мен алыстағы неміс жұртының тұрмыстық жағдайларын салыстыра отырып, өз қазағын озық немістің деңгейінде көргісі келеді. Сонда Смағұл 18 жаста еді-ау!

* * *

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін «қазақтар Қазан төңкерісін зор қуанышпен, қуаттап қарсы алып еді» деген қисынсыз аңыз белең алып келді. Бұл сөздердің қисынсыз болатыны сол, 1917 жылғы қазанда Ресейдің орталық қалаларында не болып, не қойғанын қалың қазақ білген де жоқ. Ал, білгендер, мысалы Ахмет Байтұрсынов, 1919 жылы тамызда Мәскеуде шығатын «Жизнь национальностей» газетіне былай деп ашық жазды:

«Қазақтар ақпан өзгерісін зор қуанышпен, ал қазан төңкерісін зор үреймен қарсы алды. Алғашқысының қуанышты болатын себебі: біріншіден, ол халықты патшалық езгі мен зорлықтан құтқарды, екіншіден, елдің ежелден келе жатқан өзін-өзі билеу арманын жүзеге асыруға деген үмітін бекем етті. Екіншісінің (Қазан төңкерісінің) түсініксіз болатынын дәлелдеу оп-оңай: қазақта капитализм де, таптық жіктеліс те, жеке меншік те жоқ. Мұнда ел мүддесі ортақ, игілік ортақ.

Теория жүзіндегі социализм мен коммунизм туралы біз ойланған емеспіз, өйткені тіпті патша өкіметі тұсында орыс текті жұмысшылар мен крестьяндар исленген азаматтық құқықтар қазақта болған емес»⁸³.

Осы жағдайда Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы өкілі, яғни комиссары Әлихан Бөкейханов 1917 жылы 1-желтоқсанда қазақ халқына арнап, жағдайды түсіндіре отырып былай деп жазды: «Ел басшыларының жауапсыздығын біз Николай тұсында көріп едік. Большевиктер төрағасы Ульянов-Ленин сол Николай секілді, жеке-дара билеп төстейді. Николай сияқты халықты тілсіз хайуанға балайды. Большевиктер Петроград пен Мәскеу думасын қуып таратты. Ал, оларды халық сайлаған болатын. Демократия – шетел тілінің сөзі, ол халық билігі деген мағына береді.

⁸³ Байтұрсынов А. Революция и кигизы «Жизнь национальностей», 1919, 3-августа.

Большевиктер халық билігін «буржуазия сарқыншағы» деп есептейді. Олар газеттерді жапты. Жиын-мәжілісті қуып таратты»⁸⁴.

Қазақ баспасөзі 1917 жылғы қазан төңкерісін және оның нәтижелерін қалай қабылдады, дегенге келетін болсақ, баспасөз өз оқырмандарының, қазақ халқының ой-пікірін білдірді деп айтуға толық негіз бар. Мысалы, «Қазақ» газеті 1918 жылғы 1-қаңтарда: «Большевиктер дәурені көпке бармас, бір-ақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенше талайды болдырып кетер» деп жазды.

1921-22 жылдары Петропавлда «Бостандық туы» газетінің қаз тұрып кетуіне үлкен үлес қосқан көрнекті журналист Хайретдин Болғанбайұлы 1918 жылы 15-наурызда «Бірлік туы» газетіне Түркістан өлкесінде большевиктердің қандай қастандық іс-әрекеттер жасағанын былайша суреттеп жазды. Мақалаға – «Тұла бойлары қан сасиды» деген тақырып берілген:

«Ол күндері адам-хайуан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашық көрсетті. Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер. ...Тозандай кінәсі жоқ есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңа ғана қылтиып, өсіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер – ол күндер. ...Япырмай, осы сықылды үлкен масқара, зор сұмдық күндерін де Түркістан халқы бір уақыт ұмыта ма екен? Жоқ. Мың қабат жоқ! Неше бүгін сүйегіне құлдық сіңіп, тамырына ірің толса да, бұл күндерді ұмыта қоймас!.. Тым болмаса, неше мыңдаған сәбилердің қанын судай шашқан бұл сұмдықты не деп айтуға сөз таба алмаймын. Мен түгіл, бұл масқаралықты жазбақшы болған тарихшылар оған ұнамды ат қоя алмас»⁸⁵.

Өз халқының мүддесі үшін осындай ашық ниет білдірген қазақ баспасөзі жаңа биліктің арнасына симауы заңды еді. Большевиктерге ниеттес болып, халқына қарсы шыққаны үшін лауазым алған Әліби Жангелдин «Қазақ» газетінің баспаханасын талқандады⁸⁶. «Жас азамат» газеті де одан әрі өмір сүре алмады.

⁸⁴ ҚРОМА. 17-қор, 1-тізбе, 1-парақ.

⁸⁵ Болғанбайұлы Х. «Бірлік туы», 1918, 15-наурыз.

⁸⁶ Қамзабекұлы Дихан. Алаш және әдебиет. А., 2002, 274-бет.

Қоғам дамуының заңды жемісі ретінде қазан төңкерісінен кейін пайда болған баспасөз нұсқаларының қатарында Солтүстік Қазақстандағы қазақ оқырманына жол тартқан **«Кедей сөзі» газетін** айтуға болады.

1919 жыл 27-тамызда Сібір төңкеріс комитеті – Сибревком құрылды.

Қазақстанның Ақмола және Семей облыстары Сібірревкомына қарағандықтан, Омбыда татарша «Азад Сібір» газетінің баспаханасында Сибревкомның органы ретінде «Кедей сөзі» газетін шығару туралы шешім қабылданады. Қазақ газетінің бірден қалыптасып кетуі оңай болмаған. Мысалы, ақпан айында бір саны шыққан болса, газеттің екінші саны 1920 жылдың желтоқсанында шыққаны туралы мағлұмат бар⁸⁷.

Ал, профессор Б.Кенжебайұлы «Кедей сөзі» газеті жөнінде: «Бұл газет 1920 жылы 22-февральдан Омбы қаласында шығып тұрды»⁸⁸ деп газеттің алғашқы саны шыққан күнін дәл көрсетеді.

1920 жылы 26-тамызда Қазақ автономиялы республикасын құру жөнінде жарлық шықты. Осыған байланысты автономияның билік орындары жасақталды, халқы, жер аумағы туралы қыруар мәселелер шешімін күтіп тұрды. Міне, осындай жағдайда Орынбордағы орталық үкімет баспасөздің қуатты күшіне арқа сүйеуге тиіс еді.

1920 жылғы 27-қазанда Қазақ Орталық Атқару комитеті төрағасының орынбасары Смағұл Садуақасов Орынбордан Омбыға, сондағы Сібір ревкомы жанындағы қазақ өкілдігіне жеделхат жолдады. Жеделхаттың мәтінін толық келтірсек, сол бір аумалы-төкпелі кезеңнің жағдайынан біраз хабар алуға болады. (Жеделхат орысша жазылған, қазақшалап беріп отырмыз.— **З.Т.**).

«Таяу арада Мәскеуде Ақмола және Семей облыстарын Қазақ республикасына берудің мерзімі мен бұл жұмысты ұйымдастыру тәртібіне байланысты келіссөз жүргізілмек. Сондықтан халықты Қазақ республикасының құрылғаны туралы кеңінен құлақтандыру қажет. Ол үшін газеттер, листовкалар және басқа да жолдар пайдаланылсын. Қазақ Орталық Атқару комитетінің жеделхаттарын, өздеріңіздің ресми үндеулеріңізді көшіріп басыңыздар.

⁸⁷ Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А., 1964, 159-бет.

⁸⁸ Кенжебаев Б. Қазақстан баспасөзінің тарихынан. А., 1950, 27-бет.

Қазақ автономиясының мақсаттары мен міндеттері жайында бірнеше листовка шығарыңыздар. Губерниялардағы, уездердегі, ауылдар мен деревнялардағы күштерді неғұрлым кеңінен пайдаланыңыздар...»⁸⁹

Осы жеделхатты алған Сибревком жанындағы Қазақстан өкілдігі Ресей компартиясы орталық комитетінің Сібір ұйымдастыру бюросынан қазақ тілінде газет шығаруға рұқсат сұрайды. Партия органы қазақтардың бұл тілегіне байланысты мынадай қаулы алған:

«Қазақ ССР өкілдігінің қазақ тілінде бюлетень шығаруға рұқсат сұрағанына байланысты: қазіргідей қағаз тапшы болып отырған жағдайда жеке газет шығару мүмкін емес деп есептелсін. Өкілдік мұсылман секциясымен бірлесіп, қазақ газетінің таралымын екі мың данаға дейін көбейтуіне рұқсат берілсін»⁹⁰.

Бұл арада «мұсылман секциясының газеттері» деген ұғым Омбыда, Сибревком мен партия комитетінің мұсылман тобы атынан шығып тұрған татарша «Азад Сібір» және қазақша «Кедей сөзі» екенін ескерту парыз.

Сібір төңкеріс комитеті — Сибревком жанындағы Қазақ өкілдігінде Омбыда қазақ газетін шығару мәселесі арнайы жиында қаралды. Жиналыс хаттамасына қарағанда оған сол кезде Омбыда тұрған қазақ зиялылары түгел қатысқан. Архивте сақталған хаттаманы неғұрлым толығырақ келтірсек, сол тарихи оқиғалар туралы нақты мағлұматқа қанығамыз. Өйткені ресми құжаттарға қандай да бір сөз қосуға, артық-кем толғауға болмас. Тек мәтінін қазақша берейік:

«ҚССР-дің Сибревкомы жанындағы өкілдігі мүшелерінің және газет һәм әдебиет істеріне белсене қатысушылардың мәжілісі

1921 жылғы 21-ақпан

Қатысқандар: Өкілдің орынбасары Сергеев С.Д., өкілдік мүшесі Ашмарин А.И. ҚОАК мүшесі Ыбыраев және Кемеңгеров, Айбасов, Серкебаев жолдастар.

Төрағалық етуші Сергеев, хатшылықта Кемеңгеров.

⁸⁹ Тайшыбай З., Ахметжанова Т. Баспасөз тарихы. Петропавл, 2003, 90-91-беттер.

⁹⁰ Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. Алматы., 1992 ж.

Тыңдалды: жұртшылықты Қазақ республикасы туралы кеңінен құлақтандыру үшін өкілдік жанынан әдеби алқа құру, газетті пайдалану, листовкалар шығару. Қазақ Орталық Атқару комитеттерінің жеделхаттарын және өкілдіктің ресми хабарларын көшіріп басу, бұл мақсатқа губерниялардағы, уездердегі, ауылдар мен деревнялардағы күштерді кеңінен пайдалану туралы.

Мәселеге негіз болған: ҚОАК-нің 27-қазандағы 937/782 нұсқауы (яғни, біз жоғарыда толық келтірген С. Сәдуақасовтың жеделхаты. – **З.Т.**)

Қаулы етілді:

1. Өкілдік жанынан құрамы 9 адамнан әдеби алқа құрылсын (бұл уақытша, өйткені жағдайдың өрістеуіне байланысты газет бөлімдеріне қарай алқа кеңейтілуі мүмкін). Атап айтқанда, олар: Айбасов, Серкебаев, Кемеңгеров, Фазылов, Сейітов, Кәкенов, Телжанов, Тоқпанов және Жұмабаев.

2. Өкілдік жанындағы әдеби алқа (орысшасы литературная коллегия. – **З.Т.**) туралы ереже бекітілсін.

Сол ережеден үзінді келтірейік:

ҚССР өкілдігі жанындағы әдеби алқа – басшы орган. Алқа жанындағы техникалық хатшы және жауапты хатшы болады. Алқа белгілі тақырыптар бойынша мақалалар даярлаумен бірге, тілшілерден келіп түскен материалдарды қорытады.

Ескерту: Ауылдарда, деревняларда, уездер мен губернияларда тұратын сауаты бар адамдардың бәрі тілші бола алады және олардың саны шектелмейді.

3. Әдеби алқа мүшелері мен тілшілерге ақы төлеу тәртібі:

а) Әдеби алқа мүшелері мақаласы шыққан газеттің редакциясынан тариф бойынша материалдардың жол саны есебімен ақы алады.

ә) Тілшілерге белгіленген тариф бойынша ақы төленеді...»

Мұның алдында, 1920 жылғы 10-қаңтарда Сібір ревкомы жанынан Оқу бөлімі құрылған болатын. Оның төрт бөлімшесінің біреуі, аз ұлттар бөлімінде Мағжан Жұмабаев пен Қошмұхамет Кемеңгеровтың жұмыс істегені туралы құжат бар⁹¹.

⁹¹ Омбы мемлекеттік архиві, 318 қор, 1 тізбе.

Осылайша, әдеби, дәлірек айтқанда, редакциялық алқа құрылды. Енді «Кедей сөзін» жаңа мақсатқа бейімдеп, жаңа мазмұнмен уақытында шығарып тұру талабы алға тартылды. Жоғарыдағы тізімдегі азаматтардың әрқайсысы-ақ жан-жақты білімді, ел жағдайын жақсы білетін, саясатқа жүйрік, кейбіреуінің баспасөзде істеген тәжірибесі бар азаматтар.

Алайда, материалдық-техникалық қиындықтар өте көп еді. Уақыт болса өтіп барады. Қазақ республикасын құрып, оның жері мен халқын түгендейтін шақ. Үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізуге баспасөз органының жоқтығы қолбайлау болды.

Әдеби алқа мүшелері басқа амалы қалмағандықтан, Сібір облыстық партия комитетіне хат жолдап, көмек сұрайды. Бұл хаттың да мазмұнын толығырақ берейік.

«РКП (б) Орталық комитетінің Сібір бюросына

1921 жылғы 3-ақпан

Қазақ Орталық Атқару комитеті бізге, яғни Сибревком жанындағы ҚССР өкілдігіне Семей және Ақмола облыстарының халқын Қазақ республикасының мақсаттары мен міндеттері жайынан кең хабардар етуді, ол үшін газет, листовкалар, үндеулер, плакаттар сияқты құралдарды орысша да, қазақша да шығаруды тапсырып отыр.

Партияның Сібір бюросы мұсылман секциясымен бірігіп, 2 мың дана газет шығаруға рұқсат берді. Бірақ мұнымен мәселе шешілетін емес. «Кедей сөзі» газетін өзіміз шығарсақ жөн болар еді.

Газетке материал дайындауда бөгет жоқ. Бірақ оларды басып шығару қиын. Омбы губерниялық атқару комитетіне тәуелдіміз. Баспахана соған қарайды. Аптасына бір рет шығып тұруға тиіс болса да, газетті айына бір рет қана шығарып келеміз.

Бұл жөнінде Омбы губерниялық атқару комитетіне жаздық, бірақ ештеңе шықпады. Ресми түрде губаткомның органы бола тұрса да, оған «Кедей сөзі» керегі жоқ сияқты.

Бұлай бола берсе, Ақмола және Семей облыстарында біздің сөзіміз жетпейді.

Өкілдік өз міндетін дұрыс орындау үшін оған дербес газет керек. Демек, «Кедей сөзін» бұдан былай өкілдікке

толық беруді сұраймыз. Біз Әйтиев, Телжанов, Тоқжанов, Жұмабаев және Серкебаевтан редакция алқасын құрдық. Осы алқа құрамын бекітуді сұраймыз.

Міне, осылайша, осының алдында құрылған, міндет-құқықтары түсініксіз, қоғамдық негіздегі әдеби алқаның орнына «Кедей сөзі» деп аталатын газеттің нақты редакциялық алқасы туралы ұсыныс енгізілді.

Ұсыныс жақталып, 1921 жылғы 7-ақпан күні Сібір бюросы «Кедей сөзі» газетінің редакция алқасын бекіту туралы ҚССР өкілдігінің ұсынысын қарап, қаулы етті:

Редакторы Бородихин, алқа мүшелері Әйтиев, Телжанов, Тоқжанов, Жұмабаев болып бекітілсін. Серкебаев жолдас газеттің тұрақты қызметкері болып есептелсін»⁹². Осы арада қазақ газетінің «редакторы Бородихин» болуының себебін, ол кезде баспасөз құралдарының қашан да партия бақылауында екенін ескертеміз. Сонда Бородихинді редактор ретінде емес, «бақылаушы», «бағыт беруші» ретінде түсінеміз де қабыл аламыз. Неге олай? деп сұрауға мүмкін болмаған. Большевиктер бүкіл билікті өз қолына алған бетте-ақ В.Лениннің нұсқауымен барлық баспа орындарын, мерзімдік баспасөз органдарын тек қана партияның жеке дара билігіне бағындырған болатын. Сондықтан, ол кездегі газет немесе журнал туралы сөз болғанда партияның баспасөзі екендігін естен шығармауымыз қажет. Оның редакторы міндетті түрде коммунист болуға керек. Және 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғанға дейін дәл осылай болып келді.

Осылайша, редакция құрылды. Ертеңінде өкілдік төрағасының орынбасары Сергеев Сибревкомның іс басқармасына хат жазып, «қазақ газетіне қажет болғандықтан радио байланысы арқылы Орталықтан (Мәскеуден) келетін материалдарды жіберіп тұруды» сұрайды⁹³.

«Кедей сөзінің» саяси бағыты қандай болды, деген сұраққа жауап береді-ау деп, оның бетінде 1920 жылғы 30-наурызда жарияланған «Азық-түлік мәселесі» деген мақаланы қарап көрейік. Автор бұл материалда ел ішінде өнім өндіретін, өндірген өнімді ұқсататын, сататын дүкендер құрмайынша халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес деп есептейді. Өйткені, ол нарықтық қатынастардың өз заңы бо-

⁹² ҚРОМА. 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 8-бет.

⁹³ Сонда.

латынын біледі. Демек, бытыраңқы қазақ үшін кооперацияға бірігу тиімді екендігін қарапайым тілмен, нақты әрі жүйелі түсіндіреді:

«Үнсіз қазақты орысқа тіркестіріп қою болмаса керек. Бұдан бұрын қорлық көрген, азап шеккен халықтардың бәріне теңдік беріп жатқанда, енді біздің қазақтар... мынау деп, анау деп тұрғанын көрінген орыстан сұрай бермейді». Мұны елдікке шақыру деп түсінген жөн. Халық ел боламын десе өзіне-өзі сеніп, шаруасын түзеп, тұрмысын жақсартуға бекем кіріссін, дейді ол. «Ерікті алдым деп, қазақ оны орынсыз жерге жұмсауы тағы жарамайды. Бұрынғыдай барлық билікті ел ішіндегі бұзақыларға, иықтыларға беріп жібермеске керек. Ел ұйымының басына өзі елді сүйетін адамдарды қою керек», – дейді ол.

Ресейде ұлы төңкеріс өтті. Азамат соғысы халықты жаппай ауыртпалыққа ұшыратып кетті. Орыс мемлекетінің, орыс халқының өз жолы, өз мақсат-мұраты бар, сол үшін күресті. Әйтсеуір, олардың алдында өздері қалаған үміт шырағы жылтырайды. Ал, қазақ ше? «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 1-сәуірдегі «Біздің жол» деген мақаладан осы сұраққа жауап іздеп көрелік.

«Осы күнгі болып жатқан үлкен ауыр іс, төңкерістен кейін қазақ халқы, оның еңбекшіл табы тұрмыс жүзінде қандай орын алмақ?» дейді де автор (С.Сәдуақасов) «Соны шешу – біздің **бірінші мәселеміз**. Ол алатын орынға қандай іс істеуіміз керек? Бұны шешу – **екінші мәселеміз**. Ол істейтін істеріміз жемісті болып шығу үшін нендей әдіс тұтамыз? Бұл – **үшінші мәселеміз**. Һәм жоғарғы айтылған үш мәселені шешу үшін бізге жалпы бір иман есім керек. Бұл иманымыздың түрін белгілеу – **төртінші мәселеміз**», деп жастарды, өз құрбыларын «қазақтың пайдасын іздеуге, сөзін сөйлеуге» шақырады. Және де жастардың «тұтынған жолы ашық, адамға ыңғайлы болуы қажет» деген пікірін: «Міне осы жолмен жүргенде баяғыдан бері тепкіде жүрген, қараңғыда қапаста болған қазақ халқын біз адам қатарына қосамыз» деген батыл әрі сенімді оймен өрбітеді.

Сол жылдары Омбыда «Центросибирь» деп аталатын Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі құрылып, оған көбінесе орыс ұлтының адамдары, орыс шаруалары ұйымдасып, тұрмысын түзету қамына кіріскен болатын. Осы ұйымға өзінің қазағын шақырған М.Жұмабаев «Кедей сөзінің»

1920 жылғы 5, 11, 22-сәуірдегі үш санына «Жұмыскер қара халықтың ұйым дүкендерінің Ережесін» қазақшалап, көпшілікке түсінікті тілде баяндап жариялады. Кооперация жүйесінің тиімділігін қолға ұстатқандай тәтпіштеп, оның қазақтық салт-дәстүрлерге қайшы келмейтінін, демек кооперациядан үркүдің қажеті жоқтығын түсіндірді. Әрине, ұлттық ерекшеліктерді ескеру де қажет, «мұжық пен қазақ арасында ұйым дүкендерін ашу бірдей емес, екі басқа нәрсе», деп ескертті.

Уақытына қарасақ, газеттің Сибревком жанынан шығып жатқан кезінде, Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешім шыққан болатын. Осы оқиғаны тарихи жетістік деп санаған автор: «Енді қазақ өз тізгінін, ...өз билігін өз қолына алды», деп отандастарын мемлекет құрылысына саналы түрде атсалысуға шақырады.

Бұл газеттің саяси сауат ашуға үлкен көмегі болғанын көп жылдардан кейін біз де байқап отырмыз. Мысалы, «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 7-қарашадағы «Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері» атты мақалаға тоқталып көрейік. Иә, Ресейдің бір қиыр шетіндегі қазақтан «Төңкеріс деген не?» деп сұрап көріңіз. Газет орыс мемлекетіндегі наразылық толқуларының себебін, күрестің қалай басталғанын, төңкеріске ұласқанын байыппен түсіндіреді. Тап деген не, олар неге тартысады, жұмысшы мен капиталшы, мұжық пен алпауыт нені бөлісе алмайды? Осылардың сыртында қазақ жұртының жағдайы қалай болмақ? деген көп сауалдарға мақала авторы С.Сәдуақасовтың берген жауабы мынау: «Біз қазақ тұрмысын алсақ, жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлерлік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жоқ... Қазақты шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. ...Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл».

Газет қазақ халқы үшін қазан төңкерісінің үлгісін орысқа тон пішкендей етіп ұсынуға болмайтынын айтады. Өйткені, бұл қазақ төңкерісті өзі жасаған жоқ, «төңкеріске дейін де, төңкерістен кейінгі үш жылда да теңдікке қол жетпеген. ...Отаршылдық жарасы әлі жазылмаған». Ендеше оны тап-тапқа бөліп, атыстырып-шабыстыру обал, көпе-көрнеу қиянат. Публицист мұндай әлеуметтік төңкерісті жер сілкінісі сияқты табиғат апатына, зілзалаға теңейді де, өз ойын айқын түсіндіру үшін 1909-1910 жылдары Алматының

қаласын қиратқан зілзаланы мысалға келтіреді. «Жерде зілзала болса, жердің асты үстіне келіп, үстіндегі ауыл, шаһар, тау-тас – бәрін де бөріктей ұшырады. Үстіндегі нәрселердің бәрі ойран-ботқа болады».

1920 жылғы желтоқсандағы санында басылған «Тендік» деген басмақалада: «Қазақтың үстіндегі қара тұман айығып, жадырап жарқын күн туады. Кемдік кетіп, тендік жетеді. Құл емес, ұл боламыз»⁹⁴ деген тәтті үміт, асыл арманға толы жолдар газет шығарушылардың болашақтан не күткенін анық көрсетсе керек.

Бұл үміттің ақталатын-ақталмайтыны қазақ қаламгерлерін толғантты. Оған Мағжан Жұмабаевтың «Кедей сөзінде» басылған «Автономия кімдікі?»⁹⁵ деген мақаласы мысал бола алады.

Автономия – қазақ зиялыларының түсінігінде тәуелсіздікке қарай алға басқан маңызды қадам еді. 1917-18 жылдары Алаш автономиясы жарияланды, Түркістан автономиясы құрылды. Бірақ олардың ғұмыры ұзақ болмады, ақ гвардияшыл казак генералдары Колчагы бар, большевигі бар – қазақтың есесін бермеді, өз алдына мемлекеттігін құрғыздады. Сөйтіп жүргенде, кеңес өкіметі 1920 жылы 26-тамызда Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешім қабылдады. Қазақтар бұл шешімді большевиктердің «ұлттардың өзін-өзі билеуіне» берген мүмкіндігі деп қабылдады. Іс жүзінде автономияның иесі түсініксіздеу болса да, Мағжан сияқты қаламгерлер газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға ат салысуға шақырды.

Осы тұрғыдан қарағанда Мағжанның мына сөздері ащы да болса, шындық еді:

«Большевикті құбыжық көріп, Ресейдің шет-шектері тігісінен сөгіле бастаған кезде, Қазақ автономиясы деген пікірі жарға ұмтылған толқынның күшімен ғана жарық көрген емес пе еді? Бүгінгі күн автономияны бауырына басып алып, тірі жанды жолатқысы келмей отырған жолдастардың әжептәуір бір табы кеше «Сайлауға» (Ресей Құрылтай жиналысының депутаттығына кандидаттар ұсыну кезеңі туралы сөз болып отыр) өкпелеп, елден безіп, төрелік

⁹⁴ «Кедей сөзі» газеті, 1920, №2.

⁹⁵ Жәмеке (Жұмабайұлы М.) Автономия кімдікі?//«Кедей сөзі», 1921, 12-қаңтар.

іздеп кеткен «ерлер» емес пе еді? Алашқа автономияны анық алып беретін мен едім деп, өзін іргелі автономияшыл санайтын мырзалардың көбі 1917 жылы Орынборда, декабрь айында ғана тумап па еді».

Мағжан ақын өзінің туған халқына деген, қазақ бауырына деген адал ниетін газет оқырмандарына бейнелі сөзбен жеткізе отырып, мақаланың бас тақырыбындағы «Автономия кімдікі?» деген сұраққа мынадай айқын да тұжырымды жауап береді:

«Айлы, күнді, қанды, отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ...Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!»

Газетті Омбы губаткомынан алып, қазақ өкілдігіне беру мәселесі де бірсыпыра әуре-сарсаңмен шешіледі. Құрылтайшысы өзгергендіктен редакция алқасы бұрынғы «Кедей сөзі» атауынан бастартып, газетті «Бостандық туы» деп шығаратын болады. Сонымен, **1921 жылғы 5-наурыз күні Омбының көркемөнер мектебінің шеберханасында газеттің жаңа бас тақырыбы цинкке ойылып жазылды⁹⁶.**

Бұл арада басылым атауының «Кедей сөзінен» «Бостандық туына» алмастырылуы туралы пікірімізді ортаға салсақ, артық болмас. «Кедей сөзі» – белгілі дәрежеде аясы тар ұғым, тұтас халықты бай және кедей деп бөлген таптық ұстанымның жемісі. Ал, «Бостандық туы» тұтас қазақ ұлтының отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздік, бостандық алғанын, алмаса да сол мақсатқа ұмтылғанын көрсететін жалпы адамзаттық түсінікті бейнелейді.

Осы тұрғысынан газеттің бұлай аталуы қазақ халқының азаттық аңсағанын, өз еркі өз қолына тигенде ғана тарихтан лайықты орын алуға мүмкін деген ізгі ниетті білдіреді. Тиісінше, дәл осы «Бостандық туы» деген атау қазақ даласында таптық жіктелудің жоқ екені туралы «Алаш» партиясының ұстанымына сай келеді.

Омбыдағы Қазақ өкілдігінің атынан, яғни жаңа құрылған Қазақстан Республикасының атынан «Бостандық туы»

⁹⁶ ҚРОМА, 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 18-бет.

газетінің тұңғыш саны **1921 жылғы 7-наурыз күні жарыққа шықты**. Қазақ өкілдігі баспахананың 8 жұмысшысына жалақы төлеу мәселесін де шешті.

Газеттің осы, 4 мың дана болып басылған тұңғыш санында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Мендешевтің «Қазақ жолдастарға!» деген үндеуі жарияланды. Газетке қосымша ретінде «Қазақ әйелдеріне!» деген үндеу 1 мың дана болып басылып, әйелдер бөлімінің меңгерушісі Голубеваның атымен, араб әлібімен жеке парақ түрінде таратылды.

Архивте Мағжан Жұмабаевтың «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі және арнайы тамақ үлесін алмайтындығы» туралы №727 анықтама-куәлік сақталған. Оның жазылған күні 1921 жылғы 21-наурыз⁹⁷.

Редакциядағы шығармашылық қызметкерлер міндеттерін өзара былай бөліскен көрінеді:

Радио арқылы материалдар қабылдап, қазақша дайындау: Б. Айбасов, М. Сейітов.

Жергілікті хабарлар: Кәкенов пен Фазылов.

Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулы-қарарлары мен нұсқаулары, яғни ресми ақпарат: Кемеңгеров, Айбасов, Серкесбаев.

Партия жұмысы: Тоқжанов пен Телжанов⁹⁸.

Баспаханада әріп теруші, беттеуші және басушы болып, мына адамдар істегені туралы мағлұматтар бар: Кенжетаев Орақбай, Смағұл Әубәкір, Серікбаев Хұсайын, Жылгелдин Шәкірәт, Тюков Г.

19-наурыздағы санында Ақмола және Семей облыстарын Сибревкомның қарамағынан алып, Қазақстанға қосу үшін Үкімет комиссиясы келе жатқаны хабарланды. Ақмола губерниялық ревкомына төраға болып тағайындалған Әбдірахман Әйтисев баспасөз арқылы жас Қазақ республикасын нығайту жөніндегі шараларды жария етті.

Газеттің 5-санында жарияланған «Іске сәт» деген басмақала Ақмолада билік жүйесін қалыптастырудағы шешімін күткен мәселелерге арналды. Яғни, жаңа тұрпатты сот және тәртіп сақтайтын милиция органдарын әуелден дұрыс құру қажеттігіне көңіл аударылды.

⁹⁷ ҚРОМА , 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 20-бет.

⁹⁸ ҚРОМА , 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 26-бет.

Көп ұзамай Қазақ Автономиясы құрамында Ақмола губерниясы құрылып, оның орталығы Петропавл қаласы болып белгі-ленді. (1921 ж. 26-сәуір).

Губревкомға төраға болып, Омбыда, Сібір ревкомындағы қазақ өкілдігінде жұмыс істеген Әбдірахман Әйтиев тағайын-далды. Енді губерниялық «Бостандық туы» газетін Ақмола губерниясының орталығы Петропавлға көшіру мәселесі қозғалады.

1921 жылдың 21-сәуір күні газет редакциясы Омбыдағы Өкілдікке хат жолдайды: «Алдағы уақытта газеттің Петропавл қаласына көшуіне байланысты Омбы уезіне жіберілген газет қызметкері Бекмұхамбет Серкебаевты кері шақыруды сұраймыз». Бұл құжат «Бостандық туының» Омбыдан Петропавлға қашан ауысқанын дәлірек көрсетеді⁹⁹.

Екінші бір хатта Петропавл қаласында қазақ газетін шығаруға қатысты қиындықтар баяндалған:

«Петропавл қаласында Ақмола губревкомының ұйымда-суына байланысты онда газет шығару үшін қазақ шрифтілері мүлде жоқ, орыс әріптері де жетіспейді, баспа машиналары аз, қағаз жетімсіз. Сондықтан бұрынғы Ақмола облыстық басқармасының баспаханасын әріптерімен, қағазымен және әріп терушілерімен Ақмола губревкомының қарауына бергізуді сұраймыз»¹⁰⁰.

Бұл арада «бұрынғы Ақмола облыстық басқармасы» деген атауды түсіндіре кетсек, артық болмас. Өйткені, Ақмола облысы деген атауды көпшілік жұрт нағыз Ақмола қаласымен, қазіргі Астанамен шатыстырады.

Революциядан бұрын да, 1868 жылғы реформаға байланысты Ақмола облысы болған. Оның орталығы – Омбы қаласы. Сонымен бірге Омбы қаласы әрі Дала генерал-губернаторлығының орталығы болған. Ақмола облысын әскери губернатор басқарған. Басқару кеңесі «облыстық басқарма» деп аталған. Ал, сөз болып отырған «облыстық басқарманың баспаханасы» 1888 жылдан 1902 жылға дейін «Дала уалаятының газетін» шығарып тұрған бола-тын. Газет жабылғаннан кейін бұл баспаханада үкіметтің бұйрық-жарлықтары, циркуляр хаттары, ауыл шаруашылық нұсқаулары қазақ тілінде, араб әлібімен басылып тұрған. Кейін «Кедей сөзі» осы баспаханадан шыққан.

⁹⁹ ҚРОМА, 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 28-бет.

¹⁰⁰ ҚРОМА, 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 44-бет.

Ал, Петропавлда қазақ әріптері жоқ, орысшасының өзі жетіспейді, дегенге келетін болсақ, бұл сөздер мұнда бұрын қазақ басылымдары болмаған дегенді білдірмейді. Петропавлда «Есіл даласы» (1913 жыл, қыркүйек), Көлбай Тоғысовтың (Төленгітов) «Үш жүз» газеті (1917 жылы), «Жас азамат» (1918-1919 жылдар) газеті шығып тұрғанын жоғарыда айттық.

Енді Петропавлдағы баспахананы қалпына келтіру және оның қуатын арттыру жөнінде Қазақ автономиясы Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешев 1921 жылғы 27-сәуірде Омбыдағы Өкілетті төтенше комиссияға жеделхат соғып, «Петропавлда электробаспа» ашу мәселесін жеделдетуді сұрайды¹⁰¹.

1921 жылғы мамырдың 13-күні Ақмола губревкомының төрағасы Әйтиев Әбдірахман Омбыға жеделхат соғып: «400 пұт газет қағазын, баспаханаға әріп теруге және газет беттеуге керекті түрлі гарт (металл қорытпасы) материалдарын, релісттер, бабашкалар мен марзандар, әртүрлі квадраттар – барлығы 7 пұт материал жіберуді» сұрайды¹⁰². (Баспахана заттарының техникалық атаулары).

Мамырдың 5-күнгі жеделхатта губерниялық мекемелерді ұйымдастыруға аса қажет адамдар «Тұрлыбаевты, Көкеновті, Арыслановты, Юсуповты, Итбаевты, Әбдірахмановты, Бұлғақбаевты, Олейниковты – жазу машинасымен, Жұмабаевты баспа жабдықтарымен Омбыдан Петропавлға жіберу сұралған». Бұл адамдардың келуі кешігіп, уақыт өтіп бара жатқан соң, Әйтиев тағы да, 1921 жылғы 1-маусымда Омбыға жеделхат жолдап, келуге тиісті адамдардың тізімін көрсетеді. Бұл тізімде Юсупов пен Жұмабаев аталмайды.

Демек, Мағжан Жұмабаевтың Омбыдан Петропавлға 1921 жылғы 5-мамыр мен 1-маусым аралығында келгенін көреміз. (Осы болымсыз ғана көрінетін дерек ұлы ақынның өмірбаянындағы түрлі «қоспалардың» негізсіз екенін көрсетеді-ау! – З.Т.) Бұған тағы бір дәлел, 10-маусым күні губревком төрағасы Әбдірахман Әйтиев үшінші рет Омбыға жеделхат жолдап, Омбыда қызметте қалған қазақ маманы Сыртлановты да жіберуді сұрайды. Бұл аталғандардың ішінде Айдархан Тұрлыбаев пен Барлы-

¹⁰¹ ҚРОМА, 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 68-бет.

¹⁰² ҚРОМА, 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 88-бет.

бек Сыртланов С–Петербург университетін бітірген, жоғары білімді мамандар екенін айтқан жөн.

1921 жылғы 7-маусым. Ә.Әйтиевтің тағы бір жеделхаты: «Омбы, Сибревком төрағасы Смирновқа!

Жаңа ұйымдастырылған губернияның жалғыз газеті қағаз тапшылығынан жабылып қалғалы тұр. Жаңа астана – Орынбордан жабдықтау шаралары шілде айында ғана басталмақ. Сондықтан 200 пұт қағаз керек. Оны бермесейіздер, жағдайымыз қиын», немесе бір аптадан кейін тағы жеделхат жолдайды: «Баспахана ұйымдасуына байланысты губревком қарауына он баспагер, әріп теруші мамандар жіберуіңізді табанды түрде сұраймын. 1921 жылғы 14-маусым»¹⁰³.

Бұл құжаттар Қазақстанның солтүстік аймағын түгел қамтыған Ақмола губерниясында, оның орталығы Петропавл қаласында қазақ тілінде газет шығару ісіне Әбдірахман Әйтиевтің зор еңбек сіңіргенін көрсетеді. Ол ана тіліндегі мерзімді баспасөздің мемлекет іргесін нығайтуға, халықтың дербес билікті өз қолына алуына деген сенімін орнықтыруға үлкен көмегі болатынын жақсы білген.

1921 жылғы маусымда Орынбор қаласында Қазақстан облыстық бірінші партия конференциясы өткізілді. Конференцияда Қазақстанның жергілікті баспасөзі өз міндетін әлі де ойдағыдай атқара алмай отырғандығы, әсіресе қазақ тіліндегі газеттердің жағдайы өте нашар екендігі атап көрсетілді. Қазақ халқының арасында жаңа билікті нығайтуға бағытталған бұқаралық үгіт-түсінік жұмыстарын жақсартуға көңіл бөлінді. Басқасына қарағанда, қазақ баспасөзінің дәрежесін жедел көтеру қажет болды. Республикада газет редакцияларында жұмыс істеуге қабілетті қызметкерлер іріктелді, баспаханалар қажетті жабдықтармен толықтырыла бастады.

1921 жылғы қыркүйек айында «Бостандық туының» таралымы 2900 дана болғаны, ал қараша айында 6-саны 17172 дана болып шыққандығы туралы мағлұмат бар. Газеттің ай сайынғы, тіпті әр санының таралымы әртүрлі екен. Мысалы, қарашаның 20-күнгі саны 2115 дана. Бұл деректер газеттердің нақты оқушылар санын немесе жаздырып алушылар санын айғақтамайды, баспахананың мүмкіндігін немесе қағаз қорын көрсетсе керек.

¹⁰³ ҚРОМА. 846-қор, 1-тізбе, 44-іс, 43-47-беттер.

Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөліспен қарағанда Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды облыстық газеттерінің және осынау үлкен аймақтағы аудандық, салалық газеттердің тұңғышы және көшбасы ретіндегі «Бостандық туы» газетінің еліміздің тарихында алатын орны ерекше

Қазақстан облыстық партия ұйымының 1922 жылғы 3-ақпанда болған II облыстық конференциясы да баспасөз саласына көңіл бөлді. Қазақ тілінде көпшілікке арналған газеттерді көбейту, оларды тиісті қызметкерлермен қамтамасыз етіп, газеттердің жүйелі шығуына барлық жағдай жасау талап етілді. Газеттердің оқырмандармен байланысын нығайту мақсатында барлық редакцияларда хат және анықтама бөлімдерін ұйымдастыру қажет деп танылды.

1922 жылғы 27-сәуір күні губерниялық партия комитеті президиумының қаулысы бойынша «Бостандық туы» газетінің бас редакторлығына бұрын баспасөзде бірқатар уақыт жұмыс істеген Жанұзақ Жәнібеков тағайындалды¹⁰⁴.

Бір айдан кейін партия комитеті «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының құрамын қайта қарап, жауапты редакторлыққа Айтқожинді, алқа мүшелігіне Баржақсин мен Жәнібековты тағайындады¹⁰⁵. «Бостандық туының» материалдық базасы оңалып кете алмады. Қазақ қаріптері жетіспеді. Бұл жөнінде газет редакторы Айтқожин партия-көңес органдарына бірнеше рет мәлімдеді. Ақыры тиісті шешім қабылданып, газет редакциясының жауапты хатшысы Бегішев Әбдірахман Орынбор қаласына, баспахана жабдықтарын алуға жіберілді¹⁰⁶.

1923 жылғы 17-22 наурызда болған өлкелік III партия конференциясында қаралып, «Қазақ АССР баспасөзінің жайы және кезектегі міндеттері» туралы шара қабылданды. Қазақстан баспасөзін нығайту айлығы өткізілді. Газеттер тегін таратылмайтын болды. 1923 жылдан бастап газеттің маңдайына баға қойылып сатылды, жазылу жолымен таратыла бастады.

Партияның орталық комитетінің баспасөз бөлімі шығарып тұратын «Красная печать» журналының бетінде

¹⁰⁴ Сонда 36-бет.

¹⁰⁵ Сонда 58-бет.

¹⁰⁶ Сонда 21-бет.

1924 жылы «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Тілші» газеттерімен бірге «**Бостандық туы**» газетіне де шолу басылды. Бұл шолуда газеттің идеялық мазмұнының партиялық талапқа жауап бере қоймайтындығы, жергілікті партиялық биліктің баспасөзге басшылығы нашар екендігі атап көрсетілді.

1923 жылғы 17-тамызда Сабыр Айтқожин Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне арнаулы тілші болып жүріп кетеді, оның орнына Жанұзақ Жәнібеков қалады¹⁰⁷. Сол жылғы 3-қыркүйекте редакцияның хатшысы губерниялық партия комитетіне «Губерниядағы жалғыз қазақ газетіне жазылу жүрмей жатқанын» хабарлайды¹⁰⁸. Қазанның 29-күні губком «Бостандық туында» әйелдер мәселесі жазылмай жатқанына назар аударады.

Сол кездегі цензура жүйесінің құпия құжаттарының арасында сақталған мәліметтерге қарағанда, Петропавлда 1923 жылғы қыркүйекте мынадай мерзімді баспасөз органдары болған:

1. **Бюллетень Петропавловской товарной биржи.** 1923 жылғы 5-қаңтардан бастап айына 8-рет, 120 дана болып шығады;

2. **Степная кооперация.** 1922 жылғы 15-мамырдан бастап айына 2-рет, 630 дана болып шығатын кооперативтік басылым;

3. **Мир труда.** 1919 жылдан бастап күн сайын 2000 дана болып шығатын газет, редакторы Михаил Максимович Воропаев.

4. **Бостандық туы.** Ақмола губерниялық партия және атқару комитеттерінің газеті, айына 6-8 рет 2000 дана болып шығады. Бізге керегі осы газеттің редакция алқасы туралы деректер. Олар мынау:

Редакция алқасы – Айтқожин Сабыр, Жүсіпбеков Қамза, Баржақсин Ахмет.

Айтқожин Сабыр, 1920 жылдан партия мүшесі, әдеби стажы үш жыл.

Жүсіпбеков Хамза 1920 жылдан партия мүшесі, әдеби стажы жоқ.

Баржақсин Ахмет 1920 жылдан партия мүшесі, әдеби стажы бір жыл.

¹⁰⁷ Сонда, 106-бет.

¹⁰⁸ Сонда, 125-бет.

Қызметкерлері: Бегішев Әбдірахман, әдеби стажы бес жыл.

Мұратбеков Мәжит әдеби стажы бес жыл.

Жандосов Сәдуақас әдеби стажы жеті жыл.

Газеттің жауапты редакторы РКП (б) мүшесі Айтхожин, журналистік стажы үш жыл, хатшысы белсенді комсомол мүшесі Бегішев, журналистік стажы 4 жыл, репортер партия мүшелігіне кандидат Жандосов, журналистік стажы екі жыл».

1925 жылы 2-наурызда Ресей коммунистік партиясы орталық комитетінің секретариаты «Қазақ баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіру шаралы туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда сол кездегі мерзімді баспасөзде, кітап басу ісінде коммунистік партияның идеологиялық ұстанымына жатпайтын теріс бағыттарға жол берілгендігі көрсетілді. «Ұлтшылдармен, Алашордашылармен күрес шаралары» белгіленді. Соның нәтижесінде, Мәскеудегі Шығыс баспа орталығында жұмыс істейтіндер – Нәзір Төреқұлов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев тағы басқалары қызметтерінен босатылды. Сондай-ақ сынға ұшыраған мерзімді басылымдардың біразы жабылды. Осы жылдан бастап, Қазақстанда шығатын барлық дәрежедегі газеттер мен журналдарға, кітап басып шығару ісіне қатаң партиялық бақылау қойылды¹⁰⁹.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезіндегі баспасөзге тән ортақ белгі – материалдардың авторларының анық көрсетілмеуі. Бұл дәстүр ХІХ ғасырдағы қазақ баспасөзіне де тән еді. Баспасөз тәжірибесінде осы уақытқа дейін орын алып келе жатқан әдеби псевдоним немесе бүркеншік атпен қол қоюдың тағы бір үлгісін 20 жылдардағы «Бостандық туынан» көреміз. Мәселен, мынадай псевдонимдерді теріп алдық. Кейбіреуі автордың атын немесе экссінің атын көрсетсе, кейбіреулері оның кім екенін бүркейді:

№2 тілші, №9 тілші, А. ұлы, Жаңабекұлы, Шал, Орынбекұлы Симан, Бекбауұлы С., Ақтан Мұстайұлы, Шалжақ, Таупиқұлы, Оранкеұлы, Ел баласы, Бекенұлы, Сағдиұлы, Бірсымбайұлы, С.Ж.Мәкіұлы, Қ.Елеусізұлы, Темірқанұлы Ж., Әбдірахманұлы К., С.М., Н.М., Нақбасар, Т.К., Комсомол, Мезгеуші, Тұрымтай, Білген, Қ.Л., Оқушы, Е.Қ., Е.С.,

¹⁰⁹ Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? А., 1993, 88-бет.

Шайым Жақыпұлы, Жаны ашыған, Ғ.М., Газетті ал деуші, Малдыбайұлы, Ғ. Елемесұлы, Елеусіздің Қабылы, Сыздық Жақыпұлы, Ж.Ж., Байқаушы, Қырғи, Сәдуақасұлы Ж.Б.Б., Шери, Шұға, Ел қорғаны, К.Б., Ш.Б.С., Шаян, Сұрағанұлы, Қантөреұлы, т.с.с.

Газеттің беделін көтеріп, таралымын көбейтетін шарттардың бірі ретінде редакция журналистері өз оқырмандарымен, штаттан тыс тілшілермен байланысқа ерекше мән берген. Айына екі рет 4-бетте «Тілші хаттары», «Басылмаған хаттарға жауап», «Сұрақ-жауап» деген топтамалар беріліп тұрған. Мысал келтірейік:

«1. Сұрақ: елдің қазағы қалаға ит ертіп барғанда, бағусыз жүрген орыстың шошқасын талап жарып тастаса, ит иесі айыпты болмаса, жазаға тартыла ма?

2. Коперативтің мүшелері әуелде қаулы қылып кооперация ашып, артынан мұның тиісті пайын жартысын төлеп, жартысын төлемесе қандай шара қолдануға болады?

3. Екі қатын алған кісіні сот үкім айтып, бір қатынынан айырса, ол кісі ауқатты боп, сот алдында айырған боп, артынан қатынына бөлек үй салып беріп, бір баласымен бөлек шығарып, қатынданып отырса заңға сия ма? Сот оған қандай шара қолдануға тиіс?

4. Шет мемлекетінің кісісінің сотпен азаматтық құқығы жойылған уақыты өтпесе, өзі еңбек қылып, бір жерге орнықса, мұнда оның үйін сатып алып шарт қағазын істей ала ма?

5. Теңдікте ұстамай, қорлық көріп отырмын деп арыз берген әйел төртінші, болмаса бесінші жерден шығайын деп отырса, теңдік ала алмай отырғанына дәлелі болмай, мақсаты – байдан байға тиіп, әкесіне мал табу болса, сот айырмай қоя ала ма?»

Бұл сұрақтарға газет бетінде мынадай жауаптар беріліпті:

1. Сол иттің қалай өлтіргені анықталса, біреудің дүниесіне, ия малына зиян келтіргені үшін ақылы іс заңының 403-статьясы бойынша зиянын төлеуге тиісті.

2. Мүшелік жарнасын төлемеушілерге кооперация ұйымдарының жобалары (устав, инструкциялары) бойынша шара қолданылады.

3. Анық қатынданып тұрғаны айқындалса, жалпы негіз бойынша сотқа тартуға болады.

4. Істей алады.

5. Заңда неше байға дейін айырылысудың шегі көрсетілмегендіктен, сот айырмай қоя алмайды».

Жоғарыда көрсетілген мысал газет редакциясының оқырмандармен байланысының тиімді бір жолы – газет арқылы түрлі сұрақтарға жауап беру екенін көрсетеді. Алайда, баспасөз тарихында мұндай үлгілі өнегелер аз.

Сондай-ақ, газет редакциясы тілші хаттарына мұқият қарап, олардың нәтижесін жария етіп отыруы да жақсы тәжірибе. «Бостандық туында» бұл тәжірибе 1923-29 жылдары дәстүрге айналғанын көреміз.

Ал, өз кезінің көкейкесті мәселелері, айталық, шағын ғана ауылдың мүддесі сияқты көрінгенімен, бүкіл қоғамның жағдайын қозғайтын материалдар газеттің әрбір санынан көрініп отырған. Кеңестік тәртіп, тап күресі немесе коммунистік партияның талаптарын жүзеге асыруға тиісті болса да, қазақ тіліндегі басылым, алдымен қазақ аулының, қазақ жұртының проблемаларын сергек сезіп, батыл көтеріп келген.

Мысалы, «Қазақтандыру керек емес пе?» деген шағын мақалада (1926 ж., 24-тамыз) «Губерниялық ақша бөлімі жүйесінде, ауданда да бірде-бір қазақ жоқ. Қызметкерлер орысша білмейтін қазақтармен тілмәш арқылы сөйлеседі...» дей келіп, Қазақстан аталатын кеңестік республикада мекемелерді қазақтандыру, қазақ тілін қызмет тілі дәрежесінде пайдалану туралы ашына жазған. Дәл осындай «Степнякқа қазақ керек» деген тілші хатында былай жазылыпты:

«Еңбекші болысының «Степняк» алтын зауытында қызметшілер – орыс азаматтары. Сырттағы жұмыстың бәрінде қазақтар. Осындай бір жерде араласып отырып, бірінің тілін бірі түсінбейді»...

Мұндай көлемі шағын болса да, әлеуметтік-саяси мәні бар хаттар «Тілшілер бұрышы», «Елден келген хаттар» деген айдарлармен жеке топтастырылып берілген.

Сын материалдар көп басылған, олардың басым көпшілігі сын-сықақ, әжуа, фельетон түрінде берілгеніне назар аудардық. Мысалы, «Әлсізді қолжаулық қылу бұл елде мол көрінеді», «Мақаң тағы болыс болмақ», «Қаражан ауылының шабына от түсулі», «Поштаның мұнысы ұят скен», «Өкімет ілгері тартса, Ақбұзау кейін тартады» деген

материалдардың тілі өткір, фактысы айқын, оқырманның көзіне көрсетіп, қолына ұстатқандай, анық, ұғымды мазмұнда.

Өлеңмен жазылған фельетондардың басым көпшілігін ақын Ж.Сыздықов жазған. Оған еліктеп, өлең құрастырғандар да аз емес. Ж.Сыздықов «Өлеңдер неге басылмайды», деп тақырып қойып жасаған шолуында редакция қоржынындағы өлеңдердің сапасын талдап баға беруге талпынған.

«Бостандық туы» газет жарияланымдарының пәрменділігіне жету үшін анда-санда арнайы басмақала беріп отырған.

1926 жылғы 1 май күні «Бостандық туы» 8 бет болып шықты. Бірінші бетке тұтасынан ұран ретінде «Бірінші май – жер жүзіндегі еңбекшілердің капитал дүниесіне қыр көрсетіп, еңбекте сапын түзейтін күн» деп ірі әріптермен теріп жазылған. Әдеттегі басмақала тұратын орында «Басқарма атынан ескерту» орналастырылған. Онда «Майдың үш күндік мейрамы өткеннен кейін, 5-мамырдағы Баспасөз күніне үлгіре алмайтындықтан, екі науқанды бірге қостық. Сондықтан, басқарма газет оқушыларынан кешірім сұрайды» деп жазылуына қарағанда газетті безендіріп шығарудың оңайға түспегені, техникалық құрал-жабдықтардың мәз болмағанын көреміз.

Осы газетте «Бұжыр» деп қол қойған автордың «Баспасөз күні» деген мақаласында «адам баласының тіршілік тұрмысында зор құрал» екені атап көрсетілген. Автордың мына айтқандары осы уақытқа дейін құнын жоймаған пікір деуге болады. «Жалпы баспасөзді былай қойып, қазақ баспасөздерін, әсіресе газеттерін алсақ, қазақтың еңбекші еліне көп еңбек сіңірді», дей келіп, мақалада: «XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазақ елінің де басынан әлденеше дәуірлер өтті. Қазақ баспасөзінің тарихы жуырда басталғанмен, әр өкіметтің жасап тұрған дәуірінде шыққан газеттер өз алдарынша өздеріне жүктелген міндеттерін атқара алды», дегеніне дәл қазір дау айту қиын.

Мақаланы әрі қарай оқиық:

«Кеңес өкіметі қазақ еліне орын теберде Колчактың сойылын соққан газеттер кеңес өкіметін қазаққа жеккөрінішті көрсетті. Бұрынғы Ресей елі кеңес өкіметінің қолына бүлініп-жарылып тиді. Өндіріс орны, ауыл шаруасы түбі шіріген ашадай солқылдап қалды. Бұл уақытта бетіне перде жамылып

жүргендердің бірталайы кеңес өкіметінің баспасөздеріне отырып алып, тілдерін қадай бастады.

21-жылы ұлы аштық болып, қазақ кедейлерінің де басына күн туды. Осындай қатерлі күндердің бәрінде де елге көсемдік етіп, жоғын қарастырған әрине, газет, болды. 22-жылдан бастап ел шаруасы азырақ көтеріле бастады. Ел шаруасына көмектестік ретінде кооперация, қоғам, қарыз ссріктестігі ұйымдар ашылып кедейлер өзегін жалғады.

Биылғы жылдың шаруасы соғыстан бұрынғы дәуіріне тақалып отыр. Әрине, осыған қолқабыс қылған өкімет болса, оны елге ұғындыра білгендер баспасөз. Біз әлі социализмге жетіп, қой үстіне бозторғай ұялайтын кезге жеткеніміз жоқ. Біз қазір көшпелі дәуірде жасап келеміз. Көш үстінде жетпеген істер көп болады. Осылардың бәрін қарашаруаға түсіндіріп, алдымыздағы тар өткелдерден көшті аман алып өтуге жәрдемдес болатын кеңес өкіметінің баспасөзі. Сондықтан 5-майдағы баспасөз күнінде баспасөздің маңызын арттыруға жалпы болып жұмылуымыз керек».

Редакция атынан берілген осы мақаладан газеттің сол кездегі бағыты қандай болғанын көру қиын емес.

«Бостандық туының» осы санында «Турашыл» деген лақап атпен жарияланған «Баспасөз тарихы» деген мақаланы С.Мұқанов өзі жазғанын «Есею жылдары» деген естелік кітабында көрсеткен.

Бұл мақалада әуелі орыстың жұмысшы баспасөзіне, одан кейін социал-демократиялық «Искра» және «Правда» газеттерінің тарихына шолу жасалады. Ал, автордың қазақ баспасөзі туралы айтқандары қандай екеніне назар аударайық. Қазақ тілінде шыққан газеттерді кезегімен тізіп, әр қайсысына таптық тұрғыдан баға беріледі. Мысалы:

1) «Қазақ» газетінің баспасөз күнінен сыбаға алуға құқы жоқ. 1912-18 жылдары жалғыз-ақ ұлт қозғалысына көсемдік қылды. Большевиктерге қарсы болды. Шығарушылар: Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бөкейханұлы т.б.

2) «Сарыарқа», Семейде, 100 процент алаштың газеті. Кеңес үкіметіне қарсы сөз таратып, қазақтың қалың бұқарасының көзін бояды. Колчакқа намаз оқыды. Жазушылары: Ғаббасов, Бөкейханов, Тұрғанбаев, Әуезов т.б.

3) «Жас азамат», Қызылжарда, 1917-18-19 жылдарда. Бас жазушылары Мағжан, Кемеңгеров, Сәдуақасұлы Смағұл тағы бірнешеулері. Оған тілектес «Алаш» газеті, 1917-18.

4) «Бірлік туы» Ташкент. Басқарушысы Мұстафа Шоқиев. Қазір шет мемлекеттерде қашып жүр.18-жылы Жетісу-Сырдария елдерінің үстінде ұлы соғыс болғаны бесіктегі балаға мәлім. «Бірлік туы» сол қанды соғыста ақтардың сусыны болып жүрді. Бұл газет, 17-жылдары бейтараптау болды да,18-жылы Қайретдин Болғанбайұлы басқарған соң-ақ, большевикке беті теріс қарады.

5) «Тіршілік». Ақмола оясында большевиктер атынан шығып, басқарушылары: Сәкен Сейполдаұлы, Ғабдолла Асылбекұлы, Жұмабай Нүркеұлы, Бәкен Серікбайұлы т.б. Өмірі аз болып, басқарушыларын Колчак тұтқынға алып, Омбыға айдап әкетіп, газетті жауып тастады. Газеттің аяқ алысы коммунисттік еді (1917-18).

«Бостандық туының» редакциясында Жақан Сыздықов, Сейітжан Омаров, Жиенғали Тілепбергенов, Жұмағали Саин, Асқар Тоқмағамбетов, Шахмет Құсайынов, Ғалым Малдыбаев сияқты болашақ ақын-жазушылар жұмыс істеп, өз шығармаларын жарыққа шығарды.

ҰЛЫ КӘМПЕСКЕ ЗОБАЛАҢЫ

- «Екінші қазан төңкерісі» қажет болды
- Байсың – өкіметке жаусың
- Кедейлер кәмпескеге қарсы
- «Қайда едің сонда... шешендер?»

XX ғасырдағы қазақ тарихының аса бір ауыртпалықты кезеңі 1928 жылы басталған коллективтендіру деп аталған саяси-мемлекеттік шараға байланысты еді. Кейін, 1932 жылғы ұлы ашаршылыққа жалғасқан бұл оқиғалардың салдарынан халық үлкен қырғынға ұшырады...

1928 жылы қыркүйек айында газеттерде Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің ірі байларды кәмпескелеу туралы қаулысы жарияланды. Осы науқанға байланысты Қазақстанның барлық еңбекшілеріне, кедейлері мен орташаларына арналған үндеу басылды.

Үндеуде жалпы дүрмекпен саяси науқанды асқындырып алмау қажеттігі көрсетілсе де, «Бостандық туы» бетінде Қазақстанның басқа да мерзімді баспасөзіндегідей, ауқатты шаруашылықтарды талап, тәркілеу жұмыстары жағымды шара ретінде жазылып тұрды. Малы барлардың бәрі халыққа қарсы, өкіметке жат адамдар ретінде таныстырылды. Баспасөздің саяси қуғын-сүргіннің қолшоқпары болуы осы кезден басталған еді. Өкінішке қарай, көптеген талантты журналистер партия сөзі дегенді желеу етіп ардан аттады, адал жандарды даттап, жазықсыз кінәлады. Қоғам дамуының объективті барысы көпе-көрнеу бұрмаланып көрсетілді. Газетте ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу жөніндегі партия мен үкіметтің саясаты еңбекші шаруалардың мүддесіне сай келеді, деп жазылды. Мысалы, «Кедейлер мен жалпы еңбекші бұқараның таптық сезімі күшеюінің, саяси белсенділік көрсетудің нәтижесінде ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу науқаны ойдағыдай өткізілді», деген мақала сөздерін оқыған әрбір адам, сол газеттің бет-бейнесінен толық хабардар болады деп санаймыз.

«Кәмпеске науқаны – бұдан 11 жыл бұрын болған ұлы Қазанның шарпуы тимеген қазақ ауылында Қазан төңкерісі есе-

бінде жүрді»¹¹⁰. Бұл – әйгілі Филипп Исаұлы Голошкеиннің сөзі. 1928 жылғы кәмпеске науқанын 1917 жылғы қантөгіс революцияға теңеген, республиканың бірінші басшысы болуы аса қауіпті еді.

Іргетасы осал, тек жалаң ұран-сүреңге, қоқан-лоққыға, күш көрсетуге негізделген Коммунистік құрылыстың республикада тез орнай қоймауының себебі ізделгенде, бұған ең алдымен, қазақ даласындағы ауқатты адамдарды кінәлі етіп жариялау қажет болды. Сондықтан коллективтендіру саясатына кіріспе ретінде елдегі байлардың меншігіндегі мал тартып алынды. Олар «ортақтандырылуға тиісті», социалистік шаруашылықтың негізі болуы тиіс еді.

1927 жылы қараша айында Бүкілқазақтық VI-кеңестің конференциясында қазақтарды қолындағы малды бөліске салу мәселесінің бағыттары белгіленді. Яғни, кедейлердің байларға тікелей және жартылай крепостниктік тәуелсіздігін батылырақ жою, оның қоғамдық-саяси салмағын күшейте түсу, үшін... ірі байлардың малдары мен құрал-саймандарын тартып алуға рұқсат берілсін, делінді¹¹¹.

Мәскеудің нұсқауына байланысты республика партия ұйымының шешімімен Қазақ АССР Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің қаулысы 1928 жылғы 27-тамызда жарық көрді. Онда қағида сөзбе-сөз қайталанып, жартылай феодалдық-патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өзінің байлығын және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге қарсылық көрсетуші... аса ірі мал иелері кәмпескеленуі тиіс екені заңдастырылды. Мүмкін, қазіргі ұрпақ білмес, бұл қаулының Үкімет атынан шықса да, компартияның күшімен дүниеге келетін. Үкімет «Кеңес халқының алдыңғы қатарлы авангарды» коммунистік партияның ойыншығы болатын. Тек, сырт көрініс үшін қандай да қаулы, заң немесе қарар партия тағайындаған үкімет адамдарының қолымен шығатын.

Міне, жоғарыда аталған, «Ірі байларды кәмпескелеп, жер аудару туралы» қаулы да осындай партиялық құжат болатын.

Қаулы бойынша тәркіленіп, жер аударылуға тиісті қазақтар екі топқа бөлінген. Бірінші топ – «Ірі байлар», екінші топ – «Қауіпті элементтер» деп аталды. Бірінші топқа жататындарға қатысты қағида мынадай: «Үлкен байлығының арқасында, бұрынғы ата жуандығы, бектік,

¹¹⁰ «Еңбекші қазақ» газеті, 1928 жыл, 3-желтоқсан

¹¹¹ ҚОММ. 64 қор, 41-іс, 79 бет.

мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес жұмысының ілгері басуына кесел тигізіп келген Қазақстандағы ірі байлар жер аударылсын». (Сол кездегі сөз саптасын бұзбай беріп отырмыз. – **З.Т.**)

Бұл топ, яғни «ірі байлар» кімдер еді? Олар – «көшпелі аудандарда, барлық мал саны ірі қарамен есептегенде 400-ден жоғары, шала көшпелі, яғни жартылай отырықшы аудандарда – 300-ден, отырықшы аудандарда – 150-ден артық ірі қара малы бар байлар». Отырықшы аудандарда «ретіне қарай жоғары көрсетілген норманы 100 қараға дейін кемітуге Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің хақы бар», делінді. Бұл бапқа түсінік ретінде, малы көрсетілген мөлшерге жетпесе де, «жер аударылуға тиісті адамдардың қатарына кіретін болса, ондайларды Қазақстан кемесерлері кеңесінің ерекше қаулысымен жер аударуға» болады, деп көрсетілгені тағы бар.

Демек, жергілікті үкімет органдарына жақпай, қара тізімге іліне қалса, «ірі байлар» қатарына әркімді де жатқызуға болады, бұл үшін «ерекше» деген бір ғана атау сөз қолданылады. Екінші топқа жататындардың сипаттамасы бесінші бапта былай берілген: (сөз саптасы сол күйінде сақталды. – **З.Т.**) «Кеңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақсүйек сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірге қолынан шығармай, батсадан (Патшадан. – **З.Т.**) айрықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының бірінші ыстатиясына тура келмесе де, малы кәмпескеленіп, өзі бұрынғы қоныстарынан қуылады».

Бұл бапқа берілген түсінік-қосымшада: «Осы ыстатиада көрсетілген адамдардың мал-мүлкін ретіне қарай кәмпескелеуден құтқаруға Қазақстан халық кәмесерлері кеңесіне ерік беріледі». Дәлірек айтқанда, тізімге енген кез келген адамды өзге кісімен, (бір кісімен емес, тұтас отбасы туралы сөз болып отыр. – **З.Т.**) ауыстыруға болады екен. Сөйтіп қазақ арасын жиеленістіру арқылы белсенділер мен тыңшылар қатарын көбейтуге, «қауіпті элементтерді көбірек табуға» жол ашқан¹¹².

Осы баптар мен оларға берілген қосымша түсініктердің Ақмола губерниясында, оның ішінде Петропавл уезінде қалай қолданылғанына келейік.

Қаулы шығысымен губернияда «кәмпеске» комиссиялары жедел құрыла бастады. (Бұл арада «конфискация» де-

112 Алаш мирас., А., 1994, 25-бет.

ген ресми атаудың тарихтағы зұлымдық көрінісін қазіргі «тәркілеу» деген әлжуаз сөз бере алмайтындықтан «кәм-песке» деп отырмын. – **З.Т.**).

Ақмола губерниясындағы кәмпеске науқанын өткізуге Қызылордадан, үкімет атынан өкіл болып Садықбек Сапарбеков келді. Өңшең қазақтан жасақталған, 131 партия белсендісінен тұратын комиссия жер-жерге бөлініп, «тап жауларымен» күреске кірісті.

Петропавлда жасалған тізім бойынша «жартылай феодалдар, ру басылары кеңестендіру жұмысына бөгет жасаушылар» қатарына әуелі 33 отбасы ілінді. Олардың отағаларына мінездеме толтырылды. Мысалы, Нұрмағамбетов Ахметжанның (Мағжанның немере ағасы, бір жерде Жұмабаев деп те жазылған) мінездемесі мынадай:

«Атасы Жұмабай кезінде беделді ел ағасы болған. Ахметжанның кеңес өкіметіне көзқарасы – сырттай жақтайды, іштей қарсы. Маңайындағы кедейлердің еңбегін өте-мөте сақтықпен қанайды, сауатты элемент болғандықтан, заңдарды жақсы біледі. Интеллигент, кеңес өкіметіне жаынғысы келеді, сөйтіп қызметке де ие болып отыр». (Сырттай қарсы болмаған адамның іштей қарсы екендігін кім, қалай біліпті?)

Ал, «кедейлерді өте-мөте сақтықпен қанайды» деген не сөз?

Ал, Мағжанның әкесі Бекмұхамет (ел ішінде Бекен) Жұмабаев ше? «Ол бірнеше жыл болыс болған. Кедейлер мен жалшылар оны ел ішінен аластатуды сұрайды».

«Тонамбетов (әлде Тоғамбетов, Тоқамбетов) Исамберді, 75 жаста. Бұрын Сарыайғыр болысының төрағасы болған, әрі билік құрған. Кеңес өкіметіне күдікті қарайды».

«Майкөтов Баймағанбет (Баймұхамбет) – 75 жаста. Саудагер болған, Ленинградқа дейін барып сауда жасаған. Алашордаға мүше болған. Қазір сауданы жақсы жасайды».

«Қаймолдин Ебіл, орташа. Атасы Қаймолла бірнеше жүз қойы бар, бай болған...»¹¹³ мінездемелерге қол қойған М.Қайыпназаров.

Бұл арада мына бір жағдайды да ескере кетейік. Осы жылдары Мағжанның басынан бағы тайып, «пролетариат жазушыларының» солақай сынына ұшырап жүрген кезі еді.

¹¹³ СҚОММ. 511-қор, 1-тізбе, 155-іс, 193-200-беттер

Ол ұлтшыл, кеңес өкіметіне қарсы деген жаладан көз ашпaды. Мағжанның ақындық дарынына қызғанышпен қараған тапшыл, коммунист замандастары, оның жеке басына берілген соққыны аз көріп, оның елдегі туыстарын жазығы болмаса да қуғындады.

Партия билігіндегілер өздерінің зорлық-зомбылық әрекеттерін ақтау үшін, ондай заңсыз шараларға қоғамдық сипат беріп, «еңбекшілер атынан» немесе «солардың сұрауы бойынша», деп тісінің қанын басқаға бүркетіні тарихтан белгілі. Сөйтіп, халық алдындағы жауапкершіліктен оңай құтылып кетіп отырған. Бұл жолы да солай: «Кедейлер Жұмабаевтарды аластауды сұрайды» деп жазып қойған.

Ал шындық қайда еді? Мұрағатта мынадай да құжат бар:

«Осы 1928 жылдың 15-қыркүйегінде Бейнетқор ауданы алтыншы ауылдағы кедейлердің жалпы жиналысында Набиуллин, Бейсембаев және Қожахметов деген жалшылар Нұрмағамбетов Ахметжан мен Жұмабаев Бекенді қорғап сөз сөйледі. Олардың ешкімге зияны тиген емес. Сондықтан кәмпескелеудің, басқа жаққа жер аударудың қажеті жоқ, деді. Олар бұл байларда көп жыл жалшы болғандықтан солардың сөзін сөйледі».

«13-қыркүйекте Бейнетқор ауданындағы сегізінші ауылда, кейбір кедейлер Жұмабаев Ахметжанды қорғап сөз сөйледі...»

«...Октябрь ауданында Мусин және Жолаушин деген кедейлер Батырбаев Табыл деген байды қорғады.»

...Қызыләскер ауданындағы үшінші ауылда Жиенбаев Ақаш деген кедей кәмпескеге қарсылық білдіріп: «мынау барып тұрған тонау ғой», деді...¹¹⁴

Осылай-осылай кете береді. Мұндай оқиғалар жиі болған. Көпе-көрнеу заңсыздыққа халық қарсы тұрған. «Кәмпеске науқаны» күшпен жүргізіліп, ақыры үлкен қактығысқа апарары мүмкін еді. Қазақстанның барлық аймақтарында кездескен мұндай жағдайлар партия-кеңес органдарын сескендірді.

Соның нәтижесінде халыққа қарсы қарулы күш қолдануға дейін барғаны мәлім. Голощекиннің қолы қойылған, бүкіл губернияларға жөнелтілген 1928 жылғы 14-қыркүйектегі жедел-хатта: «қажет болса қару жұмсауға

¹¹⁴ СҚОММ. 511-қор, 1-тізбе, 156-іс, 21-22 беттер.

рұқсат» етілген. Осыған байланысты Қызылжарда «кәмпеске жұмысын тездету үшін қарулы отряд құрылды және 50 қазақ коммунисті жасақталды»¹¹⁵.

Тап мүддесі деген желеумен жазықсыз қуғын-сүргін көргендерге қандай айып тағылғанын мына бір құжаттан да білуге болады. Онда Бекмұхамедов, Қасенов, Азынабаев, Байтинов, Шукумов, Закирьяев, Сабердин, Қайықов, Нұрпейісов деп келеді де, бәріне ортақ мінездеме былай беріледі: «жоғарыда аталған байларды екі-ақ сөзбен сыпаттауға болады. Олардың бәрі де, шаруашылық және саяси тұрғыда ауданның билеушілері және әлеуметтік жағынан өте қауіпті элементтер».

Қаншама жұртты қан қақсатып, Ақтөбе облысына жер аудару үшін осындай сауатсыз тұжырым жетіп жатқан.

Тіпті, кәмпескеге жататындардың тізімін жасаған да, негізгі отағасыға қоса, «егер ол өтпей қалса,оның орнына мынаны кәмпескелеу керек», деген сөздерді оқығанда жағанды ұстайсың.

Мысалы, «Әбдікәрімов Сәдуақас тізімнен шығарылсын, оның орнына Шәймерденов Мұхамедкәрім кәмпелескеленсін, әйтпесе Сәттібаев Жабайдың орнына Торсанов Шерияздан...» деген сияқты. Қалай болғанда да жоспарды орындап, көзге көріну керек екен. Немесе, «Кемелов Ғали әкесі Кемелов Нұрғалимен көптен араласпайды екен, сондықтан оның малын ғана тартып алу керек, бірақ жер аудармауға болады...»

Бұл күндері ұрпақтары қалған болса, еске алсын деп, заңсыз кәмпескеленіп, жазықсыз айдалғандардың тізімін де берейік:

Қызылту ауданынан:

Тоғжанов Сәдуақас, Шектібаев Рақымжан, Жанталин Мүтәлләп, Жанталин Қосым, Әбдірахимов Сұлтан.

Төңкеріс ауданынан:

Арбабаев Әбдір, Рамазанов Абылай, Әлтиев Сәдуақас.

Петропавл қаласынан:

Баймағамбет пен Хасанбай Майкөтовтер, Ыдырысов Мәлік, Жұмабаев Ахметжан...

Бұл тізім, әрине толық емес. Ал, байлардан тартып алынған 23 кілем алты ай бойы Райфоның қоймасында жатып, ақыры аудандық оқу бөліміне қолхатпен өткізілді.

¹¹⁵ СҚОММ. 511-кор, 1-тізбе, 155-іс, 97-бет.

Сонымен бүкіл Қазақстандағыдай, Қызылжар өңірінде «ұлы кәмпеске» үш айда аяқталды.

«Кәмпескенің нәтижесіне орыс ауылдары қанағаттанған-дық білдірді, олар тиышталды. Бұған қазақтар наразылық білдіруде: бізді кәмпескелеп, осылай қысқанда, орыстарға неге тиіспейсіңдер, дейді.»

Партия белсендісінің бұл баяндамасы күлкілі көрінгенімен, ар жағындағы ызғары да сезіліп тұр. Бұқара халықтың тілегі, сұрауы сондай, деп, келесі жылы уездегі орыстарға шабуыл жасалды. Оларға «кулактарды тап ретінде жою» деген желеумен қысым басталды. Жеке меншікке тағы да орны толмас соққы берілді.

Осылайша, жаппай коллективтендіру, яғни жаппай «кедейлендіру» саясаты жалғасып жатты.

Ал кәмпескеленіп, бейбіт уақытта жер аударылып кете барғандардың тағдыры не болды? Олар қалған өмірінде бас бостандығынан айырылған аса ауыр қылмыскердің күйін кешті. Және бұл жағдай саясат түрінде заңдастырылды.

Келесі, 1929 жылдың 23-наурызында Қазақ Орталық Аткару комитетінің қаулысы шықты. Барып тұрған заңсыздық пен дүлей өктемдік белгісіндей қаулы «Жергілікті ұлттың жер аударылған ірі мал иелерінің құқықтық жағдайы туралы» деп аталды. Енді осыны қазақшадан қазақшаға аударатын болсақ: жергілікті ұлт – **қазақ**, ірі мал иелері – **байлар**, құқықтық жағдай – **айдаудағы өмірі** болып шығады. Тергеусіз, сотсыз, жеке меншігінен айырып, күштеп жер аударған жағдайда қандай да «құқық» туралы сөз болу мүмкін бе?

Қаулы етілді:

Барлық байлар... мәңгілікке жер аударылды.

2. Жер аудару туралы... шешім ҚазОАК-нің құзырымен ғана өзгереді, оның өзінде жер аударылғаннан үш жыл өткен соң ғана.

Жер аударылған мерзімі бойында (яғни, мәңгілікке. – **З.Т.**) олардың қоныс ауыстыруға, рұқсатсыз жүріп-тұруына құқы жоқ.

Жер аударылған байлар ешқандай кооперативке, серіктестікке мүше бола алмайды.

Олардың отбасыларына, бала-шағаларына да осы қаулының 1-5-баптарындағы тәртіп белгіленген. (Сонда тұқымымен жау, қылмыскер болғаны ғой – **З.Т.**)¹¹⁶.

¹¹⁶ СҚОММ. 18-қор, 1-тізбе, 1-іс, 142-бет.

Осынау құжаттарды қазіргі көзі ашық ұрпаққа таныстырудың қажеті жоқ та шығар. Бірақ қалай жасырасың. Біздің өткеніміз осындай болған, ата-бабамыз, әке-шешелеріміз осындай «тәртіппен» өскен.

* * *

Құрметті оқырманым, мен де, қазіргі басқалар да: Қазақ деген халық неге жасқаншақ, көрбала мінезді деген сөздерді естіп жүреміз. Өзіміз де сондай ойға әредік келіп қаламыз. «Аузы күйген, үріп ішеді», дегенде атам қазақ ыстық ішкенін айтпаған, бастан кешкен теперішті, бері қойғанда соңғы екі жүз жылғы тепкіні көріп өскендіктен айтқан.

«Кешегіні білсең, ертеңгі қадамың дұрыс болар», деп жаңа нақыл айтсам, менің сөзім емес, осындай тарихи кезеңдердің сабағы екен ғой.

Ауыздығымен алысқан тұлпарлар болған, бірақ адам баласы емес мәңгүрт емес қой, зердеге ұялаған жақсылық та, жамандық та кем қойғанда бір ғасыр ұмытылмайтын шығар.

Тағы да Міржақып Дулатов! Осыларды көрген, бастан кешкен «көзсіз қазақ» (бұл Жақаңа менің қойған атым. — З.Т.) не дейді?

Ақыл таппай, дағдарып,
Жаны ашыр таппай, сандалып,
Барарын қайда біле алмай,
Жүрген бір күнде сан ғарып —
Есепсіз көп шешендер,
Жөніңді айтшы, қайда едің?!

Кейбір зеттеушілердің есептеп шығарған деректеріне қарағанда Қазақстанда 1929-31 жылдары 300-372 көтеріліс болыпты. Өзім санағаным жоқ, соның жартысы да Кеңес үкіметінің момын қазақты шошытып, жанды жеріне тигеніне дәлел бола алады.

«Хат танымайтын қара қазақтың саяси санасы қалай оянды, бәрін бастап жүрген оқыған, білімді әрі қызмет бабындағы ұлтшылдар» деген дақпыртпен хатшот білетін қазақтар түгел құртылды. Бұл жөнінде басқа тарауларда айтылған. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен...». Кейбір қадір тұтқан ағаларымыздың бір кездегі жарқын бейнесі сын сағатта күңгірт тартқанын, бір күндік бақ пен тақ үшін елін, ұлтын сатқанын айтпай-ақ қояйыншы. (Көкіректе бәрі сайрап жатыр, дәл осы жерде ақиқатты аттап кетсем, менің арыма шек келтіресіздер, оны да білемін). Бұл әңгіме осымен тәмәм.

«ОЯН, ҚАЗАҚ» ҚЫЗЫЛЖАРДА ТУҒАН

- «Үш жүз» «Алашордаға» қарсы
- М.Дулатов Қызылжарда
- Ж.Тілеулиннің қуғындалуы
- Мағжан жазған «Алқа» ұйымының бағдарламасы

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21-тамыз күнгі саны «Алаш» газетінің жабылып қалғаны жөнінде хабар басылды. «Алаш» газетінде осы күнгі өзіміз оқып жүрген «Солтүстік Қазақстанның» алғашқы редакторларының бірі – Сабит Айтхожинның мақалалары шығып тұрған болатын.

«Алаш» газеті туралы. Бұл басылым 1916 жылғы қарашадан бастап, 1917 жылдың шілдесіне дейін Ташкентте шығып тұрды. Газеттің бірінші санында оның мақсаты жөнінде: «Россия қарамағындағы елдердің бірі болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелері – көшпелілік отырықшылық, оқу-ағарту ісін жөнге қою... елдің тұрмыс-халін түзету» деген болса, осы бағытты ақырына дейін ұстанды. Редакторы – белгілі саясаткер, «Үш жүз» партиясын құрушы Көлбай Тоғысов (Төгісов, Төленгітов деп те аталады), кейін Түзел Жанбаев. «Алаш» газеті жабылғаннан кейін аты өзгеріп, «Үш Жүз» аталып, Қызылжарда шығып тұрған деген мағлұмат бар.

Профессор Т.Кәкішев өзінің 1999 жылы шыққан «Мағжан-Сәкен» деген кітабында бұл басылым туралы құнды деректер келтірген.

«Менің қолымда «Үш жүз» газетінің 2-саны бар. Қызылжардағы «Прогресс» баспаханасында 1917 жылғы 24-желтоқсанда (мұсылманша 1336 жылы) жексен күні басылған», (145 бет) дейді де, сол газеттің бетінде жарияланымдарға шолу жасайды. Онда газеттің жетісіне берет шығатыны, яғни апталық екендігі көрсетілген. Уақытас бас жазушысы Көлбай Тоғысов, шығарушы «Үш жүз» партиясының бас комитеті.

Газеттің осы санында социалистік «Үш жүз» партиясының Орталық комитетіне сайланғандар олардың лауазымдары жөнінде деректер келтірілген.

ты, партияның төрағалығына сайланған Мұқан Әйтпенов ралы: «Іске шебер, қазақ намысына келгенде, жанын сатың, керек болып қалса, неше жүз жігіт даярлап, жауға несары-Наурызбайдай қарсы шабатын» адам деп, нездеме берілген. Ал, оның орынбасары Көлбай мырза ылымға жетік, газет шығаруға мейлінше ұста бір зерек гіт», сондықтан ол әрі «Үш жүз» газетіне редактор болып йланған. Ысқақ Көбеков – хатшы, Мүтәллап Жантөлин, Ыдрахман Қылышпаев – қазынашы.

Газетте басылған «Үш жүз» партиясы деген редакциялық қалада «Үш жүз» партиясының сыр-сипаты оқырманға ин-жақты таныстырылған. Оның «Алаш» партиясынан яси көзқарасы, бағдарлама жағынан айырмашылығы неде ендігі көрсетілген. Зерттеуші Т.Кәкішевтің пайымдауына, «журналистік тұрғыдан алғанда, «Үш жүз» газетінің, ине оның редакторы Көлбай Тоғысовтың пендешіліктен а алмағаны, саяси қарсыласының атына қолайсыз сөз айып, айтысты анайы арнаға салып жібергені» ашық көрініп р.

Бұл газеттің осындай жайсыз «мінезін» өз кезінде Тоғыстың идеялық қарсыласы С.Сейфуллин де көрсеткен болаын. Ол «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында:¹¹⁷ «Үш жүздің» ығарған газеті де дәрекі болды. «Сабасына қарай піспегі» ген тәрізді «Алаш» көсемдерін жамандағанда, тек дәрекі мен сөге берді», деп жазады.

Бұл айтылғандарға толықтыру ретінде 1918 жылғы қаңтарда «Революционная мысль» газетінде жарияланған Петропавлдан келген мына жеделхатты да ұсынамыз: «Об-стному комиссару Тверитину, редакции газеты «Револю-онная мысль» от имени Киргизской демократии заявляем, о вновь организованный Акмолинский областной комис-риат в лице Тверитина, Тогусова, Максимова, Токпаева лучит твердую поддержку со стороны казахской демокра-и. Уполномоченные Казыбеков, Татибеков, Кабеков».

Бұған қарағанда, Омбыдағы жаңа билікке Петропавлдағы йбір азаматтардың бүйрегі бұрғаны көрінеді.

Әрине, бұл құжатты кездейсоқ келтіріп отырған жоқпыз. алған дерек, 1918 жылдың басында Мағжан Жұмабаевтың ды қаласында тұтқындалып қалуына қатысты.

¹¹⁷ С. Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу» 1960 ж. 101-110 беттер.

Қазақ баспасөзі тарихында ғұмыры аз болса да, сәуір науқандарда елеулі із қалдырған, қазақ халқының тәуелсіздік күресінің көптеген мәселелерін көтерген «Алаш» газеті өзіндік орны бар.

«Алаш» газетіне Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытұй, Бейімбет Майлин сияқты болашақ ірі қаламгерлер жазған.

Міне, осы газеттің 1917 жылғы 14-мамырдағы санында «Көкшетауда бостандық тууы» деген мақала жарыяланды. Қол қойған – Мұхамедсабыр Айтхожин. Мақала Көкшетауда Уақытша үкімет органдарының құрылуына байланысты өткен жиналыста сөйлеген Жұманов Әлжанің сөзінің мазмұны берілген. Әлжан қазақ елінің Ресей астына қарағаннан бергі халі мүшкіл болғандығын айтты. Самодержавиенің құлауына байланысты қазақ халқының еркіндік алуы керек. Жиналыс соңында жиналған халық «Марсельеза» әуенімен қосылып ән айтты, делінген.

Қарап отырсақ, осы нөмірде екінші Айтхожиннің (Ғалиасқар) «Бостандық» деген өлеңі басылыпты. Автор өлеңді «Марсельеза» әуенімен айту қажеттігін ескерткен.

Бүкіл Қазақстанды азаттық рухы кернеп кеткен іс қой, содан үш нөмір бұрын Сәбит Дөнентаевтың «Азат күні», бір нөмір кейін Бернияз Күлеевтің «1917 жыл» деген өлеңдері басылған екен. Біздің заманымызда бұл өлеңдер ақындар 1917 жылғы большевиктік Қазан төңкерісіне байланысты қуана, қолдай жазған деп оқытқан. Шындық бұл екен ғой. Қазан төңкерісі әлі алда.

Көріп отырсыздар, Сабыр Айтхожиннің толық іс Мұхаметсабыр екендігі, оның Ғалиасқар деген ақын туы болғандығы жөніндегі деректер көзге жылы ұшырайды.

Біз жаңа, осыдан бұрын Тілеулин Жұмағалиға қатысты әңгіменің шылбырын оқырманға ұстатып кетіп едік. Соны әрі қарай өрбітейік.

Жұмағалидің А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты Ақ көсемдерімен қанаттас, бастас болуы тегін емес. Ол «Қазан газеті» шыға бастағаннан-ақ басылымның әрбір санына іс сенсе араласқан.

Әдетте, ол кезде көптеген қаламгерлер баспасөзде іс кеншік есімдерді көп қолданған. Мысалы, Міржақып «Ақ дияр», «Арғын», Әлихан «Қыр баласы», Ахмет Байтұрсын «А. Б.», Мұхтар Әуезов «Қоңыр», Мағжан Жұмабаев «Мі

ыж», «Мәжеке», «Балапан», «Сахарзада», Әбдірахман Ай-арин «Шұға», «Әбдірахман», Бейімбет Майлин «Быж», Қара бала», тағы сол сияқты. Ал, Тілеулин Жұмағалидің үркеншік аты әзірге табылған жоқ. Сондықтан «Ж. Т.» смесе «Т. Ж.», «Ж.» деген шартты таңбаларды белгілі аламгер Жиенғали Тілепбергенов пен Тілеулин Жұмағали кеуінің қайсысы екенін іздей түсу керек. Тіпті, «Ж» деп Ханұзақ Жәнібеков те қол қоятын болған...

Сондықтан тек қана оның фамилиясы жазылып, қолын ойып бастырған материалдар жөнінде сөз болады. Газетті арап отырсаңыз, Жұмағали Тілеулин деп қол қойылған алғашқы мақала «Денсаулық жайынан» деген тақырыппен Қазақтың» 1913 жылғы 6-сәуірдегі тоғызыншы санына шықты. Демек, ол газеттің алғашқы авторларының бірі. Іздің жобалап есептеуіміз бойынша Ж.Тілеулин «Қазақ» ізетіне 1913 жылы 3 мақала, 1914 жылы 11, 1915 жылы 3 пен 1917 жылы 5 мақала бастырған.

Осының өзі Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулаев шығарған, Әлихан Бөкейханов тұрақты автор, идеялық етекші әрі кеңесші болған «Қазақтың» бүкіл тағдырлайына Жұмағали Тілеулиннің куә болғанын, «Қазақ» әңірегіндегі азаматтармен рухани туыс, ниеттес, пікірлес болып, өзі декүрескерлікке жетіліп, шыныққанын көрсетеді.

Кәсібі дәрігерлік болғандықтан да саясат, шаруашылық, кеуметтік жағдай туралы ол көп жазбаған. Бәлкім, редакцияның арнайы тапсырмасымен баспасөз бетінде салауаттылықты, тән саулығын насихаттау ісімен тікелей және жүйелі түрде айналысқан. Газет бетінде «Денсаулық жайынан» деген жалпы тақырыппен арнайы бөлімді жүргізіп отырған. Ол кезде бұл да аса зәру мәселелердің бірі еді.

«Адамдардың денсаулығы – қоғамның байлығы» деген ұғида мәңгі жасайтын ақиқат екенін еске алсақ, бұқаралық парат құралының мүмкіндік күшін пайдаланып, жұрттың денсаулығы сауатын ашу осындай-ақ болар. Тіпті қазіргі заманның өзінде әлсіреп бара жатқан бұл насихатқа ғайтадан бет бұруға қызылжарлық Тілеулиннің өнегесі жет.

Сонда да тосын оқиға, қызық хабарға елендегіш қазақ дәрігер-автордан гөрі саясатшы-автордың жазғандары қымбатырақ көрінгені хақ. Ж.Тілеулин бұл жағынан да далақан еместігін жоғары көрсеттік.

1915 жылы «Қазақтың» 28-қаңтардағы (№108) «Ұлтшыл жігіт» деп тақырып қойылған көлемді мақаланың кейіпкері – Ахмет Жанталин болатын. (Он бес жылдан кейін Жұмағали ұсталғанда куә ретінде оған жағымды мінездеме берген де осы Жанталин. Тағдырдың жазуын көрмейсіз бе? – З.Т.)

Жанталин Ахмет кім? Біздің білетініміз – мұғалім. Мұғалім болғанда, жай мұғалім емес, халыққа сыйлы азамат, білікті маман. Жанталин Ахметтің өзі де «Қазақ» газеті бетінде бірнеше мақала бастырған. Мысалы, 1913 жылғы 10-ақпанда, жаңа шыққан газеттің өзінде-ақ оның қолтаңбасы көрінді. «Медреседен оқып шыққан шәкірттеріміз не болашақ?» деген мақаласында ол: медреселерді бітіріп шыққан балалар тек мұғалім немесе молда ғана бола алады, дейді. Оқу жоспарын жетілдіре отырып, оларға өмірлік, парактикалық пайдасы бар – жан-жақты білім беру керек.

«Емтихан» деген мақаласында¹¹⁸ Жанталин қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысының көкейкесті мәселелерін талдайды. Ал, «Қазақ мектебі» деген атпен бастырған материалында¹¹⁹ орыс тілінде оқытатын оқу орындары мен татар мектептерін салыстыра қарайды да, солардың тәуір жақтарын қазақ медреселерінде қолдану жөніндегі пікірлерін оқырмандар сарабына салады.

Петропавлда 1918 жылдың жазында шыға бастаған қазақ жастарының тұңғыш газеті «Жас азаматтың» сол 1918 жылғы қыркүйек айындағы 5-санында Ахметтің «Аш қазақ-қырғызға жәрдем ету туралы пікір» деген мақаласы жарияланды.

Жұмағали Тілеулин «Ұлтшыл азамат» деп мақтаған Жанталин Ахмет саясаттан да құралақан емес. 1914 жылғы 31-қаңтарда басылған (№51) «Государственный Думада» деген мақаласында Ресей мемлекеттік Думасында қазақтан депутат жоқ екендігіне қынжылыс білдіреді. Думада қазақ елі, оның жері туралы сөз болса, оның қолдайтын кім? Бұл мәселе Жанталинді ойландырады.

Ахмет сол кездегі басқа да ұлтшыл қазақ оқығандары сияқты алғашқы баспасөз органдарының бірі – «Айқап» журналына мақалалар жазып, халықтың келешегіне байланысты іргелі мәселелерді талқылауға қатысты. Әлбетте, капиталистік шаруашылық қатынастар, бүкіләлемдік экономиканың

¹¹⁸ «Қазақ» газеті, 1913 ж. 22-маусым, №19

¹¹⁹ «Қазақ» газеті, 1914 ж. 15-маусым

даму бағыты көшпелі қазақ халқының тағдыры тағдырына шешуші әсер етпек еді. Халықтың алдында екі жол тұрды. Біріншісі – заман талабына тез бейімделіп, жаппай отырықшылыққа ауысу. Екіншісі – бұрынғысынша, қалыптасқан көшпелі өмір салтын жалғастыра беру. Бұл жолдың тығырық екені – тарихи ақиқат. Демек, отырықшылыққа бейімделу қажет. Қазақ оқығандары бұл тұста да екі жарылды. Бір жағы шұғыл түрде үкіметтен жер бөлісін алып, қора-қопсы салу, егіншілікке кірісу. Ал, екінші жағы халықтың байырғы тіршілік дәстүрін кенеттен өзгертіп жіберуге болмайды, әзірше жартылай көшпелі бола тұрып, отырықшылыққа бірте-бірте бейімделу бағытын ұстанды. Бұл әрине бірден-бір дұрыс, эволюциялық жол еді. А.Жанталиннің «Күнелту турасында»¹²⁰ деген мақаласында қазақтарды бірте-бірте отырықшылдандыру мәселесін көтеріп, мұндай әлеуметтік-экономикалық өзгерісті асықпай енгізу жөнінде салықалы ой қозғайды. Ахметтің бұл пікіріне ақын әрі көсемсөзші Ғұмар Қарашұлы дау айтқан. Журналдың 1910 жылғы 9-санында басылған «Тағы да күнелтуіміз туралы» деген мақаласында Жанталин көшпелі қазақ экономикасын эволюциялық жолмен дамыту жөніндегі ойларын дәлеледей отырып, басқа авторлармен пікір жарыстырады.

Кейінде қазақ тіліндегі екі-ақ басылым «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің пікірлері үйлеспей, тіпті біріне-бірі қарсы шығатын даудың басы да осы отырықшылыққа көшу мәселесі болатын. Нәтижесінде қалың қауым «Қазақ» бетіндегі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ахмет Жанталин қолдаған жолды жақтағаны тарихтан мәлім.

«Жер мұңы» деген тағы бір мақаласында¹²¹ Жанталин нағыз ұлтшыл жігіт ретінде көрінеді. Патша өкіметінің қоныс аудару жүйесіне негізделген отарлау саясатының түп-тамырын Ахмет жақсы біледі. Бұл кезде патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің аумағы 45 миллион десятинаға жеткен еді. Қазақ жеріне шақырылмай келіп, билеп-төстеп қала салып жатқандарға наразылық білдіреді. Ата-бабаларымыздың әлденеше ұрпағы қан төгіп, жан қиып сақтап қалған жерді отаршылардың озбырлықпен бөліске салуын, жергілікті қазаққа қысым жасауын әшкерелейді.

¹²⁰ «Айқап» журналы, 1912, №5, 7

¹²¹ «Қазақ» газеті, 1914 ж. 14-шілде, №69

Осының алдында ғана қазақтың белгілі заңгері, кейін Алаш көсемдерінің бірі болған Райымжан Мәрсековтің «Жер мәселесі» (№67) деген мақаласында қозғалған ойларды Жанталин одан әрі өрбітеді.

Реті келіп қалған соң, «Қазақтың» осы санына біраз тоқталу керек болып тұр. Бұл нөмірде бізге таныс Жұмағали Тілеулиннің денсаулық жайынан жазған кезекті ақыл-кеңесі басылған. Сонымен бірге газет оқырмандарды Кенжеғали Абдоллаұлының, Есенғали Бейсенұлының қазақ тілінде бастырып шығарған кітаптары туралы құлағдар еткен.

Халық өмірінің, ел тұрмысының айнасы деген атақты ақтай білген газеттен біз Бірінші дүниежүзілік соғыстың қалай, қашан басталғанын дәл біле аламыз. М.Дулатовтың мақаласында¹²² Австро-Венгрияның Сербияға соғыс ашуының себептері көрсетілген.

«Газетіміздің өткен санында Австрия наследнигі Франс Фердинандтың өлімі хақында жазылып еді. Наследникті өлтіруші серб жігіті болып шықты... Соңғы хабарларға қарағанда, наследник атылғаннан бері 4 мың серб айдалып, 4 мың серб абақтыға жабылыпты. Ойран болған сербтердің шығыны жеті жарым миллионға жетіпті...» деп хабарлайды газет. Тек хабарлап қана қоймайды, редакция бұл құбылысқа өз пікірін де білдіреді: «Егер Австрия мен Сербия арасы бұзылып, соғыс басталып кетсе, Еуропа мемлекеттерінің әрқайсысының жақтайтын жағы тағы бар». Міне, мәселе қайда? Мұндай болжам жасау үшін аса мол саяси сауат, ұшқыр қиял, сұңғылалық керек. Қазіргідей ақпарат тасқыны асып-төгіліп жатқанның өзінде саяси сарапшылардың көбі мұндай тәуекелге бара бермейді...

«Қазақ» газетінің болжамы дұрысқа шығып, 1914 жылғы 1-тамызда Ресей дүниежүзілік соғысқа кіріп кеткен¹²³. Бұл соғыстан Ресей империясының қалай шықанында газет жазған.

Жалпы, «Қазақ» газеті авторларының білімі мен біліктілігіне, көргендігіне қазір таң қаламыз. Мысалы, сол 1914 жылдың өзінде-ақ «Қазақтан солдат ала ма?» (30-тамыз) деген мақала басып, кейінгі атышулы 1916 жылғы «июнь жарлығынан» екі жыл бұрын қазақтың қауіптен бастағанын көрсетеді. Өзіне ешкім тимесе де, себепсіз, өзі соқтығып

¹²² «Қазақ» газеті, 1914 ж. 14-шілде, №68

¹²³ «Қазақ» газеті №74, 17-тамыз.

соғысқа кірген Ресей империясы ауыртпалықты халыққа, оның ішінде бұратана саналған қазақ сияқты халықтарға салуы әбден мүмкін екенін болжай білу үшін бірталай сезім мен сергектік керек-ау!

Оқып көрсек, тағы да Қызылжарға қатысты: «Петропауылда Есенғазы Болатов деген мешан бар. Бұл – Көкшетау оязының қазағы. Осы Есенғазының баласы Ғазез деген жігітті қазақтығына қарамай, енді мешансың деп 1910 жылы солдаттыққа алмақ болады... Ғазиздің әкесі ізденді. Войсковой уставтың 42-статьясында көрсетті. (Онда қазақ қай словиеге кірсе де солдаттыққа алынбайды делінген. – З.Т.). 1834 жылы үкіметтің аға сұлтан Қоңырқұлжаға берген указын айтты.

(Қоңырқұлжа Құдаймендинге берілген бұл указдың басқа жерден біз тапқан түпнұсқасы мынадай болатын:

1834. Мая 29. № 7141. О свободе сибирских киргизов от рекрутства.

Прибывший в Петербург старший султан Акмолинского округа Худай-Мендин заявил, что некоторые киргизы сомневаются в том, свободны ли они от повинности рекрутской. Вследствие чего выдан лист с выпискою из законов о свободе от рекрутства для удостоверения, что сибирские киргизы были и будут навсегда свободны от рекрутства как теперь, так и тогда, когда, желая себе еще большего блага, станут прилежнее заниматься земледелием и другою промышленностью, или же поселятся по своей доброй воле в селениях и городах).

Басқа тапқан дәлелдерін келтірді. Бірін қабыл қылмай, қызметке алынбақшы болды. Ғазиз сол жылы Семейде учительский семинарияны бітіріп шыққан еді. Қарқаралыда городской школга учитель болып сайланып, әскери қызметтен құтылып келді. Ғазиз учительдік правосы болған соң, өз басы азат етілетінін білуші еді. Бірақ, сондай кезі келгенде анығына жетіп, кейінгілерін босату үшін ізденіп еді...

Міне, мәселе қайда жатыр? Есенғазының Ғазизи де жігіт екен. Ақыры сол «тықыр» расқа шыққанын «Қазақ» газеті өз оқырманына тәтпіштеп, былай жеткізіпті: «1912 жылы Павлодар абақтысы арқылы Өскемен қаласындағы дисциплинарный ротаға бір топ жазалы солдат өтті. Солардың ішінде бір қазақ солдаты бар екен... Бұл – атығай Сәрсенбай деген қазақтың баласы. Тобыл губерниясында крестьяндыққа

жазылып, қала болған қарауыл мен керейдің балаларын солдаттыққа алатын болған соң, қайта қазаққа шығып, Омбы оязының Қорған болысына һәм Қызылжар оязының Полу-динский болысына жазылды». (Менің ескертпем: осында аты аталған Ахмет Жанталин, Болатов Есенғазы, оның мұғалім баласы Ғазез, атығай Сәрсенбай, оның аты аталмаған солдат баласынан тараған тұқым өз арамызда жүрген шығар. – З.Т.).

Қазақ халқының ояну, серпілу кезеңінде жігіттіктің өлшемі – ұлтшылдық болатын. Кейінде ғана ғой, өз ұлтын басқа теуіп, өзге ұлттың бауырына жармасып, өгей емшектің сарысуын еміп, жан сақтаған аға-аталарымыздың көбейіп кеткендігі. Марксизм салты «Пролетариатта ұлт жоқ» деген шоп-шолақ үш сөзбен ғана қалыптасты. Отар ұлттардың сана-сезімі оянуынан қорыққан билеуші идеологияға жат саналып, ұлтын сүю, ұлтшылдық деген ұғымдар теріске шығарылды. Бүгінде енесінен адасып қалған күшіктей ұлтымызды соңғы он жылда әрең тапқандай болып жүрміз.

Шоқан айтады екен: «Бәрінен бұрын өзімнің қазақ елімді, одан соң Сібірді, одан соң Ресейді, содан соң ғана бүкіл адам баласын жақсы көремін; қазақты орыс ұрып жатса, қазаққа болысамын. Орысты француз ұрып жатса, орысқа болысамын», – деп¹²⁴.

Дәл осындай, Алаш көсемдері ұлтың бөлек деп ешбір ұлттың баласын шетке қақпаған, жаулық ойламаған. Ал, отансүйгіштен, жерін қорып, отаршылдық көргеннен пайда болатын ұлтшылдық сезімнің жөні мүлде бөлек.

Ж.Тілеулиннің өз жерлестері Жәнібеков Жанұзақпен, Турин Ысмайылмен бірігіп жазған «Қара жүз қажы яки Қорғанский»¹²⁵ деген мақаласы да ұлтжандылыққа толы. Мұнда бәз біреулердің бір күн қарын тойғызғаны үшін ұлт мүддесін сатып кететіні орынды сыналған.

Патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып, елдігін жоғалтып бара жатқанда» (М.Әуезов) өз ішіңнен шыққан қаскөйлердің залалы жанға тіпті де қатты батқан ғой. Міне, «Қазақ» авторлары, олардың ішінде біз әңгімелеп отырған Жұмағали Тілеулин де осы пікірде болған. Пікірлерін ішіне сақтап отыра бермеген, баспасөз бетіне шығарып жұрт талқысына салған.

¹²⁴ Тайшыбай З. Алаш көсемсөзі. 2003, 195-бет.

¹²⁵ «Қазақ» газеті, 1917 ж. 3-мамыр.

Сонымен, Жұмағалидің «Қазақ» газеті бетінде бірінші көрінуі 1913 жылғы 6-сәуір дедік. Бұл – газеттің алғашқы сегіз саны шығып, ана тілінде мерзімді баспасөз үлгісін көптен қолына ұстамаған («Дала уалаятының газеті» 1902 жылы жабылып қалған болатын. Қол жеткен қазақ «Айқапты» оқитын. – З.Т.) оқырманын елең еткізген кезі еді. Дәл сол күні газет бетінде Міржақып Дулатовтың «Жер аудару» деген мақаласы шықты.

Өз жазғаны басылған газет санын алған Жұмағали оны оқыды. Не дейді екен Міржақып? Мақалаға жетексөз (эпиграф) ретінде Абайдың «Бірінді қазақ бірін дос көрмесең, істің бәрі бос» деген сөздерін алыпты. Әрі қарай оқиық: «Степное положениенің» ІҮ-ші статьясы бойынша Дала уалаятының генерал-губернаторына өкіметке сенімсіз (саяси) һәм мал ұрлаушы қазақтарды бес жылға жер аударуға ерік берілген. Сол себепті Ақмола, Семей облыстарында жер аудару деген нәрсе соңғы жылдарда өте күшейіп тұр.

Сотқар адам бұзықтыққа салынып, халыққа зиян келтіріп, шаруасын күйзелтетін болса, лайықты жазасын тарпасын деп ешкім ара түспеді», – деп алады да М.Дулатов тергеусіз, сотсыз қуғындауға қарсы екенін айтады. Алтыбақан алауыз қазақ мұны басқаша түсінеді. «Қазақ араз болған кісісін бүгін жеңіп айдатқанына мәз болып, сол хал ертең өз басына келейін деп тұрғанын сезбейді... Біздің қазақтың оңбай тұрғаны да ар-ұят босағада қалып, өсек-өтірік төрден орын алып, халыққа бапсыз нәрселерді бірін-бірі мұқатуға қару қылып жұмсаудан. Мұның түп-тамыры жаман екенін білмейді, білсе де «оғым тисін де, сынсын» деп ойлайды», – деген сөздерге осы күні дау айтатын кім бар?

Дулатовтардың көрегендігі кешегі отызыншы, отыз жетінші, елуінші, алпысыншы жылдары, тіпті 86-жылғы Желтоқсанға байланысты қолмен қойғандай айғақталды емес пе? Біреуді мұқатамын деп жала жауып, артынан өзі айдалып кеткендер аз ба? Бірін-біріне аңдытып, ақыры атыстырып-шабыстырып қойып, соңында екі жағын да құртып жіберетін зұлымдық саясаттың сан мысалы әлемдік тарихтан мәлім.

«Біздің қазақ бірін-бірі мұқату үшін құдайдан қорықпай, жұрттан ұялмай, жалған жалаға кіріседі», дейді де Міржақып бірнеше мысал келтіріпті. Солардың біреуі мынау: «Петропавл уезінің жеті адамын қазынаның ағашын кесті деп

көрсеткен. Ояз бастығы ол жетеуін жер аудармақ болған. Ақыры олардың кінәсі дәлелденбей ісі аяқсыз қалған.

Бірақ сол адамдар көп қиянат көрген ғой. Дәл сондай іс Павлодар оязында да болған. Қарсы партияның қазағы бір атқамінердің үстінен: үкімет тыйым салған кітаптар оқиды, жалған ақша жасайды деп арыз берген. Әлгі адамның үйін тінткенде ештеңе табылмаған».

Міржақып Дулатовтың бұл жазғандары атақты ақын, композитор әрі әнші Мәди сері Бәпиұлының жаламен жазықсыз жер аударылуына тікелей қатысты. Мәдиді отаршыл сотқа соттатқан өзге емес, өз ағайындары болатын.

Сыртқы билеушісі жау болып тұрғанда, өз туғаны іштен болымсыз нәрсеге өштесіп, отаршылардың сойылын соғып, бүлініп бара жатқан қазақтың жайын газет осылай сынады.

* * *

Енді Міржақып Дулатов пен Жұмағали Тілеулиннің арасындағы байланыс туралы біраз сөз мынадай:

Екеуінің таныстығы, жан қиысқан достығы ерте басталған. 1908 жылы Міржақып Дулатов, 23 жастағы жігіт, Қызылжарға мұғалімдік қызметке келеді. Осы жерден ағасы Асқарға жазған хатында былай дейді:

«Қызылжарға келгелі бірталай кісілермен таныстым, олардың ішінде тез тіл табысып кеткенім Жұмағали Тілеулин деген дәрігер, ол – әрі қаламы төселген жазушы екен. Өнерден де құр еместігі арамызды жақындата түсті. Оның үйіне барып тұрамын. Осы қалаға келгелі оқытып жүрген шәкіртім – Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Мағжан менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті, өте дарынды жігіт. Екеуіміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десем болады, сырласып, достасып кеттік»¹²⁶.

Зерттеуші М.Әбсеметтің көрсетуіне қарағанда Тілеулин Жұмағали Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» романының бір үзік оқиғасы негізінде Қызылжардың сахнасында ойын көрсетілген.¹²⁷

¹²⁶ Гүлнәр Міржақыпқызы. Ардақтап өтем әкемді. Жұлдыз, 1990, №6.

¹²⁷ Әбсемет М. Ақын өмірбаяны. Кітапта: Міржақып Дулатов, 2-том, А., 1997., 15 бет.

Міржақып Дулатов Петропавлда үш жылға таяу, яғни 1911 жылдың көктеміне дейін тұрған. Оған дәлел ретінде Уфа губерниясы жандарм басқармасының бастығы полковник Ивановтың Том қаласы жандарм бастығына 1911 жылдың 13-шілдесінде жолдаған хатынан үзінді келтірейік: «... Петропавлда шыққан «Оян, қазақ!» атты кітапшаның авторы Міржақып Дулатұлы осы жылғы 6-маусымда Семейде тұтқындалған»¹²⁸.

Осы деректерге қарап отырсақ, Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан, кезінде қазақ елі құрандай жаттаған, қазіргі жастарға әліппе орнына ұсынуға тұратын әйгілі «Оян, қазақ!» осы Қызылжарда жазылған болып шығады. Мұны тағы бір көрнекті қайраткеріміз Қошке (Көшмұхамет) Кемеңгеров та бекітеді¹²⁹.

Баспаханадан басылып шыққанда кітап алғаш рет осы Қызылжар қазақтарының қолына тиеді. Міржақыптың саяси көзқарастары үшін қуғындалуы да осы Қызылжардан басталады. Бұл фактілер жоғарыда келтірілген Уфа архивінен табылған құжатпен тағы бекітіледі.

Сәбит Мұқанов «Есею жылдарында» деген кітабында: 1918 жылдың июль айының аяғында Аққусақ болысында Көкшетау және Қызылжар ояздарындағы қазақ болыстарының жиналысы өткенін, онда Алаш милициясына жігіт жинау мәселесі қаралғанын айтады. Жиналысқа қатысушылар туралы: оған келген Міржақып Дулатов, Ережеп Итбаев, Айдархан Тұрлыбаевтың қатарында «Қызылжардың ояздық Алаш комитетінен Жұмағали Тілеулиннің» болғанын көрсетеді.

Егер бұл жазылғанға сенейін десек, сол автордың басқа кітабында: «1918 жылғы 12-февральда Петропавлдағы «Алаш» комитетін Совдеп құлатып, бастықтарын абақтыға жапқанын оқыдым», дегені өтірік болады¹³⁰. Бұл хабардың бізге керектігі – Ж.Тілеулиннің түрмеге қай уақытта қамалғандығы. Ол үшін біраз шегініс жасауға тура келеді.

1917 жылғы күзде Ресей Құрылтай жиналысына «Алаш» партиясынан 5-сайлау округі бойынша сайланғандар арасында Әлихан Бөкейханов бастаған тізімнен: 2. Тұрлыбаев

¹²⁸ Башқортостан мемл. мұрағаты. 187-қор, 1-тізбе, 412-іс. 42-44-беттер.

¹²⁹ Кемеңгеров Қ. Көркем әдебиет туралы // Еңбекші қазақ, 1926 ж. 1-желтоқсан.

¹³⁰ Мұқанов С. 10-том. Өмір мектебі. А., 1976, 51 бет.

Айдархан – Омбы,.. 7. Итбаев Ережеп – Омбы,.. 11. Тілеулин Жұмағали – Петропавл,.. 15. Жұмабаев Мағжан – Омбы... бар екенін көреміз¹³¹.

Бұл құжаттар Мағжан мен Ж.Тілеулиннің Алаш қозғалысына алғашқы күннен белсене қатысып, саяси күресте басшы бола білгенін айғақтайды.

Кейінде, Қазақ даласының билігін Ресей үкіметі, большевиктер тартып алған кезде, Алаштың басқа да қайраткерлерімен бірге Кеңес саясатына мойынұсынып, халық ағарту қызметіне араласқанын, бұл жолда да халқына адалдығын нағыз азаматша ақтай білген.

Ол, М.Дулатов жазғандай «мамандығы дәрігер болса да, қаламы төселген жазушы» екендігін әрқашан дәлелдеді. Мұны замандастары да жақсы біліп, оған жазушы, мәдениет қайраткері ретінде үлкен сенім көрсеткен.

Мысалы, 1924 жылдың аяғында Мәскеуде тұрып жатқан Әлихан Бөкейханов пен Мағжан Жұмабаевтың бастауымен, Қазақстандағы Ахмет Байтұрсынов және оны қолдайтын қаламгерлердің күшімен «Алқа» деп аталған қазақ жазушыларының ұйымы дүниеге келгені мәлім. Әдебиет тарихынан белгілі, бұл ұйым Қазақтың пролетариат жазушылары (ҚазААП) деген ойға қонымсыз жасанды, большевиктік ұйымға қарсы құрылған. «Алқаның» негізгі бағыты, ұстанған сара жолы «Қазақ әдебиетін көне дәуірлерден бастап, бері қарай топқа, тапқа бөлмей -жармай тұтас ұлттық рухани байлық» деп қарастыру болатын.

«Алқа» ұйымы бағдарламасының жобасы жоғарыда айтылғандай Мәскеуде жасалды да, талқылап, толықтыру үшін жер-жердегі көрнекті қалам қайраткерлеріне жіберілді. Атап айтқанда: Мұхтар Әуезовке (Ленинград), Жүсіпбек Аймауытовқа (Орынбор), Ахмет Байтұрсыновқа (Ташкент), Сұлтанмахмұт Торайғыровқа (Семей) және Жұмағали Тілеулинге (Қызылжар) жолданып, пікір білдіру сұралды.

Алайда, пролетаршыл, тапшыл жазушылардың іштен бүлдіріп, оларды «ұлтшылдар», «социалистік идеяға қарсы қаскүнемдер» ретінде көрсетіп, арыз айдауына байланысты «Алқа» құрылмай қалды. Ал, оның «Табалдырық» бағдарламасына қатысы бар адамдар 1929 жылы түгел тұтқындалды. Әрине, олардың ішінде Жұмағали Тілеулин де бар.

¹³¹ Архив Окт. рев. ф. XXIX. МВД, 76 а.

Кейін Мағжанға қылмыс ретінде танылған бұл бағдарламаның мәтініне көз салсақ, оны жазған автордың дүниетанымы, саяси көзқарасы, тіпті білім деңгейі туралы белгілі дәрежеде мағлұмат алуға болады.

**«Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық»
атты бағдарламасының
үндеуі**

«Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұрды. Артында бір жол, алдында мың жол. Мың жолдың ішінде өзен өрлегені де, шөліркегені де, барса-келері де, барса-келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың тарауының біріне алып келіп, аңыртып тұрған – тұрмыс. Анырып тұрған тұрмыс – қазақ тұрмысы. Орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығуы; қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті арқылы Еуропа әдебиетінің екпініне кез келуі – «Тас пен жапалақтың» кез келуі. Жапалақ өлмек.

Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, қазақ әдебиеті өртелмек. Бірақ, бізге молда болатын Еуропа әдебиетінің өзі де бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Еуропаны қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық. Осы күнде пролетариат төңкерісі дәуірінде кеңес өкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс. Алды – ортақшылдық секілді... Алайда, искусство, ән – оның бір саласы. Әдебиет туралы түрлі бағыттың бір ұғымы бар. Искусство бар, ән болмақ деген бағыттан бастап, искусство жоқ, ән болмақ емес, бұрын болса да, бұдан былай болмақ емес, болуға тиісті емес деген бағытқа шейін барды.

Оның ішінде, біз дүние астаң-кестең болған заманның адамымыз. Жұмыр желдің бетіндегі шірік қауды өртеп, өртең шығару үшін қылыш-найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз. Әйеліміз де, еріміз де саясатшылмыз, шаруашылмыз, әдебиетшілміз, тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс ісі осыны тілейді. Тұрмыс дауысын тілейді. Тұрмысы да осыны тілейді.

Бірақ майдандағы әскердің әрбір тобының да әрбір таптың да бес міндеті болмақ. Әрбір топ өзінің ісін дұрыс атқарса ғана жалпы әскер соңыра ұтып шықпақ. Бұл топ

өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айғай атамның желігімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ. Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты. Үркердей бір тобы. Бірақ олардың мойнында жалпы әскерлік міндеттен басқа бес міндет бар: жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса, ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе, әскер емес.

Қазақ елі Еуропа мәдениетінің көзімен қарағанда, мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ, кедей ел болғандықтан біздің жазушыларымыз әскерлік, азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қадалып қалуы мүмкін. Әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айғайдың екпінімен кетуі де мүмкін. Әдебиетті айғай ғана деп, ақындықты – үгіт-насихат қана деп ұғуы. Мысалы, әдебиет, не діншілдік бәдуа ма, не дінсіздік деп, әйтеуір бәдуам деп ұғуға мүмкін... Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына не барса-келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуге мүмкін. Осы мүмкіндіктердің шет-пұшпағын көріп, әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуымызды борышымыз деп білдік.

Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес, «абылайша». Майдан анық, жарық дәуірінде дағарадай орда да, айдай ақ отау да құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне абылайша керек. Жорық «абылайшасы» керек (Жорықта тігілетін қос). Басы жаңа тұрмыс орнына «абылайша» қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл келешектікі. Әуелі баспана – «абылайша!» Оқушы! Жақсы келдің. «Табалдырықты» аттап, төрге шық. «Алқаға кір!»

Тергеушілерге берген жауабын Мағжан «Алқа» үйірмесін құруды ойына алып, үйірменің «Табалдырық» атты бағдарламасын 1924 жылдың желтоқсанның аяғында, 1925 жылдың қаңтар айының басында жазғанын, бағдарламаны сол кездегі Мәскеу студенттері Сәрсенбин мен Сегізбаевқа оқып беріп талқылағанын, өзгертулер енгізгенін жазады. Содан кейін барып жан-жаққа таратқан¹³².

«Алқа» ұймын шынайы шығармашылық негізде, сол кезде талас-тартыс үстінде құрылған ҚазаАП (Қазақстан

¹³²Жұртбаев Т. Талқы. А., 1997, 229-231-беттер.

пролетариат жазушыларының ұйымы) сияқты өресіз ұйымға балама ретінде ұсынған Мағжанның бұл жобасында ешқандай контрреволюция болмаған. Бұл жөнінде профессор Т.Жұртбаев нақты құжаттармен жеріне жеткізе дәлелдеді.

Осы орайда, тарихи әділетсіздікті көрсететін 1926 жылғы мына бір құжатты келтірейін:

БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің 44367 санды қатынас хатына жауап ретінде Сәбит Мұқанов «Қазақтың көркем әдебиетінің қазіргі халі туралы менің пікірім» деген атпен жазып берген қағазында былай деген:

«Мен қазіргі жазушыларды төрт түрге бөлем...

1. С. Сейфоллаұлы бастаған Октябрь ұлдары;

2. Бұрын ұлтшыл болған, төңкерістен соң өзгеріп, кеңес тілегіне қосылған Бейімбет бастаған топ;

3. Нағыз оңшыл ұлтшылдар Мағжан Жұмабайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы;

4. Жолбикелер: Жүсіпбек Аймауытұлы, Шәкәрім Құдайбергенұлы (түпнұсқада осылай қате жазылыпты, дұрысы – Құдайбердіұлы. – З.Т.), Иса Байзақұлы, Сәбит Дөнентайұлы және т.б.»¹³³

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған бұл құжаттың ешқандай құпиясы жоқ. Аталған пікірлері жөнінде Сәбең өзінің әйгілі «Есею жылдарында» ашық түрде тәптіштеп жазып кеткен және сол сенімнен айнамай өткенін бәріміз білеміз...

...Қазақстанда бұрынғы алашордашыларды қуғындау 1928 жылғы күзден басталып, келесі жылы жалғасты.

Соның алғашқы легінде қара тізімге іліккендердің бірі Жұмағали Тілеулин еді. Осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан облыстық ұлттық қауіпсіздік мекемесінде сақталған іс бар.

«1930 жылдың 7,20-науырыз күндерінде ОГПУ Петропавл округтік бөліміне Октябрь аудандық атқару комитетінен жазбаша хабарлар келіп түсті. Бұл хабарларға қарағанда №11 және 18-ауылдарда «Жат» деп аталатын контрреволюциялық ұйым әрекет етуде.

Ұйымның мақсаты – Қытай әскерлері басып кірген сәтте жергілікті өкімет орындарын басып алмақшы. Оларды ұйымдастырушы жазды күні демалысқа келіп қайтқан

¹³³ ҚР Президентінің мұрағаты. 141-қор, 1-тізбе, 980-іс, 2-7 беттер.

студент Байғасқин Әбдуш (Байғасқин Байтұрсынов пен Дулатовтың ісі бойынша 5 жылға сотталған.-З.Т.)).

Бұл құжаттарға қоса тігілген айыптау қорытындысында «Жат» деген ұйымның толық аты «Жаңа төңкерісшілер» (Новые революционеры) «Ж.Т.» екені түсіндірілген.

«Жат» мүшелері саяси шаруашылық науқандарды жүргізуде, атап айтқанда: астық дайындауда, кулактарды жоюда, коллективтендіруде жіберілген қателер мен асыра сілтеулерді пайдаланған. Тұтқындалғанға дейін округтік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Ж.Тілеулин өзіне тағылған айыпты мойнына алмады».

Ж.Тілеулиннен жауап алған тергеуші Валиев. Тергеу қағаздарын қарап отырып қалай жауап алғанын көруге болады. Мысалы, 1930 жылғы 15-шілдедегі жауабын хаттамаға Жұмағали өз қолымен жазыпты. Орысша сауатында мін жоқ. Ескі интеллигенттерге тән дағдымен маржандай, сұлу жазады.

«...Үкіметке қарсы ешқандай әрекет жасаған жоқпын. Ертеректе Алашордаға мүшесі болғаным рас. Кеңес өкіметіне 12 жыл адал қызмет істеп келемін. Округтік атқару комитеті мен округтік денсаулық сақтау бөлімінің жолдамасымен Омбы медицина институтына қабылдандым».

Содан кейін тағы да қосымша жазғызыпты. Жазуы жан шошырлық, қолы қалтыраған, тіпті мүгедек адамның, есі ауысқан адамның шимайындай. Қатты қинағаны көрініп тұр. Жетпіс жылдан кейін оқып отырып, менің дәтім шыдамады... Жазуы осылай қағазға түскен адамның жағдайы қандай болды екен... Тіл жетпейді.

Тергеу жұмысында Жұмағали туралы басқалардың берген жауаптарын, айтқан сөздерін қысқа қайыратын болсақ, мынадай:

1. Жанталин (осының алдында біз айтқан Ахмет. – З.Т.): «Тілеулин адал адам. 1921 жылы Ново-Покровкада фельдшер болып істеді».

2. Байтасов Абдолла (Қызылжарда мұғалім, Орынборда М.Әуезовпен бірге 1922 жылы Қазақ атқару комитетінің хатшысы болған): «Тілеулинмен көрші ауылда туғанмын, тұрғанмын. Екеуіміз бажамыз. Мен оны тек жақсы адам деп қана білемін».

3. Темірбеков Абдолла: «Мен САГУ-де (Орта Азия мемлекеттік университеті) оқығанмын. Тілеулин менің балдызым. Интеллигент семьясынан шыққан. Он бес жыл фельдшер, он алты жыл мұғалім болып істеген. Ешқандай қылмысын білмеймін. Адал адам».

Сол 1930 жылғы желтоқсанның 17-де (енді бір көшірмесінде 12-сі деп жазыпты. Мұнда да бір шикілік бар. Әлде сыртынан толтырды ма екен? – З.Т.) толтырылған ОГПУ «Үштігінің» протоколын оқиық:

«Контрреволюциялық «Жат» ұйымының мүшелеріне қылмыс заңының 58-2 бабы бойынша:

1. Темірбеков Әбжан, 61 жаста, қазақ, ауылдық старшын болған, Алашорда мүшесі, партияда жоқ, кулак ретінде мал-мүлкі хатталған, 1928 жылдан бері Кеңеске қарсы әрекет жасап келе жатқандығы үшін 5 жылғы бас еркінен айырылсын.

2. Темірбеков Уахит Әбжанұлы – 25 жаста, ВЛКСМ қатарынан шығарылған – 5 жыл берілсін.

3. Сәкенов Мұртаза Биғалиұлы – 22 жаста, ВЛКСМ қатарынан шығарылған, байдың тұқымы, 5 жыл берілсін.

4. Бексалтанов Шарний Давлеткиреевич – 28 жаста ВЛКСМ қатарынан шығарылған, байдың тұқымы, 5 жыл берілсін.

5. Әбілғазин Паттах Әбілғазыұлы – 58 жаста, қазақ, медфельдшер, 1921 жылы көтеріліске қатысқаны үшін тергеуде болған, Белоруссиядағы көтеріліс туралы айтып, Кеңес үкіметі таяуда құлайды, деп қауесет таратқан – 3 жыл берілсін.

6. Бижігітов Әбубәкір – 29 жаста, босатылсын.

7. Сайымжаваров Кошмулла – 66 жаста, башқұрт, бай, Петропавл округінде көтеріліс бола қалса, сырттан көмек күткен, босатылсын.

8. Тілеулин Жұмағали – 39 жаста, қазақ, мамандығы медфельдшер, бұрынғы алашордашы, партияда жоқ 1922 жылы сотты болған. Ағайындарын үгіттеп, өз ауылында Кеңеске қарсы үгіт жүргізген. ҚССР ОГПУ-де оның үстінен тағы бір қылмыстық іс ашылғандықтан, әрі қарай тергеу үшін оның ісі басқалардан бөлініп, Алматыға жіберілсін».

Осылайша, Ж.Тілеулиннің ісі республикалық ОГПУ-дің Айрықша бөліміне жіберіліп, тергелетін болды. Өзі Петропавл түрмесінен босатылды.

Төрт айға таяу уақыттан кейін жоғарыдан хабар келеді. 1931 жылғы сәуірдің 15-інде Жұмағали қайта тұтқындалып, Алматыға айдалады. Осыған байланысты қағаздарда Ж.Тілеулин гуралы мынадай мағлұматтар бар:

«Бұрынғы Октябрь, қазіргі Айыртау ауылында малшы семьясында туған. Петропавл қаласында, Караванная көшесі, 3-үйде тұрған. Жасы 40-та. Үйленген. Үш баласы бар. Медицина фельдшері. 1922-23 жылдары сотқа тартылып, ақталған. 1930 жылы Қылмыстық кодекстің 58-2 бабы бойынша жауапқа тартылған. 15. 04. 1931 жылы тұтқындалғанша Петропавл қалалық емханасында медфельдшер болып істеген».

Жұмағали Тілеулин сол кеткеннен Қызылжарға қайтпады. Воронеж облысы, Белогор деген жерде айдауда болып, 1935 жылы босаған соң Новотроицк (қазір Жамбыл облысы Қордай ауданының орталығы, оның алдында Георгиевка деп аталған. – **З.Т.**) аудандық ауруханасына жұмысқа жіберілді.

1937 жылы «Халық жауларын» жаппай қамау науқаны басталғанда ескі тізім бойынша Жұмағалиға да құрық түсті. Архив құжаттары бойынша, басқа да қазақ зиялылары сияқты Жұмағалиға тағылған айып, тұжырымдап айтқанда мынадай: «Ұлтшыл «Алаш» партиясының құрамына кірген, «Алашорда» үкіметінің мүшесі болған... қазақтың ұлтшыл-буржуазияшыл интеллигенциясының өкілдері Кеңеске қарсы қылмысты әрекеттерін жалғастырып келген... Олардың түпкі мақсаты – Кеңес өкіметін құлату, құрылтай жиналысын өткізу арқылы қазақтың ұлтшыл-демократиялық республикасын құру. Бұл мақсаттарына жеткенше ұлтшылдар жайлап алған Кеңес үкіметінің мекемелерін пайдаланып, мәдениет майданын қолына алып, жастарды көтеріліске дайындап, Кеңестік саясатты «Алаштың» бағыт-бағдарына сай бұрмалап отыруды көздейді.

Семей және Петропавл қалаларында осы ұйымның бөлімшелері құрылған, жауапқа тартылып отырған Ермеков Әлімхан мен Тілеулин Жұмағали оларға жетекшілік еткен»¹³⁴.

«Фрунзе қаласындағы Каганович аудандық ауруханасының фельдшері Тілеулин Жұмағали 1938 жылғы қаңтардың

¹³⁴ СҚОММ. 2370-іс, 1-том, 106, 112, 123, 179-беттер, № 541784-іс, 4 том, 21, 80, 90, 92-беттер

17 күні тұтқынға алынды». Бұрынғы «қылмыстар» қайта қопарылды, ақпанның 15 күні ату жазасына кесілді, екі күннен кейін қазақтың ардақты ұлдарының бірі Жұмағали Тілеулин атылды...

Тағылған айып – «фашистік ұлтшыл-шпиондық ұйымға қатысқаны үшін». Басқа мындаған құрбандарға жазықсыз басылған қара таңба осындай болатын...

Түркістан әскери округінің әскери трибуналы 1958 жылы 20-науырызда Ж.Тілеулиннің «қылмыстық ісін» қайта қарап, оны ақтады. Бұл қағаз марқұмның ұлы Серік ақсақалдың қо-лында. Басқа ешқандай белгі жоқ.

Міне, бүкіл саналы өмірі туған елінің, Қызылжарының мәдени-ағарту, денсаулық сақтау орындарында өткен, Алаш қайраткерлерінің ішінде бірегейі, жерлесіміз Жұмағали Тілеулин туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізер ақпарларымыз осындай.

Тәуелсіздігіміздің баянды болуы сол ағалардың аруағын ардақтап өтуімізге де байланысты десем, Қызылжар қаласында үлкен қайраткердің есіміне ұмытпастай белгі қоюдың жөні бар ғой. Оны біздің ұрпақ істемесе, кейін кеш болуы да мүмкін.

Көрнекті қазақ публицисі Сарбас Ақтаев Жұмағали Тілеулиннің өмірі мен қызметі туралы «Ақиқат» журналына көлемді мақала жазып, оның тақырыбын «Алаш ардағы» деп қойғанына күрескер ағамыздың аруағы разы болды, деп ойлаймын. Мақала авторы Жұмағалидың тегін таратып, оның арғы атасы Абылай ханның атақты батыры бәсентиін Айтбай екенін көрсеткен. Қаз дауысты Қазыбек бидің бір қызына үйленген Айтбайдан алты ұл туып, Борлық бойы мен Сырымбет саласында алты ауыл болып отырған. Соның біреуінен тарайтын Тілеуліден Шәймерден, Есім, Мұқаш, Сәпи және Жұмағали сынды бес ұл туады, деп таратады. Сондай-ақ, Жұмағалидың дәрігерлік мамандық алуына ауылдасы, «... осы өңірде алғаш шыққан оқыған дәрігер Құсайын Темірбековтың көп пайдасы тигенін» көрсетеді. Жұмағали Тілеулин осы Құсайынның қызы Райханға үйленген.

Мағжан, Міржақып пен Жұмағали. 1908 жылы Петропавлға мұғалім болып Міржақып Дулатов келгенде, алдынан шығып, бірінші танысқаны – Жұмағали Тілеулин. Ал, мектепте алғаш назарын аударып, ақындығын танытқан

шәкірті – Мағжан Жұмабаев. Бұл таныстық үшеуі үшін де әрі бақ, әрі сор болды.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 239-санында (тамыз айы) М.Дулатовтың «Оян, қазақ» деген шағын мақаласы жарияланды. Бас тақырыптың астына ескертпе ретінде «Босқын қырғыз бауырларыма» деп жазыпты. Осы мақаласында автор өзін жауапқа тартып, түрмеге қамаған 1911 жылдан бері, яғни өзі «жыл жарымнан артық абақтыда жатып шыққаннан бері» «Оян, қазақтың» 1000 данасы бір жерде тығылып қойылғанын айтады. Енді сол кітаптарды сатып, одан түскен ақшаны аштықтан қырылып жатқан қырғыздарға көмек ретінде бермек ниетін білдірген. Сөйтеді де кітапты «Жұмағали Тілеулиннен алдырсын» деп адресін көрсетеді. «г. Петропавловск, Акмолинской области. Уездная больница, фельдшеру Джумагалию Тлеулину».

М.Дулатов өз кітабын қаламдасы, ниеттесі Жұмағалида сақталған деп білген. Өкінішке қарай, «Оян, қазақтың» мың данасы жоғалып кеткен болып шығады. Бұл жөнінде Жұмағали «Қазақтың» келесі 240-санында хабарлайды.

«Қазақ» газеті аса көрнекті қазақ публицистерін дайындап, өсіріп шығарған мектеп болғаны мәлім. Осы басылымның бетінде басқалармен бірге Жұмағали Тілеулиннің де қаламы ұшталды, ол қарымды көсемсөз шебері, қабілетті қайраткер ретінде қалыптасты.

«Қазақтың» 1917 жылғы 3-маусымдағы санында Ж.Тілеулиннің «Жалпы мұсылман съезі» деген мақаласы басылды. Онда сол жылғы мамырдың 1-12 күндері аралығында өткен мұсылмандар съезінің есебі, қабылданған құжаттар баяндалады. Съезге Ж.Тілеулиннің өзі Қызылжардан делегат болып қатысқан. Мақала авторы 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісіне байланысты, патша тақтан құлаған соң Қазақстанның тәуелсіздік алуға бет бұрғанын көрсетеді.

Осы съезде тұңғыш рет «Қазақтың жеке саяси партиясы болуы қажет, партия демократиялық-парламенттік республикаға негізделген болсын» деген қаулы алынды. Оған қоса «Қазақтың саяси партиясының бағдарламасы жасалғанша, осы съездің қаулылары құрылтай жиналысына сайланған депутаттарға аманат болып табылатындығы» айқын жазылды.

Міне, осылайша алғашқы және соңғы бүкілқазақтық

«Алаш» партиясының іргетасы қаланған еді. Өзінің аз ғана өмірінде бұл партия халыққа адал берілгендігін, қазақ мүддесі мен мұнынан басқа мақсат-мұраты жоқ екендігін дәлелдеді. Демек, қазақтың Бірінші съезінің баға жетпес маңызын түсінетін кез келді. Оған қатысқан әр азаматтың атын оқитын дұғамызға ертелі-кеш қосып отырсақ, жөн емес пе?

Енді сол азаматтарды түгендемесек те, тақырыбымызға жақын біразын атаған жөн болар:

Сөзді сөз қозғайды, «Қазақ» газетіндегі Жұмағалидың мақаласы біраз жерге алып кетті. Газеттің сол 232-санынан шыға алмай қоюымыздың мәнісі бар. Дәл осы газетте «Күтілмеген көсемдік» деген басмақала бар. «Күтілмеген» деген сөз бұл жерде бағасы берілмеген, құрмет көрсетілмеген дегенді білдіреді екен. Басмақалада қазақ халқын азаттыққа бастаушы ғұлама, күрескер, саясаткер, көсем Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп, медресе ашу мәселесі көтерілген екен.

Онда өткен жылы ғана он жылдығы атап өтілген «Медресе Ғалияның» қазаққа білім берудегі маңызы мадақталған. Мысал ретінде осы оқу орынын атай отырып, газет тағы да орта, жоғары оқу орындарын ашу керек, оған Әлихан, Жақып Ақбаев сияқты ардақтылардың атын беру керек, деп оқырманға ой салған.

Шын мәнінде «Алашорда» үкіметінің, яғни тәуелсіз қазақ мемлекетінің тұңғыш басшысы Әлихан Бөкейханов екендігіне қазір өлі де, тірі де таласпас. Туған жерінде, Қарағанды мен Қарқаралыда, Ақтоғайда Әлекеңнің бейнесін еске түсіретін біраз белгі бар. Алайда, жалпы қазаққа ортақ Әлихан Бөкейхановтың есімін есте қалдыратын белгілер, атаулар Қазақстанның басқа аймақтарында аз, тіпті кейбір облыстарда жоқ. Қайран қазақ, әркім өз пұшпағына тартып, өз жерлерінін көтеріп, ортақ көсемімізді өгейсітіп келеміз.

Басқа емес, осы күнгі Қызылжарда Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жұмағали Тілеулин есімдері есте қалдыруға сұранып тұр. Мұндай шаралардың тәрбиелік мәні өте қымбат екенін бір сәт ойланып көрейікші.

Газеттің осы санында Жақаңның (замандастары М. Дулатовты сыйлап, осылай атайтын, – З.Т.) «Қайда едің?» деген өлеңі басылыпты. Тарих тереңіне шақырып, дәл қазір көкірегінді қарс айыратын отты-зарлы ұран сөзі осындай-ақ

болар. Еске алайық, жазылған жылы – 1917, күні 21-тамыз. Қазан төңкерісіне әлі ерте. Азаттықтың самал желі қазақтың бетін аймалап тұрған, бірақ әлі қолға түспеген кез. Оқып көрейік:

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып Алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын, сонда қайда едің?!

Ақыл таппай дағдарып,
Жанашыр таппай сандалып,
Барарын қайда біле алмай,
Жүрген бір күнде сан ғарып-
Есепсіз көп шешендер,
Жөніңді айтшы, қайда едің?!

Сарыарқа сайран жерлерім,
Көк орай шалғын көлдерім,
Бәрін жауға алдырып,
Асқар тау-биік белдерім,
Қысылып қазақ тұрғанда,
Данышпандар, қайда едің?!

Атадан бала айырылып,
Қанаты сынып, қайырылып,
Қасірет толып жүрекке,
Тұрған бір кезде қайғырып,
Толып жатқан қамқорлар,
Елде жоқ едің, қайда едің?!

Құландай үркіп елдерің,
Қалдырып мекен жерлерің,
Жаяу-жалпы, жалаңаш,
Қатын-бала, ерлерің,
Аштықтан қырғын тапқанда,
Сыпыра жомарт, қайда едің?!

Кедейдің сорын қайнатып,

Майданға жасын айдатып,
Тіл жоқ, көз жоқ, басшы жоқ,
Өлімге басын байлатып,
Жіберерде, жаным-ау,
Жанашыр жақын қайда едің?!

Енді бүгін кім жаман?
Данышпан емес, кім жаман?
Қамқор емес, кім жауыз?
Жомарт емес, кім сараң?
Шешен емес, жоқ адам.
Бәрі білгіш, бәрі де ер,
Жеткіздің, Алла тағалам.

Әр кезеңде, әр дәуірде, әсіресе дәл қазір айтылар шын-
дық. Сол Әлихандарды, Міржақыптарды, Мағжандарды...
оққа байлап, кісендеп берген өзіміз. Әріге бармай-ақ кешегі
1986 жылғы желтоқсан күндері, одан бері де Міржақып
айтқан осы сөздер ұлтын ойлаған ақжүрек жандардың
көкірегінде шер болып қатты. Айта алмадық. Айтқызбады.
Бірақ, Міржақып Дулатов сияқты жанынан қорықпаған
шын көсемдер айтып кетіпті. Көкірегі ояу, көзі ашық қазіргі
қазақ азаматтары үшін де осы сөздердің қажет екендігіне
сенемін...

«АҚТАРЫП, ӘДІЛ ҚАРАШЫ»

- Мағжан отыз жыл бойы неге ақталмады?
- Сәйфи Құдаштың хаты
- «Белтірік кім, бөрі кім?»
- Ғ.Мүсіреповтің айтқандары
- Көрмес түйені де көрмес

Есімізде болсын, кеңес өкіметі тарапынан Мағжан Сәкенмен, Илияспен, Бейімбетпен бірге ақталған болатын. Мағжанға үш арысқа көрсетілген ғажайып құрметтің ұшығы да тиген жоқ. Мағжанның есімі де аталған жоқ. Дәл қазір кімнің кім екенін тарих өзі тергеп, екшеп, шындығын шығарып жатыр. Ал, мағжантанушылардың өз сыры өз ішінде. Әлде неден қаймығып, тартына беретіндей естеліктер бірін-бірі қайталайды. Мағжанның өмірі мен шығармашылығына байланысты жазылған кейбір мақалаларда 60-жылдары ұлы ақынның әруағына ара түскен башқұрт ақыны Сәйфи Құдаштың есімі аталады. Бұл арада сәл ғана көңіл аударатын мәселе бар. Оның мәнісі – зерттеушілердің аға буынының өкілдері Сәйфи Құдаш «Ғали» медресесінде Мағжанмен бірге оқыпты деген дерек. Шын мәнінде бұл – ұшқары сөз. Оны Сәйфи ақсақал ресми билік орындарына жазған хатында Мағжанды сыртынан білетінін, ол туралы алғаш рет 1964 жылы «марқұм профессор Есмағанбет Ысмайыловтан естігенін» көрсеткен. Әлбетте, бұл – аса маңызды мәселе емес, маңыздысы – кезінде абырой-атағы асқан, Кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, ұлты – башқұрт Сәйфи Құдаштың атынан Коммунистік партияның Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстанның бірінші басшысы, Мәскеуге тілі өтімді Дінмұхамет Қонаев пен Башқұрт облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.З.Шәкіровтің атына хат жазылуы.

Оның алдында Сәйфи Құдаш «Қазақ әдебиеті» газетіне мақала жазып, қазақтың ақталып жатқан Сәкен, Илияс, Бейім-

бетпен қатар Мағжанның неге ақталмағандығына наразы болып, мәселе көтерген болатын.

Мемлекеттің ең жоғарғы сот билігі шешім шығарса да, Қазақстанда бұл шешімнің неге орындалмағанын, Мағжанның ұзақ уақыт бойы неге ақталмағанын бүгінге ұрпақ біле бермейді. Өйткені біз, аға ұрпақ әдеттегі: «өтіп кеткен уақиғаларды қайта қозғап керегі не, болар іс болды» дейтін ежелгі кіріптарлығы-мызға салынып, шындықты көпе-көрнеу мойындамай, құлдық психология бұғауынан шыға алмай жасырып келеміз. Сөз жүзінде Мағжаншыл бола қаламыз да, іс жүзінде жазықсыз жапа шеккен ұлы азаматтың әруағының алдында ақталудан тайсақтай береміз.

Соның бірі, Кеңес өкіметі кезінде-ақ, сонау 1969 жылы-ақ Мағжан ақынды жаладан арашалап алу үшін жасалған батыл қадамның жарқын айғағы, башқұрт ақыны Сәйфи Құдаш ақсақалдың хаты болатын. Бұл хаттың толық мәтіні осы күнге дейін жарияланбауының өзі бұл күнде көкке көтеріп, ардақтап жүрген ақынымыздың өмірін толық тануға енжарлығымыз екенін мойындайтын шақ туды.

Хаттың орысша жазылған түпнұсқасын қазақтың көрнекті көсемсөз шебері Әнуар Әлімжанов кіріспе сөз жазып, 1988 жылы Мәскеуде шығатын «Дружба народов» журналының 12-санында жариялаған.

Қазақстан баспасөзі жарыққа шығаруға жүрексінген бұл бұл тарихи құжаттың Мәскеу журналында орыс тілінде жарық көруіне, бәлкім, Әнуар Әлімжановтың редакция алқасының мүшесі екендігі себепкер болған шығар.

Әуелі Ә.Әлімжанов жазған алғысөзді қазақшалап берейік:

«Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің машинкаға басылған Үш үлкен томы елу жылдан бері қолдан-қолға жасырын тиіп, көшіріліп, қазақ оқырмандарының міне, екінші, тіпті үшінші ұрпағының аузында жатталып, сақталуда.

Ақын шығармаларын Мұңғылия, Шыңжаң, Түркия қазақтары жақсы біледі. Беймәлім композиторлар әнге қосқан Мағжан өлеңдері халық әндері болып орындалып жүр.

Шәкәрім (1858-1931) мен Сұлтанмахмұт (1893-1920) сияқты Мағжан Жұмабаев та Қазақстанның талантты ақындарының Абайдан кейінгі шеруіне жатады, бірақ олар орыс оқырмандарына таныс бола қойған жоқ. Осы тұрғыдан

алғанда, ақын өлеңдерінің алғаш рет орысшаға аударылып таралуы «Дружба народов» журналының оқырмандарын қуантады деп ойлаймын.

Осы өлеңдерді туғызған ақынның қасіретті тағдыры туралы башқұрттың халық ақыны Сәйфи Құдаштың КПСС ОК Саяси бюросының мүшесі болған, Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа және партияның Башқұрт ОК бірінші хатшысы М.З.Шакировке, сонау 1969 жылы жолдаған мына хатында айтылған. Бұл хаттың бір көшірмесі кезінде менің қолыма да түскен еді.

Қонаев пен Шакиров Сәйфи Құдаштың бұл хатына жауап қайтарған жоқ. Жауапты, міне Уақыттың өзі-ақ беріп отыр»¹⁷⁵.

Әнуар Әлімжанов журналдың осы санына Мағжанның «Өмір», «Қараңғыдауылдықүн», «Көбелек» және «Берниязға» деген өлеңдерін Зылиқа апайдан алып, А.Парщиковтың аударуымен орысша жариялатқан болатын.

Төменде Сәйфи Құдаштың хатының орысша түпнұсқасын және өзіміз жасаған қазақша аудармасын ұсындық. Журналда «Ықшамдалып берілді» деуіне қарағанда, бұл да толық мәтін емес.

О судьбе казахского поэта Магжана Жумабаева

Первому секретарю ЦК КП КазССР

Д.А.Кунаеву

Первая копия: первому секретарю Башкирского ОК КПСС

М.З.Шакирову

Вторая копия: Правлению Союза Советских писателей Казахстана

Уважаемый Динмухамет Ахметович!

Это письмо к Вам вызвано тем, что в последнее время в общественном мнении Казахстана определились разные, диаметрально противоположные точки зрения на творчество и политический облик казахского поэта Магжана Жумабаева. В 1929-1937 гг. М.Жумабаев был дважды репрессирован. В 1960 г. был реабилитирован.

В ноябре 1968 г. в Казахском университете состоялось собрание, участники которого обратились с просьбой в соответствующие организации республики издать двухтомник произведений Магжана Жумабаева. Однако, как мне стало

¹⁷⁵ «Дружба народов», 1988, №12, 161-бет.

известно, ЦК КП Каз. ССР квалифицировало это собрание как политическую ошибку на том основании, что М.Жумабаев является выходцем из байской семьи, националистом, символистом, пессимистом и поэтом мистиком. В определенной степени такая оценка затрагивает и меня, т.к. в своей книге «По следам юности» (Москва, 1968) я дважды упоминаю его имя (первый раз в связи с тем, что в 1909-1910 гг. М.Жумабаев учился в медресе «Галия» в г. Уфе, второй раз – в связи с выходом в 1912 г. в Казани сборника его стихов «Шолпан»).

Таким образом, с одной стороны, М.Жумабаев реабилитирован и, следовательно, общественность закономерно стремится воскресить свой интерес к его творчеству, с другой – эта реабилитация оказывается по существу неполной, лишь гражданской, но не политической (хотя в моем представлении трудно расчленить эти моменты).

Зная Вашу занятость, но в то же время рассчитывая на традиционное внимание наших партийных лидеров к судьбам литературы (которая является частью дела нашей партии), я решил написать Вам это, может быть, длинноватое письмо, в котором постарался изложить все то, что я на этот счет думаю. Прошу Вас не расценивать это письмо как попытку каким-то образом повлиять на «дела писательские». Вовсе нет. Дело в том, что я уверен в чрезвычайной сложности судьбы Жумабаева М., его творчества и может быть, Вам будет небезинтересно узнать размышления 75-летнего человека и писателя, который был свидетелем многих событий, о которых современное поколение знает только по книгам. К тому же Казахстан – моя вторая родина, я пережил там «свои университеты». Поэтому мне очень дорога казахская литература и дороги люди, которые ее создавали и развивают сегодня.

Магжан Жумабаев как писатель, а также его мировоззрение формировались в период после революции 1905 года. В то время на волне развивающегося казахского национально-революционного движения и в условиях роста казахской буржуазно-демократической культуры шел процесс становления целой плеяды казахских интеллигентов. Социальный состав, так же как и политические взгляды этой группы деятелей культуры, литературы и просвещения, был довольно сложным. В их мировоззрения устойчивым и четким было

лишь одно: страстное желание свободы, счастья и культуры своему народу. Однако в понимании сущности этой «свободы», в выборе путей борьбы за освобождение своего народа от национально-колониального и социального гнета, от темноты, безграмотности и невежества не было у них ни ясности, ни тем более сколько-нибудь четкого классового подхода. Едва ли можно удивляться сегодня тому, что из этой среды, с одной стороны, вышли деятели, которые сразу или постепенно вставали на ленинские позиции и именами которых сейчас гордится казахский народ; с другой – люди, которые примкнули к буржуазным националистам и до конца оставались на враждебной Советской власти платформе. Октябрьская революция с ее предельно четкими лозунгами и принципами поляризовала и дифференцировала прежде аморфные социальные силы. На разные стороны баррикад встали представители национальной интеллигенции, еще недавно солидарные в своих просветительских устремлениях.

В то же время очень многие представители национальной интеллигенции прошли тернистый путь сомнений, колебаний и ошибок, прежде чем прочно и окончательно утвердились в социалистическом мировоззрении. Эти сложные моменты должны быть, кажется исходными при анализе деятельности людей эпохи революции, гражданской войны и первых лет Советской власти и особенно тогда, когда мы боремся за такое ответственное и деликатное дело, как общая политическая и гражданская оценка крупных писателей и других деятелей. Здесь мы ответственны не только перед памятью умерших или погибших, но и перед судом истории.

Сейчас эти вещи, кажется, понимают все или почти все. Говорю «почти» т.к. у нас временами приходится сталкиваться с такой оценкой литературных фактов или литературных деятелей, которые выдержаны в духе печальных времен «Пролеткульта» и РАППа.

М.Жумабаева я считал и считаю одним из наиболее своеобразных и больших мастеров стиха, в том плане он достойный преемник Абая.

В то же время в нем, как в капле воды, отразилась вся сложность эпохи, который он формировался, жил, работал и трагически погиб. Любая попытка дать однозначную оценку творчеству Магжана Жумабаева – вовысить его до уровня

борца-революционера или, напротив, принизить до уровня врага Советской власти и казахского народа — является вульгарной примитизацией нашей истории и во втором случае — безответственным нигилизмом в отношении нашего культурного наследия. Такие оценки могут появиться только в том случае, если полностью абстрагироваться от реальной исторической обстановки в Казахстане в первой четверти XX века или если оставаться, как никогда активные деятели «Пролеткульта» и РАППа, последовательным приверженцем вульгарного социализма в трактовке фактов и событий из истории национальных литератур.

Есть два периода в жизни Магжана: первый, когда он был алашординцем, второй — на службе советской культуры.

Если взвесить и сопоставить эти два периода его жизни, то, мне кажется, вклад М.Жумабаева в казахскую советскую культуру неизримо весомее его ошибок. Вспомним, что он первым перевел на казахский язык «Историю коммунистической партии», книгу «Маркс и Ленин», произведения В.И. Ленина «Ленинская коммуна», «Девятое января». Едва ли можно переоценить эту его заслугу перед казахским народом. Многие он сделал для просвещения казахов: его перу принадлежит несколько учебников для казахских школ; им переведены в 1924 г. на казахский язык произведения М.Горького, опубликованные под общим названием «Песня о Соколе», Мамина-Сибиряка, В.Иванова и др. русских писателей. Если даже не принимать в расчет его поэтические наследие, которое в период после гражданской войны, за известным исключением, Безупречно в идейном и тем более в художественном отношении, — сделанного им достаточно, чтобы помнить и уважать имя Магжана Жумабаева.

Каков Магжан Жумабаев как поэт и человек? Это — своеобразный, самобытный и очень талантливый поэт. Он имеет только ему присущий слог, удивительную напевность, истоки которой в глубинах народной поэзии.

На протяжении всей своей трудной жизни М.Жумабаев работал. Возможно, он делал меньше, чем ему позволяли силы и талант, но и в этом виноват не только он. После установления Советской власти он пребывал в некоторой нерешительности, но недолго. Вскоре он работает редактором в Москве, в центральном издательстве. Затем учится в

высшем литературном институте, один из профессоров которого называют его «Киргизским Пушкиным». В те годы он работает над учебниками для казахских школ, переводами произведений В.И.Ленина, русских писателей. Все это позволяет самому Жумабаеву постепенно избавляться от противоречий и колебаний в своих взглядах, все глубже и прочнее воспринимать марксистско-ленинское мировоззрение. К сожалению, этот процесс мимо внимания руководителей Каз.ААПа. Даже замечательное его стихотворение «Токсаннын тобы», опубликованное в 1927 г. в органе ЦК КП Казахстана «Енбекши казах», было воспринято ими как «приспособленчество», «маневр». Между тем из глубины сердца и выстраданно искренностью М.Жумабаев говорил в этом стихотворении: «В прошлом, когда над всеми народами восходило яркое солнце, я ошибся. Однако, я ошибся, служа своей отчизне. Я не поехал на съезд Алашорды, я не участвовал в его работе. Я подобно некоторым, не ходил в адъюдантах у руководителей Алаша. Я осознал, что партия Алаш не нужна казахскому народу. Теперь я увидел своими глазами и понял, что лишь Коммунистическая партия представляет 90 процентов народа, Алаш всего 10. Я защищаю 90, потому что, всей душой отдавшись, Служу Советской власти» (смысловой перевод). Разве это не похоже на исповедь? Но ему не поверили. Почему? Трудно сказать, но, кажется, не последнее значение имели личная неприязнь, месть и ложно понятые принципы классовой борьбы. Так, или иначе, в 1929 г. он был арестован; Магжан все же оказался в ответе за ошибки более чем десятилетней давности и к тому же испуленные честным и плодотворным трудом.

Осужденный на 10 лет, он пребывает в лагерях и лесах Карелии. И здесь он честно трудится, сначала учителем, затем начальником объединенной санчасти нескольких лагерей. Он с помощью жены получает вузовские учебники по медицине и самостоятельно приступает к врачебному образованию. В 1935 при помощи М.Горького его освобождают. Магжан возвращается в г. Петропавловск, и на первых порах ему оказывает дру жескую поддержку (в том числе материальную) С.Сейфуллин. В Петропавловске Жумабаев работает преподавателем в техникуме. Здесь он встречается с С.Мукановым — одним из руководителей писательской организации — и после разговора с ним пишет заявление с

просьбой принять его в Союз советских писателей. В заявлении он пишет: «От чистого сердца буду служить Советской литературе». В ответ С.Муканов пишет достаточно вежливое, но и в такой же степени формальное письмо, в котором сообщает, что вопрос о принятии Жумабаева в ССП может быть рассмотрен, когда появится новые его произведения. В том же письме, правда, сообщалось, что условия творческой работы ему будут созданы.

Дальнейшая судьба Магжана Жумабаева очень неясна, туманна, и, я бы сказал, завершается она довольно странно. Вскоре вновь начинаются упреки и обвинения Жумабаева в старых грехах. Из техникума его увольняют как «неблагонадежного». Он идет работать в школу, но вскоре «алашординца» выгоняют и оттуда. Он решает переехать в Алмату, поближе к творческим организациям, и поступает там работать в краеведческий музей. Но оставался он там недолго; не успел он привыкнуть к новой работе, как его вновь увольняют. Не рассчитывая устроиться в Алматы, он отправляется зав. медпунктом в один из колхозов Алма-атинского района. Но вести о «неблагонадежности» доходят до сюда, и он лишается работы. И все это на протяжении одного-полутора лет. Не похоже ли это на чью-то злую волю? Весьма похоже. Но, несмотря на свое положение и, надо полагать, смятенное душевное состояние, он пишет стихи «Джамбулу», «Девяносто девять», «К перу моему». Только мужественный человек, уверенно избравший свой жизненный путь, мог в таких условиях создать эти произведения. Но где же они? Они были переданы руководителям Казахского Союза писателей, но они гибнут где-то в недрах Союза, представители которого в 1935 г. столь щедро обещали Магжану поддержку. Травля, гонения, издевательства со стороны наследников Каз.АППа принимают формы, что М.Жумабаев попытается покончить самоубийством и только случайно останется живым. 30 декабря 1937 его вновь арестовывают. Аресту, по рассказам его жены, предшествовали вызовы в НКВД, глубокие раздумья Магжана и бессонные ночи, попытки по телефону о чем-то поговорить с одним впоследствии очень крупным казахским писателем – тоже бывшим алашординцем. Уходя навсегда из дома, арестованный М.Жумабаев уже у двери сказал больной жене: «Я не прощаюсь. Ведь даже сам бог не карает дважды за один и тот же грех. Ты знаешь сама, что

никакого преступления против Советской власти и казахского народа я не совершил. Однако если я не вернусь, то поймешь, что «волчонок» съел «волчицу». Запомни это!» С тех пор Магжан Жумабаев исчез навсегда. Все же он дважды пострадал за ошибки молодости, ошибки, в которых в одинаковой степени были виноваты и он, и история. Такова была судьба «волчицу». А «волчонок»? Кем бы он ни был и как бы впоследствии он ни старался еще более опорочить М.Жумабаева, в этой истории для нас ясно одно: второй арест Магжана, по крайней мере не в последнюю очередь, обусловлен тем недоверием и борьбой, которые имели место в казахской писательской среде.

Как-то в беседе один из казахских писателей сказал мне: «В те годы стоял вопрос – кто кого? Одни выиграли, другие – проиграли». Если даже есть правда в этом цинизме, я, несмотря на свои 75 лет и жизненный опыт, не могу спокойно воспринимать и вспоминать эти события. Справедливость, я уверен, в том, что М.Жумабаев должен быть реабилитирован полностью: как гражданин и как поэт.

В заключение я хочу объяснить непосредственные причины, побудившие меня взяться за перо и писать это письмо, вместо того чтобы оставшиеся скромные силы использовать для реализации творческих замыслов, которых у меня, как и у всякого писателя, немало.

Прежде всего меня побудили к этому мои друзья-казахи. Сама жизнь с ее постоянно обновляющимися тенденциями развития, большая переписка, из которой я узнал думы и чаяния моих коллег, встречи и беседы с ними убедили меня в том, что я далеко не одинок в своей оценке творчества Жумабаева и его судьбы.

Впервые о М.Жумабаеве я услышал от покойного про-фессора Есмаганбета Исмаилова в 1964 г. По его мнению, М.Жумабаев и его творчество являются поэтическим мостом между Абаем и современной казахской поэзией. Эта очень высокая оценка была дана еще Г.Ибрагимовым, который не случайно избрал эпиграфом для своего классического романа «Казашка» следующие замечательные строки из стихотворения Жумабаева «Луне» (1911):

Ты видишь простор бесконечный, степной,
Как шалью, покрытый беспечной травой.
Здесь горы до неба, медовые реки.
Я сын твой, отчизна, рожденный тобой.

Профессор назвал две причины, которые являются, по его мнению, препятствием к переизданию произведений Магжана. Первая – личные враги Жумабаева, оказавшиеся теперь довольно неудобном положении. Раньше они «разоблачали» поэта, а ныне стоят перед дилеммой – или честно исправить перегибы, допущенные в прошлом, или же проявить «принципиальность», «последовательность» и настаивать на старой оценке поэта. Некоторые люди выбирали второе и свой ложно понятый престиж поставили выше престижа казахской литературы.

Другая причина сводится к тому, что разные группы писателей далеко не по творческим соображениям придерживаются различных, диаметрально противоположных точек зрения в оценке творчества Жумабаева. Я не хотел бы называть это групповщиной; слишком неприятно само слово, но все же нечто похожее, кажется, имело и имеет место среди казахских писателей. Известно, что, когда идет подступная борьба, традиционное соперничество, в качестве предмета спора, предмета дискуссии может оказаться что угодно, даже судьба отдельных писателей. Так и случилось с Магжаном Жумабаевым. Одна группа писателей, составляющая, на мой взгляд, большинство, за то, чтобы возродить творчество Магжана и заполнить пробел в истории казахской литературы, другая отстаивает старые позиции. К моему сожалению (и, откровенно говоря, удивлению), эту позицию отстаивает и Сабит Муканов. Впрочем, позицию Муканова трудно назвать последовательной. В своей книге «Казахская литература XX века» он дает весьма высокую оценку Жумабаеву-поэту. «Абай – акын ума, – пишет Муканов, – Магжан – акын акынов. Однако Магжан как акын сильнее Абая. Нам нужно учиться от Магжана». Несколько лет назад во время встречи в Кустанае С.Муканов приятно поразил меня и татарского поэта Хасана Туфана великолепным знанием стихов Магжана. Он подтвердил высокую оценку творчества Жумабаева. Однако в издании произведений Магжана он, как мне кажется, занял отрицательную позицию и на

мой письменный вопрос по этому поводу прислал весьма неопределенный, я бы сказал, аллегорический ответ (что-то в том духе, что у М.Жумабаева сейчас нет пастухов). Аллегория, если я правильно понял письмо С.Муканова, состоит в том, что у М.Жумабаева сейчас нет сильных и влиятельных покровителей, которые бы смели отстоять его наследие. Однако, я очень надеюсь, что неправильно понял аллегорию моего друга С.Муканова. Мне кажется, что С.Муканов достаточно авторитетный защитник наследия казахской литературы и любимого им поэта М.Жумабаева.

Как и у всякого писателя, у меня большая переписка. С выходом книги «По следам юности» я получил десятки писем из Казахстана: Алма-Аты, Караганды, Кустаная, Семипалатинска и др. городов. Пишут писатели, критики, просто читатели. Во многих письмах говорится о поэзии М.Жумабаева. Ни один из моих корреспондентов не сказал что-либо против творчества Магжана. Напротив, вполне отдавая отчет в сложности судьбы и творческого пути писателя, помня его ошибки, они подчеркивают богатство и зрелость поэзии Жумабаева, свежесть, несмотря на годы, многих его стихов, поразительную силу его строк об освобождении казахской женщины, воспевание свободы и т.д.

Нет, конечно, возможности и необходимости цитировать эти письма. Но они, так же как и мои встречи со многими представителями казахской литературы и культуры, говорят о том, что возвращение поэтического творчества Жумабаева казахской и всей советской литературе — желание и стремление многих и многих людей.

Есть еще одна причина, которая побудила меня взяться за перо. Размышляя о судьбах литературы, я все же у разных народов наблюдается некоторые различия. Чем богаче культурное наследие народа, тем заботливее и бережнее он к нему относится, тем внимательнее судит он о сыновьях, которые хоть чем-то обогатили сокровищницу культуры. И, напротив, чем скромнее культурное наследие, тем как-то беззаботнее это отношение, тем подчас легче забываются люди, стоявшие у истоков рождающейся литературы. Может быть, я ошибаюсь, но вот некоторые примеры. Не надо доказывать, насколько богата русская литература. А ведь только в последние годы она воскресила имена многих писателей, даже не столь блестящих, как М.Жумабаев. Стоит перели-

стать новое издание «Литературной энциклопедии», чтобы убедиться в этом. Раннее забытые имена Клычкова, Ключева, Вольнова, не говоря о более известных писателях, нашли в ней отражение и достойную характеристику. А казахская литература отворачивается от замечательной поэзии Жумабаева. И единственный повод к этому – националистические ошибки поэта.

Но разве наши собратия по перу из русской литературы не ошибались? В 1917 г. сбились с пути не только политически не подкованные стригунки казахской литературы, вроде Магжана, но и многоопытные аргымаки русской литературы. Разве мало русских писателей даже покинуло свою советскую родину и вело с ней идеологическую борьбу? Вспомним имена Бунина, Куприна, Г.Иванова, Бальмонта и др. среди них какое-то время был и А.Толстой. Сейчас дана объективная оценка их творчеству и жизни, со всеми сложностями и изгибами. Все они заняли соответствующее место в истории русской литературы, кажется, никто не собирается (да это невозможно) вычеркнуть их из этой истории. А зачем же обеднять казахскую литературу и выбрасывать из нее творчество Магжана? Ведь М.Жумабаев не эмигрировал за границу, как Куприн, Мережковский и многие другие, не писал ничего, что было бы направлено непосредственно против Советской власти. А и между тем Бунина, Куприна и многих других эмигрантов издают массовым тиражом, а М. Жумабаев практически под запретом. Заботливое ли это отношение к нашему наследию?

Мне, немолодому и немало повидавшему человеку, можно, очевидно, откровенно сказать, что одну из причин такого отношения к Магжану, мешающую объективно оценивать его творчество, я вижу в пережитках соперничества и «родовых» противоречий, которые все еще имеют место среди казахских писателей. К сожалению, это не одна интуиция; об этом откровенно пишут мне сами казахские коллеги. «Лишь пережитки групповщины, царящие среди казахских писателей пишет один из ведущих казахских писателей, считающий Магжана одним из литературных учителей, не дают возможности решить судьбу литературного наследия М.Жумабаева» (1968).

Но можно ли забыть Магжана таким путем? Очевидно, нет. Стихи Магжана живут, но одни считают их народны-

ми, не зная, кому они принадлежат, другие знают автора, но знают лишь себя. Я надеюсь и даже уверен, что казахские писатели с помощью партийной организации Казахстана найдут возможность правильно оценить творчество одного из талантливых сыновей.

...Восстановление творчества М.Жумабаева вовсе не означает оправдания алашордынского национализма, как кажется некоторым казахским литераторам. Но я думаю, что настолько очевидно, что нет смысла специально эту мысль доказывать.

Уважаемый Динмухамет Ахметович!

Прошу Вас не корить меня за столь пространное письмо. Лишь одна у меня просьба – прошу прочитать и правильно истолковать письмо, написанное от чистого сердца писателем, который желает счастья и процветания казахскому народу.

С братским приветом
Сайфи КУДАШ
Народный поэт Башкирии
1969 г.

Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы

Қазақ ССР КП Орталық Комитетінің
бірінші хатшысы **Д.А.Қонаевқа**

Бірінші көшірмесі: КПСС Башқұрт ОК
бірінші хатшысы **М.З.Шакировка**

Екінші көшірмесі: Қазақстан Жазушылар Одағының
басқармасына

Құрметті Дінмұхамет Ахметұлы!

Бұл хатты жазуға қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы мен саяси тұлғасы туралы соңғы кезде Қазақстанда біріне-бірі қарсы екі түрлі қоғамдық пікір қалыптасып отырғаны себеп болды. М.Жұмабаев 1929-1937 жылдары екі рет қуғындалып, сотталды. Ол 1960 жылы ақталған болатын.

1968 жылдың қараша айында Қазақ университетінде жиналыс болып, оған қатысушылар республиканың тиісті орындарына М.Жұмабаевтың екі томдық шығармалар жинағын бастырып шығару туралы ұсыныс қойған болатын. Алайда, менің білуімше, ҚазССР КП Орталық Комитеті бұл жиналысты саяси жағынан теріс деп бағалаған, өйткені М.Жұмабаев байдың тұқымы, ұлтшыл, символист, пессимист және мистик-ақын ретінде саналған. Мұндай біржақты баға, белгілі дәрежеде, маған да тиіп кетті, өйткені мен, өзімнің «Жастық жолымен» (Мәскеу, 1968) деген кітабымда оның атын екі рет атағанмын. Бір рет Мағжанның 1909-1910 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқығанын, екінші рет Қазанда оның алғашқы өлең кітабы «Шолпанның» басылып шығуына байланысты.

Міне енді, бір жағынан М.Жұмабаев ақталып отыр, демек, жұртшылық оның шығармаларын көруге ынтық болуы заңды. Ал, екінші жағынан, ол толық ақталмаған болып отыр, тек азаматтық тұрғыдан ақталады да, саяси жағынан ақталмайдымыс. (Бұл, тіпті, менің ақылыма сыймайтын жағдай.)

Сіздің қолыңыз тие бермейтінін білемін, сөйтсе де партия басшыларының әдебиет тағдырына көңіл бөліп отыратын дәстүрін білетіндіктен, осынау көлемді хатты жазуға бекіндім. Хатта, шамам жеткенше, барлық жағдайды жеткізсе баяндауға тырмыстым. Әйтеуір «жазушылардың ісіне» араласты деп мені жазғыра көрмеңіз.

Мәселенің мәнісі – М.Жұмабаевтың өзінің және шығармашылығының тағдыры өте-мөте күрделі екендігінде. Қазіргі ұрпақ кітаптан оқып қана білетін қат-қабат оқиғалардың көбі менің көз алдымда өтті, сондықтан 75 жастағы қарт жазушының ой-толғамдарымен танысу Сізге де артық болмас деп ойлаймын. Оның үстіне Қазақстан – менің скінші Отаным, мен бұл жерде талай-талай мектептен өткенмін, сондықтан маған қазақ әдебиеті қымбат, сол әдебиетті жасаған, қазір одан әрі өсіріп-өрбітіп келе жатқан адамдар қымбат.

Мағжан Жұмабаев қаламгер ретінде 1905 жылғы революциядан кейінгі кезеңде көрінді, оның дүниеге көзқарасы да осы кезде қалыптасты.

Сол дәуірде, қазақтың ұлттық-революциялық қозғалысының толқынында, буржуазиялық-демократиялық қа-

зақ мәдениетінің көтеріліп келе жатқан шағында қазақ зиялыларының үлкен шоғыры өсіп-жетілді. Мәдениет, әдебиет және халық ағарту қайраткерлерінің бұл тобы өзінің әлеуметтік құрамы және саяси көзқарасы жағынан біркелкі емес еді.

Олардың көзқарасына ортақ бір ғана мақсат болды, олар өз халқының азаттығын, бақыты мен мәдениетке ұмтылуын тіледі. Алайда, бұл бостандықтың мәнісін түсінуде оған жетудің жолдарын таңдауда, өз халқын отарлық-ұлттық езгіден, әлеуметтік теңсіздіктен, қараңғылық пен сауатсыздықтан азат етуде олардың мақсаттарында айқындық, қандай да бір нақты таптық ұстаным болмады. Сондықтан да, олардың арасынан, бір жағынан, әуелден-ақ, немесе бірте-бірте Ленин жолына түсіп, қазақ халқының мақтанышына айналған қайраткерлер шыққанына; екінші жағынан, буржуазиялық ұлтшылдарға қосылып, Кеңестік тәртіпке ақырына дейін теріс қарағандар шыққанына таңдануға болмас.

Қазан төңкерісі, өзінің нақты ұрандарымен және әрекет-нәтижелерімен, саяси көзқарасы берік қалыптасып болмаған әлеуметтік күштерді қарама-қарсы екі топқа бөліп тастады. Ағартушылық күресте кеше ғана ортақ ниетте болған ұлттық интеллигенция өкілдері баррикаданың екі жағында қалды. Сөйте тұрса да, ұлттық интеллигенцияның көптеген өкілдері күдік пен толқудың тар жол, тайғақ кешуінен сүріне-жығыла өтіп, социа-листік көзқарасты жақтап шықты.

Революция, азамат соғысы және Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы осындай жағдайларды барлығымыз бастан кешірдік. Біз ірі жазушылар мен басқа да қайраткерлердің саяси және азаматтық тұлғасын саралап, оларға баға бергенде осыларды ескеруіміз қажет. Бұл тұрғыда біз өлгендер мен қаза тапқандардың әруағы алдында ғана емес тарих соты алдында да жауаптымыз.

Бұл мәселелер қазір бірталайымызға аян. «Бірталайымыз» дегенде мен әдеби шығармаларды, әдебиет қайраткерлерін бір кездегі өзімен кеткір «Пролеткульт», «РАПП» рухында бағалаушылардың әлі де арамызда бар екенін айтып отырмын.

М.Жұмабаевты өте ерекше және аса көрнекті ақын деп есептеп келдім және есептеймін де, бұл жөнінде ол Абайдың лайықты ізбасары.

Мағжан азамат ретінде қалыптасқан, өмір сүрген, жұмыс істеген және қайғылы қазаға ұшыраған заманның қатқабат қиындығы, теңіздің бір тамшы суындай, Мағжанның бір басына көрінеді. Сондықтан, Мағжан шығармаларына сыңаржақ баға беру, айталық оны күрескер-революционер деңгейіне көтеру, немесе Кеңес өкіметі мен қазақ халқының қас жауы деп құлдыратуға болмайды. Бірінші жағдайда, тарихымызды қорлап, тұрпайыландыру, ал екінші жағдайда мәдени мұраларымызға жауапсыз қарап, ескермеу болып шығар еді.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы тарихи жағдайларды мүлде есепке алмай, бір кездегі «Пролеткульт» пен «РААП-тың» белсенділерінше ұлттар мәдениетіне қатысты тарихи фактілер мен оқиғаларды тұрпайы социология тұрғысында түсінетіндер ғана Мағжанға мұндай біржақты баға бере алады.

Мағжан өмірін екі кезеңге қарастыруға болады. Алғашқысында, ол алашордашыл болды, кейін кеңес мәдениетіне қызмет етті. Оның өміріндегі осы екі кезеңді салмақтап, салыстырып көрсек, қазақ-кеңес мәдениетіне қосқан үлесі әлдеқайда қомақты екенін көреміз. Мысал үшін, «Коммунистік партияның тарихын», «Маркс және Ленин» деген кітапты, В.И.Лениннің «Париж Коммунасы», «Тоғызыншы қаңтар» деген шығармаларын тұңғыш рет қазақшаға аударғанын еске алайық. Қазақ халқы алдындағы оның мұндай еңбегіне баға жетер ме? Қазақ халқына білім беру ісіне де ол үлкен үлес қосты, қазақ мектептеріне арнап бірнеше оқулық жазды; 1924 жылы М.Горькийдің шығармаларын қазақшалап, «Сұңқар туралы жыр» деген жалпы атпен бастырды, Мамин-Сибиряктің, В.И.Ивановтың, басқа да орыс жазушыларының шығармаларын аударды. Азамат соғысынан кейінгі жерде, жеке өлеңдері болмаса, негізінен идеялық жағынан кіршіксіз, көркемдік қасиеттері қымбат ақындық мұрасын есептемеген күннің өзінде, осы еңбектерінің өзі-ақ, Мағжан есімін еске алып, оған құрмет көрсетуге тұрады ғой.

Мағжан Жұмабаев ақын ретінде, адам ретінде қандай еді? Бұл ерекше, өзінше дара жаралған аса дарынды адам. Өзіне ғана тән сөз саптасы бар, халық поэзиясы қазынасының тереңінен тартқан әуезді үні бар.

Осынау қиын кезеңдердің бәрінде М.Жұмабаевтың қарап отырған күні жоқ. Бәлкім, бой қуаты мен дарын мүмкіндігіне қарағанда көп жеміс бере алмаған да шығар, бірақ бұған Мағжан жазықты емесс. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, бірден тура жолға түсіп кете алмады. Көп ұзамай Мәскеуде, орталық баспада редактор болып істеді. Одан кейін жоғарғы әдебиет институтында оқыды, осы институттың профессорларының бірі Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп бағалаған болатын.

Сол жылдары ол қазақша оқулықтар жазды, В.И.Лениннің, орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Осындай жағдайда Мағжанның көзқарасы қайшылықтардан арылып, ұстанымы нығайды, марксизм-ленинизм идеяларын терең әрі табанды игерді. Өкінішке қарай оның басындағы бұл өзгерістерді КазАПП басшылары көргісі келмеді. Тіпті оның «Тоқсанның тобы» деп аталған тамаша өлеңі 1927 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің газеті «Еңбекші қазақта» жарияланғанда да Мағжанды кеудеден итеріп, «кұбылмалы жарамсақ» деп табалағандар да болды. Шын мәнінде бұл өлеңінде Мағжан жан түкпірінен қайнап шыққан шындығын айтып, ағынан жарылған:

Мен мұндымен мұндастым,
Адассам ел деп адастым
Он деген емес асылы,
Он демедім, демеспін.
Ой кезінде көмескі
Жырладым елді жалпылап,
Жасырмай жүзді жоқтадым
Тоқсанға енді тоқтадым,-

деген сөздеріне сенім білдірілмейді. (Қарпайым түсінікте, мұндағы «он» деп отырғаны – алашордашылар, «тоқсаны» – қазақтың еңбекші халқы. «Жүзді жоқтадым» дегенде – «отаныма бөле-жармай қызмет еттім, тапқа бөлгенім жоқ» деген ойын айтқаны. «Тоқсанға енді тоқтадым» дегенде, ендігі өмірім қазақтың қалың бұқарасына арналады дегені. Жан сырын ақтару деген осындай-ақ болар. Оның бұл айтқандарын қаламдастары қабыл алмады. Неге? Неге екенін тап басып айту қиын. Дегенмен, дәл осы тұста жеке бастың өштігі, кек

алудың амалы және тап күресінің принциптерін теріс түсіну сияқты жағдайлар басым болды-ау деп санаймын. Қалай да, Мағжан 1929 жылы түрмеге қа-малды.

Жастық шақтағы кінәсін адал да жемісті еңбегімен ақтағанына қарамастан, он жыл өтіп кеткен қателері үшін жауап беруге тиіс болды.

Он жылға сотталып, жазасын Карелия жерінде өтеді. Мұнда да адал еңбек етті, әуелі мұғалім болды, кейін бірнеше лагердің біріккен санитарлық бөлімін басқарды. Әйелі арқылы медицина оқулықтарын алдырып, дәрігерлік білімді өз бетінше меңгере бастайды. 1935 жылы М.Горькийдің көмсігімен босайды. Мағжан Петропавл қаласына қайтады, алғашқы кезде оған С.Сейфуллин қаржылай көмек беріпті. Петропавлда техникумда сабақ береді, осында Қазақ жазушылар ұйымы басшыларының бірі С.Мұқановпен кездесіп, әңгімелескеннен кейін Кеңес Жазушылар Одағына қабылдау жөнінде өтініш жазады. Өтінішінде: «Кеңес әдебиетіне шын жүрегіммен қызмет етемін», деген сөздер бар. Бұл өтінішке С.Мұқанов мейлінше сыпайы, соншалық сырдаң сөздермен жауап жазады, онда: «Мағжанды Кеңес Жазушылар Одағына қабылдау мәселесі оның жаңа шығармалары жарыққа шыққаннан кейін ғана қаралатыны» хабарланған. Обалы қанша, сол хатта Мағжанға шығармашылық жұмысына жағдай туғызылатыны да айтылған.

Мағжанның бұдан кейінгі тағдыры күңгірт, тұманды, түсініксіз жағдайда аяқталады. Көп ұзамай Жұмабасвтың ескі күнәлары қайта ақтарылады. «Саяси сенімсіз» адам ретінде оны техникумнан қуады, мектепте мұғалім болған екен «алашор-дашы» болдың деп одан да шеттетеді. Мағжан орталықта шығармашылық ұйымдарға жақынырақ тұруды көздеп, Алматыға кетеді, мұнда өлкетану мұрағатына қызметке кіреді. Оны бұл жұмысқа да тұрақтатпайды. Алматыда жұмыс істеу мүмкін еместігіне көзі жетіп, қаладан сыртқары, Алматы облысының бір колхозына барып, медпункт жұмысына орналасады. «Саяси сенімсіз адамның» соңынан «қоңырау» қалмайды, мұнда да жұмыстан қуылады. Осының бәрі – небәрі бір-бір жарым жыл ішіндегі сергелдең. Байқап отырсақ, ақынның соңына шам алып түскен біреу болғаны анық.

Осындай шарасыз күйдің өзінде, жан-жүйесі күйзеліп жүрсе де, «Жамбылға», «Тоқсан тоғыз», «Қаламыма» де-

ген өлеңдер жазды. Тағдыр тәлкегіне төтеп берген қайсар жан ғана осындай шығармаларды дүниеге келтіре алады. Бұл жазбалары қайда? Бұл өлеңдер Қазақ жазушыларының Одағы басшыларына тапсырылса да, құрдымға батып, ізтүссіз кетті. Олар 1935 жылы Мағжанға қолдау көрсетпек болған уағдасында тұрмады.

ҚазАПП мұрагерлері тарапынан Мағжанға қастық ұйымдастыру, қорлау, қуғындау әрекеттерінің асқындағаны сонша-лық, Мағжан ақын өзіне-өзі қол салып, өлмек те болады. Әйтеуір ажалы жоқ, тірі қалады. 1937 жылдың 30-қараша күні ол тұтқынға алынды. Әйелінің айтуына қарағанда, соның алдында оны НКВД қайта-қайта шақырып мазалаған, ақын ұйқы-күлкіден айырылған; бұрын алашордашыл болған, кейін қазақтың атақты жазушысы ретінде танылған бір адаммен телефон арқылы сөйлеспекке әрекет қылған.

Тұтқындалып, үйден шығып бара жатқанда Мағжан былай депті: «Мен қоштаспаймын. Бір кінәға құдайдың өзі екі жаза бұйырмайды. Өзің білесің, Кеңес үкіметіне, қазақ халқыма қарсы жасаған ешқандай қылмысым жоқ. Ал, осы жолдан қайтпасам, «бөлтірік бөріні талап, мерт қылды» деп түсінерсің. Осы есінде болсын!»

Мағжан сол азапты сапардан қайтпады. Жастық шағында жаңылыс басқан қадамдары үшін жапа шекті. Ол жазықты болса, онымен бірге тарих та соншалықты жазықты еді. «Бөрінің» тағдыры осымен бітті. Ал «бөлтірік» ше? Ол кім болса да, кейінде М.Жұмабаевқа қандай жала жауып, қараласа да, бұл жағдайдың шындығы біреу ғана: Мағжанның екінші рет тұтқындалуына қазақ жазушыларының арасындағы талас пен тартыс, сенімсіздік себеп болғаны – айдан анық.

Әңгіме үстінде қазақтың бір жазушысы маған былай дегені бар: «Ол кезде кімді-кім? деген мәселе тұрды ғой. Біреулер ұтты, біреулер тұтылды». Осындай зұлымдықтың астарында шындық жатыр еді дегеннің өзінде, бұл оқиғаларды еске алғанда, 75 жастағы, көргенбілгені көп менің өзімнің жаным түршігеді. Ақиқат жолы біреу ғана – Мағжан Жұмабаев азамат ретінде де, ақын ретінде де толық ақталуы қажет.

Ойымды қорыта келіп, осынау қуатым кеміп бара жатқан қарттық шағымда жазатын шығармаларымды үлгеріп жазып

кетудің орнына, қолыма қалам алып, осы хатқа отыруыма түрткі болған нақты себептерді де айта кетсем деймін.

Алдымен маған қазақ достарым қозғау салды. Даму үстінде өзгеріп, жаңарып келе жатқан өмір ағысы, әріптестеріміздің ой-арманын жеткізген хаттар, бетпе-бет әңгіме-сұхбаттар Мағжан тағдырына жаны ауыратын жалғыз мен ғана емес екеніме көзімді жеткізеді.

М.Жұмабаев туралы мен алғаш рет профессор Есмағанбет Ысмайыловтан естідім. Оның айтуынша, М.Жұмабаев және оның шығармашылығы Абай мен қазіргі қазақ поэзиясының арасын жалғайтын ақындық өткел болып табылады. Мұндай өте жоғары бағаны кезінде Ғ.Ибрагимов берген болатын. Ол өзінің «Қазақ қызы» деген классикалық романына Мағжанның 1911 жылы жазған «Айға» деген өлеңінің ғажайып мына бір шумағын эпиграф етіп алған болатын:

Кең дала, көресің ғой ана жақтан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

[Есмағанбет Ысмайылов]

Профессор Мағжан шығармаларының қайта басылып шығуына бөгет болып отырған өзі білетін екі себепті атады. Бірінші – Мағжанның жеке басына жау болғандар енді не қыларын білмей отыр. Олар бір кезде ақынды «әшкерелеп» бақты, ал енді қазір, артық айтқан сол сөздерін мойындап, адал ниетпен қайтып алуы керек пе, әлде бұрынғысынша «турашылдыққа» салынып, ақынды әлі де теріс бағалаудан таймау керек пе? Кейбіреулер осы екінші жолды күйттеп, өзінің жеке басының бақбеделін қазақ әдебиетінің мәртебесінен жоғары қойып отыр.

Басқа бір себеп те бар. Жазушылар арасындағы кейбір топтар шығармашылық жағынан гөрі, Мағжанның басы жөнінде қарама-қарсы бағыт ұстанып айтысып жүр. Мен мұны топшылдық деп айтпаймын; мұндай ащы бағаға аузым бармайды, бірақ осыған ұқсас бірдеңе бары рас. Әдетте, талас-тартыс, бәсекелестік үстінде тілге оралғанның бәрі, тіпті жеке қаламгердің тағдыры да бәске тігіліп кететіні болады ғой. Жазушыларды бір жағы, бәлкім көпшілігі, Мағжан

шығармаларын тірілтіп, қазақ әдебиетінде ақтаңдақтың орнын толтыруды жақтайды; екінші жағы ескі сарыннан айырылғысы келмейді. Маған, әсіресе, өкініштісі (шынымды айтсам, таңқалғаным) Сәбит Мұқанов осындай позиция ұстанып отыр. Жалпы, Мұқановтың позициясын табанды дей қою қиын. Ол өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында Мағжан-ақынға өте жоғары баға береді. «Абай – ақылдың ақыны, – деп жазады Мұқанов, – ал Мағжан – ақындардың ақыны. Ақындығы жағынан Мағжан Абайдың күштірек. Біз Мағжаннан үйренуіміз керек».

Осыдан біраз жыл бұрын Қостанайда кездескенімізде, ол татар ақыны Хасан Туфан екеуімізді Мағжанның көп өлеңін жатқа айтып таң қалдырды. Мағжан шығармашылығына жоғары баға беретінін тағы қайталады. Алайда, Мағжанның шығармаларын қайта басып шығаруға, менің ойымша, С.Мұқанов қарсы. Осы жөнінде мен хат жазып сұрағанымда сырғытпалап, ол тіпті кекесінге сүйеп, «Қазір М.Жұмабаевтың қамқоршылары жоқ», – деп жауап берді. Егер дұрыс ұғынған болсам, С.Мұқановтың бұл хатынан ұққаным, бұл күнде Мағжанға сүйеу болатын және оның мұрасын жоқтауға батылы баратын мықты да ықпалды қамқоршылары жоқ дегені болса керек. Дегенмен, менің досым С.Мұқановтың мұндай бұлдыр сөздерін дұрыс ұқпадым-ау, дегім келіп тұрады. Сондықтан, С.Мұқановты қазақ әдебиетінің және өзі жақсы көретін ақын М.Жұмабаевтың мұраларын қорғап шығуға беделі жетеді деп ойлаймын.

Барлық жазушылар сияқты мен де көп адамдармен хат жазысып тұрамын. «Жастық жолымен» деген кітабым шыққаннан кейін Алматыдан, Қарағандыдан, Қостанайдан және Қазақстанның басқа да қалаларынан ондаған хат алдым. Оларды жазушылар, сыншылар, қарапайым оқырмандар жазған. Көптеген хаттарда М.Жұмабаевтың поэзиясы сөз болады. Маған хат жазғандардың бірде-біреуі Мағжан шығармашылығы жөнінде ешқандай теріс пікір білдірмеген. Керісінше, осынау қаламгердің тағдыры мен шығармашылық жолының күрделі болғанын, оның қателерін көрсете отырып, Жұмабаев поэзиясының мол байлығы мен биік деңгейін, көп жылдар өтіп кетсе де өлеңдерінің бүгінгідей мөлдірлігін, қазақ әйелінің азаттығы, халықтың бостандығы жөніндегі өлең жолдарының ғажайып қуаты туралы жазады.

Әрине, бұл хаттардан үзінділер келтіруім артық болар және оның қажеті де жоқ. Әйтеуір бұл хаттардан, сондай-ақ, қа-зақ әдебиеті мен мәдениетінің көптеген өкілдерімен кездесіп тілдескенімде білгенім, Жұмабаев шығармаларын қазақ және бүкіл кеңес әдебиетіне қайтарып беру – қазақ халқының тілегі мен мақсат-мүддесіне сай келеді.

Осы хатты жаздыруға тағы бір жағдай себеп болды. Әдебиеттер тағдыры туралы толғана отырып, мен әртүрлі халықтарда өзінің өткендегі мәдени мұрасына деген көзқарастың бірыңғай еместігін байқаймын. Қай халықтың мәдени мұрасы неғұрлым бай болса, оған деген қамқорлық та күштірек, халық өз мәдениетінің қазынасын байытқан ұлдарына сергек ілтифатпен баға береді. Керісінше, мәдени мұрасы жұтаңдау халықтарда бұл қамқорлық та кемшін, қалыптасып келе жатқан әдебиеттің бастаушылары деп танылған азаматтары оп-оңай ұмытыла береді екен. Бәлкім, мен қателесетін де шығармын, бірақ мына мысалдарды байқап көрейікші. Орыс әдебиетінің ұшан теңіз байлығын дәлелдеп керегі жоқ. Тек соңғы жылдары ғана олар көптеген жазушыларының, тіпті М.Жұмабаев сияқты жарқыра-ған жұлдыз болмаса да, есімін ақтап алды. Мұны жаңадан шыққан «Әдебиет энциклопедиясынан» да байқауға болады. Белгілі жазушыларды айтпағынның өзінде, бұрын есімі ұмытылып қалған Клычков, Клюев, Вольнов туралы тұлғаларға лайықты сыпаттама берілген. Ал, қазақ әдебиеті Жұмабаевтың ғажайып поэзиясына көз салғысы да келмейді. Және де бұған бір ғана себеп – ақынның ұлтшылдық қателері болса керек.

Орыс әдебиетіндегі қаламдас бауырларымыз ада-спап па еді? 1917 жылы Мағжан сияқты қазақ әдебиетінің саяси жағынан тағаланбаған тай-құнандары түгілі, орыс әдебиетінің сақа арғымақтары да шатасты ғой. Өз елінен сыртқа кетіп, онымен иедологиялық күрес жүргізген орыс жазушылары аз ба? Бунинді, Купринді, Г.Ивановты, Бальмонтты және басқаларын еске алайықшы. Бір кезде А.Толстой да солардың тобында болды. Ал, қазір бұл жазушылардың шығармашылығы мен өмір жолына лайықты баға берілді, бүкіл күрделі жағдайлары, қалтарыс-бұлтарыстары ескерілді. Олардың бәрі орыс әдебиетінің тарихында өз орнын алды, бұдан былай оларды бұл тарихтан ешкім де сызып тастамайды, сызып тастау мүмкін де емес. Демек, Мағжан шығармашылығын ойып лақтырып тастап,

қазақ әде-биетін жұтатуға бола ма? Куприн, Мережковский және басқа көптеген ақын-жазушылар сияқты М.Жұмабаев шетелге кетіп қалған жоқ, Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған ештеңе жазған жоқ. Соған қарамастан, Буниннің, Куприннің тағы басқа эмигранттардың шығармалары мол таралыммен басылып жатыр, ал М.Жұмабаевқа келгенде, іс жүзінде тыйым салынған. Әдеби мұрамызға деген қамқорлық осындай бола ма екен? Көпті көрген, жасы келген менің ойымша, Мағжанға деген мұндай көзқарастың бір себебі, оның шығармашылығына объективті баға беруге кедергі болып отырған жағдай – ескіліктің пасық бәсе-келестігі және қазақ жазушылары арасындағы «рулық қайшы-лықтардың» болуы. Өкінішке қарай, мен бұл сөздерді жобамен айтып отырған жоқпын, бұлар жөнінде қазақ әріптестерім маған ашықтан-ашық жазып хабарлауда. Мағжанды өзінің әдеби ұстазы санайтын қазіргі қазақ жазушылары көшін бастаушылардың біреуі маған: «Қазақ жазушылары арасындағы жікшілдіктің қалдықтары М.Жұмабаевтың әдеби мұраларының тағдырын дұрыс шешуге мүмкіндік бермей отыр» (1968) деп жазыпты.

Осылайша, Мағжанды ұмытамыз ба? Жоқ, ұмытпаспыз. Мағжанның өлеңдері айтылып жүр. Біреулер оларды, кім шығарғанын білмей, халықтікі деп санайды, ал білетіндер сырын іште сақтауда. Қазақ жазушылары Қазақстан партия ұйымының көмегімен өз әдебиетінің ертеректегі тарихында болған күрделі жағдайларға дұрыс баға беріп, сол әдебиеттің аясына өзінің дарынды ұлының есімін қайтарады деп үміттенемін әрі оған сенімдімін.

...М.Жұмабаев шығармаларын жарыққа шығару дегеніміз, кейбір қазақ әдебиетшілері ойлап жүргендей, алашорда ұлтшылдығын ақтау емес, мұның өзі дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Құрметті Дінмұхамет Ахметұлы!

Мені осынау ұзақ хатым үшін жазғыра көрмеңіз. Бір ғана тілегім бар – хатты оқып шығыңыз да, қазақ халқына бақыт пен байлық тілеген қарт жазушының ізгі жүрегінен шыққан осы сөздерді дұрыс түсінуіңізді сұраймын.

Туыстық сәлеммен,
СӘЙФИ ҚҰДАШ,
Башқұртстанның халық ақыны.

1969¹⁷⁶ »

¹⁷⁶ «Дружба народов», 1988, №12, 161-168-беттер.

Башқұрттың қарт жазушысы С.Құдаштың Мағжанға жоқшы болуында үлкен мән бар.

Қазақ көсемсөзінің ардагері, көргенбілгені көп, Жайық Бектұров марқұмды куәға ала отырып, С.Құдаштың Қонаевқа жазған хатының көп қазақ білмейтін астарына назар аударғым келеді.

С.Құдаш әуелі «Қазақ әдебиеті» газетіне Мағжан Жұмабаев шығармашылығы туралы мақала жазды. Бұл мақала Мағжан тағдырына жаны ауырған қазақ зиялыларына үлкен ой тастады. Бірақ, қазақша басылған газет мақаласының пәрмені қанша екені баршаға мәлім. Демек, көрнекті қаламгердің, басқа ұлт өкілінің атынан сол кездегі ең жоғарғы билік органдарына бе-делді құжат дайындау қажеттігі түсінікті.

Бұл – Д.Қонаевтың атына жазылған ресми хат болуға керек. Мұндай құжат жерде қалмайды, бір нәтиже шығады.

С.Құдаш ақсақал хатты жазды. Бірақ, сол хат сексенге таяп отырған қарт жазушы жазды ма? Әлде оған біреулер ақыл қосып, материалдар дайындап берді ме? Бұл сұрақтар мәселе төркініне терең үңілген әр адамды толғандырар еді. Толғандық, іздедік. Қисынын қарадық. Осы арада қазақ тарихы мен әдебиетінің үлкен жанашыры, көкірегі толған сыр сандық Бектұров Жайық есімді ғұламаның жазып кеткен мына бір естелігін келтірсек біраз жағдайдың басы ашылатын сияқты. Ол жоғарыда аты аталған башқұрт жазушысы Сәйфи Құдашпен алпысыншы жылдардың бас кезінде танысып, жиі хат алысып тұрған. Қарт жазушының «Қазақ әдебиеті» газетіне Мағжан туралы жазған мақаласын да біледі, өзі де Мағжан шығармашылығына талдау жасап, мақала жазған. Бұл мақаланы «...өзімше, өз биігімнен, әрі уақыттың шегіншектігі, тіпті тілсіз, үндеместігі, шеңбер-құрсауы тар жағдайында ғана жалтақтап, есік көзіндегі жетім, мешел баладай жаутаңдап қана жазған едім»¹⁷⁷. Ж.Бектұровтың көрсетуіне қарағанда кезінде осы мақалаға байланысты Алматыдан, Қарағандыдан да С.Құдашқа пікір-хаттар жазылған. Жәкең өмірден озғаннан кейін «Ене-

¹⁷⁷ Бектұров Ж. Енеден ерте айырылған тол секілді... А, 2002, 149-бет.

ден ерте айрылған төл секілді...»¹⁷⁸ деген атпен басылып шыққан кітабында бұл оқиғалар туралы былай депті: «Біз бұл арада С.Құдаштың сәл кейінірек Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне жолдаған үлкен хатенбегіне Алматы азаматтарының, атап айтқанда, қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің ғалымы Қайролла Махмудовтың тікелей қатысы барын, бәлкім сол еңбектің негізі сол әдебиетшінің қолынан шықты ма дейтін жорамал айтқымыз да келеді. Қазақстан жазушыларының 60 жылдары бір кезекті съезінде кешегі Мағжан жайлы Қ.Махмудов сөйлемекші болды, оның не айтатынын біліп отырған президиум басшылары оған сөз бермеді. Мағжан туралы менің өзімше тығылмақ ойнағандай оңашаланып, ақын еңбектерін жиыптеріп мақала жазғанымды білетін, бұл күнде қайтыс болған бір журналист-жазушы жолдасын съездің бір үзілісі кезінде маған:

– Сен ана Қайролла Махмудовты білесің бе? Ана жылдары қазақ сөздігін шығарған кісі. Нәсілі татар. КазГУ-дың оқытушысы ғой, – деді.

– Жеке таныстығым жоқ. Тек алыстан ғана білемін дедім.

– Оның Мағжанды жоқтап жүргенін білесің бе?.. Ендеше осы Қ.Махмудов жолдас осы съезде сөйлегісі келеді. Мағжанды жарыққа шығаруды айтқысы келеді. Өне, әркімге барып, сөз сұрап жүгіріп жүр. Тек оған сөз беретін емес...»

Бұл айтылғандарға қарағанда Мағжанды ақтауға батыл кірісіп, басын оққа байлаған профессор Қ.Махмудовтың есімін біз ілтифатпен атауға міндеттіміз. Өлбетте, Мағжанды жоқтаған қазақ зиялыларының хатына өз атынан қол қойған башқұрт туысымыз Сәйфи Құдаштың ізгі азаматтық қадамы ерекше құрметке лайық. Мағжанның екінші өмірінің, ұрпақтарының санасына рухани мұра болып орнаған мүбәрәк есімін қайтарудың басында тұрған нағыз қайраткер өзгеміз емес, осылар.

Алпысыншы жылдары Мағжанның неге ақталмай қалғаны туралы Ғабит Мүсірепов 1974 жылғы 25-шілдеде профессор Тұрсынбек Кәкішевке мынадай мағлұмат берген:

¹⁷⁸ Сонда, 149-150-беттер.

«Тұрсынбек Кәкішев: ...біздің әдебиетімізде де әртүрлі себеппен әдеби мұрасы халыққа жетпей жатқан тұлғалар бар. Мәселен, Шәкәрімнің, Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларына бір қозғау салатындай жағдайды ойластырсақ қайтеді?

Ғабит Мүсірепов: Оған қозғау салынбай жүрген жоқ. Бір кезде мен, Одақта отырғанда, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың мәселелерін қойып, тіпті комиссия да құрғанбыз. Іріктеп алуға, жауапты бір редколлегия құрып, түсіндірмелерімен, алғысөздерімен басқымыз келіп еді. Оған тиісті жоғарғы орындар ризашылық та берген. Соны енді жүзеге асыруға келгенде, баяғы өзіміздің тарапымыздан, жазушылардың тарапынан көлденең тұрушылар көп болды, яғни жазушыларымыздың бір жағы басамыз десе, енді бір жағы құбыжық көріп, қарсы шықты. Сонымен бөгіліп қалған бір жағдай бар.

Екінші жағдай, сондай жаңалықтың хабарын естіп, соның абырой-атағын ала қояйық деп, осы Сіздің ҚазГУ-дің жігіттері даурықтырып жіберді. Жоғарғы жақ бір қаулы алса, солардың дегенімен алғандай етіп көрсетпекке тырысты. Сол бір қырсық болды...»¹⁷⁹

Бұл үзіндіні келтіргенде біз айтушының пікіріне қосылатын-қосылмайтынымызды ішімізде қалдырып, тек бір дерек ретінде ұсынып отырмыз.

Жәкең: «Қазақ белсенділерінің көрсетуі бойынша кезінде Мағжанды Кеңес большевиктері көсемдерінің бірі Н.Бухарин де сынаған», дейді.

Үлкен философ Сәлкен Балаубаевтың аузынан шыққан: «Мағжан өлеңдері қазақ халқының дербес ұлт болу дәрежесіне жеткендігінің белгісі» деген сөзіне де куәлік айтады».

С.Құдаштың бұл хатындағы Мағжан шығармашылығының алғашқы кезеңі және XX ғасырдың алғашқы ширегінде, ҚазАПП ұстанған «тұрпайы социология» деген ағым туралы қазіргі ұрпаққа түсінік беру үшін кезінде Қазақстан баспасөзі бетіндегі пікірсайыстың бір мысалын ұсынсақ, артық болмас. Оқырман-дардың қолына түссе бермейтін мұндай мақалалардың құны – деректілігінде. Де-

¹⁷⁹ Кәкішұлы Т. Толғам. А., 2004, 194-бет.

мек, сол дерекке жүгіне отырып, бүгінгі ұрпақты қазақтың көрнекті көсемсөз шебері Қошмұхамет Кемеңгеровтың мына мақаласымен таныстыруды жөн көрдік. Бұл да қым-қиғаш тарихымыздың тағы бір куәлігі.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ («Еңбекші қазақ», 1926 жылғы 1-желтоқсан). Анда-санда көркем әдебиеттің басын бір ауыртып қоюшы едік. Толғағы жеткен мәселе ғой, бұл жолы көркем әдебиет туралы қорытынды бір пікір деп, Сәбиттің (жазушы Сәбит Мұқанов.-З.Т.) көзқарасына қарсы жазып отырмын. Қарама-қарсы пікірлерді салыстырған дұрыс шығар. Пікір таластырғанда кекетіп-мұқатудың, сөгудің керегі жоқ дегенге қол қойып, мәселені салқын қанмен шешейік. Алты жылдың ішінде көркем әдебиет туралы не істедік дегенде, Сәбит «жоқ» деп жауап береді¹⁸⁰. Сәбит өнгені көрмесе де Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді. Басылған пьесаларды, әңгімелерді, газет-журналдағы өлеңдерді, әңгімелерді көру керек еді. «Қартқожа» сияқты романды көру керек еді. Осының бәрі алты жылдың жемісі емес пе? Бірен-саран теріс бағыттағы Мағжанның өлеңдеріне қарап сарыуайым төгудің қисыны жоқ. Алдымен 6 жылдың ішінде Сәбиттің өзі ілгерілеп отыр. Әдебиетке көзқарасын кеңейтіп отыр. Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарағысыз қылған Сәбит: «Ұлтшылдықты отаршылдық туғызды», «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әр кім билемек» деп, Абайдан мысал келтіріп отыр. Көркем әдебиет туралы түк істелмеу себебі, Сәбиттің ойынша, 99 процент кедейдің хат білмегендігі, менің... ойымның болмағаны. Осы дәлелдеріне тоқтап көрейік. Расында, байлардан оқыған көп еді. Бірақ Абайдан, Мағжаннан басқа байлар табынан ақын да, жазушы да шыққан жоқ. Себебі не? Жүсіпбек пен Мұхтар жалғыз процент кедейлердің арасынан шығып отыр. Себебі не?

Сәбиттің жүйесіне қарағанда оқығандары көп байлардан ақын да, жазушы да көп шығу керек еді. Тұрмыс жүзінде олай болмай отыр. «Өнер – мәдениеттің бір бұтағы, мәдениет – шаруашылықтың бір бұтағы. Әдебиет өнердің бір саласы болған-дықтан, түптеп барғанда шаруашылыққа байланы-

¹⁸⁰ С.Мұқановтың мақаласына байланысты жазылған. (автордың ескертпесі) Тандамалы шығармалар. 14-том, А, 1978, 368-бет.

сты», – деп Луначарский жазды. Шын марксистдердің бәрі осы пікірді қуаттайды. Әдебиетте жаңа ағым туу үшін өндіріс қатынастары өзгерсе, салтсана да өзгереді, жаңа әдебиет ағымдары шығады. Осыны негізге алып, қазақ әдебиетінің тарихына шолып өтсек, пролетариат әдебиетінің қазақ елінде дамымай жатқан себебін білеміз.

«Әдебиет тарихы – шаруашылықтың, не мәдениеттің, не қоғам пікірлерінің айнасы», – деп Данилов жазады. Олай болса бұрын ауызша айтылып жүрген халық әдебиеті көшпелі шаруаның, ру қоғамының айнасы болды. Ұзақ заманның ішінде халық әдебиеті кемеліне жетті. Қазақ елі патша үкіметіне бағынған соң таршылық көре бастады. «Қолы жетпеген құдайшыл» дегендей шаруасы кеміп, басынан билік кеткен қазақ елінің ақындары дін үгіттерін тарата бастады. Бері келе қазақ елінің жері кетіп, сауда капитализмінің уысына түскен соң ру билігі жоғала бастады. Егіншілік басталды. Салтсана өзгере бастады. Сонымен отар-шылдыққа қарсы ұлт әдебиеті туды. Ұлт әдебиетінің 17 жылдық дәуірі бар¹⁸¹. Октябрь төңкерісінен кейін де бұрыннан негізі бар ұлт әдебиетінің өрісі кеңейеді, кемеліне жетті. Октябрь төңкерісінен бұрын бай, кедей деген жіктік айырып үндеу, үгіт жүргізген оқыған топтар жоқ болатын. Оқыған атаулы отаршыл-дыққа қарсы ұлтшылдықты көксейтін. Ел ішін алсақ, байға қарсы наразылығын көрсеткен кедей жоқ еді. Жалдаған малайды бай басыбайлы есебінде ұстайды, ұрыпсоғатын, ақысын бермейтін. Кедей де, малай да бәрін құдайдан көретін. Октябрь төңкерісін қазақ жасаған жоқ деп Сәбиттің өзі де айтып отыр, шыны солай. Құдайшыл, байшыл қазақ кедейлерін октябрь төңкерісі тез жіктей алмады, төңкеріс салтсананы тез өзгерте қоймады. Әлі де ел ішінде құдайшыл, байшыл кедейлер, кедейді жем қылған атқамінер кедей аз емес.

Жаңа ғана кедейлер жіктеліп ұйымдасып, салт-санасын өзгерте бастады. 24-жылдарға шейін қазақ кедейінің қандай күйде болғаны Бейімбеттің өлеңдерінен білуге болады. Кедей әдебиеттің өріс кеңейтпеуіне бас себеп: жаңа салт-

¹⁸¹ 1905 жылы бірінші орыс революциясына байланысты қазақ қоғамында саяси сананың оянып, ұлт тәуелсіздігін ту еткен жаңа тұрпатты әдебиет туа бастаған осы кезең.

сананың кемдігі, шаруашылық түрінің өзгермегендігі. Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтер деп үміттенуге болады. Әлде болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек. Сынның қаттылығы бөгеу болады деген қисынға келмейді. Сынның әкесі Нәзірдікіндей болар, сонда Сәкен бұққан жоқ. Сәкен ескі жазушы деп айтатындар болар, олай болса Самат пен Байбатыр да ескі жазушылар. Қатты сыннан бұққан осы екеуі ғана. Баяғыда «Тұр, қазақты» жазған Байбатырың болатын. «Шегірткеден қорыққан егін екпейді», сыннан бұққан адам тоғыз қабат торқаға бөлесең де жазушы болмайды. Төңкерісшіл жазушы Неверов талай рет басқармадан беті қайтса да, түзетіп беруін қоймаған, ақырында атақты жазушы болды. Сол Неверов кейбір жазған-дарын 50 рет түзеткен. Біздің қазақтың жазушылары оңай жұ-маққа еңбексіз кіргісі келеді.

Кедейден шыққан жаңа жазушыларды газет-журналдар бауырына тарту керек еді деп Максим Горькийді мысалға алады. Максим Горький қара шаруа жазушыларын мақтаса пікір, мазмұн жағынан мақтаған. Ол кезде қара шаруа тілегі, мұңы, пікірі қоғамда болған. Осы күнде қара шаруа негізгі ұранның бірі болып отыр. Сондықтан кедей шаруалардың жазғаны мазмұн, пікір жағынан жақсы екен деп сипап шығаруға болмайды. Мазмұнға түрі сәйкес болу керек, жаңа жазушының қасқабағына қарап бейнеусіз, келімсіз өлеңді, қара сөзді түзетіп отыруға басқарманың уақыты бола ма екен? Және де ұнасымды өлең, қара сөз басқармада даяр тұрса – оны баспай, түзетуге кіріскені ақылға сия ма?

«Өңсіз, сауатсыз жазылған өлеңдер ақынның, таптың саясат жүзінде өсе бастағанын көрсетеді. Мұндай өлең мәдениет белгісі, бірақ мұндай өлең ақындыққа жатпайды. Өнерді қолға түсіру үшін көп даярлану керек. Алақұла өнер шын өнер емес. Еңбекшілер әдебиет әдісін үйрету керек. Үйретуге аз уақыт кетпейді» – деп Троцкий жазды. Ендеше қатты сын сабақ болады, үлгі болады. Бірақ жазушының қара басына тиіп, сөгудің керегі жоқ. Ал енді біздің жас жазушыларымыз қайтеді? Емлені білмей жатып қатардан қалғысы келмейді, өлең жазған болады. Бұған не дерсің. Бір «жазушы» пьеса бәйгесіне өлеңмен жазып 4 бөлімді пьеса жіберген, бар жазғаны 6 бет. Өлеңінде инедей

ырғақ, ұйқасым болса, бұйырмасын. Осындай құр кеуделер көп. Мұның бәрін жөнге салам десе басқарманың шашы ағарады ғой. Сәбиттің ұйым керек еді дегені дұрыс, бірақ шаруашылық сабасына түспей, салтсанаға нысан кірмей, ұйым болғанымен өндіргені шамалы болар еді. Бұдан былай ұйым пайда келтіруінде талас жоқ.

Сәбиттің үлкен уайымының бірі ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті дейді. Ұлтшылдар газетке кінәлі болса да, басылған кітаптарға кінәлі емес шығар. Мағжанның 4-5 өлеңін кесе көлденең тарта берудің жөні жоқ. Мағжанның ол өлеңді жазуында тарихи себеп бар шығар. Өзі ұлтшыл болғанымен бұқара, кедей тұрмысын жазатын болса, не айыпшамы бар.

Жүсіпбектің пьесаларынан, «Қартқожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанмен ұлтшылдықтың иісін таба алмас. Мұхтардікі де осындай. Орыстың бұрынғы жазушыларында Достоевский мен Феттен оң пікірді жан өтпейді. Осы күнде соларды далаға тастап отырған жоқ. Ақсүйек Тургеневті осы күнде қалай дәріптеп отырғанды, Пушкин, Толстойды қалай құрметтейтінді ақын Сәбит жақсы білу керек. Осылардың жақсы жағын марксшіл сын, сыншылар көрсетіп отыр. Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын таңдап алып басып жатқанда кең бұқарашылдық рухында жазылған кітаптардың басылғанына Сәбит неге ренжиді? Қазақ әдебиетінде тойып секіретін күн әлі туған жоқ. Ұлтшылдардікі көп басылса, көркемдігі үшін басылған шығар. Бұхарин жазады: «Өнер дегеніміз – сезімдерді суретпен жүйелеу» деп. Ақындық суретпен ойлау дегенге марксшілдердің бәрі қол қойған.

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр,
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр, –

деп Ақжүністің айтқаны кескіндеу, суреттеу болады. «Өнер тұрмысты сұлуландырады», – деп жазады Вагнер.

«Егер кескін (сурет) орнына қисынды дәлелдерді алса, не бір пікірді дәлелдеу үшін зорланып шыққан кескін болса,

ол суретші емес, әншейін «жазушы», – деп Плеханов айтады. Мінекей, бізден бір көйлекті бұрын тоздырған мәдениеті марқайған жұрттардың сыншылары осыны айтады.

Көркем жазушылық пен жәй жазушылықтың арасы жер мен көктей. Ұлтшыл жазушылар кейде қоғам кемшіліктерін тереңірек қазып жіберсе, марксшілдік жолмен дұрыс-бұрысын сынға алу керек. «Пильняк пен В.Иванов болмаса біздің әдебие-тіміз сәл кедейлеу болар еді», деп Троцкий айтады. Қазақтың «ұлтшыл» жазушылары оларға қарағанда көп иманжүзді. Кедейшіл ақын Сәбит диалектиканы қолдау керек еді. «Оян, қазақ» пен «Шолпанды» Сәбиттің көже деп сынауы диалектикаға жатпайды. Нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек. «Оян, қазақ» пен «Шолпан» шыққанда жазба әдебиет қандай күйде еді, отаршылдық қандай еді. Мұны Сәбит ескермейді. Орыстың әдебиеті жаңа басталған дәуірде Карамзин, Дмитриев, Державин сықылдыларды әулие аспан көрген. Осы күнде солардай жазушыларға, ақындарға орыс оқушылары пысқырып та қарамайды. «Оян, қазақ» алғашқы шыққанда Грибоедовтың «Горе от ума» - сындай болған. «Оян қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған. Мержақыптың атын алты алашқа таратқан «Оян, қазақ» болатын. Мержақыптың «Бақытсыз Жамалы», «Бедная Лиза» сияқты болған. Мағжанның ақын болғандығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өлеңнен көрінген...

Тарих қайталап отырады. «Бір басқан ізін қайталап басады», – деп Гегель жазған. Оған Маркс: «Тарихтың алғашқысы – қайғылы хал (трагедия) қайталағаны – ойын», – деген. Сол сияқты заманында «Оян, қазақ» пен «Шолпан» қайғылы хал еді. Енді кедей ақындар ондай түрде жазатын болса ойын-күлкі болады. Нағыз көже сонда болады. Сәбит кішкене үгіт, кішкене айғай керек дейді. Үгіт – айғай пайдалы шығар, бірақ онымен ақын-жазушы шығаруға болмайды «Егер марксшіл суретші аптекте дәрі өлшегендей, программ бабтарына сәйкес жазуды ойласа, ондай шығарма бір бет болады, сурет ісі жойылады, сөз музыкасының келісімі бұзылады; үгіт жағы сорайып тұрады, мұндай шығарма өнер жолымен әсер бермейді. Мұндай шығарма қызықтырып, еліктіріп әкете алмайды. Ондай суретшіге біздің айтатыны-

мыз: білімді маркешіл бол, еңбекшіл бол, еңбекшілермен от-тас бол, бірақ жазған кездерде өз жүрегіңмен бол, талантыңа бағын», – деп Луначарский жазады.

Ел кедейін жандандыру, саналандыру үшін кішкене үгіт-тен де көркем жазу тиімді. Және Сәбит: «Мағжан біреудің ақы-лымен суретші болған жоқ, орыстың атақты жазушыла-рымен танысып, солардан үлгі алып болды», – дейді. Мағжан біреудің ақылымен суретші болмаса, кедей жазушылар-ды газет-журнал баулымады, ұйымбасшылық көрсетпеді, суретші қылмады деп Сәбит неге кінәлайды? Небір кісінің ауыр айтқаны ақыл болып, кітаптардан үлгі алмай ма екен? Бір сөйлемдегі екі пікір бір-біріне қайшы, Сәбит біреуін ғана иемдену керек еді. Жалпы негізге қарағанда Сәбит талантқа қарсы. «Өнер ағымының терең болуы тап тұрмысына бай-ланысты, өнер ағымы терең болмаса, күшті таланттардың өлуімен жарыққа шықпай қалады», – деп Плеханов жаза-ды. Және Плеханов жазады: «Еш уақытта генидің барлық дарашылдығын өскен ортаның (среда) әсерімен шешуге болмайды», – деп. Талантқа баға берген Маркешілдер көп.

Сәбиттің ойынша ақын тегінде: үйренумен, атақты жа-зушылардан үлгі алумен суретші болатын көрінеді. Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен таныспын, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша қырбансам да Мағжандай болатын емеспін. «Кім...би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талантында кемістік бола-тын шығар.

«Ақын пайғамбар да (?) емес», – деп Данилов жаза-ды. Осы дұрыс. Таланттың қалпына қарай өскен орта, үлгі алу пайда береді. Талантың шамалы болса, үлгі алумен ірі суретші бола алмайсың. Таланттың өзгешелігі жан дене құрылысына байланысты. Үйретумен, атақты жазушылар-дан үлгі көрсетумен Сә-бит Мағжандай ақын қылатын бол-са, мен Сәбиттен оқыр едім.

Қазақта тап ақыны бар ма яки бола ма деген мәселені біз әлі тиянақтап шешкеміз жоқ дейді де, Сәбит Ғаббас пен Әбдірахман бар деп айтты деп тағы иман келтіреді. Олай болса шешкеміз жоқ деп дүдәмәл қылудың қисыны жоқ. Сәбиттің ұстаған шараларының ішінде газет, журнал

жас жазушыларды қыспақ-тамау керек дегені дұрыс емес, өйткені әзірге шығып тұрған газет, журналдар көптікі. Көптің ішінде көркемдік сезімі өсе бастаған, талғап оқитын мындаған шәкірттер, мұғалімдер, қызметкерлер бар. Бұлар түр талғайды. Сондықтан көпке ортақ газет-журнал басқармалары кім жазса да сын елегінен өткізу керек.

...Қандай ұйым болса да негіз көркем әдебиетті гүлдендіру болу керек: «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» дегенде Абай, мазмұнды алтын деп, түрді күміс деп отыр. Абай пәлсапашы болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу керек. Атақты Сайфуллина айтады: «Жазушы көзін жұмбай тұрмыстағы жараларды, таңбаларды, ауруларды көрсетсе, бірақ адамның алғыр күшіне, батыл ісіне, ыстық қанына, жалынды жанына, шығарғыш миына сеніп жүрегінен сәуле түсіріп жазса, ол көркем болады», – деп.

Қазақ қалам қайраткерлері де жараны бетімен, таңбаны тексермей, ауруды сау қылмай, күн шығысты құлдықтан құтқарған октябрь төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, қазіргі дәуірдегі тұрмысын көркем әдебиет айнасына түсіру керек¹⁸².

* * *

Мағжандар осындай жағдайда өмір сүрді, халқына қызмет етті, ұлттық ой-сананы қалыптастырды. Кітаптағы көптеген оқиғалар мен құбылыстарды қай жағынан қарасақта, ұлттың ұлы тұлғаларының ғұмырында із қалдыратынын көрдік. Керісінше, көрнекті қайраткерлердің өздері де елдегі оқиғалардың барысына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Бәлкім, бұл ықпал кезінде байқалмауы немесе замандастары тарапынан еленбеуі де мүмкін. Бірақ тарихи тұрғыдан алғанда жеке тұлғаны бүкіл қоғамның ой-санасына әсер ететіні жоққа шығарылмайды. Мұның айқын айғағын біз қазір көріп отырмыз.

¹⁸² Қошке Кемеңгерұлы. Таңдамалы, Алматы, 1996, 194-202 беттер. (Мақала «Еңбекші қазақ» газетінде 1926 жылғы 1-желтоқсанда жарық көрген).

Осы орайда ғұлама Әлкей Марғұланның мына айтқандары жеке адам туралы жазуға бекінген қалам иесіне өсиеті сияқты көрінді:

«Тегінде Қаныш туралы жазу – бүкіл қазақ халқы туралы жазу деген сөз». Мұхтар жазған: «Абай – ақын Абайдың өз басының дәурені ғана емес, барлық қазақ халқының суреті, тіршілік жасауы, күнкөріс-тұрмыс, әлеуметтік-саяси жағдай – барлығы бар».

Мына жазбаларымыз халқымыздың басынан кешкен қиын-қыстау кезеңдерінен нақты хабар беріп, шындыққа біртабан жақындатса, бүгінгі ұрпақтың көзін ашуға септігін тигізсе, деген ниеттеміз.

МАЗМҰНЫ

1. Әлқисса	3
2. Сыр сандығым – Қызылжар.....	5
3. «Ұлтымызды кемсітуге көнбейміз»	16
4. Алаш азаматтары атқа мінді	35
5. Қызылжардағы жаңа билік.....	49
6. «Автономия кімдікі?».....	57
7. Петропавл – ұлт отауы	63
8. «Қазақстан қазақсыз қалмасын...».....	70
9. Есіл бойындағы аштық.....	87
10. Оқу-білім көші басталды.....	108
11. Мағжан және қазақ баспасөзі	136
12. Ұлы кәмпеске зобалаңы	164
13. «Оян, қазақ» Қызылжарда туған	172
14. «Ақтарып, әділ қараша»	195

Ғылыми басылым

ТАЙШЫБАЙ Зарқын Сыздықұлы

МАҒЖАННЫҢ ҚЫЗЫЛЖАРЫ
(Зерттеу)

Бас редактор *Тұрлыбек Мәмесейіт*

Техникалық редакторы *Светлана Бейсенова*

Корректоры *Базаркүл Ахмет*

Көркемдеуші редактор *Жанғазы Әбдірәсілов*

Беттеген *Назира Акимова*



Басуға 2.12.2008 ж. қол қойылды. Қалыбы 84х108 $\frac{1}{32}$.
Офсет қағазы. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 12,18.
Есептік баспа табағы 14,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1529.

“Астана-полиграфия” АҚ баспаханасы
010008, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87

528



00029071

**Зарқын ТАЙШЫБАЙ**

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, абайтанушы, “Абай және баспасөз” (1997), “Абайтану арнасында” (2005), “Жақып Ақбаев” (1997) монографияларының, “Қазақстан мемлекеті мен құқық тарихы” (1997), “Баспасөз тарихы” (2003), “Алаш көсемсөзі” (2003), “Аударманың тарихы, теориясы мен практикасы” (2004) т.б. оқулықтар мен оқу құралдарының, “Алтын бесік - ән орда” (1997), “Абылай хан” (2005) зерттеу кітаптарының авторы.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры.

